

Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Қазақстан стратегиялық
зерттеулер институты

Б.БҰХАРБАЕВ

**ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРДАҒЫ
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР:
ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ
КЕЛЕШЕГІ**

Алматы 2012

УДК 32
ББК 66.0
Б 90

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты
Ғылыми Кеңесі басуға ұсынған

Авторы: Б.С.Бұхарбаев

Рецензенттер:

Насимова Г.Ө. – саяси ғылымдардың докторы, профессор
Сейдін Н.Б. – тарих ғылымдарының кандидаты

Б 90 Бұхарбаев Б.С. Қарулы қақтығыстардағы ақпараттық технологиялар: әлемдік тәжірибе және келешегі. Монография. – Алматы: ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2012. – 260 б.

ISBN 978-601-7242-65-7

Монография қазіргі заманның қарулы қақтығыстарындағы ақпараттық технологиялардың қолданылуын зерттеуге арналған. Сонымен қатар қазіргі заманғы қарулы қақтығыстың ерекшеліктері зерттеліп, бүгінгі таңда ғылымда қалыптасқан ақпараттық соғыс концепциялары қарастырылған.

1990-2011 жылдар аралығындағы қарулы қақтығыстарда ақпараттық технологиялар қолданылуының әлемдік тәжірибесі келтірілген. Сонымен қатар қарулы қақтығыстарда ақпараттық технологияларды қолданудың бүгінгі таңдағы өзекті мәселелері қарастырылады. Олардың ішінде қарулы қақтығыстарда ақпараттық технологияларды қолданудың құқықтық, әлеуметтік және психологиялық аспектілері қамтылатын болады.

Монография саясаткерлерге, ақпараттық технологиялар және конфликтология саласындағы мамандарға, ғалымдарға, студенттерге және қарулы қақтығыстарда ақпараттық технологиялардың қолданылу мәселелері қызықтыратын қалың жұртшылыққа арналған.

УДК 32
ББК 66.0

© ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2012

ISBN 978-601-7242-65-7

© Бұхарбаев Б.С., 2012

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	5
КІРІСПЕ	8
1-ТАРАУ. АҚПАРАТТЫҚ ЗАМАНДАҒЫ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС	21
1.1. Ақпараттық технология ұғымы және оның түрлері	22
1.2. Қарулы қақтығыс ұғымы және оның ерекшеліктері	35
1.3. Ақпараттық дәуір қақтығыстарының негізгі концепциялары	48
2-ТАРАУ. 1990-2011 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ	86
2.1. Парсы шығанағындағы қақтығыс (1990-1991) кезінде ақпараттық-психологиялық технологиялардың қолданылуы.....	87
2.2. НАТО-ның Югославияға қарсы әскери операциясы (1999) барысында ақпараттық технологиялардың қолданылуы	108
2.3. Ауғанстандағы соғыс (2001 жылдан бастап) барысындағы ақпараттық-психологиялық операциялар	139
2.4. Ирак соғысы (2003-2011) кезінде қолданылған ақпараттық технологиялар	159
2.5. Оңтүстік Осетиядағы қарулы қақтығыс (2008) кезіндегі ақпараттық соғыс	174
2.6. Ливиядағы қарулы қақтығыс (2011) кезіндегі ақпараттық соғыс	192
3-ТАРАУ. ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	219
3.1. Қарулы қақтығыстарда ақпараттық технологияларды қолданудың құқықтық аспектілері	220

3.2. Қарулы қактығыстарда ақпараттық технологияларды қолданудың әлеуметтік аспектілері.....	228
3.3. Қарулы қактығыстарда ақпараттық технологияларды қолданудың психологиялық аспектілері.....	234
ҚОРЫТЫНДЫ.....	243
МОНОГРАФИЯНЫҢ АВТОРЫ ЖАЙЛЫ	251
ҚСЗИ туралы ақпарат	252
Информация о КИСИ.....	254
Information about the KAZISS	256

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АӘБ – азаматтық әкімшілікпен байланыс
АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
АҚК – арнайы құрылымдар күштері
АОБК – арнайы операциялар бойынша біріккен командование
ӘӘК – әскери-әуе күштері
ӘТК – әскери-теңіз күштері
ӘТФ – әскери-теңіз флоты
АҚШ – Америка Құрама Штаттары
БАӘ – Біріккен Араб Әмірліктері
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары
БҚК – біріккен қарулы күштер
БОК – біріккен орталық командование
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
БҰҰ БА – Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы
ЕО – Еуропа Одағы
ЖАБЖ – жаһандық ақпараттық-басқару желісі
ЖЮГТА – Жаңа Югославияның телеграф агенттігі
КАА – Косовоның азаттық әскері
ҚК – қарулы күштер
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚМББ – Қорғаныс министрлігінің барлау басқармасы
НАТО – North Atlantic Treaty Organization, Солтүстік Атлант Шарты ұйымы
ОББ – Орталық барлау бюросы
ОК – Орталық командование
ОТ – орта толқындар
ПсО – психологиялық операциялар
РФ – Ресей Федерациясы
РЭК – радиоэлектрондық күрес

CIM – Сыртқы істер министрлігі
УҚТ – ультрақысқа толқындар
ШЫҰ – Шанхай ынтымақтастық ұйымы
ЮОР – Югославия Одақтық Республикасы
ЮСИА – The United States Information Agency, АҚШ

ақпараттық агенттігі

ABC – American Broadcasting Company
BBC – The British Broadcasting Corporation
CBS – Columbia Broadcasting System
CNN – The Cable News Network
DDoS – Distributed Denial of Service
DVD – Digital Versatile Disc
GPS – Global Positioning System
IFOR – The Implementation Force, Бейбіт келісімді жүзеге

асыру күштері

JDAM – Joint Direct Attack Munition
JSOF – Joint Standoff Weapon
NBC – National Broadcasting Company
PR – Public Relations
TEISS – The Enhanced Integrated Soldier System
SFOR – The Stabilisation Force, Тұрақтандыру күштері
WCMD – Wind Corrected Munition Dispenser

*Бұл кітапты
мен үшін барын аямаған
атам Бұхарбай Дүйсекеев пен
әжем Күләш Құрмановаға
арнадым*

КІРІСПЕ

*Je redoute trois journaux
plus que cent mille baïonnettes*.*

I Наполеон

Қазіргі заманда «ақпараттық соғыс» ұғымының пайда болуы *ақпараттық технологиялардың прогресімен* тікелей байланысты. Дәстүрлі соғыс барысында ақпараттық ықпал жасаудың әдіс-тәсілдері болмады деп айта алмаймыз, Гай Юлий Цезарь қатысқан азаматтық соғыста да, Шыңғысхан жорықтары кезінде де ақпараттық ықпал ету элементтері өз көрінісін тауып отырған.

Десек те нағыз ақпараттық соғыс ғылыми-техникалық революция нәтижесінде ақпаратты жинақтау, сақтау, өңдеу және тарату мүмкіндіктері күрт өсіп, жаһандық көлемде оперативті ақпарат алмасуға үлкен жол ашылғандықтан, қазіргі кездегі қақтығыс пен тартыс жүргізудің мызғымас бөлігіне айналып отыр.

Ақпараттық құралдар техникалық және технологиялық күрделілігіне қарамастан, тек мемлекеттер мен ірі корпорациялардың ғана емес, сонымен қатар қарапайым тұтынушылардың да қолы жететіндей нәрсеге айналды. Өткен ғасырдың соңына қарай ақпараттық құрылғыларды әскери мақсаттарда қолдану соғыс жүргізу құралдары мен әдістерін сапалық жағынан өзгертуге жақсы мүмкіндіктер ашып берді.

Әскери іс, әскери технологияларда және халықаралық қауіпсіздік жүйесінде болып жатқан кешенді өзгерістерге жауап бере алатындай жаңа әскери концепцияларды қалыптастыру түбегейлі социологиялық сұрақтарды шешуді

* Мен жүз мың штыктан гөрі үш газеттен қорқамын (фр.).

талап ететін күрделі мәселе болып табылады. Тәжірибелі мамандар қойылған мақсаттарды жүзеге асыру мәселесіне тек соңғы жылдары ғана кіріскеніне қарамастан, АҚШ-та қарулы күштерді кешенді түрде жаңартып, жаңа оперативті концепцияларды жасау қажеттілігі жайлы бірінші пікірталастар ХХ ғасырдың 90 жылдары басталды.

Онтологиялық түрде олар постмодерн зерттеушілерінің (Ж.Бодрийяр, Ж.-Ф.Лиотар, М.Постер және Р.Барт), экономист-саясаттанушылардың (М.Кастельс, Р.Райх, Г.Шиллер) және әлеуметтік философтардың (Э.Гидденс, Ю.Хабермас және т.б.) еңбектеріне бет бұрды. Көзқарастардың сан қилы болуына қарамастан, осы ғалымдардың барлығы ақпараттандыру процесі адамзат тарихының барлық кезеңінде көрініс тауып, соңғы жылдары қарқынды дамып, социум дамуының шешуші факторына айналды деген пікірмен келіседі. ХХ ғасырдың соңындағы қоғамның жаппай ақпараттануы жаһандану процесі мен мемлекеттер сияқты әлемдік саяси жүйенің толыққанды субъектілеріне айналған халықаралық ұйымдардың дамуына тікелей ықпал етті. Осылайша ақпарат пен ақпараттық қоғамның қалыптасуы мемлекет ішіндегі және мемлекетаралық қатынастарды жаңғыртып, жаңа қауіп-қатерлерді дүниеге алып келді.

ХХ ғасырдың 90 жылдары кейбір федеративті мемлекеттердің (КСРО, Югославия) ыдырауы бірқатар территориялық, ұлтаралық қақтығыстардың туындауына жол ашты. Африка мен Азиядағы діни және этникалық сипаттағы шиеленістердің өршуі он жылға созылған соғыстарға алып келді.

Осындай жағдайда бірқатар мемлекеттер, ең алдымен АҚШ және оның НАТО шеңберіндегі одақтастары әлі күнге дейін әскери күш қолдануда өз үстемдігін орнатудың тиімді механизмін жүзеге асырып келеді.

«Ақпараттық соғыс» терминін алғаш рет 1980 жылдары АҚШ Қорғаныс министрлігі және Р.Рейган мен Дж.Буш кезінде Ақ үйде ғылыми кеңесші қызметін атқарған Томас Рона 1976 жылы «Boeing» компаниясына арнап жазған «Weapon Systems and Information War» есебінде қолданды [1]. Т.Рона ақпараттық инфрақұрылым АҚШ экономикасының маңызды құрамдас бөлігіне айналып келе жатқанын атап көрсетті. Осы есепте «ақпараттық соғыс» термині ең бірінші рет аталды деп айтуға болады [2]. Дегенмен жекелеген зерттеушілер «ақпараттық соғыс» терминін алғаш рет 1985 жылы қытайлық ақпарат соғыс теоретигі Шэй Вэйгуан енгізді деген пікір айтады.

Сан алуан (әскери, экономикалық, саяси) мүмкіндіктердің ішіндегі ақпараттық құрамдас бөлікке аса үлкен назар аударыла бастады. 1980 жылдардың ортасында «қырғиқабақ соғыстың» аяқталысымен туындаған жаңа талаптарға сай АҚШ-та «ақпараттық қарсы тұру» түсінігі пайда болды. Бұл тіркес баспасөз беттерінде 1991 жылы «*Шөлдегі боран*» («*Desert Storm*») операциясынан кейін жиі айтыла бастады [3]. Осы операция кезінде жаңа *ақпараттық технологиялар әскери қимылдар жүргізу құралы ретінде тұңғыш рет пайдаланылған* болатын. Осы термин ресми түрде АҚШ Қорғаныс министрінің 1992 жылдың 21 желтоқсанындағы директивасы мен АҚШ Қарулы күштері штабтары бастықтары комитетінің Т9.3600.1. директивасында (1992 жылдың желтоқсаны) бекітілді.

«Ақпараттық соғыс» терминін тек қана радиоэлектрондық қарсы тұру шеңберінде қарастыру дұрыс емес. Әрине, оны да есептен шығарып тастауға болмайды. Дегенмен осындай қарсы тұрудың негізінде «қырғиқабақ соғыстың» ауыр салдары, психологиялық және дүниетанымдық факторлары, жаңадан дамып келе жатқан ақпараттық технологиялар жаттыр.

Қазіргі заман жағдайындағы әскери қимылдар екі негізгі – дәстүрлі кеңістік және киберкеңістікте жүреді. Соңғысының маңызы жылдан жылға, қақтығыстан қақтығысқа қарай артып жатыр. Тіпті қазіргі кезде киберкеңістіктің дәстүрлі кеңістікпен бір қатарға қойылып, оны жекелеген елдер құрлық, су, әуе кеңістігі және ғарыш сияқты әскери қимылдар жүретін аймақ ретінде ресми түрде тану тенденциясы орын алып отырғанын төменде оқып білетін боламыз.

Қақтығыстың жаңа түріндегі нысананың негізгі объектілері *мемлекеттің ақпараттық инфрақұрылымы және жаудың психикасы мен сана-сезімі* болып табылады.

Қазіргі заманғы ақпараттық соғыс өткен ғасырдың 90 жылдары өз бастауын алып, жаңа мыңжылдықтың алғашқы он жылы ішінде орын алған барлық ірі қақтығыстарда қолданылып келеді.

Бүгінгі күні ақпараттық қауіпсіздік мәселесін қамтитын халықаралық нормативтік-құқықтық құжаттарды қабылдау, әрбір елдің әскери саласының ақпараттық бөлігін институционалдау күн тәртібінде тұр.

Айтылып отырған мәселелер бойынша жұмыстар тек соңғы жылдары ғана белсенді жүргізіле бастады.

2003 жылдың қаңтарында АҚШ ресми өкілдері Қорғаныс министрлігі мемлекетке ақпараттық шабуыл жасалған жағдайда ақпараттық соғыс жүргізетінін мәлімдеді.

2003 жылдың 14 ақпанында АҚШ-та президент Дж.Буштың тапсырмасымен жасалған киберкеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұлттық стратегия бекітілді [4]. Ол бойынша АҚШ жаудың компьютерлік желілеріне шабуыл жасауға және шетелдік компьютерлік жүйелерге еніп, оларды істен шығаруға болатын жағдайлар анықталды.

2009 жылдың 23 маусымында АҚШ Қорғаныс министрі Роберт Гейтс әскери ақпараттық желілердің қауіпсіздігін

қамтамасыз ететін жаңа құрылым – Кибернетикалық командованиенің (*US Cyber Command*) Пентагон шеңберінде құрылуы туралы бұйрыққа қол қойды [5]. Жаңадан пайда болған құрылым тек әскери компьютерлік желілерді қорғап қана қоймай, сонымен қатар дұшпандардың ақпараттық желілеріне хакерлік шабуыл жасайды деп хабарланған болатын. Құрылым қызметіне толығымен қазан айында кірісті.

Осыған дейін бір жыл бұрын сол кездегі АҚШ президенті Дж.Буш пен АҚШ Конгресі «Манхэттен» (*Manhattan Project*) құпия жобасын Пентагон шеңберінде ашу туралы бұйрық берген. Оның мақсаты ақпараттық желілердегі шабуыл және қорғаныс операцияларының жаңа әдістерін қалыптастыру болды.

Жаңадан сайланған президент Барак Обама киберқауіпсіздікті өз әкімшілігінің басымдықтарының бірі деп жариялады. 2011 жылы 16 мамырда АҚШ «Киберқауіпсіздік бойынша халықаралық стратегияны» (*International Strategy for Cyberspace*) жария етті [6]. Аталған құжатта киберқауіпсіздік бойынша әскери ынтымақтастық туралы басымдыққа ие бағыт көрсетілген [7]. Құжатта: «Негіз болған жағдайда АҚШ елімізге төнген кез келген қауіп-қатерлерге қалай жауап берсе, киберкеңістіктегі жаулық әрекеттерге де солай жауап береді. Біз елімізді, біздің одақтастарымызды, әріптестеріміз бен мүдделерімізді қорғау үшін қажет болған барлық дипломатиялық, ақпараттық, әскери және экономикалық құралдарды халықаралық құқық нормаларына сәйкес қолдану хақын өзімізге қалдырып отырмыз», – делінген.

Стратегия негізгі жеті басымдықты қамтиды [8]:

- инновациялар мен әлемдік сауданы экономикалық ынталандыру және зияткерлік меншік құқығын қорғауды күшейту;
- АҚШ желілерінің киберқауіпсіздігін әлем бойынша нығайту;

- киберқауіпсіздік саласында құқық қорғау белсенділігін күшейту;
- киберқылмысқа қатысты халықаралық заңнамаларды жетілдіру және онымен күресетін арнайы қызметтердің мүмкіндіктерін арттыру;
- киберқауіптерге тосқауыл қою бойынша халықаралық әскери ынтымақтастықты нығайту;
- бірнеше «акционерді» жұмылдыру арқылы интернетті реттеуші тетіктерді қалыптастыру;
- басқа елдерге сандық инфрақұрылымдарды дамыту үшін жәрдемдесу, интернеттегі бостандықты қолдау.

Келесі айда жекелеген БАҚ өкілдері АҚШ Қорғаныс министрлігі бұдан былай кибершабуылдарды дәстүрлі әскери қимылдарға теңеп, оларға басқыншылық актіне жауап бергендей жауап қайтаратынын жазды [9]. Осындай мәлімдеме бірқатар сарапшылардың алаңдауын туғызды. Мәселен, жекелеген ресейлік сарапшылар киберкеңістіктегі шабуылдың шығу көзін анықтау мүмкін емес деген позицияны ұстанады. Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері институты директорының бірінші орынбасары В.Яценко: «Қазіргі кезде киберагрессияның шығу көзін анықтау мүмкін емес, Ресей және басқа да бірқатар мемлекеттер осы мәселені интернетте анонимдікті шектеу туралы халықаралық құқықтық нормалар қабылдау арқылы шешуді ұсынады», – дейді.

Шын мәнісіне келгенде, АҚШ әскерилері *киберкеңістікті бұдан былай құрлық, теңіз, әуе және ғарышпен бір қатарға қойып, оны әскери қимылдардың бір саласы ретінде қарастыратын болады.*

Киберқауіпсіздік мәселесі НАТО шеңберінде де көтеріліп отырады. Кибершабуылдармен күрес 2007 жылы болған бірнеше оқиғадан кейін альянс қызметінің басымдыққа ие бағыттарының біріне айналды. Сөз болып отырған оқиғалардың бірі 28 сәуірде орын алды. Сол күні Эстония

мемлекеттік мекемелерінің компьютерлік желілеріне үйлестірілген кибершабуылдар жасалды. Оқиға орын алған кезең Таллин қаласындағы «Азат етуші жауынгердің» қола мүсінін басқа жерге орналастырумен байланысты Ресей мен Эстония арасындағы қарым-қатынастарда шиеленіс ушыққан уақыт болатын. Хакерлердің шабуылы салдарынан Эстония парламенті, министрліктер, банк мекемелері, БАҚ сайттары істен шықты. Кейбір шолушылардың пікірінше, *Эстонияға жасалған кибершабуыл интернет тарихындағы ең жақсы ұйымдастырылған және жаппай жасалған шабуылдардың қатарына* кіреді [10].

Басында Эстония кибершабуыл үшін Ресейге айып таққанымен [11], кейін дәлел болмағандықтан айыптан бас тартты [12][13]. Дегенмен сол жылы Ресейдің Мемлекеттік думасының депутаты С.Марков өз көмекшілерінің бірінің кибершабуылдарды ұйымдастыруға қатысы бар екенін мойындады [14]. 2007 жылы Приднестровьедегі «Наши» ұйымының көшбасшысы К.Голоскоков ұйымның Эстонияға жасалған кибершабуылдарға қатысы бар екенін мойындады [15]. Приднестровье ешбір мемлекет тарапынан мойындалмағандықтан, кибершабуылдардың ұйымдастырушыларын жауапкершілікке тартуға ешқандай мүмкіндік болмады.

Осы оқиғадан кейін Эстония Қорғаныс министрі Яак Аавиксоо: «НАТО бүгінгі күні кибершабуылдарды әскери акция ретінде қарастырмайды. Бұл осындай шабуылдардан зардап шеккен НАТО елдеріне НАТО-ның әскери қорғаныс туралы келісімінің бесінші тармағы автоматты түрде таралмайды деген сөз. Қазіргі кезде НАТО-да кибершабуылдарды әскери акция ретінде танитын бірде-бір қорғаныс министрі жоқ», – деп мәлімдеді [16].

НАТО кибершабуылдармен бірінші рет Косово соғысы кезінде ұштасқан болатын. Шабуылдар нәтижесінде Солтүстік Атлант шарты ұйымының электрондық пошта-

сы сырттан кірушілерге бірнеше күн бойы жұмыс істемей тұрды, ал оның сайты бірнеше рет істен шықты. Дегенмен сол кезде қақтығыстың кибернетикалық кеңістігі НАТО-ның ақпараттық компаниясында орын алған тосқауыл ретінде ғана қарастырылды. 2007 жылы Эстонияда орын алған жағдай қоғамдық қауіпсіздік пен мемлекеттік тұрақтылыққа төнген жаңа қауіп-қатерге жеткілікті деңгейде назар аударта алды. Солтүстік Атлант одағы кибернетикалық қауіпсіздік саласындағы саясатын қайта қарауға кірісті, тұңғыш рет «НАТО-ның кибернетикалық қорғанысының негізгі принциптері» атты ресми құжат дүниеге келді. Ол 2008 жылдың қаңтарында қабылданып, НАТО-ның кибернетикалық кеңістіктегі саясатының негізгі бағыттарын айқындап берді [17]:

- *subsidiarity*, яғни тек сұрау болғанда ғана жәрдем көрсетіледі, басқа жағдайларда егемен мемлекеттердің жеке жауапкершілік принципі жұмыс істейді;
- *non-duplication*, яғни халықаралық, аймақтық және мемлекеттік деңгейде құрылымдар немесе әлеует қалыптастыруда екі жұмыс атқарылмайды;
- *қауіпсіздік*, яғни кіруге рұқсат берілуі тиіс жүйе туралы ақпараттың құпиялылығы мен осалдығын ескере отырып сенімге негізделген ынтымақтастық.

Осы құжаттың қабылдануы НАТО-ның күн тәртібінде кибернетикалық қорғаныс тақырыбының дербес мәселеге айналуына жол ашты.

Одақтың жаңа Стратегиялық концепциясына сай «НАТО-ның кибернетикалық қорғанысының негізгі принциптері» құжатының жаңа редакциясында кибернетикалық қауіп-қатерлер НАТО Жарғысының бесінші тармағына сай ұжымдық қорғаныстың себебі бола алады деп анықталған.

Халықаралық деңгейдегі келесі ірі кибершабуылдар 2007 және 2008 жылы орын алды, осы кезеңде Қытай

хакерлері АҚШ үкіметінің серіктеріне кибершабуылдар жасаған болатын [18]. АҚШ дайындаған баяндамалардың бірінде Қытай экономикалық кибершпионаж саласында әлемдік көшбасшы деп айтылған [19].

АҚШ Конгресі үшін дайындалған баяндамада көрсетілгендей, хакерлер «Landsat 7» және «Terra» (EOS AM-1) серіктерін Жердегі станциядан басқару жүйесіне енген. «The Guardian» басылымының хабарлауы бойынша, «серікті басқару шабуыл жасаушыларға оған зақым келтіріп немесе оны жоюға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, шабуыл жасаушылар серіктің сигнал беруіне бөгет жасап, оны бұрмалап, сапасын төмендетіп немесе өзге де әрекеттер жасауға мүмкіндік алды».

2007 жылдың қазан айында «Landsat 7» серігі 12 минут бойы шабуылға ұшырады, 2008 жылдың маусымында «Terra» серігі екі минутқа істен шықты. Бір айдан кейін «Landsat 7» серігіне жаңадан шабуыл жасалды: хакерлер оны 12 минут бойы өз бақылауында ұстады. 2008 жылдың қазанында «Terra» тағы да шабуылға ұшырады.

Қытай өзіне тағылған айыптарды жоққа шығарып келе жатқанымен, оның әскерилері АҚШ-та «Киберқауіпсіздік бойынша халықаралық стратегия» жарық көргеннен кейін бірер күнде араб мемлекеттеріндегі оқиғаларды интернеттегі соғыстар кезеңінің басы, олардың орын алуына АҚШ айыпты деп мәлімдеді [20]. Қытай әскери ғылымдар академиясының мүшелері Е Женг пен Жао Баосин мақаласында: «Ядролық соғыс индустриялық қоғамның стратегиясы болып табылса, интернеттегі соғыс ақпараттық қоғамның көрінісіне айналды», – деп жазды. Қытай әскерилері араб елдеріндегі интернет арқылы реттелген бұқаралық толқуларды мысал ретінде келтіре отырып, жаһандық желіні болашақ қақтығыстардың майданы деп көрсетеді. Сонымен қатар олар «интернет-шекара» және «интернет-егемендік» терминдерін енгізуді ұсынды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл еңбегінде»: «Біздің бәріміз терроризмнің, сепаратизмнің, экстремизмнің және төзімсіздіктің иығында қандай қауіп-қатердің отырғанын сезіп-білдік. Күн құрғатпай ақпарат арналары терроризмнің әртүрлі деректерін хабарлап жатады», – деп жазады [21].

Жоғарыда аталған терминдер 2011 жылы маусымда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев тарапынан да Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) кезекті саммитінде ұсынылған болатын [22]. Мемлекет басшысы киберполиция қызметін қамтитын ШЫҰ-ның арнайы органын қалыптастыру жайлы ұсыныс жасап, халықаралық құқық саласында «электрондық шекара» және «электрондық егемендік» деген жаңа түсініктер енгізетін уақыт жеткенін мәлімдеді. «Біз ресейлік және қытайлық достарымыздың жұмысына қолдау көрсетіп, осы бағытта ШЫҰ-ның ортақ жұмылдырылған ұстанымын шығаруға тиіспіз», – деп атап өтті Н.Назарбаев.

2012 жылдың сәуірінде Қазақстан бастамасымен ШЫҰ шеңберінде киберполиция құрылады деген ақпарат тарады [23].

Десек те ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін кейбір мәселелерде ШЫҰ-ның кейбір мүшелері мен АҚШ көзқарастары екі қилы деп тұжырымдауға негіз бар. Мәселен, АҚШ Мемлекеттік департаменті басшысы Х.Клинтон 2011 жылдың ақпанында АҚШ позициясы интернеттегі цензураға қарсы екенін жеткізіп, Қытайға қатысты бұл елде «экономикалық өсу қарқынды болғанына қарамастан, интернет-цензура қатал» екенін және «үкімет (интернеттегі – Б.Б.) контентті жіті қадағалап, іздеу сауалдарын қате парақшаларға бағыттап жіберетінін» атап өтті [24]. Сонымен қатар мемлекеттік хатшы: «Техникалық сүзгілер, цензура режимі немесе онлайндағы пікір және жиналыс бостандығы құқығын қолданып жатқандарға шабуыл жасау

арқылы болсын, интернеттегі бостандыққа бөгет жасайтын үкіметтер іс жүзінде өз-өздерін торға қамап жатыр», – деп мәлімдеген болатын.

Басқаша айтқанда, АҚШ Мемлекеттік департаменті интернеттегі цензураға күрес жариялап, интернетке кіру бостандығын АҚШ жаһандық көлемде қорғайтын адамның құқықтары мен бостандықтары қатарына қосты.

Сонымен, қазіргі кезде «ақпараттық қарсы тұру», «кибершабуыл», «ақпараттық қауіпсіздік» терминдерімен қатар айтылатын ақпараттық соғыс болашақтың соғысы болып табылады. Жаңа заман жағдайында экономикалық және саяси мәселелер ақпарат қалыптастырып, оны тарату арқылы шешілетін болады. Ақпараттық соғысқа төтеп беру үшін қазіргі кезден бастап осындай іс-шараларды ұйымдастыру технологияларын зерттеген маңызды.

Ұсынылып отырған жұмыста ақпараттық технологиялардың түрлері, қазіргі заманғы ақпараттық соғыстың негізгі концепциялары, қарулы қақтығыстардың ерекшеліктері зерттеліп, 1990 жылдан бастап 2011 жылға дейін орын алған ірі қарулы қақтығыстар барысында қолданылған ақпараттық технологиялардың ерекшелігі баяндалып, олардың эволюциясы келтіріледі. Сонымен қатар ақпараттық технологияларды қарулы қақтығыстарда қолданудың құқықтық, әлеуметтік және психологиялық аспектілері баяндалады.

Деректер мен әдебиеттер:

1. Berkowitz B., Hahn R.W. Cybersecurity: Who's Watching the Store? // Issues in Science and Technology (<http://www.issues.org/19.3/berkowitz.htm>)
2. Гриняев С.Н. Информационная война: история, день сегодняшний и перспектива // Agentura.ru (<http://www.agentura.ru/equipment/psih/info/war/>)

3. Павлютенкова М.Ю. Информационная война: реальная угроза или современный миф? // «Власть», 2001, №12 Стр. 19-23.

4. Крутских А.В., Сафронова И.Л. Международное сотрудничество в области информационной безопасности, www.ict.edu.ru/ft/002472/intcoop.pdf

5. Пентагон объявил о создании Кибернетического командования // Lenta.ru, 24.06.2009 (<http://lenta.ru/news/2009/06/24/cyber/>)

6. Launching the U.S. International Strategy for Cyberspace // 16.05.2011 (<http://www.whitehouse.gov/blog/2011/05/16/launching-us-international-strategy-cyberspace>)

7. International Strategy for Cyberspace, мамыр 2011, Р. 21. (http://www.whitehouse.gov/sites/default/files/rss_viewer/internationalstrategy_cyberspace.pdf)

8. Спецслужбы КНР и РФ поддерживают кибератаки на США – доклад разведки // Риа «Новости», 03.11.2011 (<http://ria.ru/technology/20111103/480000702.html>)

9. Интернет-атаки грозят ядерной войной // Коммерсантъ, 01.06.2011 (<http://www.kommersant.ru/doc/1651585>)

10. Newly nasty // The Economist, 24.05.2007 (http://www.economist.com/node/9228757?story_id=E1_JNNRSVS)

11. Глава эстонского МИД обвинил Россию в кибер-атаках на эстонские сайты // Риа «Новости», 2.05.2007 (<http://www15.rian.ru/society/conflicts/20070501/64727624.html>)

12. Эстония признала, что кибератаки на ее правительство велись не из России // newsru.com, 6.09.2007 (<http://hitech.newsru.com/article/06sep2007/eesti>)

13. Эстония не знайшла слід Кремля в кібератаках // Korrespondent.net, 6.09.2007 (<http://ua.korrespondent.net/world/301032-estoniya-ne-znajshla-slid-kremlya-v-kiberatakah>)

14. Эстония исключила из «черного списка» депутата Госдумы РФ // Lenta.ru, 23.09.2009 (<http://lenta.ru/news/2009/09/23/blacklist/>)

15. Акция хакерского неповиновения // Коммерсантъ, 12.03.2009 (<http://www.kommersant.ru/doc/1136738>)

16. Эстония призывает НАТО ответить на кибератаки России // Известия, 14.05.2007 (<http://www.izvestia.ru/news/399277>)

17. Новые угрозы: кибернетическое измерение // Nato.int (<http://www.nato.int/docu/review/2011/11-september/Cyber-Threats/RU/index.htm>)

18. Доклад конгресса: хакеры из Китая атаковали спутники США, их правительство могло спонсировать

атаки // gazeta.ru, 28.10.2011 (http://www.gazeta.ru/news/blogs/2011/10/28/n_2072186.shtml)

19. Спецслужбы КНР и РФ поддерживают кибератаки на США – доклад разведки // Риа «Новости», 03.11.2011 (<http://ria.ru/technology/20111103/480000702.html>)

20. Военные Китая провозгласили эру «интернет-войн», которая приходит на смену ядерному сдерживанию // Gazeta.ru, 03.06.2011 (http://www.gazeta.ru/news/lastnews/2011/06/03/n_1868553.shtml)

21. Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003, 28 б.

22. Назарбаев предложил электронную границу в интернете и киберполицейских // TheNews.kz, 15.06.2011 (<http://thenews.kz/2011/06/15/845865.html>)

23. Казахстан: В рамках ШОС будет создана киберполиция // Rosbalt.ru, 24.04.2012 (<http://www.rosbalt.ru/exussr/2012/04/24/973766.html>)

24. Internet Rights and Wrongs: Choices & Challenges in a Networked World // State.gov, 15.02.2011 (<http://www.state.gov/secretary/rm/2011/02/156619.htm>)

1-ТАРАУ АҚПАРАТТЫҚ ЗАМАНДАҒЫ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС

Қазіргі заманда ақпараттық процестердің жаһандануы, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен басымдығының арқасында ақпараттың маңызы бұрынғыға қарағанда арта түсуде. Жаһандану процесі мен ақпараттық төңкеріс нәтижесінде «бүкіл планетаның бірыңғай жаһандық ақпараттық кеңістігі» қалыптасты [25] және «жаңа технологиялар қашықтық ұғымын жоққа шығарып жатыр» [26]. Қоғамның дамуындағы осы кезең қазіргі заманғы ғылымда «ақпараттық заман» деген атауға ие болып отыр [27].

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы жетекші державалардың әскери саясатында көптеген жаңа концепциялардың пайда болуымен сипатталады. Ақпараттық технологиялардың қазіргі заманғы қарулы қақтығыстардағы маңызды рөлі мойындала бастады. «Қырғиқабақ соғыс» аяқталғаннан кейін қарулы қақтығыстарда мемлекеттік емес көптеген жаңа акторлардың пайда болуы халықаралық қатынастарда биполярлық жүйе кезінде қалыптасқан әскери-саяси концепциялардың қайта қарастырылуын талап ете бастады.

Соңғы кездерде «ақпараттық соғыс» деген ұғым жиі пайдаланылады, оның көптеген анықтамалары да пайда болып үлгерді. Вашингтон Ұлттық қорғаныс университеті маңындағы Ақпараттық соғыс және стратегия мектебінің деканы Д.Эджер швейцариялық «Джейнс интернэшнл дифенс ревью» журналына берген сұхбатында «ақпараттық соғыс» түсінігі Батыс әскерілерінің ішінде әлі күнге дейін қызу талқылаулардың объектісі болып табылатынын атап өтті.

Десек те жаңадан қалыптасып отырған жағдай оны өз пайдаңа дұрыс пайдалана білгенде әрбір мемлекеттің әскери-саяси басшылығына ақпараттық кеңістікті өз мақсаттары мен мүдделерін жүзеге асыру үшін пайдалануға, коммуникациялардың көмегімен үлкен аудиторияға ықпал жасауға керемет мүмкіндік береді.

Жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды жаппай тұтынуға көшу бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникацияларды иемденген адамдар тобына бүкіл қоғам мен жеке адамды басқаруға жағдай жасайды [28].

1.1. Ақпараттық технология ұғымы және оның түрлері

Ақпараттық технология ұғымына көптеген анықтамалық сөздіктерде жалпылама түсіндірме беріледі.

Мәселен, ақпараттық технология (*information technology*) 1) объектінің, процестің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын процесс; 2) ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы [29] деп көрсетіледі. Сонымен қатар ақпараттық технологияны (немесе көпшілікке IT атымен танымал ұғым) қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны деп анықтайды.

Дегенмен ақпараттық технологиялардың әскери-саяси сипатын ашып көру маңызды. Саяси технология ретінде ақпаратты манипуляциялау ежелден бар, себебі «манипуляция – билік технологияларының бірі» болып саналады [30].

Бүгінгі күні «жеке және қоғамдық сананы жаһандық деңгейде манипуляциялауға жол ашатын желілік орта қалыптасқан. Ол саяси және экономикалық шындықты алмастыруға мүмкіндік беретін виртуалды әлемді қалыптастырып отыр» [31].

Осы салада ақпараттық технологиялардың көрініс табуы тікелей *ақпараттық соғыс (information war)* түсінігімен байланысты, себебі ақпараттық технологиялар біз қарастырып отырған тұрғыда ақпараттық соғыстар кезінде қолданыс табады.

Олай болса, алдымен ақпараттық соғыстың не екенін, оның психологиялық соғыспен байланысын анықтап алған жөн.

Қазіргі кезде ақпараттық соғыс терминіне нақты анықтама берілмеген. Бұл жайлы тараудың басындағы кіріспе сөзде де айтылған болатын. Десек те осы терминнің екі мағынасы көрсетіледі:

1) басқа мемлекеттің бейбіт халқына және/немесе әскери қызметкерлеріне белгілі ақпарат тарату арқылы ықпал жасау. «Ақпараттық-психологиялық соғыстар» термині АҚШ-тың әскери саласының сөздіктерінен еніп отыр. Осы терминнің (*information and psychological warfare*) ағылшын тілінен аудармасы белгілі ресми құжаттың немесе ғылыми мақаланың сарынына байланысты «ақпараттық қарсы тұру», «ақпараттық, психологиялық соғыс» деген мағына да беріп отырады [32]. Сонымен қатар «психологиялық соғыс» термині де басқа мемлекеттің бейбіт халқы мен әскери қызметкерлеріне саяси немесе әскери мақсаттарға қол жеткізу мақсатымен қолданылатын психологиялық ықпал мағынасында жеке-дара қолданыла береді [33]. Ақпараттық соғыс және психологиялық соғыс терминдерінің сипатын төменіректе ашып көреміз.

2) бір тараптың қарсылас тараптың ақпаратына, ақпараттық процестеріне, ақпараттық жүйесіне зақым

келтіріп, өзінің ақпаратын, ақпараттық процестері мен ақпараттық жүйелерін қорғау арқылы ақпараттық басымдыққа ие болу үшін бағытталған әрекеттер*.

И.Н.Панарин мен Л.Г.Панаринаның пікірінше, «XXI ғасырда ақпараттық соғыс қазіргі заманғы әлемдік саясаттың басты құралына, саяси және экономикалық үстемдікке қол жеткізудің әдісіне айналады» [34].

Белгілі америкалық футуролог Э.Тоффлердің пікірінше, ғылым мен техниканың дамуы оқыс алға ұмтылыс арқылы немесе оның терминологиясымен айтатын болсақ, толқындар арқылы жүзеге асады. «Ауыл шаруашылық өркениеті» деп атаған бірінші толқын 10 000 жыл бұрын орын алды. Ол өзін-өзі ұйымдастырудың алғашқы қауымдық түрін жойып, еңбек бөлінісі мен иерархиялық ұйымдастыру құрылымына алып келді. 300 жыл бұрын басталған екінші толқын, «өнеркәсіп өркениеті», «әлемде бұған дейін теңдесі жоқ ең мықты, топтасқан әрі экспансиялық әлеуметтік жүйені» дүниеге әкелді [35]. Өткен ғасырдың 50 жылдарының ортасында басталған үшінші толқын «ақпараттық жарылыспен», яғни ақпараттың көшкін тектес өсуімен байланысты. Адам ақпараттың үлкен көлемін жаңа ақпараттық технологиялардың көмегісіз өндей алмайтын дәрежеге жетті. Сол себепті адамзат аяқ басқан үшінші толқын «технологиялық өркениет» деп аталды.

Әрбір толқынның өз экономикасы, әлеуметтік және саяси институттары, мәдениеті, коммуникация құралдары, соғыс жүргізу әдіс-тәсілдері болды. Толқын ауысуларын соғыс түрлерінің ауысуымен байланыстыра отырып, Т.Червински «бірінші толқын» соғыстары жер үшін, «екінші толқын» соғыстары қара күшке негізделген өнімділік үшін жүргізілсе, «үшінші толқын» соғыстары білім мен оны бақылау үшін жүргізіледі» дейді. Кез келген қоғамның «әскери қимылдарының түрлері» осы қоғамның «әл-ауқатын

* <http://www.glossary.ru>.

қалыптастыру түрлерінің» соңынан жүретін болғандықтан, болашақтағы соғыстар негізінен, бірақ ылғи емес, «ақпараттық соғыстар» болатынын» атап өтеді [36].

«Технологиялық толқын» тудыртқан ақпараттық соғыстарды анықтау мен зерттеу үшін қолданылатын түсініктер әлі күнге дейін қалыптаспаған, сол себепті осы терминнің көптеген түсіндірмелері бар.

Жауға ақпараттық әдіс-тәсілдердің жиынтығы арқылы ықпал жасау әр заманда болған. Ежелгі дәуірде алғашқы ақпараттық шабуылдар элементтері мифтерде кездеседі [37]. Ақпараттың күшін өз пайдана бұруға болатынын басқарушылар әр заманда жақсы түсінген. Мәселен, Шыңғысхан жорықтар барысында террорға қоса өздерінің ықтимал дұшпандарына аз ғана қарсы тұрудың өзі жаппай қырып-жоюға алып келетінін, олардың жанын тек мүлтіксіз тізе бүгу ғана аман алып қалатыны жайлы ескерткен. Қытай деректерінде осы бұйрықты дұшпан орындамай, бір жебе немесе тас атса, барлық тұрғын аяусыз қырып-жойылатыны көрсетіледі. Басқа дереккөздерге сүйенетін болсақ, тұрғындардың барлығы өлтірілмей, белгілі бөлігін моңғол әскері әдейі аман қалдырып отырған. Осындай әрекеттің басты мақсаты өмірлері сақталып қалған тұрғындардың қиян-кескі шара туралы ақпарат таратуы арқылы көршілес қоныстар мен қала тұрғындарына үрей таратып, олардың еркін моңғол әскерлері жақындағанға дейін бағындыру болған.

Соғыстар мен қарулы қақтығыстар сипатының өзгеруінің бір себебі ретінде XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында ақпараттық қоғамның немесе білім қоғамының қалыптасуы болып табылады. «Ақпараттық қоғам» терминінің пайда болуы Токио технологиялық университетінің профессоры Ю.Хаяши есімімен байланысты. XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап батыстық әлеуметтанушылар мен

әлеуметтік философтар (Д.Белл, Э.Тоффлер, М.Кастельс, Г.Шиллер, Ю.Хабермас, Э.Гидденс) дамыған мемлекеттерді сапалық тұрғыдан әлеуметтік дамудың жаңа түрі – «постиндустриалдық» немесе «ақпараттық» («информационалды») қоғамға енуін қарқынды түрде талқылай бастады. Ғалымдар әзірлеген ғылыми теориялар адам өміріндегі ақпараттық рөлі өзгергеніне екпін жасады. Жалпы алғанда, ақпараттық қоғам теориясы қазіргі қоғамға тән білім мен қазіргі заман соғыстары мен қарулы қақтығыстарының сипатына ықпал жасайтын белгілерді атап көрсетті. Олар: ақпараттық технологиялар ықпалымен кеңістік және уақыт категорияларының (дистанциядан басқарылатын қарудың пайда болуы), ақпараттық теңсіздіктің пайда болуы (соғыс жүргізудің ақпараттық түрлерін қалыптастырған және басқа мемлекеттер), ақпаратты манипуляциялау көлемінің кеңеюі, ақпаратты және оның ағымын қадағалау мөлшері мен сапасының өсуі және осылардың барлығының салдарынан ақпараттық соғыстардың пайда болуы.

Ақпарат әлемдік саяси процестерде объективті шынайылық ретінде күй кешеді және: 1) әрбір халықаралық субъектінің жеке сипаттарының жиынтығы (инфрақұрылым); 2) халықаралық ортадағы акторлардың ара-қатынасы (ақпараттық ағымдар) ретінде имманенттік екі түрде көрініс табады. Саяси маңызы бар ақпараттың тағы бір болмысы тараптарға бір-біріне ақпараттық ықпал жасауға мүмкіндік беретін коммуникациялық алмасуларда орын алады. Осындай ықпал жасау америкалық саясаттанушы Дж.Найдың арқасында «ақпараттық күш» (*information power*) деген анықтамаға ие болды [38].

Дж.Найдың оппоненттері (Д.Роткоф және М.Либицки) ақпараттық күш халықаралық қатынастар субъектілерінің автоматтандырылған ақпараттық-коммуникациялық жүйелерге тәуелділігінің арқасында пайда болды деп санай-

ды [39]. Оларды жақтаушылардың пікірінше, ақпараттық күштің орын алуы мемлекеттік биліктің децентрализациясы, қоғам дезинтеграциясы, дамудың үдеуі, өмір виртуализациясы, социумның саяси және экономикалық құрамдастарының асимметриясына, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құралдардағы революцияға алып келеді.

Танымал америкалық экономист Д.Роткоф Дж.Найдың халықаралық саясаттағы өздерінің ақпараттық жүйелерінің басымдығына сүйенетін акторлар тобының ақпараттық доминациясы (*information dominance*) жайлы тезисін сынға алды [40]. П.Рипердің зерттеулеріне сүйене отырып, ол халықаралық актор жаһандық ақпараттық кеңістікте үстемдікке талпынуы міндетті емес деп жазады. Оған күштірек әріптесінің ақпараттық жүйесін немесе ұжымдық жүйені қолдануы жеткілікті, себебі олар кеңістіктің белгілі сегментінде ақпараттық басымдыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді (халықаралық қатынастар теориясында бұл құбылыс «Давид эффектісі» деген атауға ие болды) [41].

«Ақпараттық соғыс» терминін алғаш рет 1980 жылдары АҚШ Қорғаныс министрлігі және АҚШ президенттері Р.Рейган мен Дж.Буш кезінде Ақ үйде ғылыми кеңесші қызметін атқарған Т.Рона 1976 жылы «Boeing» компаниясына арнап жазған «Weapon Systems and Information War» есебінде қолданғаны кіріспеді айтылып өтілді. Алайда кейбір зерттеушілер «ақпараттық соғыс» терминін алғаш рет 1985 жылы қытайлық ақпараттық соғыс теоретигі Шэй Вэйгуан енгізді деген пікір айтады [42].

Осы мәселеге қатысты тұңғыш пайда болған ресми құжаттардың ішіне АҚШ Қорғаныс министрлігінің «Ақпараттық соғыс» (1992) директивасын жатқызуға болады. 1993 жылы Штаб бастықтары комитетінің директивасында ақпараттық соғыс жүргізудің негізгі принциптері жарияланды.

Ақпараттық-психологиялық соғыстарды жүргізу мәселесіне назар аударған ресейлік авторлардың ішінде (жоғарыда кейбіреулері аталып өтті) В.Лисичкин, Л.Шелепин, И.Панарин, А.Манойло, И.Головин, Г.Почепцов, С.Расторгуев және басқаларын жатқызуға болады. 1997 жылы ақпараттық соғысқа анықтама берілді: «Ұлттық стратегия шеңберінде ақпараттық басымдыққа қол жеткізуге бағытталған, жаудың ақпараты мен ақпараттық жүйелеріне ықпал жасау және өз ақпаратың мен ақпараттық жүйелеріңді қорғау арқылы жүзеге асатын іс-қимылдар» [43]. Ақпараттық соғыстың жеті түрі бөліп көрсетілді. Олар: командалық-басқарушылық, барлау, психологиялық, хакерлік, экономикалық, электрондық, киберсоғыс.

Қазіргі кезде көптеген мемлекеттерде ақпараттық-психологиялық соғыс жүргізудің ескі әдістерін жетілдіріп, жаңа әдістерін қалыптастыратын арнайы құрылымдарды қалыптастыру бойынша қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Көршіміз Ресей де басқа бірқатар мемлекеттермен ақпараттық қаруды жасауға кірісті. Алдағы болашақта соғыс пен қарулы қақтығыстардың ақтық мақсатына қол жеткізу тек жаудың әскері мен күштерін жоюмен ғана емес, сонымен қатар оның мемлекеттік және әскери басқарылуына, навигациясы мен байланысына зақым келтірумен және осыларды жоюмен, мемлекетті тұрақты басқаруға көмек беретін басқа да ақпараттық объектілерге әсер етумен байланысты болады.

Осы мақсатпен алдыңғы қатарлы мемлекеттер ақпараттық салада күрес жүргізудің жаңа әдістері мен түрлерін қарқынды қалыптастырып жатыр. Ал ақпараттық технологиялардың дамуымен мемлекеттің әскери және саяси әлеуеті туралы түсінік трансформацияға ұшырап, күш қолдану арқылы қақтығысудың дәстүрлі формалары өзгеретін болады. Нәтижесінде технологиялық, ең алдымен ақпараттық басымдық арқасында алынатын іс-қимылдар алдыңғы қатарға шығады.

Өткен ғасырдың 90 жылдары пайда болған ақпараттық соғыстың ресейлік концепциясы 4 компонентті қамтиды: жаудың байланыс жүйелерін жою, мәлімет алмасудың жолын кесу, компьютерлік желілерді бұзу, жалған ақпарат тарату арқылы қоғамдық пікірге ықпал ету. Ресейлік әдістер мен әдебиеттердегі басты ерекшелік келесіде жатыр. Мәселен, АҚШ-та екі дербес концепция бар, олар: *психологиялық соғыс* және *ақпараттық соғыс* концепциялары. Психологиялық соғыс ақпараттық соғыстың бір бөлігі ретінде қарастырылады. Ал Ресейде олар бір құбылыс ретінде қарастырылады. 2000 жылы РФ Сыртқы саясатының концепциясы бекітіліп, РФ Ақпараттық қауіпсіздігінің декларациясы қабылданды. Соңғысы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың қалыптасуының негізі болып табылады. Осы құжаттардың толық нұсқасымен «www.nationalsecurity.ru/library» сілтеме бойынша танысуға болады.

Соғыс жүргізудің ақпараттық әдісі қолданылғанда ақпараттық компонент салмаққа ие болып, соғыс жүргізудің индустриалды дәуірдегі әдістеріне қарағанда оның рөлі айқындалып, ал қолдану ауқымы кенейе түседі. Бүгінгі күні ақпарат жаудың (немесе әлеуетті жаудың) мінез-құлқын ұзақ мерзім бойы бақылау, өзіңнің және жаудың ресурстарын есептеу, өз мемлекетіңнің ішіндегі және шетелдердегі қоғамдық пікірді басқару нәтижесінде пайда болады.

Жауды бақылауға арналған спутниктерді қолдану болсын, әскердің қажеттіліктерін есептеп, мәліметтер сақтайтын компьютерлер болсын, «саналы» бағдарламаланған қару болсын, бір сөзбен, қай салада болмасын, ақпарат әскери машина құрылымының бойын тұтастай жайлап алды. Осылайша, ақпарат дегеніміз қазіргі күні тек қана мәлімет жинаумен айналысатын барлаудың мүддесіне кіріп қоймай, қару мен шешім қабылдайтын жүйелердің мүддесіне де қарасты.

АҚШ әскери басшылығының мысалын үлгі ретінде ала отырып, «ақпараттық соғыс» түсінігінің қалыптасуына деген көзқарастардың эволюциясын айқындауға болады. Алдымен олардың пайда болуының екі кезеңін, қалыптасуы мен дамуының кезеңдерін бөліп көрсету керек. *Алғашқы кезең* (1947-1985) екі этаптан тұрады: *бірінші этап* (1947-1973) барысында болашақ ақпараттық операцияларға қатысты түбегейлі әдістер дүниеге келді. *Екінші этаптың* (1973-1985) өзегі ретінде локальды соғыстар мен қарулы қақтығыстар барысындағы әскери қимылдардың ақпараттық құрамдасының тәжірибесін кешенді зерттеу болды деп айтуға болады.

Екінші кезең. Бірінші этапқа (1985-1992, желтоқсан) стратегиялық, оперативті және тактикалық деңгейлерде (Панама, Парсы шығанағындағы соғыс) жаңа ақпараттық технологиялардың, психологиялық операциялардың, радиоэлектрондық күрес жүргізу технологияларының қолданылуы. *Екінші этап* (1992, желтоқсан – 1996, ақпан) қарқынды теориялық жаңалықтар жасаумен сипатталады. Бұл этапта қарулы күштер ауқымында ақпараттық күрес жүргізудің жалпы концепциялары қалыптаса бастады. Осыларға балама концепциялар құрлықтағы әскерлерде де, әскери әуе күштерінде де, әскери теңіз күштерінде де пайда болды. *Үшінші этапта* (1996, ақпан – 1998, қазан) ақпараттық соғыстың теориялық негіздерінің қалыптасып болуы, ақпараттық операцияларды дайындап, оларды жүзеге асыру орын алды. Сол жылдары ақпараттық соғыс жүргізудің әдіс-тәсілдері мен түрлерінің көп еместігі айқын байқалды, бұл яғни оның теориясын, әсіресе оны бейбіт кезде, соғыс деп танылмайтын әскери операциялар мен кез келген әскери қимыл барысында қолдануға байланысты дамыту керектігін білдірді деген сөз. *Төртінші этап* (1998, қазан – қазіргі күнге дейін). Бұл этапта ақпараттық соғыс АҚШ-тың ұлттық әскери стратегиясы мен ұлттық қауіпсіздік стратегиясы алға қойып отырған мақсаттарды жүзеге асырудың

стратегиялық құралы ретінде қарастырыла бастады. Ақпараттық операциялық жүйелер міндетті компонентке айналды.

КСРО ыдырап, екі ұлы державалардың тікелей қақтығысының қаупі жойылған соң, болашақ қақтығыстары М.Кастельс «*мезеттік соғыстар*» деп атаған формаға ие болады деген үміт пайда болды [44]. Оның пікірінше, бұлар қысқа қақтығыстар болады, қарқынды әскери қимылдар тек бірнеше күндер немесе апталарға созылып, қарулы қақтығыстардың осындай түрлерінде АҚШ, НАТО немесе БҰҰ күштері әскери ресурстарындағы басымдық арқасында тез жеңіске жететін болады. Осындай қақтығыстарда державалар саны аз кәсіби әскерилердің, ұшқыштардың және қосалқы күштердің көмегіне ғана жүгінеді. Бұл «зияткер жауынгерлердің» маңызын арта түсіреді, себебі бұлар күрделі ақпараттық жүйелерді басқаратын болады. Соғыс жүргізудің ақпараттық әдісін қалыптастыруға ойындар теориясын, модельдеу, жүйелік талдау жасау және белгісіздік жағдайда жоспарлау тәсілдері септігін тигізді.

Ресейде ақпараттық соғысқа көңіл бөлу және оны өз мүддесіне пайдалану әрекеті Кеңес одағы ыдыраған соң-ақ қолға алынды. Мәселен, «Мемлекеттік құпия туралы», «Ақпарат, ақпараттандыру және ақпаратты қорғау туралы», «Халықаралық ақпараттық алмасулар туралы» және басқа да осы тектес федералдық заңдар қабылдап үлгерді. Бұл заңдардың қай-қайсысы да БАҚ-қа мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі ретінде және Ресей мүддесінің пәрменді құралы ретінде қараған. Осы заңдарды қаперге ала отырып С.Расторгуев былай деп жазды: «Ақпараттық соғыс дегеніміз – жауыңа өз үстіндегі сауытын қалай шешіп тастауын мақсатты түрде үйрету» [45].

Осы мәселенің келесі негізгі тұстарын бөліп көрсету керек. Егер ақпараттық технологиялар тек қана техникалық тұрғыдан қарастырылатын болса (мәселен, компьютерлік

технологиялар сияқты), онда бұл жерде аса бір дау туындайды деп айтуға келмейді. Алайда, біріншіден, осындай технологиялар саясатқа ықпал ете ала ма деген сауал туындайды, себебі компьютерлік технологиялардың өзі техникалық тұрғыда саясатқа да, халықаралық қатынастарға да ықпал жасай алмайды. Саясатқа ықпал жасалса да, бұндағы компьютерлік технологиялардың маңызы жоқтың қасы. Екіншіден, компьютерлік технологиялардың әскери-саяси салаға ықпалы оған компьютерлік емес, басқа да технологиялардың ықпалынан айырмашылығы жоқ деуге болады. Мәселен ядролық қару саласындағы технологиялар да компьютерлік технологиялар сияқты жаудың инфрақұрылымын жоюға бағытталған.

Әскери-саяси сала ақпаратының тұлға мен қоғамға ықпалымен байланысты ақпараттық-психологиялық қырының маңызы басқа. Бұл жерде психологияға насихат, дезинформация, сананы басқару әдістері арқылы ықпал жасалады. Аталмыш әдістер Сунь Цзы заманынан бері көптеген өзгерістерге ұшырай қойған жоқ.

Қақтығыстардың жаңа түрлерін қарастырғанда, әскери ой белгілі заман, қоғам немесе тұлға теорияларының, әдістерінің, көзқарастары мен парадигмаларының жиынтығынан тұратынын естен шығармаған жөн.

Көп жағдайда ақпараттық соғысты байланыстың заманауи құралдарына, ғарышқа шығу мүмкіндігіне негізделген соғыс деп қарастырады. Іс жүзінде технологиялық жаңалықтарды қолдану ежелден келе жатқан әскери қимылдардағы жаңа бағыт болып табылады. Осы тұрғыда ақпараттық соғысты ақпараттық дәуірдің соғысы деп айтуға болады. Ақпарат үшін болатын күрес территория немесе табиғи ресурстар үшін болатын күреске ұқсамайды [46].

Ақпараттық соғыстың басты факторларының бірі жау жүйесінің құрылымы мен параметрлерін білуге байла-

нысты. Қазіргі кездегі жаһандық ақпараттық соғыс жау тарапынан дұшпандық әрекеттердің болуын талап етеді [47]. «Ақпараттық соғыс: электрондық хайвэйдегі хаос» кітабының авторы У.Швартау ақпараттық соғысты «ақпараты стратегиялық актив болып табылатын электрондық қақтығыс» деп атаған [48].

Ақпараттық соғысқа Парсы шығанағындағы соғыс кезіндегі операцияларды жатқызуға болады. Десек те осы қақтығыс кезінде микропроцессорлық техника кеңінен қолданыс тапқанымен, оны әлі де жаһандық ақпараттық соғыс деп айтуға келе бермейді. Ақпараттық технологиялар осы қақтығыс кезінде тек кәдімгі қару-жарақтың күшін арттыратын құрал ретінде қарастырылды.

АҚШ-та жүргізілген зерттеулердің негізінде ақпараттық соғыстың келесі сипаттарын көрсетуге болады [49]:

- *біріншіден*, ақпараттық соғыс жүргізу белгілі дәрежеде қымбатқа соқпайды. Дәстүрлі әскери технологияларға қарағанда, ақпараттық технологиялар мемлекет тарапынан үлкен шығынды талап етпейді. Ақпараттық қақтығысты жүзеге асыру үшін компьютерлік саладағы мамандардың болуы мен желілерге шығу мүмкіндігінің болуы жеткілікті. Бұрын соғыс жүргізу үшін мемлекет барлық ресурстарға ие болу керек болды. Қазіргі кезде бағасы қымбат емес арнайы құрылғы мен техника саласындағы түсініктің арқасында қиратқыш күші үлкен операцияларды жүзеге асыруға болады;

- *екіншіден*, қоғамдық мүдде мен жеке мүдде, әскери қимылдар мен қылмыстық әрекеттердің арасындағы сызық жойыла бастайды. Мемлекетаралық шекаралар жойыла бастайды;

- *үшіншіден*, индустриалды дамыған мемлекеттердің ақпараттық шабуылдарға төзімі төмен. Мәселен, АҚШ дамыған мемлекеттер қатарына кіргенімен, ақпараттық шабуылдарға төзімі төмен мемлекет болып саналады.

Кітаптың кіріспесінде келтірілген Қытайдың АҚШ-қа ақпараттық шабуылдары осы сөздің айғағы болып табылады.

Енді ақпараттық соғыс және психологиялық соғыс түсініктеріне жеке тоқталайық. Бұл түсініктер ақпараттық кеңістік ұғымымен тығыз байланысты. Осы терминдер аталғанда тек бір мемлекет аумағындағы БАҚ-ты ғана қарастырмай, осы БАҚ қалыптастыратын және осы аумақтағы халық тұтынатын бұқаралық ақпаратты қарастырған жөн. Бұқаралық ақпарат медиа шынайылықты қалыптастырады деп айтуға болады. Ол төрт құрамдас бөліктен тұрады [50]:

1. мәселені ашып көрсетуде қолданылатын *вербалды белгілер*;
2. *визуалды*, яғни бейнероликтер, суреттер, фотоматериалдар;
3. *акустикалық*, яғни түрлі дыбыстар, көшедегі шу және т.б.;
4. *интерпретациялық*, яғни оқиғаға баға беру және оны түсіндіру.

Ақпараттық соғыстың мақсаты ақпараттық басымдыққа қол жету болып табылады. Ақпараттық басымдыққа ие болудың мақсаты – ақпараттық кеңістікті толық мөлшерде пайдалануға тосқауыл жасау [51].

Психологиялық соғыс дегеніміз – адамдарға олардың психологиялық ұстанымдарын (көзқарастарын, пікірлерін, құндылықтар жүйесін, түрткілерін, мінез-құлқын), көңіл-күйін қажетті бағытта өзгерту үшін түрлі әдістер арқылы ықпал жасау [52].

Адамдардың стереотиптері мен ұстанымдарын өзгерту саяси, экономикалық, дипломатиялық және әскери шаралар арқылы және арнайы «мәтіндер» дайындап, оларды тарату арқылы жүзеге асырылады. «Мәтіндер» арқылы жеке адамның және бүкіл қоғамның санасына ықпал жасау барысында ақпараттық соғыс және психологиялық соғыс түсініктері бір-бірімен ұштасады.

Психологиялық соғыс белгілі аудиторияға ақпараттық-психологиялық ықпал жасау мақсатымен ақпараттық кеңістіктің тек бір сегментін ғана пайдаланады. Ақпараттық соғыс ақпараттық кеңістікті толығымен бақылауда ұстап тұруға бағытталған. Олай болса, психологиялық соғыс ақпараттық соғыстың бір бөлігі болып табылады.

Ақпараттық соғыс пен психологиялық соғыстың ұқсастығы олардың екеуінің де ақпараттық кеңістікпен байланысында жатыр. Дегенмен, екеуінің мақсаттары бөлек.

Ақпараттық соғыстың негізгі мақсаты, жоғарыда аталып өткендей, ақпараттық басымдыққа ие болу.

Психологиялық соғыс кезінде ақпараттық кеңістікте жаппай бақылауда ұстап тұру мақсаты қойылмайды. Ақпараттық соғысты «басып тастау» сөзімен сипаттайтын болсақ, психологиялық соғысты «өзгеріс енгізу» сөзімен сипаттауға болады.

1.2. Қарулы қақтығыс ұғымы және оның ерекшеліктері

Қазіргі кезде ғылыми әдебиеттерде «қарулы қақтығыс» түсінігінің көптеген анықтамалары берілген.

Жалпы «қақтығыс» ұғымы әлеуметтік-саяси күштердің, саяси қатынас субъектілерінің теке-тірестері өтетін ерекше саяси жағдайды білдіреді. «Дағдарыс» және «қақтығыс» ұғымдары қоғамдық өмірдегі әлеуметтік қатынастардың өзара байланысты кезеңдерін сипаттайды.

Дағдарыс саяси қатынастың белсенді субъектілерін олардың теке-тірестеріне әкеліп соқтырып, қақтығыстың туындауына алып келеді.

Қақтығыстарды экономикалық, саяси, құқықтық, діни, этносаралық және т.б. деп жіктеуге болады. Дегенмен осылардың барлығы әлеуметтік қақтығыстардың әрқилы

формалары болып табылады, өйткені қақтығыстарда әрекет етуші, қақтығысушы субъектілер өздерінің экономикалық, саяси, құқықтық, діни, этникалық және басқа да мүдделерін түсінетін және олардың үстемдігі мен жүзеге асуына ұмтылатын акторлар болып табылады. Қақтығыстар саяси қатынастар субъектілерінің іс-әрекеттері нәтижесінде шешіледі.

Осы ретте қақтығысқа қатысушы күштердің іс-қызметтерінің шынайы түрткілерін айқындау саясаттануда аса маңызды мәселе болып саналады. Саясаттану ғылымы оларды қақтығысушы субъектілердің мүдделерінің иерархиялық принципінен шығара отырып анықтайды.

Мүдделердің иерархиялық жүйесінде материалдық, экономикалық мүдделер негізгі мәнге ие. Алайда олар саяси қатынастарда таза күйінде көрінбейді, себебі олар қажетті идеологиялық тұрғыдан тартымды емес. Осы мүдделер қоғамдық өмірдің әрқилы салаларында белгілі бір өзгерістерге ұшырайды және осының нәтижесінде саяси қызметтің мотивациясы жетекші тұрғыда күрделі мазмұнға ие болады.

Демек, саясаттану әдістемелік тұрғыда саяси акциялардың терең де ақиқат негіздерін, «құпияларын» ашуға тиіс болса да, ол қақтығыстан шығуды көздейтін ғылым ретінде сыртқы түрткілерге, яғни өзекті, шынайы өмірде әрекет ететін саяси қызметтің негіздеріне баса назар аударады және осы тұрғыда мүдделердің түйісуін қамтамасыз етуге және келісім мен ынтымақтастық платформасын жасақтауға ұмтылады.

Тұтастай алғанда, қақтығысты саяси жағдайларға төмендегілер тән:

- *біріншіден*, мүдделердің қайшылығы мен қарсылас тараптардың, яғни қақтығыс субъектілерінің болуы тән. Бірақ мүдделер әрқилы болғанымен, олар әлеуметтік тұтастықтың ішінде қызмет етеді, яғни ортақ базалық негізге ие. Мәселен,

саяси конфронтацияға дейін таптық күрес дамитындығы жалпыға мәлім, бірақ осы жағдайда барлық күресуші тараптар қол жеткізілген материалдық және рухани мәдениетті, қоғамның өркениеттік деңгейін, социумның тұтастығын сақтауға мүдделі болады;

- *екіншіден*, қоғамдағы өмір сүріп отырған және қақтығысушы тараптардың арасындағы саяси қатынастардың шиеленісу деңгейін көрсететін қақтығыстың өткірлік дәрежесі тән. Қақтығыс жағдайының шиеленісуі, шиеленістің жоғары деңгейі қақтығыс субъектілерінен қарастырылып отырған жағдайдан шығу үшін саяси құралдардың барлық арсеналын жұмылдыруды талап етеді;

- *үшіншіден*, өзінің даму логикасы тән. Сондықтан қақтығыстың пайда болуының бастапқы кезеңін анықтап, оның дамуына жол бермеу өте маңызды. Өйткені қақтығыс ұзақ уақыт орын алу нәтижесінде жеке әлеуметтік мазмұнға ие бола бастайды, шынайы өмірге еніп, адамдардың дүниені қабылдауының дағдылы элементіне айналып кетеді, қақтығысты саяси мәдениетті қалыптастырады. Бұл кезде қақтығысты жағдайдан шығу өте қиынға соғады;

- *төртіншіден*, қақтығысты саяси жағдайдың саяси қатынастар субъектілеріне ықпалы маңызды әлеуметтік мәселе болып есептелінеді. Қақтығысқа қатысушы субъект өзінің санасында қақтығысты саяси жағдай талап ететін әрекеттердің барлығын бейнелеуге мәжбүр болады. Осы ретте оқиғаларды тым біржақты түсіну үйреншікті сипат алып, субъектінің басқалардың жеке позициясы мен орын алған оқиғаларға берген бағасы ескерусіз қалып, адамдарды достар, жақтастар және дұшпандар деп бөлуі көрініс табады. Қақтығысты саяси жағдайлар адамдарды саяси бүліншілік ахуалына дейін алып келуі мүмкін. Осы жағдайда саяси мәселелер тым шиеленісіп, олар өз кезегінде қарулы қақтығыстар, азаматтық соғыс, террорлық әрекеттер және

т.б. осы тәрізді антигуманды әрекеттерді қолдануға арандатады.

Ендігі кезекте «қарулы қақтығыс», «әскери қақтығыс» және «соғыс» түсініктерін талдауға кіріскен жөн. Әрине, осы терминдердің үшеуін де К.Клаузевицтің «саясатты басқа құралдар арқылы жалғастыру» анықтамасымен түсіндіруге болады. Дегенмен осылардың, бірінші кезекте қарулы қақтығыстың мақсаттарын, сипатын анықтау өте маңызды.

«Уикипедия» халықаралық Веб технологияларына негізделген мазмұны тегін және ашық энциклопедиялық жобасында көрсетілгендей, *қарулы қақтығыс дегеніміз* – мақсаты экономикалық, саяси, ұлттық-этникалық және басқа да қайшылықтарды шектелген әскери күш қолдану арқылы шешу болып табылатын мемлекеттер немесе жекелеген мемлекеттер ішіндегі әлеуметтік топтар арасындағы қарулы күрес*.

Қарулы қақтығыс дегеніміз – мемлекеттер (халықаралық қарулы қақтығыс) немесе бір мемлекет ішіндегі қарсылас тараптар (ішкі қарулы қақтығыс) арасындағы тұрақты (легитимді) және тұрақсыз (легитимсіз) қарулы құрылымдарды қолданумен ерекшеленетін қарулы соқтығыс. Сонымен қатар қарулы қақтығыс кезінде соғыс жариялау рәсімі орын алмайды, яғни мемлекет(тер) «соғыс» деп анықталатын ерекше күйге өтпейді [53].

Сонымен қатар Төтенше жағдайлар министрлігінің сөздігінде** қарулы қақтығыс мемлекетті «соғыс» деп аталатын ерекше күйге жеткізбейтін, мемлекетте немесе оның белгілі аумағында төтенше жағдай режимін енгізуге алып келмейтін, қарулы күресті операциялық бағыттан тыс шығармайтын әскери күш жұмсау құралдарын қолдану арқылы ұлттық-этникалық, діни және басқа да

* <http://ru.wikipedia.org>

** <http://www.samospas.ru/mchsgloss/19326>

қайшылықтарды шешуге бағытталған іс-әрекеттер деп көрсетілген. Қарулы қақтығысқа тұрақты және қалыпсыз әскердің жұмылдырылуымен өтетін әртүрлі әскери оқиғаларды, әскери шараларды және т.б. шектелген көлемдегі (қарқындылығы төмен) әскери қақтығыстарды жатқызуға болады. *Шекаралық қақтығыстар* қарулы қақтығыстың ерекше күйі болып саналады. Қарулы қақтығыс қарудың барлық түрі (соның ішінде жаппай қырып-жою қаруы) қолданылатын қарқындылығы әркелкі әскери қақтығысқа (соғысқа) ұласуы мүмкін.

Әскери қақтығыс – екіжақты әскери күш жұмсаумен сипатталатын мемлекеттер, халықтар, әлеуметтік топтар арасындағы қайшылықтарды шешудің шиеленіскен формасы [53].

Соғыс дегеніміз – саяси мақсаттарға жету үшін мемлекеттер, ұлттар, әлеуметтік топтар арасындағы арақатынастардың күрт өзгеруімен және қарулы күш көрсету құралдарын ұйымдасқан түрде қолданумен сипатталатын әлеуметтік-саяси құбылыс, қоғамның айрықша күйі [54].

Алайда анықтамалардың басым бөлігі абстрактілі-теориялық сипатқа ие немесе олар қақтығыстардың тек белгілі түрлерін ғана қамтиды. Сондықтан анағұрлым нақты болатын «техникалық» анықтама қажет. Ол қарулы қақтығыстың белгілі түрінің мазмұндық ерекшеліктерін толық ашып көрсетпесе де, олардың жоғарғы ауқымды спектрін қамти алады. Қақтығыстар бойынша әлемдік ірі мәлімет базаларын құру әдістемесін стандарттаудың тұрақты тенденциясын ескерсек, осындай анықтаманың қажеттілігі арта түседі. Аталмыш базалар өзара мәлімет алмасу мен бір-бірлерінің әдістемелік зерттеулерін пайдалану мүмкіндігіне ие.

Соғыс пен қарулы қақтығыстың екеуі де саяси қайшылықтарды қарулы күш көрсету арқылы шешу түрлері

болып табылады. Соғыс пен қарулы қақтығыс кезінде қарулы күш көрсетуді қолдану деңгейі екі түрлі болады. Соғыс пен қарулы қақтығыстарды туғызатын қайшылықтардың сипатына байланысты қарулы қақтығыстар азаматтық және мемлекетаралық, діни және экономикалық, әділетті және әділетсіз т.б. болады. Ауқымына байланысты соғыстар дүниежүзілік, аймақтық, мемлекет ішіндегі (азаматтық) соғыс болып бөлінеді. Соғыстар мен қарулы қақтығыстардың айырмашылығы саяси, техникалық және оперативті сипаттармен түсіндіріледі. Саяси сипат соғыс пен қарулы қақтығыстың саяси себептерін түсіндіреді. Олар екеуінде де бірдей болып көрінгенімен, олардың мақсаттары мен стратегиялары әртүрлі болып табылады. Соғыстың мақсаты ауқымдырақ келеді және қарулы қақтығысқа қарағанда жоспарлану деңгейі жоғары. Соғыстың саяси түрткілері соғысқа дейін біраз уақыт бұрын туындайды және оның дайындық кезеңінде анықтаушы рөл ойнайды (әскерді, экономиканы, дипломатияны, идеологияны қайта құру). Сонымен қатар соғыс қоғам өмірінің барлық салаларын сапалық өзгеріске ұшыратады, ал қарулы қақтығыс кезінде осындай құбылыс байқалады деп айтуға келмейді.

Техникалық тұрғыда қарастыратын болсақ, соғыс қарулы күрес жүргізудің әртүрлі құралдарын ауқымды түрде қолданумен ерекшеленеді. Қазіргі заманғы соғыста құрлықтағы әскер қимылдарынан тыс әуе шабуылы операциялары мен барлау қызметінің мәліметтері маңызды рөл ойнайды. Оперативті сипаты соғыста бірінші кезекте мемлекеттің қарулы күштерінің (тұрақты әскерінің) және әскерленген азаматтық құрылымдардың (халық жасағы, партизандық бөлімшелер және т.б.) жұмылдырылуын білдіреді. Қарулы күрес әскердің шабуыл немесе қорғаныс қимылдары, шайқастар, терактілер арқылы жүріп отырады. Қарулы қақтығыс болса оперативті тұрғыда әдетте

шекаралық немесе жергілікті сипатқа ие, ал соғыс болса мемлекеттің ауқымды аумағында жүріп, жау тылындағы стратегиялық маңызға ие нысаналардың жойылуын талап етеді.

Қазіргі кезде «қырғиқабақ соғыстан» кейін орын алған соғыстар этносаралық сипаттағы немесе мемлекеттердің шекара даулары негізіндегі қарулы қақтығыстардан туындап отыр.

Уппсала университетінің (Швеция) қақтығыстар бойынша мәлімет базасында көрсетілген қарулы қақтығыстың утилитарлы, бірақ кең тараған анықтамасы осы талаптарға жауап береді. Осы анықтаманы Мэриленд университетінің (АҚШ) Халықаралық даму және қақтығыстарды реттеу орталығын қоса есептегенде, басқа да алдыңғы қатарлы зерттеу орталықтары белсенді пайдаланып жүр.

Уппсала университетінің мамандары қарулы қақтығысты «кемінде екі қарсыласушы тараптың әскери құрылымдарының қарулы күш қолдану жолымен шешілетін, нәтижесінде кемінде 25 адам қаза табатын билік немесе территорияға қатысты қайшылығы» деп анықтайды*. Егер қақтығысқа бір тараптан болсын үкіметтік әскери күш араласса, ол «мемлекет қатысқан қақтығыс» саналады. Егер мемлекеттің қақтығысушы тараптың ешқайсысына қатысы болмаса, онда қақтығыс «мемлекеттік емес» болып саналады.

Сонымен қатар «соғыс» деп бір жыл ішінде кемінде 1000 адамның (әскери қимылдарға тікелей қатысушылар – комбатанттар және комбатанттар арасындағы әскери қимылдар нәтижесінде қаза болған қарапайым азаматтар) тікелей мертігуіне алып келген тек ауқымды және қарқынды қақтығыс саналады.

Қақтығыс пен соғыстың бұл анықтамасы қолданбалы сипатқа ие және ең алдымен қарулы қақтығыстардың

* http://www.pcr.uu.se/database/definitions_all.htm

негізгі параметрлері жайлы ақпарат жинау мұқтажына негізделген. Бірақ соңғы екі онжылдық ішінде «қарулы қақтығыс» түсінігінің мәні өзгерді. Ауғанстан, Ирак, Судан немесе Шри-Ланкадағы қазіргі соғыстар тіпті сандық көрсеткіштер бойынша да Кореядағы (1950-1953), Вьетнамдағы (1955-1975) соғыстар немесе Иран-Ирак соғысы (1980-1988) сияқты конвенциялық соғыстармен салыстыруға келмейді. Сол себепті осындай утилитарлық анықтаманың қазіргі заманғы қарулы қақтығыстар сипатының принциптік өзгерістеріне тек аз мөлшерде ғана қатысы бар [55].

Қазіргі заманғы қарулы қақтығыстарды жаһандық көлемде зерттеудің негізгі екі әдіснамалық әдісі бар. *Біріншісі* сандық, есепке бағынатын көрсеткіштерге сүйену арқылы қарулы қақтығыстардың параметрлері жайлы ақпаратты жинақтап сараптауға негізделеді. Осындай техникалық-эмпирикалық әдіс негізінде қақтығыстар бойынша қазіргі заманғы мәлімет базасы құрылған. *Екіншісі* қарулы зорлық-зомбылық көрсету түрлері мен қазіргі заманғы қақтығыстардың сипатындағы өзгерістердің сапалы талдауына алдын ала бағытталған. Атап айтқанда, сандық көрсеткіштерді назарда ұстайтын екінші әдіс ғылымға көптеген теориялық-талдаулық зерттемелерді, қазіргі заманғы қақтығыстар мен әлемнің белгілі аймағындағы нақты қақтығыстар бойынша терең зерттеу жұмыстарын берді.

Бірқатар зерттеу орталықтары қарулы қақтығыстарды зерттеудегі осы екі әдісті біріктіру амалдарын жасап келеді. Бірақ, жалпы алғанда, мәлімет базасына тәуелді сандық бағытталған әдіс пен қазіргі заманғы қарулы қақтығыстардың сапалық бағытталған контекстілік немесе теориялық талдауы әлі де екі бөлек.

Сандық бағытталған әдісті анықтауға мүмкіндік беретін тенденцияларды XX-XXI ғасырлар аралығындағы соғыстар мен қарулы қақтығыстардың басқа түрлерінің

саны мен қарқындылығының тұрақты төмендеуі ретінде жалпылауға болады. Алайда бұл әдістің қарастырып отырған тенденциялардың талдаулық түсіндірілуіне емес, мониторингке аса назар аударуы («мәліметтің көптігі, талдаудың аздығы») сияқты объективті шектеуі бар. Қақтығыстардың дамуындағы тенденцияларды біліп жүру үшін олардың параметрлерін нақты анықталған әдіснама мен түсініктемелік аппаратқа сай ұзақ уақыт, кемінде он жыл аралығында тіркеп жүру керек [56].

Сонымен қатар әдіснаманың тұрақтылығы оған белгілі түзетулерді анда-санда ғана енгізуге мүмкіндік беріп, маңызды рөл ойнайды. Бұның кері тұсы – тез өзгеріп отыратын шынайылыққа өзінің әдіснамасын өте баяу бейімдейтін мәлімет базасының басым бөлігінің икемсіз сипаты. Басқаша айтқанда, қазіргі заманғы қақтығыстардың сипаты оларды категориялау жүйесі мен тиісті мәлімет базасында тіркеуге қарағанда жылдамырақ өзгеріп отырады. Мәлімет базасы көп жағдайда ескірген параметрлер мен қарулы қақтығыстардың түрлерін «сараптауды» жалғастыра береді, ал қарулы зорлық-зомбылықтың жаңадан күш жинап келе жатқан немесе тіпті үстем түрлері мен тенденциялары тіркеусіз қалып қояды. Оның есесіне қарулы қақтығыстар бойынша түрлі әлемдік мәлімет базаларының әдіснамасының елеулі айырмашылықтары болуы мүмкін.

Уппсала университеті дайындайтын мәліметтер базасында 1946 жылдан 2010 жыл аралығында әлемнің 150-ге жуық аймағында 267 қарулы қақтығыс орын алды [57] деп көрсетілген. Бұл қақтығыстардың көбі территориялық тұрғыдан әлемнің аз дамыған және дамушы аймақтарына келгенімен, белгілі мемлекеттер қатысқан халықаралық қақтығыстар саны бойынша дамыған мемлекеттер бірінші орында. Ең «соғысқұмар» мемлекеттер – Ұлыбритания мен Франция. Екі мемлекет те Екінші Дүниежүзілік соғыстан

кейінгі кезеңнің басым бөлігінде колониялық держава болып қалғанын және ұлт-азаттық қозғалыстармен қарулы күрес жүргізгенін ескеретін болсақ, осындай көрсеткішті заңды деуге болады. Үшінші орында АҚШ болса, төртінші орында КСРО (Ресей). Бұл жерде КСРО мен Ресей бір мемлекет ретінде қарастырылып отыр. Сосын Австралия, Нидерландылар және Израиль кетеді, ал сегізінші және оныншы орын Египет пен Қытайдың үлесінде. Қарулы қақтығысқа араласу ұзақтығы бойынша Израиль абсолютті көшбасшы болып табылады [58].

Соғыстан кейінгі кезеңдегі қақтығыстардың жалпы санының жартысынан астамы «қырғиқабақ соғыстан» кейін орын алғанын атап өткен жөн. Басқаша айтқанда, «қырғиқабақ соғыстың» ұзағырақ кезеңіне қақтығыстардың аз бөлігі келеді, алайда ол Корея мен Вьетнамдағы соғыстар сияқты ірі қақтығыстарды қамтиды. Биполярлы жүйенің тежегіш механизмі жақсы жұмыс істеді деп айтуға болады, себебі жергілікті қақтығыстардың таралуы мен олардың санының күрт өсуінің жолы жабылды.

Алайда 1990 жылдардың басындағы қарулы қақтығыстардың саны алдыңғы онжылдықтардағы қақтығыстардың санынан артық болуы «қырғиқабақ соғыстан» кейінгі қақтығыс әлеуетінің даму динамикасы туралы ешқандай мағлұмат бермейді. Ол мемлекеттердің қатысуымен болған қарулы қақтығыстар санының тұрақты және едәуір азайғанын көрсетеді. Осындай қақтығыстардың шыңы 1991-1992 жылдарға түсті, осы кезде олардың саны елу екіге жетті, ал 2000 жылдардың ортасына қарай олар отызға дейін азайды. Бірақ 1990 жылдардың басынан бергі қазіргі заманғы қарулы қақтығыстардың сипатындағы өзгерістер осымен ғана шектелмейді.

Біріншіден, қақтығыс сипаты мемлекеттердің ірі соғыстардан бас тартуымен байланысты. Тіпті Израиль

мен ливандық «Хезболла» құрылымы арасындағы қарулы қақтығыс «соғыс» деп атауға қажетті әскери қимылдар кезінде қаза тапқан 1000 адам көрсеткішіне жете алмады.

Екіншіден, әлемде мемлекетаралық қарулы қақтығыстар жоқ дерлік. Екінші Дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан бергі қақтығыстардың басым бөлігі мемлекеттердің ішінде болды. Ал орын алған бірнеше мемлекетаралық конвенциялық соғыстар қиратқыш күші мен өлім-жітім бойынша жоғары көрсеткіштерге ие (Корея, Вьетнамдағы соғыстар мен Иран-Ирак арасындағы соғыстың әрқайсысы 1 миллионнан астам адамның өліміне алып келді). Соңғы онжылдық ішінде мемлекеттің қатысуымен болған қақтығыстардың 95%-ы мемлекеттердің ішінде орын алды, бірақ бұл олар интернационалды болмады деген сөз емес.

Соңғы онжылдықтағы қақтығыстардың ішінде Эритрея мен Эфиопия (1998-2000), Үндістан және Пәкістан (1997-2003) арасындағы шекаралық қақтығыстар, сонымен қатар АҚШ пен оның одақтастарының Ирактағы әскери операциясы (2003-2011) мемлекетаралық сипатқа ие. Тіпті Косово төңірегіндегі НАТО мен Югославия арасындағы қақтығыс Белград пен косоволық албандар арасындағы мемлекет ішіндегі қақтығыстармен байланысты болды.

Үшіншіден, қарулы қақтығыстарға қатысу мемлекеттен мемлекеттік емес акторларға көшіп жатыр. 2000 жылдардан бергі мемлекеттік емес қақтығыстардың санын есептеу мемлекет араласқан қақтығыстар санынан екі есеге дерлік артық екенін көрсетті. Мәселен, 2002 жылы мемлекет араласқан 34 қақтығыс пен 66 мемлекеттік емес қақтығыс орын алды. 2003 жылы бұл қатынас мемлекеттік емес қақтығыстардың еншісіне бұйырып, 30-59 санын көрсетті.

Төртіншіден, бірінші кезекке қазіргі заманғы қақтығыстың екі түрі шығып отыр. Бұлар мемлекет ішіндегі қақтығыстар: қарқындылығы төмен созылмалы

«азаматтық соғыстар» және оларға қарағанда сирегірек кездесетін, бірақ қарқындылығы жоғарырақ, әрі ұзаққа созылмайтын *асимметриялық соғыстар*. Соғыстың соңғы түрі алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттердің әскери күштері мен мемлекеттік немесе мемлекеттік емес әлсіз қарсылас арасында жүреді. Қақтығыстың осындай түріне НАТО-ның Югославияға қарсы әскери операциясы (1999), АҚШ бастаған коалицияның Ауғанстанға интервенциясы (2001), АҚШ пен оның одақтастарының Иракқа кіруі (2003-2011) жатады. Қақтығыстың осы екі түрі бір-бірімен байланысты немесе біріне-бірі ұласады: НАТО-ның Югославияға қарсы асимметриялық соғысы мемлекет ішіндегі сепаратистік сипаттағы қақтығыспен, ал АҚШ-тың Иракқа интервенциясы осы елдегі ұзақ мерзім бойы жалғасып келе жатқан шиеленіспен байланысты.

Бесіншіден, қарулы қақтығысу сипатындағы өзгерістер әскери қимылдар кезіндегі адам өлімінің сипатына ықпал жасады. Қазіргі заманғы қақтығыстарда қаза тапқандар мен жарақаттанғандардың 90%-ы комбатанттар [59] емес, жеке азаматтық тұлғалар болып табылады. Осындай үлкен көрсеткішті ХХ ғасырдағы екі дүниежүзілік соғыс барысындағы азаматтық тұрғындар арасындағы анағұрлым аз шығынмен (сәйкесінше 15% және 50%) жиі салыстырса да, осындай салыстыру дұрыс болып саналмайды, себебі бұлар қақтығыстың екі бөлек түріне жатады. Мәселен, қазіргі заманғы мемлекет ішіндегі қақтығыстарды ХХ ғасырдағы Ресей (1918-1922) мен Испаниядағы (1936-1939) азаматтық соғыстармен, колумбиялық «виоленсиямен» (1948-1958) немесе Алжирдің тәуелсіздік үшін күресі (1954-1962) сияқты отаршылдыққа қарсы қақтығыстармен салыстырған орындырақ. Осы қақтығыстарда азаматтық тұрғындар арасындағы қаза тапқандардың үлесі комбатанттар арасындағы шығындардан басым болды.

Алтыншыдан, қазіргі заманғы қақтығыстардың шеңберіндегі қарулы күш көрсетудің басым бөлігінің қарқындылығы мен локалдануы негізгі қақтығысуға қарағанда кемірек. Осындай зорлық-зомбылық тіпті қақтығыс анықтамасына келмеуі де мүмкін. Азаматтық тұрғындарға қатысты біртарапты бағытталған қарулы күш көрсетуді комбатанттар арасындағы тікелей әскери қимылдар барысындағы азаматтық тұлғалар арасындағы шығындардан ажырата білу керек.

Сонымен қатар қақтығыс аймақтарындағы күш көрсетудің осы түрі қарулы тараптар арасындағы қақтығысуға қарағанда аз тараған. Азаматтық тұлғаларға қатысты біртарапты күш көрсету 99% жағдайда қарулы қақтығыстар аймағында орын алады. Алайда бұл қақтығыс болып санала алмайды, себебі азаматтық тұлғалар қаруланбаған және өз-өздерін қорғай алмайды, сондықтан қарулы қақтығысуда тарап болып саналмайды [60].

Жетіншіден, қарулы қақтығыстардың жаңа түрлері пайда болып жатыр. Мәселен, Израиль мен ливандық «Хезболла» қозғалысы арасындағы қақтығысу қатысушылардың құрамы мен деңгейі жағынан қақтығыс түрлерінің ешқайсысына сәйкес келмейді және таза күйінде не мемлекеттік, не мемлекеттік емес болып табылмайды. Ливан үкіметі Израильге соғыс жарияламағаны және әскери қимылдарға үкіметтік күштер араласпағаны белгілі.

Әрбір қарулы қақтығыстың өзіндік ерекшелігі мен тұрақсыз қимылдар мен сирек террорлық актілерден (Корсика, Нормандия, Солтүсік Италия) бастап көп жылдық терроризм (Ольстер) мен нағыз соғыстарда (Шешенстан) көрініс табатын ауқымы болады [61].

Қорыта келгенде, қарулы қақтығыстың соғыстан айырмашылықтары:

- қарсылас тараптардың саяси мақсаттарының шектелгендігі;

- тараптар арасында себепші фактор ретінде бірінші кезекке негізгі қайшылықтардың орнына жеке қайшылықтардың шығуы;

- әскери күш қолдану шегін сандық және сапалық шектеу;

- қарсы тұру аймағы көлемінің кішігірім болуы;

- қарсы тұру ұзақтығының қысқа болуы немесе оның пульстік сипатқа ие болуы*.

Халықаралық қарулы қақтығыстар халықаралық құқықтың пәні болып табылады. Қарулы қақтығыстар құқығының негізгі нормалары 1907 жылғы Гаага Конвенцияларында, 1949 жылғы «Соғыс құрбандарын қорғау туралы» Женева Конвенциялары және оларға 1977 жылғы Қосымша хаттамаларда бекітілген.

Сонымен, қарулы қақтығыс дегеніміз – *экономикалық, саяси, ұлттық-этникалық және басқа да қайшылықтарды шектелген әскери күш қолдану арқылы мақсатты түрде шешу болып табылатын және нәтижесінде кемінде 25 адам қаза табатын, бірақ бір жыл ішінде қаза тапқандар саны 1000 адамнан аспайтын мемлекеттер (халықаралық қарулы қақтығыс) немесе бір мемлекет ішіндегі қарсылас тараптар (ішкі қарулы қақтығыс) арасындағы қақтығыс.*

1.3. Ақпараттық дәуір қақтығыстарының негізгі концепциялары

Қазіргі кезде әскери салада ақпараттық технологияларға басымдық беретін көптеген концепциялар қалыптасуда. Солардың ішінде ақпараттық соғыс, желілік соғыс, «Network-centric warfare», киберсоғыс, асимметриялық соғыс, «жаңа соғыстар» концепциялары мен қарулы қақтығысқа қатысты постмодернистік көзқарастарды атап өтуге болады. Қазір

* <http://ru.wikipedia.org/>

осылардың әрқайсысына жеке тоқталатын боламыз.

Ақпараттық соғыс концепциясы. Қазақстан ғалымдары Л.М.Иватова мен Ә.С.Балапанова «қазіргі дамыған мемлекеттерде «ақпараттық соғыс» деп аталатын құбылыс кең етек жайғанын» атап өтеді [62].

Ақпараттық соғыста жеңу үшін ақпаратты тез арада талдау мүмкіндігінің қажеттілігін келесі ғалым Е.К.Әлияров атап өтеді [63].

«Ақпараттық соғыс» ұғымы 1990 жылдары пайда болды [64]. Осы қарулы қақтығыс кезінде қолданылған ақпараттық технологиялардың арқасында халық санасында қақтығысты реалисти-шоу ретінде түсінік қалыптастыру тұңғыш орын алды [65].


Г.Почепцов ұсынған ақпараттық соғыс мақсаттары мен міндеттерімен 1-суреттен танысуға болады.

«Ақпараттық соғыс» терминінің АҚШ Қорғаныс министрлігінің құжаттарында қолданылуы «қырғиқабақ соғыс» аяқталғаннан кейін, енді оның баспасөзде қарқынды қолданылуы Ирактағы «Шөлдегі боран» операциясымен байланысты [66].

1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басында негізінен публицистикалық әдебиеттерде «ақпараттық соғыстар» термині пайда бола бастады. Әзірше халықаралық құқықта осы терминнің анықтамасы қалыптаспады, ал жеке-леген мемлекеттердің әлеуетті ведомстволары стратегиялық құжаттарында осы ұғымның әскери-саяси тұсына екпін жасайды.

Э.Тоффлер мен Х.Тоффлер өздерінің «War and Anti-War» еңбегінде жазғандай, соғыс тарихын адамзат өркениетінің даму тарихына сәйкес аграрлық, өндірістік және ақпараттық деп үш үлкен кезеңге бөлуге болады. Тоффлерлердің моделіне сәйкес, болашақта ақпараттық толқынның соғыстары ақпараттық соғыс күйіне енетін болады. Оны

дамыған байланыс жүйелері, ғарышпен байланыс және шынайы уақытта шешім қабылдау үдерісі ерекшелейді [67]. Яғни ақпараттық соғыстар тек ақпараттық қоғам үшін ғана тән болады.



1-сурет. Г.Почепцов бойынша ақпараттық-психологиялық соғыстың мақсаттары мен міндеттері

М.Кастельс өзінің «Ақпараттық дәуір: экономика, қоғам, мәдениет» еңбегінде «мезеттік соғыстар» туралы жазады [68]. Ол осылай деп державалар «қырғикабақ соғыстан» кейін жаңа технологиялардың көмегімен жүргізген соғыстарды айтады. М.Кастельстің пікірінше,

дәстүрлі соғыстардың заманы артта қалды. Осыған дейін аталып өтілгендей, «ақпараттық соғыс» терминін алғаш рет 1980 жылдары АҚШ Қорғаныс министрлігі және АҚШ президенттері Р.Рейган мен Дж.Буш кезінде Ақ үйде ғылыми кеңесші қызметін атқарған Т.Рона 1976 жылы «Boeing» компаниясына арнап жазған «Weapon Systems and Information War» есебінде қолданғаны кіріспеді айтылып өтілді. Алайда кейбір зерттеушілер «ақпараттық соғыс» терминін алғаш рет 1985 жылы қытайлық ақпарат соғыс теоретигі Шэй Вэйгуан енгізді деген пікір айтады. Қалай болса да, термин Ирактағы «Шөлдегі боран» операциясы кезінде және одан кейін кең қолданысқа ие болды.

Осыған дейін ақпараттық соғыс кәдімгі соғыстың бір бөлігі ретінде қарастырылып келсе, қазіргі кезде ақпараттық қарсы тұрудың гуманитарлық, экономикалық, құқықтық аспектілері бірінші қатарға шығып, ақпараттық соғыс әскери қимылдарынан бөлек жүргізілетін соғыстың ерекше түріне айналды. Ақпараттық соғыс орын алып, әскери қимылдардың болмауы қазіргі уақытта кеңінен көрініс табатын болды.

«Ақпараттық соғыс» терминін барлық ғалымдардың қолдана бермейтінін атап өткен дұрыс. Кейбір кездері осы терминнің орнына «ақпараттық қарсы тұру» термині қолданылады, өйткені ақпараттық соғыстың мағынасы кеңірек және ол үдеріске мемлекеттің халқы мен ресурстарының толықтай жұмылдырылғанын қажет етеді. В.Пирумов ақпараттық соғысты екі және одан да көп тараптар күресінің жаңа түрі деп қарастырады. Осындай күресте қарсыластың ақпараттық ресурстарына ықпал жасау және тараптың өзінің ақпараттық ресурстарын қорғап, қойылған мақсаттарға қол жеткізуі үшін арнайы әдістер қолданылады [69]. С.Расторгуевтің пікірінше, ақпараттық соғыс дегеніміз – ақпараттық жүйелердің материалдық салада белгілі жеңіске

жету мақсатымен бір-біріне қарсы бағытталған ашық және жасырын ақпараттық ықпал жасауы. Кез келген ақпараттық-психологиялық ықпал жасау шарасы осы анықтамаға сәйкес болып тұр. Ақпараттық соғыстың белгілерінің бірі – ақпараттық қару қолдану.

Ақпараттық соғыс өзіне дипломатияны, насихатты, психологиялық кампанияларды, саяси және мәдени бүлдіру әрекеттерін, жергілікті БАҚ-қа жалған ақпарат таратуды, компьютерлік желілер арқылы оппозициялық немесе диссиденттік қозғалыстарға жәрдемдесуді қамтуы мүмкін. Ақпараттық соғыстың негізгі әдістерінің ішінде дезинформациялауды, яғни жалған ақпарат таратуды, насихаттауды, кибертерроризмді бөліп көрсетуге болады.

Ақпараттық соғыстың компьютерлік қылмыстардан айырмашылығына келетін болсақ, ақпараттық соғыс нарықтағы немесе саяси сахнадағы қарсылас тараптың қастық әрекеттерінің болуын талап етеді.

У.Швартау өзінің «Ақпараттық соғыс: электрондық хайвэйдегі хаос» кітабында ақпараттық соғысты «ақпараты стратегиялық актив болып табылатын электрондық қақтығыс» деп атаған [70]. Ақпараттық соғыстың Р.Шафрански ұсынған анықтамасында ақпараттық соғыс қарсыластың білім мен түсініктерінің жүйесіне ықпал жасау мақсатымен ақпараттық қаруды қолдану болып табылады [71].

АҚШ-тың Ұлттық қорғаныс университетінің қызметкері М.Либицки ақпараттық соғыстың жеті түрін ұсынды:

1. Басқару жүйелерімен күрес (*C2W – Command and Control Warfare*) технологиялары;
2. Ақпараттық-барлау операциялар (*Intelligence-based operations*) технологиялары;
3. Электрондық күрес (*EW*) технологиялары;
4. Психологиялық күрес (*PSYOPS*) технологиялары;
5. «Хакерлік» күрес (*Hackerwar*) технологиялары;

6. «Кибернетикалық» және «желілік» күрес (*Cyberwar combat in the virtual realm*) технологиялары;

7. Экономикалық-ақпараттық күрес технологиялары [72].

П.Нунештің пайымдауынша, ақпараттық соғыстың анықтамасы не командование мен оперативті басқару жүйелеріне шабуылды, не киберсоғысты, не электрондық соғысты, не психологиялық соғысты қамтуы керек [73].

Осыған дейін жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде ақпараттық соғыстың бірнеше негізгі сипаттамасын бөліп көрсетуге болады:

1) ақпараттық соғыс жүргізу арзан және мемлекет тарапынан қолдауды қажет етпейді;

2) қоғамдық мүдде мен жеке мүдде, әскери қимылдар мен қылмыстық әрекеттердің арасындағы шекара жойыла бастайды. Мемлекетаралық шекаралар жойыла бастайды;

3) индустриалды дамыған мемлекеттердің ақпараттық шабуылдарға төзімі төмен. Мәселен, АҚШ дамыған мемлекеттер қатарына кіргенімен, ақпараттық шабуылдарға төзімі төмен мемлекет болып саналады, себебі елдің экономикасы, саясаты, басқа да салалары олардың өмір сүруін қамтамасыз етіп тұрған ақпараттық технологиялар мен ақпараттық жүйелерге қатты тәуелді. Олардың қирауы мемлекеттің ішкі саясатының өмірлік маңызы бар инфрақұрылымдарының бұзылуына алып келеді [74].

Ақпараттық соғысқа қатысты альтернативалы көзқарасты ұстанатын сарапшылар бар. Мәселен, Ұлттық қауіпсіздік агенттігінің сенімді тұлғасы Л.Гринберг өзінің еңбектерінде соғысты физикалық қиратқыш күшке, территориялық жаулап алуға және мақсаттың сипатына негіздейді. Л.Гринбергтің пікірінше, ақпараттық соғыс осы критерийлерге жауап бермейді, сондықтан соғыстың бір түрі бола алмайды [75].

Ақпараттық соғысты зерттеушілерді шартты түрде негізгі үш топқа жіктеуге болады:

- *әлеуметтік-коммуникативтік әдісті* ұстанушылар. Бұлар әдетте барлығын мемлекетаралық қарсы тұрудың ақпараттық әдістеріне, бұқаралық санаға ықпал жасаудың коммуникациялық технологияларына жатқызады;

- *әскери-қолданбалы әдісті* ұстанушылар. Әскери ведомстволардың өкілдері ақпараттық соғысты ақпараттық және қарулы күрес жүргізудің құралдарының кешенді қолданыс табуы деп қарастырады;

- *геосаяси әдісті* ұстанушылар. Бұлар ақпараттық соғысты мемлекетаралық қарсы тұрудың сыртқы саяси міндеттерді күш көрсетусіз шешуге болатын бейбіт кезеңінің көрінісі санайды.

АҚШ сарапшысы М.Либицки өзінің 1995 жылғы «What is Information War?» шығармасында: «Ақпараттық соғыс түсінігінің барлық қырларын толық деңгейде ұғыну талпыныстары пілді сипаттағысы келген соқырлардың тырмысуларына ұқсайды: пілдің аяғын сипаған оны ағаш дейді, құйрығын сипаған арқан дейді. Осылайша дұрыс түсінік қалыптастыруға бола ма? Ол піл болмай шығып, тек ағаштар мен арқандар ғана болуы да мүмкін. Кейбіреулер осы түсінік арқылы көп нәрсені аңғартқысы келеді, басқалары ақпараттық соғыстың белгілі бір қыры жайлы ғана айтады. Ақпараттық соғысқа тым жалпы анықтама бергендер осы түсініктің негізгі ерекшеліктерін бөліп көрсете алмайды, ал ақпараттық соғыстың белгілі тұсын бірінші қатарға қоятындар оның мәнін тым асырып көрсетеді», – деп жазды.

Желілік соғыс концепциясы. 1996 жылы Дж.Аркилла мен Д.Ронфельдтің «The Advent of Netwar» еңбегі жарық көрді. Осы жұмыста ақпараттық төңкеріс салдарынан орын алған әскери саладағы өзгерістерге қатысты жаңа әдіс көрсетілді.

Ғалымдар «кибернетикалық соғыс – психологиялық соғыс – желілік соғыс» координаттар жүйесіне сүйенді.

«Желілік соғыс» термині ақпараттық төңкерістің қақтығыс кезіндегі ұйымдастыру және басқару шараларына, ұйымдастырудың желілік түрлерінің дамуына, доктриналар мен стратегияларға ықпалын көрсетті. Осы әдіс екеуінің «The Zapatista «Social Netwar» in Mexico» (1998), «The Emergence of Noopolitik: Toward an American Information Strategy» (1999) атты еңбектерінде жалғасын тапты. «Желілік соғыс» мәселесімен басқа да ғалымдар, атап айтқанда М.Кастельс [77] және Г.Кливер [78] айналысты. «Желілік соғыста» негізгі акторлар рөлін бір-бірімен бұрынғыдай иерархиялық принцип бойынша емес, желілік принцип бойынша байланысқан көптеген кішігірім бытыраңқы топтар ойнайды. «Желілік соғыс» жауды жою мен оның инфрақұрылымын қиратуға (*destruction*) негізделмей, оның коммуникацияларын зақымдауға (*disruption*) негізделеді [79]. Осындай желілік құрылымның барлық элементтерінің маңызы бірдей, бірақ әрқайсысының өзінің қызметі болады. Әрбір элемент басқа элементпен тікелей байланыста болмайды, сондықтан осындай құрылымдардағы элементтердің дербестігі туралы да айтуға болады. Осының ұтымды тұстары да бар, өйткені бір элемент істен шықса да, желі қызметін атқара береді. Желідегі акторлар ең жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланып, бір-бірінен алыс орналасса да, үйлесімді байланыста жұмыс істей алады. Акторлар деп бұл жерде халықаралық террорлық ұйымдарды, қылмыстық топтарды айтып отырмыз. Дж.Аркилла мен Д.Ронфельдт мемлекеттік емес акторлар желілерді құруға қабілетті деп санайды. Авторлардың пікірінше, осындай желілерді басқару қазіргі заманғы қақтығыстарда басымдыққа ие болуға мүмкіндік береді.

Желілік соғыс концепциясын тек мемлекеттердің қарулы күштері ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік емес акторлар

да қолдана бастады. Мәселен, Р.Гриффин осыған қатысты солшыл қозғалыстардың басқарылуын ұйымдастыруды мысал ретінде көрсетеді [80]. Олардың арасында желілік соғыс концепциясы өзектілікке ие болды.

Мемлекеттік емес акторлардың соғыстарға қатысуын жаңалық дейтін кейбір авторлармен (мәселен, С.Мёрдонмен [81]) келіспеуге негіз бар, өйткені партизандық соғыс факторы ежелден келе жатыр.

XX ғасырдың бірінші жартысында полковник Е.Э.Месснер ешқандай нормалары мен шарттары болмайтын, дәстүрлі жаппай шайқастары жоқ соғысты сипаттау үшін «бүлікшілік соғыс» терминін қолданған. Е.Э.Месснер «бүлікшілік соғыстағы» «төртінші кеңістіктің», яғни ақпараттық кеңістіктің шешуші рөлін көрсетеді. Осындай соғыста күшті тарап әлсіз тараппен соғысады, әлсіз тарап күшті тарапқа қарсы амалдар іздейді [82]. «Бүлікшілік соғыс» түсінігі «асимметриялық соғыс» түсінігіне жақын екенін атап өту керек. Осы сипаттағы соғысқа тарихта мысалдар көптеп кездеседі. Мәселен, Қытайдағы Мао Цзэдун көтерілісшілерінің, Т.Э.Лоуренстің Арабия түбегіндегі және Э.че Гевараның Кубадағы іс-әрекеттерін жатқызуға болады. 1935 жылы соғыс теоретигі Б.Лиддел Гарт: «Күштердің дәстүрлі шоғырлануы күштердің барлық жерде қысым көрсете алып, зақымсыз қалатындай жаппай үлестірілуіне алып келеді», – деп жазды [83].

Бүгінгі күні бүліктер тек таулы және орманды жерлерде ғана емес, сонымен қатар қалалық жағдайларда да туындап отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) дамуы бүліктерге жаһандық сипат бере алады. Интернет тұтынушылары басқа елдердегі жағдайды біле отырып, шетелдегі бүлікшілерді қолдай алады немесе өз елінің ішіндегі бүліктерге араласуына мүмкіндігі бар. Осылайша бүлік бір елден екінші елдің аумағына тарай

алады. Осының мысалын біз 2011 жылғы «араб көктемі» кезінде көрдік.

Сонымен қатар АКТ-ның бүліктерді басуда да маңызы жоғары. 2009 жылы Иран оппозициясының қимылдары басылған соң, АҚШ Қаржы министрлігі түрлі интернет қызметтеріне салынған санкцияларды алып тастады, себебі Иранның интернет коммуникациялар желілері дамымаған болды және осы жайт Иран басшылығының пайдасына шешілді [84]. Осы санкциялар Иранның ядролық технологияларды дамытуына тосқауыл жасау үшін салынған болатын, бірақ мемлекетте «Google» және «Yahoo» қызметтерін шектеу қалайша осыны жүзеге асыра алатыны түсініксіз болып қалды. Осы шараның салдарынан бірқатар оппозициялық сайттар мен парсы тіліндегі әлеуметтік желілер жабылып қалды.

Кішігірім бытыраңқы топтардан тұратын, бірақ ортақ идея аясында біріккен көтерілісшілердің іс-әрекеті баяғыдан белгілі. Бүліктер созылмалы күрестің бір түрі болып қалып отыр. Олардың сипаты күні бүгінге дейін асимметриялы, себебі бұл әлсіздердің күштірек тарапқа қарсы күресі болып саналады. Қалыпсыз қарулы құрамалар бұрынғыдай өте мобильді, ашық қақтығысқа бармайды және лездік соққы жасағанды қалайды. Көтерілісшілер әдетте саяси, діни, этникалық немесе басқа да материалдық емес идеялар негізінде қызмет атқарады.

Ақпараттық дәуірде жаңа АКТ-ны қолданудың арқасында олардың белсенділігінің тиімділігі артып отыр. Бұл жаһандық көлемде де көрініп отыр.

С.Мёрдон және М.ван Кревельд мемлекетаралық қақтығыста жеңіске жетуді көздеген қазіргі заманғы әскерлер мемлекеттік емес желілік топтарға қарсы тұруға бейімделмеген деген пікірімен келісуге болады. Бұны Ауғанстан мен Иракта болған соңғы соғыстар мысалы-

нан көруге болады. Осы қақтығыстар кезінде бірнеше апта ішінде тактикалық жеңіске қол жеткенмен, біраз уақыт өткен соң қарсылас жаңа күшпен қайта оралып отырды. Яғни бұл желілік құрылым жоғары технологиямен жабдықталған кәсіби әскермен күрес жүргізудің біртұтастығын қамтамасыз ете алады деген сөз [85]. Дәстүрлі әскерлер мен арнайы қызметтер өздерінің ұйымдастырылу ерекшелігінен осындай қарсыластың желілік құрылымдарына шешуші соққы бере алмайды. Әлсіз қарсылас желілерінің әлсіздігі мен нашар ұйымдастырылатынын да атап өту керек, олар жетекші державалардың әскерімен күресте жеңіске жетелей алмайды. Осының нәтижесінде қақтығыс ұзаққа созылып, қарқындылығы төмендейді. Осыған қатысты Ж.Бодрийяр тіпті қазіргі заманғы соғыстар ешқашан аяқталмайды деген пікір айтты [86].

«*Network-centric warfare*» концепциясы. «*Network-centric warfare*» концепциясы 1990 жылдардың соңы мен 2000 жылдардың басында АҚШ-та А.Цебровски, Дж.Гарстка және басқа да әскери сарапшылардың араласуымен қалыптастырылған болатын. Сол кезде АҚШ әскерінде әскери барлау құралдарын, басқару жүйелерін интеграциялауды қайта ұйымдастыру, өзінде әртүрлі әскерлер (құрлықтағы, ӘӘК, ӘТФ) мен бөлімшелерді (барлау, психологиялық операциялар бойынша, РЭК, байланыс және басқару) қамтитын әскери топтар құру туралы шешім қабылданды. Осы бөлімшелер бір-бірінен үлкен қашықтықта орналасса да, бірлескен операцияларды жеке-дара жүзеге асыра алады.

«*Network-centric warfare*» концепциясына сәйкес қарулы күштер тек әскери техниканың, әскери қызметкерлер мен штабтардың жиынтығы емес, сонымен қатар бірыңғай «желі» болып табылады. Тік иерархияның рөлі төмендеп, көлденең иерархияның маңызы артады. Әскери бірліктердің тәуелсіздігі артып, төменгі деңгейге (*grassroots*) бірқатар

шешімдерді қабылдау қызметі тапсырылады. Осы жағдайда иерархиялық саты бойынша ақпараттың таралуы барысында уақыт үнемделеді, олай болса, әскери операциялардың тиімділігі де артады деген сөз. М.Бут 2000 жылдардағы Ауғанстан мен Ирактағы компанияларды мысалға келтіреді. Ол бұйрық «Буштан Рамсфельдке, сосын Фрэнкске, одан 3-әскер, Құрлықтағы күштердің V (Victory) корпусы, теңіз пехотасының 1-экспедициялық корпусы арқылы дивизияларға, бригадаларға, батальондарға, роталарға, сосын взводтар мен есептерге» жетіп отырған командалық тізбекті келтіреді [87]. Осындай шараның арқасында он шақты бюрократиялық деңгейді айналып өту мүмкін болды.

Меткалф заңы бойынша, желі ауқымды болған сайын желі ішіндегі өзара байланыс тиімдірек болады, қарсыласқа үстемдік жүргізу тезірек жүзеге асады. Қарулы күштерді басқарудың төмен деңгейлеріне ақпаратты тез жеткізу «ақылды» техниканың дамуымен байланысты. Мәселен, АҚШ-та 1993 жылы бекітілген «Жауынгерді жаңарту жоспары» («*Soldier Modernization Plan*») жүзеге асып келеді. Оның мақсаты арнайы киім-кешек пен қарудың жеке үлгілерімен жабдықтау арқасында жауынгер қабілеттерін арттыру болып табылады. Осы бағдарламаға TEISS («*The Enhanced Integrated Soldier System*») бағдарламасы негіз болды. Ол шайқас алаңындағы қимылдарға арнап, жауынгер үшін қару-жарақ пен киім-кешектің жеке кешенін жасауды көздейді. «*Land Warrior*» әскери жүйесі «дисплейі, көп функционалды лазері бар жетілдірілген винтовкасы, түнгі жылулық және күндізгі бейнеленуі, жетілдірілген бронезилеті, жүк тасымалдау құрылғысы мен сымсыз дауыс және телекодтық байланыс жүйелері орнатылған каскаларды» қамтиды [88].

Жауынгердің қару-жарағы мен киім-кешегінің осы жүйелерін қалыптастыру тек жекелеген жауынгердің мүмкіндіктерін арттыруға ғана бағытталып қоймай, соны-

мен қатар оның әмбебаптылығын арттыруға бағытталған. Осы жобаларды жүзеге асыру әскер түрлерінің арасындағы шекараны жояды. Осындай жауынгердің мақсаты қарсыласты оққа жығу емес, «әртүрлі күштер мен құралдардың атысы мен маневрін үйлестіру» болып табылады [89]. Осындай жүйелер тірі күшті қару-жарақпен, әскери басқарумен, байланыс құралдарымен, навигациямен тығыз байланыстырады.

Жаңа құрылғылардың тәжірибелік үлгілері Ауғанстан мен Ирактағы қарулы операциялар кезінде сынақтан өтіп, АҚШ Қорғаныс министрлігі тарапынан әскердің жаңаша ұйымдасуына негіз бола алады деп табылды [90]. Аталған операциялар барысында әрбір жауынгер үшін ақпаратты графикалық көрсетудің жаңа жүйесі (*Force XXI Battle Command Brigade and Below, FBCB*) енгізілді. Осының арқасында топографиялық карталардан толықтай бас тартып, барлық бөлім басшыларының тактикалық компьютерлерінің экрандарына шынайы уақыт режимінде ғарыш және әуе барлауының мәліметтерін көрсетуге мүмкіндік туындады. Барлау спутниктері шайқас алаңының үстінен суретке түсіру жұмыстарын жүргізіп, суреттерді басқару орталықтарына жіберіп отырды. Барлау және диверсия топтары интернетке сымсыз кіре алатын компьютерлерді (тактикалық компьютерлер) пайдаланды. Олар тактикалық интернет арқылы шұғыл ақпаратты, карталарды, суреттерді жүктеп, оларды командалық орталыққа жіберіп отырды. Қала ішіндегі шайқастарға қатысқан құрлықтағы әскерлері мен теңіз пехотасының жауынгерлері лазерлік алыстан ұлғайтып көрсететін дүрбілерді, нысананың нақты координатын анықтау үшін сандық жүйелерді пайдаланды. Сосын осы мәліметтер шынайы уақыт режимінде нысанаға басқарылмалы әуе бомбалары мен ракеталарды бағыттайтын авиация мен спутниктерге жіберіліп отырды [91].

«Network-centric warfare» концепциясы тек қару-жарақты жаңартуды ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық өзгерістерді, әскери бөлімшелерді басқарудағы жаңа әдістерді, қарулы күштердегі ақпарат айналымының жаңа жүйесін білдіреді. Осының бәрі жаңа техниканы анағұрлым тиімді пайдалануға жол ашады.

Дж.Аркилла мен Д.Ронфельдт «үйір» ұғымын енгізді. Үйір тактикасы бойынша, әскери бірлік жалғыз күйінде ешқандай қауіп төндірмейді, ал олардың бір жүйеге бірігуі қарсыласқа үлкен қауіп төндіреді. Зерттеушілердің пікірінше, үйір тактикасын пайдалану қазіргі заманғы қақтығыстарда басымдыққа ие болуға мүмкіндік береді. 1999 жылы Косовода болған қақтығыс осының мысалы ретінде көрсетіледі [92]. «Әскери үйір» (*swarming*) тактикасы 2003 жылғы Ирактағы әскери кампания барысында сынақтан өтіп, әскери-тактикалық тұрғыда өзінің жарамдылығы мен тиімділігін дәлелдей алды. Дегенмен кейбір зерттеушілердің пікірінше (Д.Онли) топтар арасындағы өзара байланыс кезінде кейбір қиыншылықтар туындаған [93]. Сол кезде «әскери үйір» тактикасы деп америкалық әскери бөлімшелердің тылды қамтамасыз ету жүйесінің өрістеуіне дейінгі жылдам қозғалысын атаған болатын. Жүйеге келтірілген ақпараттық өзара әрекеттесудің арқасында АҚШ-тың әскери басшылығы Ирактың аумағында бір-біріне тәуелсіз шағын бөлімшелердің орын ауысуын қамтамасыз етіп, әскердің шамадан тыс шоғырлануына жол бермеді. Әрбір бөлімшенің шайқас алаңы, басқа бөлімшелердің орналасуы, олардың жау туралы ақпараты жайлы толыққанды түсінігі болды.

«Network-centric» операцияларды жүзеге асыру үшін коммуникациялардың жаһандық жүйесі болуы керек. Ол АҚШ-тың стратегиялық құжаттарында жаһандық ақпараттық-басқару желісі (ЖАБЖ) (*Global Information Grid*) [94] атауына ие болды. Ол бір-бірімен өзара байланысты қорғалған жергілікті ақпараттық желілерден тұрады.

ЖАБЖ ақпарат жинауды, оны өңдеуді, сақтауды, үлестіруді, басқаруды және оның Қорғаныс министрлігіндегі және оның сыртындағы тұтынушыларға жетуін оңтайландырады. Оның арқасында АҚШ Қарулы күштерін әкімшілік және оперативті тұрғыдан басқару жүзеге асырылады [95].

Әскери қимылдар үшін құрлық, әуе, теңіз кеңістігінен басқа ғарыш та маңызды. Ұлттық және географиялық шекаралардың болмауымен, оны реттеудің қиынға соғуымен ғарыш кеңістігі ақпараттық кеңістікке ұқсайды. Ғарыш құралдарын қолдану ақпараттық басымдықты желі элементтерін ортақ ақпараттық кеңістікпен байланыстыру арқылы әскери күшке айналдыруға үлкен мүмкіндік береді.

Осы кезде әскери қимылдарды жүргізу кеңістігі кеңейеді. «Network-centric» операцияларының нақты ұлттық шекаралары болмайды, осының салдарынан күрес жүргізудің әскери емес саяси, экономикалық, технологиялық, психологиялық, ақпараттық құралдарын пайдалану деңгейі арта түседі.

«Network-centric warfare» концепциясының авторлары А.Себровски мен Дж.Гарстка жаңа соғыстың негізгі екі ерекшелігін атап өтеді, олар: басқару жылдамдығы және өз-өзін синхрондау принципі. Басқару жылдамдығы ақпараттық басымдыққа ие болып, жауды кез келген қимыл жасау мүмкіндігінен айырады, оны сандырақ күйіне енгізеді. Өз-өзін синхрондау болса әскери құрылымға төменнен өз-өзін ұйымдастыру мүмкіндігін береді [96]. «Network-centric warfare» концепциясының жоғарыдан келетін бұйрықтарға бағынуға негізделген орталықтанған иерархиялық құрылым болып табылатын әскерді дәстүрлі ұйымдастырудан ерекшелігі де осында жатыр. Осындай жаңалықтың енуі қимылдардың жылдамдығы тұтқиылдығын қамтамасыз етіп, операция кезінде артық кідірістерді жоққа шығаруы керек.

А.Себровски мен Дж.Гарстка «Network-centric warfare» моделінің ішіндегі ақпараттық, сенсорлық және әскери

жүйелерді атап өтеді. Ақпараттық жүйе әскери және сенсорлық жүйеге қарағанда негізгі болып табылады. Сенсорлық жүйенің элементтері барлау құралдары, ал әскери жүйенің элементтері жою құралдары болып табылады. Жалпы алғанда, «Network-centric» операциялары негізгі төрт басымдықты қамтамасыз етеді:

- бұйрықтарды жеткізу жылдамдығын арттыру;
- өз-өзін синхрондау мүмкіндігі;
- нысана туралы алдын ала мәлімет алу жағдайын жақсарту;
- жоғары тактикалық тұрақтылық.

Осы концепцияның тағы бір құнды тұсы – осындай әскерге қарсы ауыр қару-жарақ пен жаппай қырып-жою қаруын қолдану тиімсіз болады.

АҚШ-тың «Network-centric warfare» концепциясында ақпараттық-психологиялық операциялар маңызды қызмет атқарады. Осы саладағы жоспарлау мен басқару жұмыстарын Ұлттық қауіпсіздік агенттігімен тығыз байланыстағы Стратегиялық командование атқарады. Ақпараттық-психологиялық операциялардың (көптеген әдебиеттерде оны тек ақпараттық соғыс деп атайды) екі түрі бөліп көрсетіледі. *Шабуылға бағытталған* ақпараттық технологиялар психологиялық операциялар мен РЭК-ті, бақылау және оперативті басқару құралдарын істен шығаруды, жаудың компьютерлік желілеріне шабуыл жасауды қамтиды. *Қорғануға бағытталған* ақпараттық технологиялар жаудың жоғарыда аталған талпыныстарына қарсы тұруды, ақпаратты рұқсат етілмеген жолдармен алу, қарсы барлау мен қарсы насихат жүргізуді қамтиды. Кейбір зерттеушілер желілік әдістерді тек қарулы күштерді ұйымдастыру үшін ғана емес, сонымен қатар оларды мемлекеттік басқарудың барлық салаларына көшіруді ұсынады.

М.Хамзатов «Network-centric warfare» атауының орнына «орталық желілік» операциялар атауын қолдануды ұсынады.

Бұл атау қарулы күштерді басқарудың желілік және дәстүрлі (иерархиялық) түрлерін білдіреді, ал осындай жүйеде желілік технологиялар тек қосалқы қызмет атқаратынын естен шығармаған жөн [97].

«Network-centric warfare» концепциясын жүзеге асыру қорғанысқа бөлінетін қаражатты азайтуға, қарулы күштер мен әскери техника санын қысқартуға жол ашады. Дегенмен жоғары технологиялық ақпараттық техниканы сатып алып, оны жаңартып тұру қазіргі кезде арзанға түспейді. Әскери бірліктерді басқаруды қайта ұйымдастыру да көптеген қаржылық шығынды талап етеді.

Киберсоғыс концепциясы. АҚШ Қорғаныс министрлігі киберсоғысты «киберкеңістікте әскери қимылдар жүргізу үшін компьютерлер мен интернетті қолдану» деп түсіндіреді. Киберсоғысты дәстүрлі мағынада соғыс деп айтуға болмайды. Киберсоғыс кибершабуыл деп аталатын феноменнің бір аспекті болып табылады. «Киберсоғыс» түсінігі әдетте төрт саланы қамтиды:

- 1) киберқылмыс (индивидтер мен жеке компанияларға қарсы қаржылық пайда көру мақсатымен киберкеңістікте қылмыстық әрекеттерді жүзеге асыру);
- 2) кибертыңшылық (ақпарат жинау мақсатымен үкіметтік мекемелер мен жеке компанияларға қатысты жүзеге асырылады);
- 3) кибертерроризм (бұл түсініктің анықтамасын беру қиынға соғады, көп жағдайда ол терроризммен байланыстырылып қолданылады);
- 4) киберсоғыс (мемлекеттер мен мемлекеттік емес акторлар киберкеңістікте жүргізетін әскери операциялар).

Әлеуметтік факторлар мен АКТ-ның дамуы салдарынан осы салалар арасындағы шекаралар нақты емес екенін атап айтқан жөн. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, көп жағдайда олар бір-біріне ұласуы да мүмкін.

АҚШ маманы Б.Шнайдер «киберсоғыс», «кибертерроризм», «киберқылмыс» түсініктеріне келесідей анықтамалар берді:

Киберсоғыс – киберкеңістіктегі әскери операциялар. Бұл – ең алдымен жаудың қарулы күштеріне шабуыл жасау, оның байланыс арналарын істен шығару, оның бейбіт халқына шабуыл ұйымдастыру.

Кибертерроризм – киберкеңістікті терактілер жасау үшін қолдану (екі ұшақты бір-біріне соқтығыстыру, атом электрстансасының жұмысына нұқсан келтіру мақсатымен компьютерлік жүйелерді бұзу).

Киберқылмыс – киберкеңістіктегі қылмыс (зияткерлік меншікті ұрлау, сәйкестендіру мәліметтерін ұрлауға негізделген алаяқтық және т.б.) [98].

Асимметриялық соғыс концепциясы. Соңғы жылдары саясаттану саласы бойынша әдебиеттерде «асимметриялық қақтығыс», «асимметриялық соғыс», «асимметриялық қорқыту» және т.б. терминдер жиі қолданылып жүр. Жалпы алғанда, аталған терминдердің күштері мен дәрежесін салыстыруға болмайтын қарсылас тараптардың қарым-қатынастарын білдіреді.

Асимметриялық әскери қимылдар кезінде бір тараптың басымдықтары екінші тараптың осал тұстарына қарсы бағытталады. Асимметриялық қорқыту деп бір тараптың қарсыласына оның әдістерін қолдана алмай, қарапайым әдістер арқылы қарсы тұруын айтамыз. Сондықтан ол қарсыласының ең осал тұстарын іздейді. Терроризммен, азаматтық бағынбау кампанияларымен және ұйымдасқан қылмыспен байланысты қорқытулар күші көбірек қарсыласқа қарсы қолданылатын асимметриялық қорқытулардың мысалы бола алады. Асимметриялық шабуыл қалыпсыз сипатқа ие. Сонымен қатар ол құқық және мораль нормаларына сәйкес келе бермейді.

«Асимметрия» мәселесі әскери және саяси әдебиеттерде 1970 жылдардың ортасынан бастап көрініс таба бастағанымен, тек 1990 жылдардың ортасында ғана ғылыми және әскери-саяси ортаның айналымына енді. «Асимметриялық қақтығыс» терминін ғылыми айналымға 1975 жылы Э.Макк өзінің «Ірі мемлекеттердің кіші соғыстарда жеңіліс табу себептері: асимметриялық қақтығыс саясаты» мақаласында енгізді [99]. Вьетнамдағы соғысты талдай келе, Э.Макк «жергілікті ұлтшыл күштер дәстүрлі әскери күште басымдыққы ие индустриалды державалармен күресте өз мақсаттарына жетті» деген пікірге келді. Э.Макктың пікірінше, АҚШ-тың әскери-саяси басшылығы күш түсінігін тек әскери әлеуеттің басым болуы деп қана қарастырды. Әскери табыстар саяси табысқа жетелемеді, соның салдарынан АҚШ жеңіліске ұшырады. АҚШ қарсыласының қалыпсыз күштері әскери жеңілістің өзінде де саяси табыстарға жетіп отырды [100]. Саяси табыстың ең басты көзі территорияны басып алу емес, жергілікті халықтың қолдауына ие болу болды.

Асимметриялық қақтығыс феномені екі тұрғыдан қарастырылатынын атап өткен дұрыс:

- *әскери-стратегиялық.* Бұл жерде әскери қимылдарды зерттеу мен әлеуметтік-саяси компонентке басымдық беріледі, қақтығыстың әлеуметтік, экономикалық, ақпараттық тұстарына екіпін жасалады. Әскери-стратегиялық тұрғыда «асимметрия» термині мемлекеттік әскерлердің АКТ-ны пайдаланатын әскердің әр түрінің біріккен қимылдары арқасында қол жеткізетін басымдықтарға қатысты қолданылады. Бірақ бұны жаңа құбылыс деп тануға болмайды, себебі әскердің әр түрінің біріккен қимылдары 1944 жылдың өзінде Нормандиядағы одақтас әскерлердің операциясы кезінде қолданыс тапты. XX ғасырдың басында Ресейдің әскери теоретигі Н.Кладо: «Әскери техникада саласындағы алға қарай кез келген үлкен ұмтылыс техни-

касы артта қалып қалған немесе қарулы күштерінің саны аз мемлекеттерге үлкен басымдық береді, себебі жаңа қарудың пайда болуы бірден ескі қаруды жарамсыз қылады», – деп жазды [101]. Яғни әлсіз мемлекет ескі қаруының істен шықпауын қамтамасыз етуге қаражат бөлмей-ақ, оны жаңа қару-жарақты дамытуға жібергені дұрыс.

Осы мәселеге қатысты тағы бір пікір 1997 жылы АҚШ-тың бұрынғы Қорғаныс министрі У.Коэннің баяндамасында айтылды: «АҚШ-тың әскери саладағы басымдығы жауды күрес жүргізудің асимметриялық құралдарын пайдалануға итермелейді. Олар біздің күшімізге нұқсан келтіріп, осал тұстарымызды пайдалану мақсатымен АҚШ-қа үстемдік жүргізуге талпынатын болады. Стратегиялық агрессорымыз АҚШ-пен тікелей әскери қақтығысқа бармай, оның орнына терроризм, ақпараттық, экономикалық және экологиялық сипаттағы шараларды қолға алуы мүмкін» [102]. «Асимметрия» термині дәл осы мағынада АҚШ Қорғаныс министрі Р.Гейтстің 2010 жылғы баяндамасында да қолданылады. Ол АҚШ-тың әлеуетті жаулары ретінде тек мемлекеттерді ғана емес, сонымен қатар қалыпсыз қарулы құрамаларды да қарастырып өтті [103].

Т.Паулдың пікірі бойынша, асимметриялық қақтығыс келесі шарттар орындалғанда:

- 1) мүдделер қақтығысы болғанда;
- 2) қақтығыс себебінің әлсіз тарапқа маңыздырақ болуы;
- 3) әлсіз тараптың статус-квоға көңілі толмауы;
- 4) әлсіз тараптың статус-кво сақталған жағдайда

болашақта күйінің төмендеп кету ықтималдылығына қатысты үрейі болғанда пайда болады.

Мемлекеттердің тұрақты әскерлерінің арасындағы дәстүрлі қарулы қақтығыстар саны соңғы он жылдықта күрт төмендеп кетті. Р.Кэссидидің пікірі бойынша, осыны ескере отырып, стратегияны да өзгерту керек, себебі ұлы

державаларға тән теңдес қарсыласқа қарсы симметриялық сценариймен өрбитін «үлкен соғыс» стратегиясы енді жұмыс істемейді [104].

Соңғы жылдары қақтығысты әскери-стратегиялық тұрғыдан қарастырудың орнына әлеуметтік-саяси тұрғыдан қарастыру басым болғандықтан, асимметрия ұғымы тек әскери-саяси қақтығыстар аясында ғана емес, сонымен қатар кеңірек мағынада қолданыс таба бастады. 2001 жылы экономика саласындағы Нобель сыйлығы М.Спенс, Дж.Акерлоф және Дж.Штиглицке бұйырды. Олар сыйлықты асимметриялық ақпарат жағдайындағы нарықты зерттегені үшін алды. Сол кезде «асимметрия» ұғымын ғылыми тараптан қарастыру шаралары қолға алынған болатын, алайда терминологиялық қиыншылықтар туындады. Е.Степанова концепцияны тек әскери тұрғыдан түсіндіріп, басқа салаларды ескермеу дұрыс еместігін айтады [105].

М.Фуко да «қақтығыс асимметриясы» мәселесіне назар аударды. Ол «асимметрия» терминін орын алып отырған саяси жүйеден тыс, оның заңдылықтарына бағынбайтын барлық нәрселер үшін қолданды. Оның пікірінше, асимметрия орталықсызданумен, соғыстармен, күшке негізделген қарым-қатынаспен байланысты [106].

Асимметрия мәселесі Қытайдың әскери ой тарихында да көрініс тапты деуге болады. 36 стратагеманың бірі «Чжаоны құтқару үшін Вэйді қоршауға ал» дейді. Қазіргі жағдайға қатысты осыны «қарсылас күшті болса, оған қымбат нәрсені іздеу керек» деп айтуға болады [107].

Ақпараттық технологиялар әлеуеті бірдей емес тараптардың қақтығысының асимметриялық сипатын қалыптастырады. Асимметриялық қақтығыс кезінде әлсіз тарап өзінің коммуникациялық желілері мен ақпараттық құрылымының төмен болуының арқасында күшті тараптың алдында басымдыққа ие. Осындай «артта қалудың

басымдығы» әлсіз мемлекеттер мен мемлекеттік емес акторлардың соғысты бастамауының алғышарты бола алады.

Асимметриялық қақтығыстарда қарсыласты ылғи дұрыс анықтап отыру мүмкін емес. 2000 жылы АҚШ Қорғаныс министрі У.Коэн ешбір мемлекет АҚШ-қа тікелей шабуыл жасай алмайды, бірақ «асимметриялық қақтығыс» арқасында «химиялық, биологиялық немесе тіпті ядролық соғыс» арқылы шабуыл жасай алады деп айтты [108]. Қорғаныс министрлері Д.Рамсфельд [109] пен Р.Гейтс [110] те «қақтығыстың асимметриясы» тақырыбына назар аударып отырды. 2002 жылы АҚШ Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында тұңғыш рет доктрина деңгейінде «алдын алу әрекеттері» термині қолданылды [111]. Осындай әрекеттерге тек әскери операциялар ғана емес, сонымен қатар әскери емес, ақпараттық технологиялар да жатқызылды.

Дж.Штейннің пікірінше, ақпараттық төңкеріс жағдайында АҚШ қарсыластарымен табысты күресе алмайды, себебі:

- 1) АҚШ ашық қоғам болып табылады, сондықтан өзінің ақпараттық ағындары мен компьютерлік жүйелерін қатаң бақылауда ұстай алмайды;
- 2) қазіргі таңда ақпараттық кеңістіктегі қақтығыстарды құқық тарапынан реттеу қиынға соғады;
- 3) АҚШ-та ақпараттық технологиялар саласында стратегиялық жоспарлаудың бірыңғай саясаты қалыптаспаған [112].

Асимметриялық соғыс кезінде қоғамның ашықтығы оның ең басты әлсіздігі болып табылады [113].

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен ақпараттық жүйелерге негізделген экономиканың дамуы АҚШ-тың өмір сүруін қамтамасыз ететін барлық инфрақұрылымдарының осыларға тәуелділігін білдіреді, яғни бұл АҚШ-тың ең осал тұсы болып табылады. Қарапайым компьютер АҚШ-қа қарсы бағытталған күшті қаруға айналуы мүмкін. Сая-

си, экономикалық, әскери тұрғыдағы әлсіз акторлар ақпараттық технологиялардың осы қасиетін АҚШ-қа қарсы асимметриялық соғыста қолдана алады. Осындай қауіпке қарсы тұру үшін қарулы күштердің ұзақ мерзімді трансформациясы қажет. Э.Крепиневицтің пікірі бойынша, АҚШ-тың жоғары технологиялы қарулар саласында көш бастауы «азаю активі» болып табылады. Осы саладағы басымдықтан айырылу үдерісін тоқтату үшін АҚШ «жаңа басымдықтарға» қол жеткізуі керек [114].

М.Либицки жаһандық ақпараттық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған саясатты қолдау арқылы осы қауіпті жоюға болады деп санайды. Оған АҚШ-тың ықтимал жауларының барлығы жұмылдырылады, соның арқасында бүгінде құрылымдары АКТ-ға тәуелсіз барлық акторлардың инфрақұрылымдары әлсірейтін болады [115]. Бүгінгі таңда қазіргі заманғы АКТ-мен қамсыздандырылған көтерілісшілер мен террористердің алдында дилемма туындап отыр: олардың желілік құрылымдары АКТ-ны қолдануды талап етеді, бірақ бұл оларды АҚШ пен НАТО-ның жетекші мемлекеттерінің ақпараттық технологияларының алдында әлсіз қылады.

«Жаңа соғыстар» концепциясы. Дж.Оруэлдің «1984» атты романында технологиялық даму мен сананы жаппай бақылауда ұстау жағдайында соғыс саясаты соғысты жалғастыруға бағытталған мемлекеттердің өмір сүру әдісіне айналатыны көрсетілген. Соғыс теоретигі М.Кревельдтің пікірінше, «соғыс билікке қызмет етіп қана қоймай, өзі де билік болып табылады». Бүгінгі таңда соғыс тек бір мақсатқа қол жету үшін ғана емес, сонымен қатар соғыстың өзі үшін де жүргізіле беретін болып отыр [116]. Осыған ұқсас пікірді П.Вирилио мен С.Лотринже өздерінің «Pure War» [117] атты кітабында көрсетеді. Авторлар қазіргі кезде мемлекеттер халқын соғыс нәтижесінде жаппай қырылу орын алады деген үрейде ұстайтынын, осының арқасында халықтың мо-

билизациясын қамтамасыз етіп, экономиканы, мәдениетті, әлеуметтік саланы милитарландыратынын айтады. Д.Цыбаковтың пікірінше, қару-жарақтың көбеюі қоғамдық өмірде мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге мүлдем қатысы жоқ әскери заттардың таралуына алып келеді. Осыған мысал ретінде жеке әскери компанияларды келтіруге болады [118].

Сонымен, комбатанттар, бизнес және халық арасындағы шекара жойылып жатқанын атап өту керек. Қарапайым халықтың өзі қазіргі кезде соғыстың толыққанды қатысушысына айналып отыр. Ақпараттық технологиялар мемлекеттің кез келген азаматына соғыстың қатысушысы болуға мүмкіндік береді. Ол қарулы қақтығысты бейнекамерасына түсіріп, интернеттегі бейнехостингтарға жүктей алады, соғысушы тараптардың шотына ақша аудара алады немесе «CNN» арнасын қарап, өзін соғыста жүргендей сезінеді. Мемлекеттердің үрейлендіру саясатына қарамастан, соғыс БАҚ арқылы ақпарат тұтынушылар үшін көңіл көтеру әдісіне айналууда. Осындай соғыстар «жаңа соғыстар» (*New Wars*) [119] деген атауға ие болды. М.Калдор осындай соғыстардың мысалы ретінде Африкадағы (Конго, Либерия, Руанда) және Соломон аралдарындағы этникалық факторы басым, мемлекет шекарасынан асып шықпаған соғыстарды келтіреді. М.Калдор атаған «жаңа соғыстар» термині кейбір мемлекеттердің фрагменттелуімен және банкрот болуымен байланысты. Олар «жаһандану, ақпараттық технологиялар мен либералды экономикаға» негізделген әлеуметтік трансформация нәтижесінде пайда болады. Мемлекет өзінің тұтастығынан айырылып, ол мемлекет пен мемлекеттік емес акторлар үлестіріледі. Осының салдарынан табиғи ресурстар үшін күрес, көлеңкелі экономиканың өрістеуі, жеке әскерлер мен қылмыстық топтардың белсенділігі орын алады. В.Панова атап өткендей, «жетілдірілген коммуникациялық

технологиялар жергілікті дала командирлері мен бизнес өкілдерінің, делдалдар мен жеке күзет компанияларының коалицияларға бірігуіне барлық қажетті жағдайды жасап берді».

«Жаңа соғыстар» мемлекеттің құлдырауымен байланысты және мемлекеттік билік әлсіз жерлерде пайда болады. «Жаңа соғыстар» тек әскери жеңіске жетуге бағытталмаған, сонымен қатар АКТ арқылы тұрақты әскердің қатарына емес, террорлық және қылмыстық топтарға саяси мобилизациялануға бағытталған. М.Калдордың пікірінше, «жаңа соғыстардың» барлығының саяси мәні бар, соғыс саяси элиталар өзінің билігін орнықтыратын құрал болып табылады. Бұл дегеніміз егер ертеректе саяси мақсаттар қарсыластың әскеріне қарсы әскери құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылса, қазір саяси мақсаттар бейбіт азаматтарға қарсы әскери құралдар қолдану арқылы жүзеге асады деген сөз. XX ғасырдың басында соғысушы тараптардың шығыны қарулы қақтығыстағы жалпы шығынның 80%-ын құраса, енді қаза болғандардың 80%-ы бейбіт халық болып табылады.

«Жаңа соғыстардың» мақсаты – жеңіске жету емес, әскери қимылдарды жалғастыру» [120]. «Жаңа соғыстар» бұдан былай әскери күш-қуаты басым мемлекеттердің басқа елдің территориясын басып алуға бағытталған ұмтылыстарымен байланысты емес. М.Калдор 1990-1991 жылдар аралығындағы Парсы шығанағындағы соғысты осы ережеден ерекше болды деп санайды, себебі кез келген жергілікті қақтығысты осындай анықтамамен түсіндіруге болады. БАҚ-та көрініс тапқан барлық қақтығысты «жаңа соғыс» деп атауға болады. Қазіргі кезде осы концепцияның теориясы жеткілікті дәрежеде қалыптастырылмады деп айтуға болады.

Сонымен қатар ғылыми пікірталастарда «*төртінші буын соғысы*» термині айтылып жүр. Олар асимметриялық партизандық және террорлық соғыстың гибриді ретінде

көрсетіліп жүр. Бірінші буын соғыстарына үлкен әскерлер қатысқан соғыстар (мәселен, Наполеон соғыстары), екінші буынсоғыстарынаоқ-дәріменатылатынқару жаппай қолданыс тапқан соғыстар (Бірінші дүниежүзілік соғыс), үшінші буын соғыстарына «моторлар соғысы» (Екінші дүниежүзілік соғыс), төртінші буын соғыстарына партизандардың, террористердің, көтерілісшілердің, қылмыстық топтардың қалыпсыз қарулы құрамалары қатысатын соғыстар жатқызылады [121]. Сонымен қатар болашақта орын алуы мүмкін бесінші (ядролық қару қолданыс табатын соғыстар) және алтыншы буын (ақпараттық-технологиялық қару қолданылатын контактісіз соғыстар) соғыстары атап өтіледі [122].

Сонымен, «жаңа соғыстар» жаһандану, яғни шекаралардың жойылуы нәтижесінде жекелеген ұлттық экономикалар мен үкіметтердің құлдырауының салдары болып табылады. Өз кезегінде ақпараттық төңкеріс – жаһандану үдерісінің міндетті шарты.

Қарулы қақтығысқа қатысты постмодернистік көзқарастар. Қазіргі заманғы ғылыми әдебиеттерде «постмодернистік соғыс» термині жиі кездеседі. Ол әлі дербес концепцияға айналып үлгерген жоқ, дегенмен «жаңа соғыстар» концепциясымен тығыз байланысты. Ф.Джеймсон, К.Маккинон және М.Кук секілді авторлар «постмодернистік соғыс» терминін Ж.Ф.Лиотардың «постмодерн күйі» соғыс жүргізу мен оның сипатына қалайша ықпал жасағанын түсіндіру үшін қолданады. М.Кук постмодернистік соғыстар қатарына Вьетнам мен Парсы шығанағындағы соғыстарды жатқызады [123]. Постмодернистік соғыстар технологиялық төңкеріс өнімдерінің нәтижесі әрі оның басты тұтынушысы болып табылады, десек те осындай соғыстар ылғи жоғары технологиялық болып табыла бермейді. Руандадағы қақтығысты мысал ретінде көрсетсе болады.

Постмодернистік соғыста комбатанттарды анықтау және оларды жіктеу өте қиын. Осылардың қатарына террористер, партизандар, қылмыстық топтардың өкілдері, жеке әскери компаниялардың қызметкерлері кіреді. Олардың нақты бір статусы жоқ. Бүгін террорист саналатын адам, ертең жаңадан құрылған мемлекеттің тұрақты әскерінің жауынгеріне айналуы мүмкін.

Осындай соғыста шынайы жағдайдан бөлек оның түсіндірілуі маңызды рөл ойнайды. Р.Скоттың айтуы бойынша, АҚШ-тың 1990 жылдардың басындағы бірқатар әскери жеңістерінен кейін көп адамдар АҚШ Вьетнамда да жеңіске жетті деп санады. Дегенмен Саддам Хусейннің табыстары осындай әсерлерді тез арада жокқа шығарды [124]. Постмодернистік соғыста осы соғыстың объектісі мен субъектісі болып табылатын БАҚ шешуші рөлге ие. Р.Скот айтқандай, БАҚ «зорлық-зомбылықты театрға бейімдейтін» қызмет атқарады.

Соғысқа байланысты постмодернистік көзқарасты қамтыған тұңғыш еңбектердің бірі – Ж.Бодрийярдың «Шығанақта соғыс болмады» атты еңбегі. Осы жұмыс 1990 жылдардың басындағы Парсы шығанағындағы соғысқа жауап болды. Ж.Бодрийяр қазіргі заман адамы БАҚ қалыптастырған «симулякрлар» гипершынайылығында өмір сүреді. Адамның түсінігі мен көзқарастарын оны қоршаған шынайылық емес, БАҚ қалыптастырады. Өзінің жоғарыда аталған жұмысында Ж.Бодрийяр 1991 жылғы Ирактағы соғыс «CNN» телеарнасының қойылымындағы соғыс симулякры болды деген пікір айтады. Ж.Бодрийяр пікірінше, қарапайым америкалық азамат соғыстан теледидар алдында отырып, шайқас алаңындағы жауынгерден көбірек қорқады [125].

Ж.Бодрийяр соғыстың эмпирикалық тұсын жоққа шығармайды. Дәстүрлі түсінік бойынша соғыс стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін әскери күш қолдану болып са-

налса, Парсы шығанағындағы соғыс, Ж.Бодрийярдың түсінуінше, әскери мақсаттарға қол жетуге бағытталмай, АҚШ-тың күш көрсетуі мен Ирактың әлсіздігін көрсетуі болып табылды. Екеуі де өз мемлекетінен тыс аудиторияға ықпал жасауды басты мақсат етіп қарастырды. Яғни дәстүрлі соғыс орын алмай, дәстүрлі және телевизиялық соғыстың («CNN» соғысы) гибриді орын алды. АҚШ сол соғыста дәстүрлі түсініктегі жеңіске жетпеді, себебі соғыстың негізгі мақсаты, яғни С.Хусейнді тақтан тайдыру іс жүзінде орындалмады. Ж.Бодрийяр нақты жеңімпазы және нақты жеңіліс тапқан тарабы жоқ жағдайды соғыс деп атауға қарсы. Оның есесіне Парсы шығанағындағы соғыс алдында соғысты жариялау рәсімі орын алмады, яғни бұл соғыс ешқашан аяқталмайды, өйткені ол басталған жоқ [126].

Қазіргі заманғы соғыста дәстүрлі әскери логика жұмыс істемейді. Егер бұрын әскери күштің шоғырлануы қақтығысқа алып келмейді деп саналса, қазір жағдай өзгерді: бүгінгі таңда күш көрсету емес, қорқыту процесі шешуші рөл ойнайды. Қазіргі заманғы әскери техниканы қолдану осыған бағытталған.

Француз ғалымы П.Вирилио «Косовода соғыс болды» [127] сұхбатында қазіргі заманғы соғыстың түбегейлі трансформацияға ұшырағанын атап өтеді. АҚШ ғалымы К.Х.Грэй постмодернистік технологиялар мен қазіргі заманғы соғыстың модернистік принциптерінің сәйкессіздігін көрсетеді. Ол компьютерлер, жасанды ақыл-парасат, рационализм арқылы жүргізілетін соғыстарды постмодернистік соғыс деп атайды (Вьетнам мен Парсы шығанағындағы соғыстар) [128]. Ғалым осы соғыстардың мақсаттары дәстүрлі, яғни модернистік болғанын айтады. Модернистік соғыс жүргізу бюрократиялық аппаратқа тәуелді. Осындай соғыстарда ғылым мен техникадағы жетістіктер жүйелі түрде қолданылады.

Дж.Дер Дериан дезинтеграцияға бой алдырған мемлекеттер бүгінгі таңда күш қолдану монополиясынан айырылып, мемлекеттік органдар әскери қызметтерді жеке әскери мердігер компанияларға тапсырып, оларды осылайша аутсорсингке шығарып отыр [129]. «Бейбітшілік пен соғысты жекешелендіру» ұғымы пайда болды [130].

Қорыта келгенде, постмодернистік соғыстың батыстық ғалымдар тарапынан жиі аталатын келесі белгілерін бөліп көрсетуге болады:

- саясаттың, технологиялардың, мәдениеттің және т.б. милитарландырылуы;
- жергілікті сипаттағы асимметриялық қатығыстардың орын алуы;
- қазіргі заманғы қатығыста мемлекеттік емес акторлар рөлінің артуы;
- БАҚ рөлінің артуы;
- мемлекеттің әскери қызметтерінің жекешелендірілуі.

Тараудың қорытындысы

Бүгінгі таңда ақпараттық төңкеріс нәтижесінде қарулы қатығыстар трансформацияға ұшырап отыр. Ақпараттық технологиялардың қазіргі заманғы қарулы қатығыстарда кеңінен қолданыс табуы заңдылыққа айналды. Ақпараттық технологиялардың көрініс табуы ақпараттық соғыс түсінігімен тікелей байланысты, себебі ақпараттық технологиялар біз қарастырып отырған тұрғыда ақпараттық соғыстар кезінде қолданыс табады. Ғылыми әдебиеттерде кездесетін ақпараттық технологиялардың анықтамасы техникалық сипатқа ие, ақпараттық соғыс контекстінде анықтамасы әлі қалыптаспаған. Дегенмен, ақпараттық соғыс терминіне анықтама берілген. Көп жағдайда оның жалпы анықтамасы келесідей:

- басқа мемлекеттің бейбіт халқына және/немесе әскери қызметкерлеріне белгілі ақпарат тарату арқылы ықпал жасау;
- бір тараптың қарсылас тараптың ақпаратына, ақпараттық процестеріне, ақпараттық жүйесіне зақым келтіріп, өзінің ақпаратын, ақпараттық процестері мен ақпараттық жүйелерін қорғау арқылы ақпараттық басымдыққа ие болу үшін бағытталған әрекеттер.

Көріп отырғанымыздай, ақпараттық соғыстың анықтамасынан ақпараттық технологиялар туралы жалпы түсінік қалыптастыруға болады. Ақпараттық технологиялар тек қана техникалық тұрғыдан компьютерлік технологиялар болып қарастырылады. Сонымен қатар жаудың санасы мен психологиясына ақпарат арқылы ықпал жасауға бағытталған технологиялар.

Алдағы болашақта соғыс пен қарулы қатығыстардың ақтық мақсатына қол жеткізу тек жаудың әскері мен күштерін жоюмен ғана емес, сонымен қатар оның мемлекеттік және әскери басқарылуына, навигациясы мен байланысына зақым келтірумен және осыларды жоюмен, мемлекетті тұрақты басқаруға көмек беретін басқа да ақпараттық объектілерге әсер етумен байланысты болады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қарулы қатығыстар бүгінде трансформацияға ұшырап отыр. Қарулы қатығыстың сипатын толықтай ашатын анықтама әлі күнге дейін қалыптаспаса да, оған жалпы анықтама беруге болады. Қарулы қатығыс дегеніміз – мақсаты экономикалық, саяси, ұлттық-этникалық және басқа да қайшылықтарды шектелген әскери күш қолдану арқылы шешу болып табылатын және нәтижесінде кемінде 25 адам қаза табатын, бірақ жыл ішінде қаза тапқандардың саны 1000 адамнан аспайтын мемлекеттер (халықаралық қарулы қатығыс) немесе бір мемлекет ішіндегі қарсылас тараптар (ішкі қарулы қатығыс) арасындағы қатығыс.

Ақпараттық дәуірдің қазіргі заманғы соғыс концепцияларын талдау, біріншіден, ақпараттық технологиялардың қарулы қақтығыстарда кеңінен қолданатынын көрсетсе; екіншіден олардың әскери-техникалық, ақпараттық-психологиялық, кибернетикалық, ұйымдастырушылық негізгі төрт салада қолданыс табатынын айқындайды. Ақпараттық технологияларды мемлекеттік емес акторлардың қолдана бастауы қарулы қақтығысқа асимметриялық сипат береді.

Деректер мен әдебиеттер:

25. Панарин И.Н. Информационные войны и Россия / И.Н.Панарин, В.Г.Сеидов, К.Л.Хачатров и др.; Отв. Ред Ю.Б.Кашлев // Информация. Дипломатия. Психология. – М/ Известия, 2002. Стр. 132.
26. Информационные вызовы национальной и международной безопасности/ И.Ю. Алексеева и др. Под общ. Ред. А.В. Федорова, В.Н.Цыгичко. – М.: ПИР-Центр, 2001. Стр. 258.
27. Кастельс М. Становление общества сетевых структур // Новая индустриальная волна на Западе / Под ред. В.Л.Иноземцева. М., 1999. Стр. 492–493.
28. Мелюхин И.С. Информационное общество: истоки, проблемы, тенденции развития / И.С. Мелюхин. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1999. Стр. 7.
29. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника. Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002. 456 б.
30. Кара-Мурза С.Г. Манипуляция сознанием / С.Г.Кара-Мурза. – М.: Алгоритм, 2000. Стр. 21.
31. Информационные вызовы национальной и международной безопасности / Алексеева и др. Под общ. ред. Л.В. Федорова, В.Н. Цыгичко. – М.: НИР-Центр, 2001. Стр. 260.
32. Манойло А.В. Информационно-психологическая война: факторы, определяющие формат современного вооруженного конфликта // Psyfactor.org (<http://psyfactor.org/lib/psywar35.htm>)
33. Крысько В.Г. Словарь-справочник по социальной психологии, СПб.: Питер, 2003, Стр. 230.

34. Панарин И.Н. Информационная война и мир // И.Н.Панарин, Л.Г.Панарина – М: ОЛМА-ПРЕСС.2003. Стр. 4.
35. Тоффлер Э. Третья волна. М., Аст, 1999. Стр. 54.
36. Czerwinski T.J. The Third Wave: what the Tofflers never Told You // Strategic Forum, No.72. April 1996
37. Павлютенкова М.Ю. Информационная война: реальная угроза или современный миф? // Власть, 19.12.2001, Москва, №12. Стр. 19-23.
38. Nye Jr.J.S., Owens W.A. America's Information Edge // Foreign Affairs. Vol. 75. № 2. March/April 1996. P. 21-22.
39. Libicki M.C. Information War, Information Peace // Journal of International Affairs. Vol. 51. № 2. Spring 1998. P. 411.
40. Rothkopf D.J. Cyberpolitik: The Changing Nature of Power in the Information Age // Journal of International Affairs. Vol. 51. № 2. Spring 1998. P. 325–360.
41. Kobrin S. Electronic Cash: A Glossary // Foreign Policy. № 107. Summer 1997. P. 76–77.
42. Панарин И.И. Китай: усиление сверхдержавы // Panarin.com (<http://www.panarin.com/doc/31/>)
43. Панарин И. Информационная война и геополитика. М., 2006. Стр. 222.
44. Castells M. (1996-8) The Informational Age. Oxford: Blackwell.
45. Расторгуев С.П. Информационная война. – Москва, 1998
46. Wriston, Walter. The Twilight of Sovereignty. New York: Scribner's, 1992, P. 20.
47. Richard Power. Current and Future Danger: A CSI Primer on Computer Crime and Information Warfare. San Francisco: Computer Security Institute, 1995.
48. Winn Schwartau. Information Warfare: Chaos on the Electronic Superhighway. New York: Thunder's Mouth Press, 1994, P. 13.
49. R.Molander. Strategic Information Warfare: A New Face of War. RAND, 1995.
50. Березин С. Различия между психологическими и информационными войнами // Psyfactor.org (<http://psyfactor.org/opsywar3.htm>)
51. Почепцов Г.Г. Психологические войны. М.: «Рефл-бук», К.: «Ваклер», 2000 г. Стр. 362.
52. Крысько В.Г. Секреты психологической войны (цели, задачи, методы, формы, опыт). — М.: «Харвест», 1999

53. Тушканов Г. Н. К вопросу о родовидовой подчинённости понятий «вооруженный конфликт», «военный конфликт» и «война» – Материалы III Всероссийского социологического конгресса. М.: Институт социологии РАН, Российское общество социологов, 2008
54. Першиц А.И., Семенов Ю.И., Шнилерман В.А. Война и мир в ранней истории человечества: В 2 т. // Институт этнологии и антропологии РАН. – М., 1994. – Т. 1. Стр. 56.
55. Степанова Е. Государство и человек в современных вооруженных конфликтах (<http://www.intertrends.ru/sixteenth/003.htm>)
56. Бухарбаев Б. Қарулы қақтығыстарды зерттеудегі негізгі әдістер, Формирование интеллектуальной нации в контексте имиджевого развития Республики Казахстан: Материалы международной научно-практической конференции, 24 мая 2010 года. 343 б.
57. Harbom L., Wallensteen P. Armed Conflict, 1989-2006 // Journal of Peace Research. Vol. 44. № 5. 2007. P. 623.
58. Human Security Report 2005: War and Peace in the 21st Century. New York: Oxford University Press, 2005. P. 26.
59. Женевские конвенции от 12 августа 1949 года и Дополнительные протоколы к ним. – 2-е изд., испр. – М.: Международный Комитет Красного Креста, 2001. Стр. 256.
60. Eck K., Hultman L. One-sided violence against civilians in war: insights from new fatality data // Journal of Peace Research. Vol. 44. № 2. March 2007. P. 233-246.
61. Захаров В.М., Федосеев С.Г. Внутренние вооруженные конфликты XXI века: Научное издание. – Щучинск: Национальный университет обороны, 2004. Стр. 14.
62. Иватова Л.М., Балапанова А.С. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі: негізгі бағыттары, тенденциялары, басымдықтары – А.: 2007. 279 б.
63. Әлияров Е.К. Ақпараттық қоғамды зерттеудің теориялық аспектілері // Актуальные проблемы политической науки Казахстана. – А.: 2003. 14-21 бб.
64. Волковский Н.Л. История информационных войн. В 2 ч. Ч. 1 / НЛ. Волковский. – СПб.: ООО «Издательство «Полигон», 2003. Стр. 3.
65. Барышников Д. Н. Конфликты и мировая политика: учебное пособие. – М.: 2008. Стр. 201.
66. Бухарбаев Б. К штыку приравнять перо // Vox Populi, 16-30 2010, №21. Стр. 71.

67. Toffler, Alvin and Heidi. War and Anti-War: Survival at the Dawn of the 21st Century. New York: Little, Brown and Company, 1993
68. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура, М.: ГУ ВШЭ, 2000 // <http://www.buk.irk.ru/library/book/texts/mankast/chapter7/wars.htm>
69. Манойло А.В. Государственная информационная политика в условиях информационно-психологической войны // Проект «Пси-Фактор», 2003. (<http://psyfactor.org/lib/psywar25.htm>)
70. Schwartau W. Information Warfare: Chaos on the Electronic Superhighway. New York: Thunder's Mouth Press, 1994.
71. Szafranski R. A Theory of Information Warfare. Preparing for 2020. In Airpower Journal. Spring, 1995.
72. Libicki M. What is Information Warfare? Washington: National Defense University, 1995. P. 8
73. Nunes P.F. The Impact of New Technologies in the Military Arena: Information Warfare // Air & Space Power Journal – Chronicles Online Journal, 5 March 2001 (<http://www.airpower.maxwell.af.mil/airchronicles/cc/nunes.html>)
74. National Strategy for Homeland Security. Washington D.C.: Office of Homeland Security, July 2002 // Office of Homeland Security Web Site (http://www.dhs.gov/xlibrary/assets/nat_strat_hls.pdf)
75. Greenberg L.T., Goodman S.E., Soo Hoo K.J. Information Warfare and International Law. Washington: National Defense University Press, 1997.
76. Libicki M. Op. cit. P.14.
77. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура, М.: ГУ ВШЭ, 2000.
78. Cleaver H. The Zapatista Effect: The Internet and the Rise of an Alternative Political Fabric // Journal of International Affairs, 1998, vol. 51, №2.
79. Muckian M. Structural Vulnerabilities of Networked Insurgencies: Adapting to the New Adversary // Parameters, Winter 2006-07. P. 17-18.
80. Griffin R. From Slime Mould to Rhizome: An Introduction to the Groupuscular Right // Patterns of Prejudice, 2003, №37, vol.1, P. 27-50.
81. Murden S.W. The Problem of Force: Grapping with the Global Battlefield. Boulder, London: Lynne Rienner Publishers, 2009.

82. Хочешь мира, победи мятежевойну! Творческое наследие Е.Месснера // Российский военный сборник. №22. М.: ВУ, Русский путь, 2005. Стр. 696.
83. Liddell Hart B.H. Lawrence of Arabia. N.Y.: Da Capo Press, 1935. P. 406.
84. Fathi N. Iran's Opposition Seeks More Help in Cyberwar With Government // International Herald Tribune, 20.03.2010. Lexis-Nexis (<http://www.lexisnexis.com>)
85. Истомина И. Инфляция силы: формула победы в современной войне // Международные процессы, 2010, 8 том, №1 (22). Стр. 132.
86. Бодрийяр Ж. Войны в Заливе не было // Художественный журнал. 1994. №3. Стр. 33-36.
87. Boot M. Struggle to Transform the Military // Foreign Affairs, March/April 2005. P. 112-113.
88. Бетц Д. Революция в военном деле и «армейские операции вне условий войны»: обоюдоострое оружие // Отечественные записки, 2005, №5. (<http://vwww.strana-oz.ru/?numid=26&article=1133>)
89. Попов И.М. Война будущего: взгляд из-за океана: Военные теории и концепции современных США. М.: АСТ, Астрель, Транзиткнига, 2004. Стр. 136.
90. The Implementation of Network-Centric Warfare. Department of Defense, Office of Force Transformation, 5 January 2005. (http://vwww.oft.osd.mil/library/library_files/document_387_NCW_Book_LowRes.pdf)
91. O'Rourke R. Iraq War: Defense Program Implications for Congress CRS. Wash., 4.06.2003
92. Arquilla J. and Ronfeldt D. Swarming and the Future of Conflict. Santa Monica, Calif.: RAND, 2000
93. Onley D. Net-Centric Approach Proven in Iraq // Government Computer News, 3 May 2004. Posted on the Office of Force Transformation web site. (http://www.oft.osd.mil/Hbraiylibrai_y_ffles/article_366_GOVERNMENT_COMPUTER_NEWS.doc)
94. Management of the Department of Defense Information Enterprise. Department of Defense Directive 8000.01. Washington, D.C.: DoD, February 2009. (<http://www.dtic.mil/whs/directives/corres/pdf/800001p.pdf>)
95. Тараскин М.М., Чешуин С.А. Взгляды Высшего военно-политического руководства ведущих иностранных государств на противодействие угрозам кибернетических войн // «Проблемы безопасности» Научно-исследовательского цен-

- тра «Наука-XX1» бюллетені», 2008, № 3. (<http://www.naukaxxi.ru/materials/171/>)
96. Cebrowski A. and Garstka J. Network-Centric Warfare: Its Origin and Future // Proceedings of the U.S. Naval Institute, January 1998. (http://www.kinection.com/ncoic/ncw_origin_future.pdf)
97. Хамзатов М.М. Влияние концепции сетецентрической войны на характер современных операций // Военная мысль, 2006, №7. Стр. 15.
98. Schneier B. Cyberwar// Crypto-Gram Newsletter, January 15, 2005. (<http://www.schneier.com/crypto-gram-0501.html#10>)
99. Mack A. Why big nations lose small wars: the politics of asymmetric conflict // World Politics, 1975, Vol. 27, No.2. P. 175-200.
100. Дериглазова Л.В. Асимметричный конфликт в современной американской политологии // Международные процессы, 2010, том 8, №2(23). Стр. 52.
101. Кладт Н.Л. Опыт записок по стратегии. Лекции, чит. в февр. и марте 1911г. на воен.-мор. отд-нии Николаев, мор. акад. 4.2. Б.м., 1911. Стр. 21.
102. Cohen William S. Quadrennial Defense Review. May 1997. Wash., D.C.: DOD. Section II. The Global Security Environment (<http://www.fas.org/man/docs/qdr/sec2.html>).
103. Quadrennial Defense Review Report. Washington D.C.: Department of Defense, February 2010. P. 80.
104. Cassidy R.M. Russia in Afghanistan and Chechnya: military strategic culture and the paradoxes of asymmetric conflict. Carlisle Barracks, PA: Strategic Studies Institute, U.S. Army War College, 2003. P. 5-6.
105. Степанова Е.А. Государство и человек в современных вооруженных конфликтах // Международные процессы, 2008, 6 том, №1(16). (<http://www.intertrends.ru/sixteenth/003.htm>)
106. Макарычев А.С. Мишель Фуко как теоретик безопасности: критическое прочтение концептов // Мировая экономика и международные отношения, 2008, №3. Стр. 89.
107. Томас Т. Китайская теория и практика ведения информационной войны // Ядерный контроль, 2001, №6. Стр. 37.
108. Cohen W. Interview // Washington ProFile, 18.09.2000 (<http://www.washprofile.org/OLD/WOL000918.htm>)
109. Rumsfeldt D. Transforming the Military // Foreign Affairs, 2002, Vol. 81, No.3. P. 20-32.
110. Gates R.M. A Balanced Strategy // Foreign Affairs, 2009, Vol. 88, No.1. P. 28-40.

111. National Security Strategy of the United States of America. Washington D.C.: Seal of the President of the U.S., September 2002. P. 15-16.
112. Stein G. Information War – Cyberwar – Netwar / Battlefield of the Future: 21st Century Warfare Issues. Ed. by Barry R. Schnieder and Lawrence E. Grinter. Maxwell AFB, Alabama: Air University Press, 1995.
113. Конышев В.Н. Перспективы развития вооруженных сил США в свете концепции асимметричных угроз // Проблемы безопасности и военно-силовой политики в международных отношениях. Под ред. С.М.Виноградовой, В.Н.Конышева, Н.С.Ниязова. СПб: Изд-во СПбГУ, 2007. Стр. 39.
114. Krepinevich A. The Pentagon's Wasting Assets // Foreign Affairs, 2009, Vol. 88, No.4. P. 18-33.
115. Libicki M. Op. cit. P.103.
116. Кревельд М. Трансформация войны, М.: Альпина Бизнес Букс, 2005.
117. Virilio P. and Lotringer S. Pure war. New York: Semiotext(e), 1997.
118. Цыбаков Д. Трансформация современного милитаризма – реальность мировой политики // Власть, 2010, №7. Стр. 132-133.
119. Kaldor M. New & Old Wars: Organized Violence in a Global Era. Stanford: Stanford University Press, 1999.
120. Панова В. Современные западные исследования международного конфликта // Международные процессы, 2005, 3 том, №2(8). (<http://www.intertrends.ru/seven/005.htm>)
121. Hammes T. Insurgency: Modern Warfare evolves into a Forth Generation // Strategic Forum, 2005, No. 214. 1 б.
122. Слипченко В.И. Войны шестого поколения. Оружие и военное искусство будущего. М.: Вече, 2002.
123. Cooke M. WO-man, Retelling the War Myth / Gendering War Talk. Ed. by M. Cooke and A. Woolacott Princeton: Princeton University Press, 1993. P. 182.
124. Schott R.M. Gender and "Postmodern War" // Hypatia, 1996, Vol. 11, No.4. P. 21.
125. Baudrillard J. La Guerre du Golfe n'a pas eu lieu. Paris: Galilee, 1991.
126. Бодрийяр Ж. Войны в Заливе не было // Художественный журнал. 1994. №3. Стр. 33-36.
127. Paul Virilio: From Modernism to Hypermodernism and Beyond. Ed. by John Armitage. London: Sage, 2000.
128. Gray C.H. Postmodern War at Peak Empire // Science as Culture, 2007, Vol.16, No. 2. P. 109-128.
129. Der Derian J. Virtuous War / Virtual Theory // International Affairs, No. 4 (76), 2000. P. 771-788.
130. Балуев Д.Г. Приватизация военно-силовых функций государства: каковы перспективы? // Мировая экономика и международные отношения. 2004. № 3. Стр. 64-70.

2-ТАРАУ

1990-2011 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Бүгінгі таңда әлемнің жетекші державалары өздерінің әскери стратегияларында ақпараттық технологияларға үлкен көңіл бөледі. Осы салада АҚШ көшбасшы болып табылады, өйткені оның қарулы күштерінің ақпараттандырылу деңгейі барлық мемлекеттерге қарағанда жоғары. АҚШ қарулы күштерінің психологиялық операциялар органдарының құрылымы 2-суретте көрсетілген. Қарулы қақтығыстардың кейбір мемлекеттік емес акторлары да ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы біраз жетістіктерге жетті. Олардың қару-жарағы төмен деңгейде болса да, АКТ-ның арқасында олар жетекші державаларға асимметриялық соққы жасау әдістерін жақсы меңгеріп алған. Сол себепті жетекші державалар АКТ негізіндегі жоғары технологиялық қаруларға ғана сүйенбей, сонымен қатар қарулы күштерін ақпараттық желілер арқылы басқаруды жүзеге асырып отыр. Жетекші мемлекеттердің әскери стратегияларында психологиялық операциялар мен жаңа техникалық құралдарға үлкен маңыз беріледі. Бұл өз кезегінде осы сала қамтитын мәселелерді жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Ақпараттық қаруды қолдану бүгінгі күні шынайылыққа айналып отыр. 1980 жылдардың ортасында Тегеранда америкалықтардың тұтқындалуынан пайда болған АҚШ пен Иран арасындағы шиеленіс кезінде АҚШ арнайы компьютерлік бағдарлама арқылы Иранның шетелдік шоттарының барлығын жауып тастағаны белгілі болды. Ақпараттық қарудың жекелеген түрлері 1989 жылы


Панамадағы қақтығыс кезінде, 1994 жылы Гаитидегі «Шөлдегі боран» операциясында, Югославия, Ауғанстан және Ирактағы қақтығыстарда қолданылды. Ақпараттық технологиялар соңғы жылдары трансұлттық сипатқа ие болып, Оңтүстік Осетия мен Ливиядағы қарулы қақтығыс кезінде нағыз жаһандық ақпараттық соғыс орын алды.

АҚШ Конгресінің бақылау-қаржылық басқармасының ақпараты бойынша, қазіргі кезде жүз жиырмаға жуық мемлекет жаудың ақпараттық ресурстарына ақпараттық ықпал жасау жұмыстарын жүргізіп жатыр. Салыстыру үшін айтатын болсақ, ядролық қару саласындағы жұмыстарды жүргізетін мемлекеттердің саны жиырмадан аспайды.

Осының барлығы алдағы уақыттағы қарулы қақтығыстарда ақпараттық технологиялардың қолданылуына негізделген ақпараттық соғыстар негізгі рөл ойнайтынын көрсетеді.

2.1. Парсы шығанағындағы қақтығыс (1990-1991) кезінде ақпараттық-психологиялық технологиялардың қолданылуы

АҚШ-тың ақпараттық-психологиялық операцияларды ұйымдастырып, жүзеге асыруындағы жаңа белес 1980 жылдардың ортасынан бастап насихаттық материалдарға «ұлттық қауіпсіздік стратегиясы» түсінігін енгізумен байланысты. Аталған стратегияны президент Р.Рейганның аппараты 1981 жылы жасап шықты және ол дипломатиялық, экономикалық, әскери және ақпараттық компоненттерден тұрды. Стратегияның ақпараттық компоненті Гренада (1982) мен Панамада (1989) қарулы қақтығыстарда сынақтан өтті. Осыдан бастап жергілікті соғыстар теориясында ақпараттық-психологиялық операциялар әскери қимылдардың кез келген түрінде әскердің әскери әлеуетін арттыратын күш ретінде қарастырылатын болды.



2-сурет. АҚШ қарулы күштерінің психологиялық операциялар (PsO) органдарының құрылымы (Н. Волковский бойынша)

АҚШ аталған қақтығыстарда жинаған ақпараттық-психологиялық операциялар жүргізу тәжірибесін толығымен Парсы шығанағы аймағындағы қақтығыста әскери операцияларды жүргізу кезеңінде қолдана білді.

«Ақпараттық соғыс» термині «қырғиқабақ соғыс» аяқталғаннан кейін АҚШ Қорғаныс министрлігінің құжаттарына енді. Осы термин баспасөз беттерінде Ирактағы «Шөлдегі боран» операциясы барысында қарқынды қолданысқа ие болды [131].

«Қырғиқабақ соғыс» аяқталғаннан кейін АҚШ жаңадан қалыптасқан жағдайға бейімделуге мәжбүр болды. 1990 жылдардың басында президент Б.Клинтонның әкімшілігі ақпараттық төңкерістің әскери салаға жасайтын ықпалын зерттеуге мұрындық болды. КСРО саяси карта-лардан жойылғасын, АҚШ өзін жалғыз ұлы держава санады. «Ақпараттық басымдықтың» бірқатар концепциялары дүниеге келгенімен, шайқас алаңындағы басымдыққа берілетін маңыз артығырақ болды, ал ақпараттық технологиялар қару-жарақтың тиімділігін арттыратын құрал ретінде қарастырылды. Кейінірек ақпараттық технологиялардың осы қызметіне психологиялық және барлау аспектілері қосылды. КСРО қирағаннан кейін сансыз қарулы күштерді бұрынғы күйінде қамтамасыз ету қажеттілігі жойылып, оларды қайта ұйымдастыру қажеттілігі туындады. Парсы шығанағындағы соғыс, Дж.Адамстың пікірінше, АҚШ әскерін тікелей қарулы қақтығысуда жеңу мүмкін еместігін көрсетті. Осының нәтижесінде басқа мемлекеттер мен мемлекеттік емес акторлар басымдыққа ие болудың асимметриялық әдістерін іздей бастады. АҚШ әлі біраз уақыт бойы өзінің кәдімгі қаруларын жетілдіріп отырды, асимметриялық қауіптерге қарсы тұру әдістерін дамытуға тек бірнеше жылдан кейін көшті [132].

Ирак мемлекетінің жеңілісімен аяқталған Парсы шығанағындағы қарулы қақтығыста (1990-1991) ақпараттық-

психологиялық операцияларды жүзеге асыруда екі тараптың да кейбір ерекшеліктері болды. Мамандардың пайымдауынша, сол кездегі ақпараттық соғыста қарсыласты дезинформациялау әрекеттері басты рөл ойнады. Қарсылас екі тарап жалған ақпарат таратуды стратегиялық және оперативті сипаттағы әскери және саяси акцияларды қамтамасыз ету мақсатымен қолданды. Жалған ақпарат тарату шаралары арқылы қарсыластар қақтығыстың әрбір кезеңінің міндеттерін шешіп отырды.

Ирак әскерінің Кувейтті шабуылдауға дайындығы барысында (1990 жылдың 2 тамызына дейін) Ирактың әскери-саяси басшылығы Кувейтті шабуылдау тұтқиылдан болғанын қамтамасыз ету мақсатымен Кувейт пен оның жағындағы мемлекеттердің қырағылығын алдауға және өз мақсаттары жайлы жалған пікір қалыптастыруға мүмкіндік беретін бірқатар шараларды жүзеге асырды.

Ирак басшысы С.Хусейн өзінің мәлімдемелерімен ұлттық БАҚ-та истерия орнатып, Кувейтке қатысты қарсы пікірлер кезекті «Ирак бопсасы» деген әсер қалыптастыра білді. Америкалықтар да осы айлаға алданды деген пікір бар. Батыс баспасөзінің мәлімдемелеріне сүйенсек, 1990 жылдың 25 шілдесінде Орталық барлау бюросы (ОББ) ғарыштық құралдар арқылы алынған фотосуреттерді Ақ үйге тапсырған. Олар Ирак әскерінің Кувейтпен шекаралас жерлерде шоғырланып жатқанын көрсеткен. 30 шілдеде америкалық барлау қызметі бірқатар араб елдерінің басшылығын осы аймақтағы топтасу 100 мың адамға жеткенін хабардар етті. Алайда АҚШ басшылығы С.Хусейннің акциясына жеткілікті көңіл бөлмеді және салдарын байқамады. 1 тамызда, яғни Бағдадқа басып кіру жайлы шешім қабылданғанда, Ирак және Кувейт елдерінің өкілдері әлі де болса қақтығысты бейбіт жолдармен реттеу туралы келіссөздер жүргізіп жатқан. Аталған күннің соңына таман АҚШ пен Израильдің

барлау қызметтері Ирактың ниетіне қатысты күмәнмен қарағанымен, «тым турашыл» байбаламның шеңберінен тыс шықпаған тоны үлкен қауіп төнгізбеді [133].

Дегенмен АҚШ Мемлекеттік департаменті Ирак әскері Кувейтке басып кірер алдында америкалық азаматтарды аймақтағы мемлекеттерден кету керектігі жайлы бірнеше күн бұрын ескерткендіктен, баспасөз беттерінде АҚШ өз мақсаттарын қуалай отырып және кувейттіктерді «алаңсыз күйге» бейімдей отырып, Бағдадтың ойынын әдейі ойнап отырды деген пікірлер айтылды. Бірақ соның өзінде америкалықтар тарапынан қолға алынған дезинформациялау шаралары сәтті жүзеге асты деген тұжырым жасауға болады. АҚШ Иракты оның Иранмен соғысы кезінде қолдағанын, тіпті Ирактың күрдтерге қарсы химиялық қару қолданғанын АҚШ тарапынан ешбір қарсылық көрмегенін атап өткен жөн. Иран-Ирак соғысы кезінде америкалық мүдделерге зиян тимеді. Кувейтке, яғни АҚШ-ты мұнаймен жабдықтаушы негізгі елге, Вашингтонның ұлттық мүдделеріне қауіп енді төне бастады. С.Хусейн өзінің Кувейтке басып кіруін кемінде Кувейттің бір бөлігі, мәселен, палестиналықтар қолдайды деп үміттенген болар, өйткені олар жұмыс күшінің басты бөлігін құрайтынына қарамастан, азаматтық құқықтарынан айырылған болатын. Ирак басшылығы «қырғиқабақ соғыстың» аяқталғаны елді Кеңес үкіметінің қолдауынан айырғанын ескермеді.

Дайындық кезеңінде, яғни 1990 жылдың 2 тамызынан бастап 1991 жылдың 1 қаңтарына дейін (яғни коалицияның біріккен күштері Иракқа кірген күнге дейін) АҚШ-тың психологиялық операциялар бойынша аппараты психологиялық операцияларды ұйымдастыру және дайындау бойынша шараларды жүзеге асырды. Ең алдымен оларды жүзеге асыру жайлы шешім қабылдаудың жоғары деңгейде болғанын атап өту керек. Шетел баспасөз мәліметтері бо-

йынша, 1990 жылдың тамызы мен желтоқсаны аралығында АҚШ президенті Дж.Буш «арнайы бағдарламалар барысында әртүрлі шаралардың» жүзеге асырылуын қамтамасыз еткен үш құпиялы директиваға қол қойған. Осы директивалар дағдарыстың барлық кезеңіндегі психологиялық операцияларды ұйымдастыру және оларды жүзеге асыру тәртібін анықтаған, барлау қызметтері, араб әлемінің мәселелерімен айналысатын ғылыми-зерттеу орталықтары, психологтар мен кейбір әскери органдардың қызметтерін реттеген. Осы құжаттарды бекітудің өзі психологиялық операциялардың әскери операциялармен бір қатарға қойылғанының айғағы бола алады.

Психологиялық операциялардың келесідей міндеттері негізгі болып танылды:

- әлем қауымдастығының пікірін Иракқа қарсы қалыптастыру;
- Иракқа қарсы коалицияның іс-әрекеттеріне қолдау көрсету;
- араб әлеміндегі орын алып отырған жікті одан әрі өрбіте түсу;
- Иракқа кез келген елдің жәрдемдесу мүмкіндігін жоққа шығару;
- АҚШ пен батыс елдерінде «ура-патриотизм» эйфориясын туғызу;
- Ирактың қарулы күштерінің басшылығы мен қалың бұқарасын әскери қимыл жоспарына қатысты дезинформациялау;
- Кувейттегі қарсылық қозғалысын қолдап, Ирактағы оппозициялық күштерге жәрдем беру;
- көпұлтты күштерге қарсылық көрсетудің пайдасыз екеніне көндіру [134].

Қақтығыстың барлық кезеңдеріндегі психологиялық операциялар келесі арналар арқылы жүзеге асырылды:

- бұқаралық ақпарат құралдары;
- федералдық ведомстволар (ОББ, ғылыми-зерттеу институттары және т. б.);
- қарулы күштер (ҚМББ, ПсО бөлімшелері және т.б.).

БАҚ-қа ерекше міндет жүктелді. Оның жұмысы Пентагонның тілшілік корпусқа арнап жасалған арнайы нұсқаулар мен ұсыныстар негізінде құрылды. Франция газеті «Юманитенің» хабарлауы бойынша, оларды жүзеге асыру Парсы шығанағындағы қақтығысты іс жүзінде «қазіргі жүз жылдықтағы ең оқшауланған» қақтығысқа айналдырды.

Халықаралық шабуыл күштері маңында аккредитациядан өткен журналистік пулдар құрамына енген америкалық, британиялық және француз тілшілері таратылатын хабарламалардың мазмұны мен сипатына қатысты әскери басшылық бекіткен қатаң ережелерді сақтауға жазбаша күйде міндеттелді. Қақтығыс аймағынан таратылған мәліметтердің барлығы дерлік әскери цензурадан өтіп отырды. Теле- және радиокөмпаниялар репортерлермен тілдесуге арнайы тағайындалған әскерилерден ғана сұхбат ала алды. Тиісті әскери органдар телекөмпаниялар өкіміне арнайы түсірілген, әскери қимылдарды жүргізуге дайындық барысын одақтастар басшылығына тиімді ракурстан көрсететін бейнероликтерді ғана ұсынды. «BBC» радио- және телекөмпаниясының қақтығыс туралы жаңалықтарға арнайы жасалған ұсынысында жарақат алған британиялық әскери қызметкерлерді немесе олардың мәйіттерін ірі планда түсіріп көрсетуді шектеу керектігі және соғысқа қарсы пікір айтқандарға эфир уақытын азайту керектігі атап өтілді [135].

Әскери қимылдарға дайындық кезеңде психологиялық операциялардың негізгі бағыттарының бірі коалицияның біріккен күштері қолға алып жатқан шаралардың қажеттілігіне әлемдік жұртшылықты көндіру болып табылды.

Орын алған шиеленісті тек әскери жолмен ғана реттеу шешімін ақтау мақсатымен америкалықтар Ирак Сауд Арабиясы мен БАӘ-ге басып кіреді, Бахрейнге десантын жібереді деп әлемдік қауымдастықты үнемі ең жоғары деңгейде дезинформациялап отырды. АҚШ әкімшілігінің Ирактағы ядролық әлеуеттің бар болуы жайлы мәлімдемелері де асыра сілтеу болып шықты [136]. АҚШ пен оның одақтастары БАҚ арқылы Ирактың химиялық қаруды қолдану қаупі жоғары деген психоз қалыптастыруда шамадан тыс шығып кетті, себебі Ирак та қарудың осы түрін қолданатынын жариялап, қарсыластарды қорқыту кампаниясын бастады. Осылайша Ирактың «әл-Кадисия» әскери ведомствосының баспасөз органы Иракқа жасалған кез келген шабуылға химиялық қаруды қолдану арқылы жауап береміз деді. Батыс баспасөз құралдары мәлімдегендей, Кувейтті азат ету операциясы кезінде бірде-бір химиялық снаряд табылмады. Ирактың тұтқындалған әскери қызметкерлерінің көбінде де химиялық қорғаныс құралдары болмады.

Осы жақсы ойластырылған «ақпараттық агрессия» кем дегенде АҚШ азаматтарына қатысты өз мақсатына қол жеткізді. Сауалнама мәліметтері бойынша, 1990 жылдың қыркүйегінің соңына қарай тек әрбір оныншы америкалық соғысты қолдаған болса, соғыстың басына қарай (1991 жылдың қаңтарының ортасы) АҚШ азаматтарының 80 пайызынан басым бөлігі өз президентінің дағдарысты тек күш арқылы реттеуге болады деген саясатын қолдады.

Психологиялық қысым көрсету мен дезинформациялаудың басты нысанасы, әрине, Ирактың қарулы күштері мен осы елдің халқы болды. БАҚ арқылы, ең алдымен радиохабарландыру арқылы жүзеге асырылған мықты кампанияның арқасында америкалықтар және оның одақтастары Ирак тұрғындарының президент С.Хусейнге қатысты сеніміне нұқсан келтіргісі келді, АҚШ-тың әскери машинасына

қарсы тұрудың тиімсіз екеніне көндіріп, Ирак әскерінің қару-жарағы мен техникасының сапасын төмен түсіріп, оны жоққа шығарып, сонымен қоса Ирак басшысы мен қарулы күштер басшылығын америкалық және одақтастар әскерлерінің әскери қимылдарға дайындық жоспарлары жайлы дезинформациялау шараларын қолға алды.

Парсы шығанағы аймағындағы оқиғалар кезінде, әсіресе белсенді әскери қимылдар басталмас бұрын ықпал жасаудың негізгі құралы телевизия мен радио болды. Қақтығыс аймағынан ақпарат таратуға ерекше құқыққа ие болған америкалық «CNN» телекомпаниясының жаңалықтары тоқсаннан астам мемлекетте көрсетілді. Оған қоса жүз телекомпания оның материалдарын сатып алып отырды [137].

Сауд Арабиясы аумағында тәулік бойы радиохабар жүргізуді қамтамасыз ету үшін «Америка дауысы» және «BBC» радиостансаларының хабарларын таратуды қамтамасыз ететін ретрансляторлар орнатылды. Радионасихат жүргізу мақсатымен «BBC» араб тілінде хабар жүргізу көлемін тәулігіне 3 сағаттан 10,5 сағатқа дейін ұлғайтты, ол үшін 80 қызметкерден тұратын арнайы топ құрылды. Көпұлтты күштердің басшылығы көшпенділер мен авиацияның көмегімен ирак әскери қызметкерлері мен тұрғындар арасында 150 мыңдай фиксациялық жиіліктегі транзисторлы радиоқабылдағыштар таратты. Сауалнамаға сенетін болсақ, бес тұтқынның төртеуі жаудың радиохабарламаларын тыңдаған [137].

Парсы шығанағындағы соғыс ақпараттық-ғарыштық технологияларға негізделген жоғары дәлдікті қарудың тиімділігін көрсетті [138].

«Шөлдегі боран» операциясының басталуымен радионасихат радиэлектрондық күрес бөлімшелерімен тығыз байланыста жүргізілді. Оларға «Бағдад радиосына» хабар таратуға тосқауыл қою жүктелді.

Осыған қоса көпұлтты күштердің өрістеу сәтінен бастап дерлік Ирактың бірқатар «заңсыз» радиостансалары эфирге шыға бастады. Осыған ұқсас әдіс Панамадағы операция кезінде де қолданылған. Радиостансалардың ең тиімділерінің бірі «Азат Ирактың дауысы» радиостансасы төрт жиілікте жұмыс істеді. Хабарламалар психологиялық операциялар бойынша 4-топтың мамандарымен дайындалды. Эфирге жаңалықтар, араб музыкасы, тұтқынға берілу үндеулері, азық-түлік пен сумен қамтамасыз ету ұсыныстары, Ирак тұрғындарына мейірімді қатынас пен араб бауырластығы жайлы сөздер шығып отырды.

Ақпараттық-психологиялық операцияларға кейін жасалған талдаулар радионасихаттың психологиялық ықпал жасаудың ең тиімді түрі болғанын көрсетті. Ирактың бес әскери тұтқынының төртеуі психологиялық операциялардың 4-тобы жүргізген «Шығанақ дауысы» радиостансасының бағдарламаларын тыңдағаны анықталды. Осылардың көбі радиостансаның жаңалықтарына Ирак үкіметі радиосының жаңалықтарына қарағанда анағұрлым артық сенген.

Әскери қимылдар барысында жоғары өткіштік автомобильдерде немесе тікұшақтарда орнатылған мобильді дыбыстық хабар тарату стансалары арқылы ауызша хабарландыру қолданылды.

Жоғары өткіштік автомобильдерде орнатылған мобильді дыбыс тарату стансалары көліктің алдында орнатылды, арнайы дикторлар шығыс музыкасын трансляциялау арасында араб тілінде мәтіндік хабарламаларды оқып отырды. Дыбыс тарату стансаларының бағдарламалары Ирак әскерінің жеке құрамының моральдық-психологиялық күйін ескере отырып жасалды және ирактықтардың көпшілігіне түсінікті араб тілінің диалектінде жүргізілді.

Ауызша насихаттың тиімділігі жоғары болып шықты. Мәселен, тікұшақта орнатылған қуаты 2700 ваттық дыбыс

тарату құрылғысының арқасында Кувейт шығанағындағы Файлак аралын қорғап тұрған Ирак әскерінің батальонын тұтқынға берілуге көндіру мүмкін болды. Ирактың келесі батальоны ауызша насихаттың арқасында 1-кавалериялық дивизияның тікұшағының экипажына тұтқынға берілуге келді.

Бейненасихат Иорданиямен және Иракпен шектес елдерде бейнетаспалар тарату арқылы кеңінен жүзеге асырылды. Бейненасихат америкалық әскердің, оның қару-жарағы мен әскери техникасының күшін көрсетті, әскери қызметкерлердің жоғары деңгейдегі дайындығы жайлы сөз қозғады, С.Хусейн режимін сынға алды.

Баспа насихатының табысын оның Ирак оппозициясын іскерлікпен жұмылдыра білгендігімен түсіндіруге болады. 1990 жылдың қыркүйегінен бастап Ирак қалаларында «елдің қауіпсіздігі үшін» С.Хусейнді тақтан тайдыруға шақыратын үндеу парақшалары таратыла бастады. Атап айтқанда, С.Хусейн Ирактың «үздік ұлдарын» өлтіргені үшін және жаппай геноцид ұйымдастырғаны үшін айыпталды. Парақшаларды тарату үшін АҚШ пен Ұлыбританияның әскери әуе күштері тартылды.

Сонымен қатар тұтқынға түсу насихатына да көп көңіл бөлінді. Ирактың әскери қызметкерлерін «тұтқынға түсу үрейінен» арылту мақсатымен көпұлтты күштердің психологиялық операциялар бойынша органдары олардың санасына тұтқынға түсу аман қалудың жалғыз жолы деген ойды орнықтыру бойынша жұмыстар жүргізді. Насихаттық материалдар тұтқындағы өмірді керемет қылып көрсетіп, оны түрлі амалдармен жарнамалай білді. Мәселен, тұтқындар жақсы тамақпен, медициналық қызмет көрсетумен қамсыздандырылатынына, туысқандарымен байланысуға, діни парыздарын өтеп, тіпті тұрғылықты жерді еркін таңдай алатынына кепілдік берілді.

Тұтқынға түскендермен белсенді жұмыс істелді. Сауд Арабиясының аумағында арнайы ұйымдастырылған шатырлы қалашықтарда көпұлтты күштердің психологиялық операциялар бойынша қызметінің офицерлері мыңдаған Ирак тұтқындарын «сүзгіден өткізу» жұмыстарын жүзеге асырды. Олар тұтқындардың арасынан насихаттық жұмысқа жарайтындарын іріктеп алып отырды. «Шөл қалқаны» («*Desert Shield*») операциясы барысында Ирактың 855 әскери қызметкері ғана тұтқынға берілсе, «Шөлдегі боран» операциясы кезінде тұтқынға өз еркімен берілгендер санының көп болғандығы сонша, Францияның 6-дивизиясы шабуыл қарқынын төмендетуге мәжбүр болды. Парсы шығанағындағы соғыс кезінде Ирактың барлығы 83 962 әскери қызметкері тұтқынға берілді.

Осы шаралармен бірге қарама-қарсы бағытта да қадамдар жасалып жатты. Иранмен «ұзақ жыл болған соғыста шыныққан» әскеріміз «жан-жақты мол тәжірибеге ие», «президентіміздің тұла бойына қолбасшылық қасиет дарыған» деп, күн сайын өз азаматтарын үгіттейтін Ирактың БАҚ-тарына жағыну мақсатымен америкалық ресми өкілдер өздерінің барлау қызметінің мәліметтерін саналы түрде бұрмалауға ұшыратып, бұқара алдында сөз сөйлеу кезінде кейін шешуші болып шыққан Ирак әскери қызметкерлерінің кәсіби деңгейі мен моральдық-еріктік қасиеттерінің жеткіліксіздігі секілді факторларды саналы түрде бағаламай келді. Осыған белгілі дәрежеде әскери қимылдар басталған жағдайда көпұлтты күштердің әскері он мыңдап қаза табатыны жайлы батыс баспасөзінде жарияланған болжамдар септігін тигізді. Атап айтқанда, АҚШ-тан Сауд Арабиясына 55 мың пластик табыт-қап және әрқайсысы тәулігіне 200 жаралыны қабылдай алатын «Мерси» (АҚШ) және «Ла-Ранс» (Франция) үлкен жүзгіш госпитальдардың әкеліну факті атап өтілді [139].

Психологиялық ықпал жасаудың осы екі бағыты Ирак тұрғындары тұтынып отырған ақпаратқа толықтай бөгет жасап, бірін-бірі толықтырды. Сол кезде ирактықтарды босаңсытуға бағытталған хабарламалар ең жоғары тиімділікке қол жеткізді.

Сонымен қатар көпұлтты күштер Ирак басшылығын әскери операцияларды бастау мерзіміне қатысты жаңылыстыруға тырысты. Осы мақсатпен әскери қимылдар басталғанға дейін бірнеше апта бұрын батыс БАҚ-тарында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі шешімімен енгізілген «экономикалық санкциялардың тиімділігі» жайлы мәліметтер пайда бола бастады. ОББ директоры У.Уэбстер жұрттың алдында бірнеше рет сөз сөйлегенде «санкциялар біз күткенімізден де тиімді» шыққанын, оның «Ирак экономикасының негізін қиратып, әскерін әлсіреткенін», яғни әскери қимыл жүргізудің қажеті жоқ, себебі онсыз да бірнеше уақыттан кейін Ирак «тізе бүгетінін» атап өтті.

1991 жылдың қаңтарында Бағдадқа бағытталған ақпаратта жаңа акценттер пайда болды. Енді АҚШ Қорғаныс министрлігінің ресми өкілдері әскери қимылды бастау мүмкіндігін жоққа шығармай, Халықаралық шабуыл күштері түнгі қимылдарға тек наурызда ғана, ал күндізгі қимылдарға ең жақсы жағдайда ақпанның ортасына қарай дайын болатынын айтып, ирактықтарды жаңылыстырды. Бұл сөздер көптеген басылымдарда, радио және телевизия бағдарламаларында «қуатталып» отырды. Осылайша әуе кампаниясының басталуына бірнеше сағат қалғанда «ABC» өкілі АҚШ Ұлттық Қауіпсіздік Кеңесінің төтенше отырысына түсінік бере отырып, «Иракқа Кувейттен әскерін шығаруға берілген мерзімнің аяқталуы (15 қаңтар) АҚШ-тың автоматша соғыс жариялауын білдірмейді», – деп атап өтті.

«Associated Press» агенттігі Вашингтондағы «құпия таныстарына» сілтеу жасай отырып, президент Дж.Буш «әлі Ирак-

пен соғыс жайлы нақты шешім қабылдамады» және «әрбір күн Бағдад үшін соғысты болдырмауға және бейбітшілік жоюна түсуге мүмкіндік беретінін» хабарлады.

Осының бәрі белгілі дәрежеде Ирак басшылығын дезинформациялап, оның қырағылығын басып тастағаны соншалық, тіпті Кеңес Одағының баспасөзіндегі АҚШ пиғылдарының рас екендігі жайлы бірнеше рет жарияланған ескертулер ешқандай нәтиже әкелмеді. Әуеден шабуылдау басталғанға дейін бірнеше күн бұрын президент Дж.Буштың Сыртқы істер министрлерінің сапар алмасу ұсынысын қабылдаған С.Хусейн өз жанындағыларына: «Мен сендерге Кеңес Одағының (АҚШ тарапынан – Б.Б.) соққы жасалатыны жайлы жай ғана қорқытып жатқанын айттым ғой, оқиғалар басқа сценарий бойынша өрбіп жатыр», – деді [139].

Иракты қолдайтын КСРО-ның шынайы позициясына сенімсіздікпен қарайтын америкалық БАҚ өкілдері КСРО-ны жаман жағынан көрсету мақсатымен әртүрлі дезинформациялауға бағытталған мәліметтер таратты. Мәселен, 1990 жылдың 14 қарашасында «The Washington Times» беттерінде АҚШ барлау қызметіне сілтеме жасалған Иракқа КСРО-ның СС-12 зымырандарының тасымалдануы жалғастырылып жатқаны туралы мәлімет жарияланды. Алайда осы уақытқа қарай Кеңес Одағы Ирактың Кувейтке қарсы агрессиясына қатысты өзінің позициясын анықтап, оны тоқтатудың саяси құралдарын іздестіріп жатқан. Осы кампания шиеленістің барлық кезеңдерінде де жалғасын таба білді. 1991 жылдың ақпан айында одақтастардың Иракқа қарсы әскери қимылдары қызу үстінде болғанда Батыстың БАҚ-тары ОББ-дағы анонимдік көздер мен Сауд Арабиясының барлау қызметіне сүйенген материалдар жинағын таратты. Ол жерде ирактық батальонның қимылдарын басқарып жатқан КСРО офицерінің ирактықтарға «Скад» зымырандарын нысаналарға бағыттауды үйретуге жәрдемдесіп жатқан

кеңестік әскери кеңесшілер мен мамандар жайлы айтқан радиохабарламалары жайлы айтылды. Осындай шаралармен КСРО-ны ойыннан шығарып тастау мақсаты көзделді.

Коалиция күштерінің Иракқа шабуыл жасауға дайындық барысында батыс елдерінің БАҚ-тары алдағы әскери қимылдардың сипатын кең көлемде талқылай бастады. Осы талқылаулардың бағытын АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Дж.Бейкер көрсетіп берді, ол өзінің 1990 жылдың 28 қарашасында айтылған ресми мәлімдемесінде АҚШ қарсыласына қарулы күштерінің барлық үш түрімен шешуші соққыны кенеттен жасайтынын атап өтті. Пентагонның жоғары лауазымды қызметкері: «Біз дұшпанымызға мерт болудың бірнеше түрін ұсынғымыз келеді», – деді.

Әскери қимылдар басталғанға дейін екі ай бұрын қорғаныс министрі Р.Чейни әскери әуе күштері штабының басшысы М.Дуганды қызметінен босатты. М.Дуган «The Washington Times» газетіне берген сұхбатында алдағы соғыста дұшпан авиациясына берілген рөл жайлы «артық әңгімелер» айтқан болатын. Оны босатуға байланысты ресми түсініктемелерге сүйенетін болсақ, америкалық генерал АҚШ әскерінде қабылданған «әуедегі және жердегі операция (шайқас)» концепциясына қарсы келді.

Америкалықтар және олардың серіктері Ирак басшылығын оккупацияланған Кувейт аумағына өз десантын кіргізу жайлы жалған ақпаратпен шебер жаңылыстыра білді. Батыстың БАҚ-тарда «Иракқа қарсы құрлықтағы операцияның алдында міндетті түрде десанттың үлкен күштері, атап айтқанда, теңіз пехотасы жұмылдырылады» деген мәліметтер пайда болды. Баспасөзде белсенді талқыланған осы пікір АҚШ-тың амфибиялық-десанттық құрамасы Парсы шығанағының суларында жүргізген шерулік жаттығулар мен рифтарды, құмды барқандарды, басқа да табиғи тосқауылдарды жою бойынша іс-шаралар, жағалаудағы кейбір нысаналарды жаншу Иракты

десанттан қорғануға бес дивизияны жұмылдыруға мәжбүр етті. Іс жүзінде ешқандай десант болмады, ал Ирак әскерінің біраз бөлігі әскери қимылдарға қатыса алмай қалды, яғни бұл жайт АҚШ-тың теңіз пехотасының 1- және 2-экспедициялық дивизияларының басып кіруін едәуір жеңілдетті.

АҚШ және оның одақтастары Парсы шығанағындағы әскери қимылдар кезінде бойын жаздыру үшін «БҰҰ факторын» қолданғанын ерекше атап өту керек. Ирактың елді мекендерін бомбалаудың қарқындылығы артқан сайын батыстың БАҚ-тары шамадан тыс жасалған шабуылдарды «БҰҰ жүргізіп жатқан соғыс» ретінде сипаттай бастады. Алайда осы ұйымның бас хатшысы Перес де Куэльярдың өзі: «Ең алдымен түсініксіз болып тұрған бір нәрсені анықтап алу керек. Қазіргі кездегі қақтығыс – БҰҰ соғысы емес. Бұл – Қауіпсіздік Кеңесі рұқсат берген соғыс», – деп атап өтті [140].

Әскери қимыл кезінде психологиялық ықпал жасаудың негізгі түрлері радио- және телехабар жүргізу, ауызша және баспа насихаты болып табылды. Радионасихат әскери қимылдар басталғанда радиоэлектрондық күрес бөлімшелерімен бірлесе отырып жүргізілді. Оның мойнына Ирактың «Бағдад дауысы» мемлекеттік радиостансасының жұмысын басып тастау міндеті жүктелді. Осылайша Ирактың әскери-саяси басшылығының әскердің жеке құрамы мен халықты майдан мен елдегі жағдайлар жайлы ақпараттандыруы қиындатылды. Ирактың радиосын өшіру психологиялық операциялар бойынша 4-топтың арнайы мамандары дайындаған радиобағдарламаларды осы радионың жиіліктерінде трансляциялау арқылы жүзеге асырылды. Көптеген әскери қызметкерлер кейін ұзақ уақыт бойы Иракқа қарсы коалиция күштерінің радиобағдарламаларын ғана тыңдап, оқиғалар жайлы пікірін солар арқылы қалыптастырғанын айтты. Басқаша айтқанда, шиеленіс

жағдайында адамдардың санасы мен психикасы біржақты қарқынды ақпараттық-психологиялық әсерге шалдықты, осыған ештеңе де бөгет бола алмады [140].

Баспа өнімдері де қарқынды пайдаланылды. «Reuters» агенттігінің мәлімдеуі бойынша, 1991 жылдың 31 қаңтарының өзінде-ақ АҚШ авиациясы 5 миллион үндеу парақшасын таратты. Оларды 50 ұшақ пен тікұшақ арқылы төбеден тастады. Сонымен қатар парақшаларды таратуға АҚШ теңіз пехотасының артиллериялық бөлімдері де жұмылдырылды. Бүкіл операция барысында 30 миллион парақша таратылды. Олардың басты тақырыптары қарсы тұрудың пайдасыздығы, талқандалудың шарасыздығы, тұтқынға түсуге, дезертирлікке, қару-жарақты тастап кетуге шақыру, бүкіл айыпты С.Хусейннің мойнына арту болды. Америкалық мамандар жүргізген зерттеулерге сенсек, дұшпанның парақшасы табылған кез келген адам ату жазасына кесілетіні туралы бұйрыққа қарамастан, сұрау жүргізілген Ирактың әскери тұтқындарының 98%-ы парақшаларды көрген, олардың 88%-ы оның ақпаратына сенген, 70%-ы парақшалар олардың әскер қатарынан қашуына немесе тұтқынға түсуіне әсер еткенін мойындаған. Сауд Арабиясы сарапшыларының бағалауы бойынша, психологиялық операциялар бойынша 4-топтың мамандары дайындаған парақшалар кәсіби деңгейде жасалған, оларда Ирак тұрғындарының және әскери қызметкерлерінің ұлттық-психологиялық ерекшеліктері ескерілген [140].

Баспа насихатының тиімділігін дұшпан жоғары бағалады. Ирак дивизияларының бірінің командирі айтқандай, «парақшалар жауынгерлердің моральдық рухына әсер ету күші бойынша тек әуеден бомбалауға ғана дес берді».

Парақшалар НАТО-ға мүше мемлекеттердің қарулы күштерінің бөлімшелері психологиялық операцияларда қолданатын баспа материалдарының кең таралған түрі екенін

атап өткен жөн. Парақшаларды қолдануға қатысты арнайы зерттемелер мен ұсыныстар бар. Америкалық жарғыларда парақшалардың мазмұны, түрі, түсі анықталады, тақырыбы мен әсер ету объектілерінің сипатына байланысты оларды дайындауға ұсыныстар беріледі. Мазмұны бойынша олар *уағызшыл, ақпараттық, директивті және пропуск-парақша* болып, ал бағыты бойынша *стандартты және арнайы* болып бөлінеді.

Уағызшыл парақшалар дұшпан әскерінің қимылдары табысты болған жағдайда қалыптасып жатқан ситуацияның ақиқат бейнесін бұрмалауға және дұшпанды әскери жағдайдың жақын арада ауысатынына көндіруге бағытталған.

Ақпараттық парақшалар жағдай дұшпанның пайдасына шешілмей жатқанда қолданыс табады.

Директивті парақшалар барлау мәліметтері бойынша дұшпан кейбір шарттарды (мәселен, тұтқынға берілу) орындауға психологиялық тұрғыдан дайын екені анықталса қолданылады. Сонымен қатар олар оккупацияланған территориядағы АҚШ саясатын қолдайтын жасырын күштер мен саяси топтарға арналған.

Пропуск-парақшалар белгілі әскери жағдайда қарсылас тараптың әскери қызметкерлері арасында таратылады және тұтқынға түсуді, бейтарап мемлекет аумағына немесе одақтас әскерлер орналасқан ауданға өтуді «жеңілдететін» құжат болып табылады. Ресми құжаттың әсерін қалыптастыру үшін осы парақшалар ерекше түр-түске және көлемге ие болады. Ереже бойынша оларға мөр және АҚШ ҚК-нің әскери қимылдар театрындағы бас қолбасшысы қолының факсимилесі басылады.

Стандартты парақшалар белгілі мақсаттарға алдын ала дайындалады. Шетелдік мамандардың пікірінше, оларды жылдам өзгертін жағдай кезінде жаңа ситуацияға жауап беретін баспа материалдары дайындалып үлгермей жатқанда

қолдану керек. Олардың классификациясын жасау үшін және таңдау ыңғайлығы үшін каталогтар жасалады.

Арнайы парақшалар белгілі мақсатпен жасалады және сирек қайталанатын жағдайларда бір рет қана қолдануға арналған.

Батыс мамандары үндеу парақшаларын психологиялық операциялардың маңызды құралы деп таниды, себебі оларды тез арада жасап, басып шығаруға және үлкен көлемде таратуға мүмкіндік бар. Бұны Парсы шығанағындағы соғыс тағы бір рет дәлелдей алды.

Қорыта келгенде, Парсы шығанағы аймағында әскери қимылдарға дайындық пен оларды жүзеге асыру кезеңінде ақпараттық-психологиялық ықпал жасаудың негізгі құралдары радио- және телехабар жүргізу, баспа және ауызша насихат болып табылды. Психологиялық операциялар екі бағыт – сыртқы саяси сала мен әскери қимылдарды тікелей ақпараттық-психологиялық қамтамасыз ету бойынша жүргізілді. Бірінші жағдайда басты нысана көпұлтты күштердің Иракқа қатысты қарсы шараларын қолдауды қамтамасыз етуі, антиирактық коалиция позициясын нығайтуы және агрессорды әлсіретуі болып табылды. Екінші жағдайда әскери күй туындатқан үздіксіз психологиялық қысымды ұлғайту тұрғындар мен дұшпанның қарулы күштерінің жеке құрамының моральдық-психологиялық күйін төмендетуге, оның жауынгерлігін азайтуға септігін тигізуі керек болды.

Парсы шығанағы аймағында орын алған психологиялық операциялар психологиялық операцияларды стратегиялық және оперативті-тактикалық деңгейде жүргізудің барлық түрлері мен әдістерінің тығыз байланысының қажеттілігін көрсетті. Жоспарларды құпия күйде сақтауда, дұшпанды жаңылыстыруда, оған өзінің еркінді қабылдануға және әлемдік жұртшылықтың пікірін қалыптастыруда *БАҚ-тың үлкен рөл ойнайтынын* көрсетті.

Көпұлтты күштердің психологиялық операциялары кезінде әлемдік қауымдастықтың, Ирак тұрғындары мен оның әскерінің жеке құрамының пікіріне осындай кешенді ықпал жасау әскери операцияларды қарқынды жүргізуге және қойылған мақсаттарға аз шығынмен (коалиция тарапынан небәрі 150 адамдай мерт болды) жетуге мүмкіндік берді [142].

Пентагон сарапшыларының пікірі бойынша, Парсы шығанағындағы соғыс кезінде психологиялық операциялар «өлтірмейтін, бірақ психологиялық зақымдайтын және әскердің жауынгерлігін арттыратын, майданның екі тарапының да жауынгерлері мен офицерлерінің өмірлерін сақатауға септігін тигізетін әскери қару» екендігі біржола дәлелденді.

Сонымен қатар Иракпен болған соғыс АҚШ ҚК-нің ПсО жүргізуге дайындығының осал тұстарын да көрсете білді. Атап айтқанда, Парсы шығанағындағы шиеленіс кезіндегі психологиялық операциялар жүргізу күштері мен құралдарының дайындығы әскери міндеттерді орындау үшін жеткіліксіз екенін және корпустық дивизиялық деңгейдегі штабтар мен командирлердің жеткіліксіз хабардар болғанын көрсетті. Психологиялық операциялар бойынша резервтік топтасулар қарқындылығы төмен дағдарыстарға жауап қайтару бойынша мүмкіндігі аз және әлсіз материалдық-техникалық базаға ие болды [143]. Құрлықтағы әскерлердің психологиялық операциялар бойынша резервтік топтасуларының әскери жауынгерлігін көтеру жайлы, осы салада қарулы күштердің басқа да түрлерінің мүмкіндіктерін ұлғайтуға шешім қабылданды [143].

Парсы шығанағындағы қақтығыс кезіндегі Ирак тарапынан жүргізілген ақпараттық-психологиялық қимылдарға келетін болсақ, батыс сарапшыларының пікірі бойынша, олар сезерліктей ешбір нәтиже әкелмеді. Ирактың ақпараттық-психологиялық соғыс жүргізу машинасы америкалықтар мен

батыс еуропалықтарға аса бір ықпал жасай алмады. Батыс елдерінің осы сала бойынша мамандары Ирактың дезинформациялау әрекеттерін бір ауыздан «епсіз» деп бағалады.

Осыған қатысты бір мысал келтіруге болады. Ирактың БАҚ-тары Сауд Арабиясының қарулы күштерінде Ирак жағында соғысудан бас тартқаны үшін өлім жазалары орын алды-мыс, Ирак пен Кувейт арасында екі тарапқа да тиімді шарттар негізінде дағдарысты шешуге байланысты құпия келіссөздер жүргізілді деген қауесеттер таратты, бірақ олар тез арада теріске шығарылды.

Қысқа қайырғанда, Парсы шығанағындағы қақтығыс кезіндегі ақпараттық-психологиялық технологиялардың кейбір ерекшеліктері келесідей:

- тұңғыш рет ақпараттық-психологиялық операциялар әскери операциялармен бір қатарға ресми түрде қойылды;
- ақпараттық-психологиялық ықпал жасаудың негізгі құралдары радио- және телехабар жүргізу, баспа және ауызша насихат болып табылды;
- АҚШ және оның одақтастары Парсы шығанағындағы әскери қимылдар кезінде бойын жаздыру үшін «БҰҰ факторын» қолданды;
- экзотикалық тұсына келетін болсақ, көшпенді бедуиндердің көмегімен ирак әскери қызметкерлері мен тұрғындары арасында 150 мыңдай фиксациялық жиіліктегі транзисторлы радиоқабылдағыштар таратылды.

Қорыта келгенде, көпұлтты күштердің насихаты Ирак әскерімен салыстырғанда толығымен әскери-техникалық және тактикалық басымдығына негізделгенін айта кеткен жөн. Авиацияның тәулік бойы шабуылдарының барысында Иракқа жоғары қиратқыш күші бар мыңдаған тонна бомба тастады, қару-жарақтың ең жаңа үлгілері қолданылды. Пентагонның деректері бойынша, әскери қимылдардың бірінші екі тәулігінде авиация Иракқа бес мың тонна бомба тастады.

Дегенмен коалицияның жеңісі Ирактың соғыс машинасын құртудың тікелей нәтижесі деп айтуға келмейді, себебі ұқыпты ұйымдастырылған ақпараттық-психологиялық операциялар әскери табыстардың санын көбейтіп, Иракты қарсы тұру мүмкіндігінен айыруға үлкен септігін тигізгенін ұмытпаған жөн. Мәселен, Пентагонның деректері бойынша, қырық күнге созылған әуе операциясы әскери тұрғыдан қарастырғанда үлкен табыс әкелмеді. Ирактың шығындары: ұшақтар – 10%, бронетехника – 10%, артиллерия шамамен 20%-ды көрсетті. Ал Ирак әскерінің моральдық рухы ақпараттық-психологиялық операциялардың арқасында 40-60 пайызға төмендеді. Бірінші шайқастардың өзінен-ақ Ирак әскерінің бөлімшелері толықтай деморализацияланғанын және тіпті қорғаныс қимылдарын жүргізе алмайтынын көруге болатын.

2.2. НАТО-ның Югославияға қарсы әскери операциясы (1999) барысында ақпараттық технологиялардың қолданылуы

НАТО Югославия Одақтық Республикасына (ЮОП) қарсы әскери операцияға дайындық барысында ақпараттық соғысты ұйымдастыруға және оны жүзеге асыруға үлкен көңіл бөлді. Осы қақтығыс барысында қолданылған ақпараттық ықпал жасау әдістерінің сан түрлі болуы оның ақпараттық соғыс саласындағы мамандардың кейінгі онжылдықтардағы зерттеулерінің негізгі дереккөзі болуын қамтамасыз етті.

НАТО-ның Косовоға қарулы араласуына ақпараттық-психологиялық дайындық 1998 жылы басталды. Батыстық БАҚ-тарда сербтерге қарсы истерияны қоздыру және Косоводағы «этникалық тазартулар» тақырыбын көтеру сатылы түрде жүргізіле бастады. Теледидарлар экрандарында, газет-журнал беттерінде «сербтердің зұлымдықтары»

мен «албан халқының мұң-зарын» тұрақты түрде көрсету арқылы 1998 жылдың соңы мен 1999 жылдың басына қарай Батыстың қоғамдық пікірін Косово мәселесін күш қолдану арқылы реттеу сценарийін дайындап үлгерді. НАТО мемлекеттерінде қақтығыстың алдында жүргізілген сауалнамалар осы елдер халқының 55-70%-ы ЮОП-ға әуеден соққы жасауды қолдағанын көрсетті.

АҚШ пен НАТО саясатына қатысты Балқанда және халықаралық қауымдастық алдында позитивті пікірдің қалыптасуы, НАТО қимылдарына қатысты бейтарап позиция ұстанған Ресей, Қытай және басқа да мемлекеттердің ықпалын жою НАТО операциясын ақпараттық қамсыздандырудың стратегиялық деңгейдегі басты мақсаттары болды. ЮОП-дың ішкі жағдайын ушықтыру, Югославия халқының алдында ЮОП президенті С.Милошевич үкіметінің абыройын төгу, тұрғындардың және югославиялық қарулы күштердің рухын түсіру, оны сатқындық пен бағынбаушылыққа итермелеу, ЮОП-ға оппозициядағы ұйымдарға, саяси қайраткерлер мен БАҚ-тарға қолдау білдіру ақпараттық соғыстың оперативті-тактикалық деңгейдегі мақсаттары болды.

Косово албандарын геноцидтен құтқарып, олардың туған жеріне қайтаруға «бағытталған» әскери акцияның «гуманистік» мақсаттарын түсіндіру, халықаралық қауымдастықты Балқандағы және әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықтың кепілі БҰҰ емес, НАТО екеніне көндіру, НАТО атынан Косовода халықаралық әскери контингентті орнату қажеттілігіне көндіру, альянстың әскери күш-қуаты мен блоктың елдерінің жазбас бірлігін көрсету операция барысында ақпараттық қамсыздандыру мазмұнының үздіксіз тақырыптары болды.

Блоктың әскери-саяси басшылығы ақпараттық-психологиялық ықпал жасауды епті де тиімді жүзеге асыру НАТО-ның күш жұмсау акцияларын халықаралық қолдаумен

айтарлықтай қамтамасыз етіп, ЮОП басшылығы мен қарулы күштерінің моральдық-психологиялық орнықтылығына ықпал жасайды деп санады.

Әскери операцияны жоспарлау барысында блоктың ақпараттық құрылымдарының негізгі күштерінің мақсаттары [144]:

- ЮОП әскери-саяси басшылығына қатысты ол дағдарыстың және Косово мен Метохиядағы гуманитарлық апаттың негізгі себепшісі деген негативті түсінік қалыптастыру;

- серб халқының моральдық-этикалық құндылықтар жүйесін бұзу;

- ЮОП-дың саяси күштерінің арасындағы қатынастардағы психологиялық климаттың жағымсыздығын өрбіту;

- НАТО-ның ЮОП-ға қатысты құқықтары міндетті түрде жүзеге асатыны жайлы баса айту;

- блоктың біріккен қарулы күштерінің әлеуетті мүмкіндіктері мен оның қаруының жоғары тиімділігін жариялау арқылы ЮОП-дың әскери-саяси басшылығында НАТО-ның күш жұмсау акцияларына қатысты үрей қалыптастыру;

- АҚШ пен НАТО-ның сыртқы саяси басшылықтарының шешімдері бұлжымас, қимылдары дәйекті деген репутациясын қалыптастыру;

- ЮОП басшылығындағы маңызды тұлғаларды олардың психологиялық ерекшеліктерін, саяси және басқа бағдарларын ескере отырып, индивидуалды ақпараттық «өңдеу», қоғамдық мінез-құлықтың ұлттың моральдық әлеуетін азайтатын түрлерін насихаттау және енгізу.

Аталмыш мақсаттарды жүзеге асырумен бірге ЮОП-дың ақпараттық инфрақұрылымына әсер ету бойынша бірқатар шаралар жоспарланды.

Югославияны бомбалауға бұйрық берген АҚШ президенті Б.Клинтонның америкалықтардың көпшілігі Косовоны картадан көрсете алмағанын мойындағаны АҚШ халқы үшін осы аймақта соғыс бастап не керек екені түсініксіз болғанын дәлелдейді. Авиациялық соққылар басталмас бұрын америкалықтарда сербтер мен Югославия жайлы түсініктер қалыптастырылды. АҚШ баспасөзінде осы ел туралы көптеген мақалалар жарық көрді, онда сербтер агрессорлар және көршілес елдерді қанаушы ел ретінде көрсетілді.

Жүзеге асырылған сәтті насихаттың арқасында АҚШ пен Еуроодақ халқы этникалық тазарту саясатын ақтау үшін сербтердің өздері қарулы қақтығысты бастап отырғанына сенімді болды [145].

Батыс елдерінің БАҚ-тарында НАТО-ның Югославияға қарсы операцияға дайындығы кезеңінде жарық көрген мақалаларды талдау теле- және радиокөпманиялар, газеттер, интернет ауқымды ақпараттық кампания жүргізу үшін қолданылғанын дәлелдейді. Ақпараттық соғыс кезінде шындыққа жанаспайтын, жалған ақпараттың кеңінен таратылғанын атап өту керек. Осындай шаралардың басты мақсаты әлемдік жұртшылықты НАТО-ның Балқандағы операциясын қолдауға шақыру болмаса да, оның операцияны жүзеге асыруға кедергі келтірмеуін қамтамасыз ету болды. Ақпараттық соғыстың негізгі арналарының қызметін «The Washington Post» басылымы, «CNN» теле-, радиокөпманиясы, ағылшындардың «The Times» газеті және «The Economist» журналы, «BBC» компаниясы және немістің «Die Welt» газеті атқарды. Оларда Косоводағы этникалық албандардың мәселесіне басты назар аударылды.

Осы мәселе бойынша жарияланған ақпараттық хабарламаларды сараптау жалған ақпарат таратудың орын алғанын көрсетеді. Оның мақсаттары келесідей болды:

- әлемдік жұртшылық алдында ЮОП-дың әскери-саяси басшылығының, президент С.Милошевичтің абыройын түсіру. Осы мақсатпен БАҚ-тарда түрлі сипаттағы мақалалар жарық көріп отырды. Біреулерінде С.Милошевич «шовинизм саясатын» жүргізіп, этникалық тазартуларды ұйымдастырды деп айыпталса, екіншілерінде елдің экономикасын ауыр халге жетеледі деп сипатталды;

- сербтердің басшылығы мен тұрғындарының теріс имиджін қалыптастыру. Үкіметтік әскердің әскери тұтқындар мен бейбіт албан тұрғындарына қатысты зұлымдықтары туралы мақалалар бірінің соңынан бірі шығып отырды;

- Косово албандарының оң имиджін қалыптастыру. Бұл мақсат оңайлықпен жүзеге асты деп айтуға келмейді. Мәселен, албан диаспорасының есірткі саудасымен айналысатыны қалың бұқараға белгілі болды;

- сепаратистер талабының заңды иллюзиясын қалыптастыру. Бұл мақсат БАҚ-та «албандардың демократиялық талаптары», «өз тағдырын өзі шешу құқығы» секілді тіркестерді жиі қайталау арқылы лексикалық әдістермен және халықаралық құқық тұрғысынан маңызды мәнге ие көптеген фактілер туралы сөз қозғамау арқылы жүзеге асырылды. Мәселен, халықаралық ұйымдар келіссөздер жүргізген «Косовоның азаттық әсерінің» (КАА) барлық мүшелері кез келген мемлекеттің заңдары бойынша қылмыскер болып табылатыны және заңсыз қарулы құрамаларға қатысқаны үшін сотталуға лайықты екені «ұмытылып» кетті;

- Косоводағы «гуманитарлық апаттың» көлемін асыра көрсету және жағдайға халықаралық қауымдастықтың араласуына негіздер келтіру.

Әуе соққылары басталысымен ЮОП-ға қарсы бағытталған ақпараттық-насихаттық шаралардың қарқындылығы күрт ұлғайды. НАТО жетекші елдерінің басшыларының

Югославияға қарсы әскери акцияның қажеттілігін түсіндіруге бағытталған мәлімдемелері дүниежүзілік теле- және радиоқызмет арқылы әлемнің көптеген тілдерінде, соның ішінде серб тілінде трансляцияланды. АҚШ мемлекеттік хатшысы М.Олбрайт әуе соққылары кампаниясы кезеңінде спутниктік телеарналар арқылы Югославияға халқына екі рет серб тілінде мәлімдеме жасады.

М.Олбрайт өз мәлімдемелерінде «ярлык тағу» әдісін қолданды. Ол Косоводағы жағдайды Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистердің жебірейлерді жоюмен салыстырды. «The Washington Post» газетіне берген сұхбатында ол: «Гитлер мен басқа тирандарды оларға алғашқы кезден бастап қарсылық көрсетілгенде тоқтатуға болар еді», – деп мәлімдеді.

АҚШ БАҚ-тарында сербтерге қарсы риториканың орын алғанына қарамастан, объективтілікті сақтау мақсатымен кейбір сербтерді америкалық телевизияға шақырып отырды. Сонымен қатар арналардың бірінде Белградтың жаңалықтар бағдарламасы ағылшын тілінде күнделікті көрсетіліп тұрды. Дегенмен Югославия насихатының әсері кешкі жаңалықтардағы Косоводан қашқан мыңдаған босқындар туралы репортаждармен басылып отырды.

Америкалық БАҚ-тардағы жалған ақпарат таратудың жарқын мысалы ретінде әуеской камераға белгісіз фермер түсірген «Рачак маңындағы бейбіт албандықтарды жаппай ату» туралы репортажды айтуға болады. Алайда неліктен серб полициясы 45 бейбіт азаматты атқан жырада қанның іздері табылмай, олардың киімдерінде оқтың тесіктері болмады деген сұраққа жауап бере алмады. Бұл мәйіттер басқа жерден әкелініп, олардың қолында дәрі іздерінің болуы олар КАА боевиктері екенінің дәлелі болды. Оларға шайқастан кейін басқа киімдер кигізілгені анықталды. Бұрмалауды мойындаған халықаралық комиссияның сараптамасына

қарамастан, көптеген БАҚ өкілдері сербтер Рачак ауылында қырғын-сүргін ұйымдастырды деп айтуын тоқтатпады. Серб полициясы бір мектеп мұғалімдерінің барлығын оқушыларының алдында атып тастады деп бірнеше апта бойы хабарланды. Содан кейін «Приштина аймағында сербтер концлагерьлерде албандарға зұлымдық жасап жатыр» деген хабарлама пайда болды. Соңында батыстық БАҚ-тар ақпараттың расталмағанын мойындағанымен, оны көп адам байқамады.

Батыстық БАҚ жаңалықтары біркелкі бола бермегенін де атай өткен жөн. Кейбір басылымдарға қақтығыс туралы хабар таратудың жалпы векторына сай келмейтін мәліметтер түсіп, НАТО-ның шайқастағы шығындары жайлы ақпарат тарап отырды. Мәселен, Грекияның «Атинаики» газеті бірінші бетінде қаза тапқан алғашқы 19 америкалықтың мәйіті Македониядан Салоникиге жеткізіліп, АҚШ-қа жөнелтілетінін хабарлады. Соған қарамастан Грекияның басшылығы осы туралы ештеңе білмегенін мәлімдеді. «Атинаикидің» хабарлауы бойынша, АҚШ шығындары жайлы Вьетнамдағыдай «үнсіздік заңына» сүйеніп, кейінірек сәті түскенде хабарлағысы келген.

«Біңғайсыз» ақпарат пайда болғанда АҚШ-тың ресми өкілдері өздерін бірдей ұстады: алдымен АҚШ-ты жағымсыз қырынан көрсететін ақпарат ресми түрде жоққа шығарылып, кейінірек Югославия арандату дайындағаны үшін айыпталып отырды. Мәселен, Югославия тарапының хабарламалары олардың растығына дәлел келтірілген жағдайда ғана мойындалды. Мәселен, НАТО-ның құлатылған ұшақтары туралы ақпаратты альянс тек ұшақтың айыратын белгілері, бортындағы нөмірі мен агрегаттарының таңбалары көрсетілгенде ғана растады.

Операция басталғаннан кейін батыс елдерінің радиостансалары серб, албан, болгар, македон тілдеріндегі ха-

бар тарату көлемін күрт ұлғайтты. «Америка дауысы» мен «Азат Еуропа» радиолары Боснияда, Македонияда, Венгрияда орналасқан үш таратқыш арқылы тәулік бойы УҚТ-диапазонында Югославияға хабар таратып отырды. Кейінірек АҚШ Румыния аумағында ОТ- және УҚТ-диапазондарында жұмыс істейтін «Америка дауысының» таратқыштарын орналастыруға қол жеткізді. «Неміс толқыны» радиостансасы ЮОР-ға УҚТ- (FM-) диапазонында серб тілінде хабар таратып отырды. Сонымен қатар «BBC» радиостансасы өзінің Албанияда орналасқан таратқыштары арқылы Югославияға хабар таратқанынан тыс Югославияда тыйым салынған оппозициялық «В-92» радиостансасына ретрансляция жасауға өзінің арналарын берді.

Баспа насихаты да назардан тыс қалмады. Македонияда Франция мен Ұлыбританияның қаржылық-техникалық жәрдемінің арқасында Косово албандарына арналған таралымы 10 мың дана «Коха диторэ» апталығы жарық көре бастады.

Ұлыбритания өкілі Дж.Шеа басшылық еткен НАТО-ның Брюссельдегі баспасөз қызметі ЮОР-ға қарсы ақпараттық соғыста маңызды рөл атқарды. Әскери қимылдар басталғаннан кейін бұрын алты-ақ қызметкерден тұрған блоктың баспасөз қызметінің штаты күрт өсті. Брюссельге арнайы жіберілген Ұлыбритания үкіметінің баспасөз хатшысы А.Кемпбелдің басшылығымен онда «әскери кабинет», яғни құрамында қоғаммен және БАҚ-пен байланыс жасау бойынша 40 маманы бар арнайы үйлестіру органы құрылды. Осы құрылымның міндеттерінің ішіне батыстық, югославиялық және басқа да халықаралық БАҚ-тардың Балқандағы жағдай туралы хабарламаларын талдау, альянстың басшылығына арналған осы БАҚ-тарда әскери операциялардың барысын көрсетуге қатысты жалпы стратегияны анықтау бойынша ұсыныстар, НАТО-ның баспасөз мәжілістері, брифингтері

мен баспасөз-релиздеріне арнап материал дайындау жұмыстары кірді. Журналистік корпусың қимылдарын өз қолында ұстай отырып, альянстың ресми құрылымдары кейбір репортерлердің батыс елдерінің аудиториясына югославиялық тараптың көзқарасын жеткізу талпыныстарына бөгет болып отырды. Кейбір тәуелсіз сарапшылардың пікірінше, баспасөз қызметінің жұмысы біржақты ақпаратты таратумен, оны толық көлемде таратпаумен, фактілерді бұрмалаумен, НАТО әскерінің қателіктерін серб тарапының мойнына тағумен, ақпараттың қолжетімділігін төмендетумен, БАҚ-ты өз мүдделеріне сай бағыттаумен сипатталады.

НАТО-ның Брюссельдегі штаб-пәтеріндегі брифингтерде Балқандағы соғыс Ирактағы соғыс кезінде қалыптасқан тәжірибеге сәйкес тек виртуалды күйде ғана таныстырылды, нысаналарды дәлдігі жоғары қару арқылы жою бейнежазбалары көрсетілді. Блоктың шығындары, бейбіт халық арасындағы құрбандар, шетелдік елшіліктерді бомбалау, НАТО ұшқыштарының қателіктері туралы қойылған сұрақтар көп жағдайда жауапсыз қалып отырды, жауап берілсе де, «әскери қимылдар кезінде қайғылы кездейсоқтықтар болып тұрады» деген сияқты жауаптар болды. Соған қарамастан, альянстың баспасөз қызметінің трибунасы КАА өкілдеріне тапсырылып, олар сербтердің әскери қылмыстарын әшкерелеуді тоқтатпады. НАТО баспасөз орталығы, Македония мен Албаниядағы косоволық босқындардың лагері арасында телекөпірлер ұйымдастырылып, арнайы дайындалған және ақысы төленген «куәгерлер» серб күштерінің Косоводағы зұлымдықтары туралы айтып беріп отырды.

Косоводағы қақтығыс кезінде Б.Клинтонның әкімшілігі мен НАТО БАҚ-та екі тарапқа да қатысты шығын туралы алдын ала келісілген ақпарат айтып отырды. Дегенмен тексеру барысында көптеген ақпарат асырып берілгені анықталды. Егер АҚШ Қорғаныс министрлігі ертерек-

те сербтердің этникалық тазартуларының салдарынан 100 мың албан қаза тапса, енді олардың саны 10 мың адамды құрайтынын айтты.

Осы қақтығыс кезінде интернет те шайқас алаңына айналды. Интернетте ақпараттық соғыс екі түрде жүзеге асты: біріншіден, қарсыластар бір-бірінің ақпараттық инфрақұрылымын бұзуға талпынса, екіншіден, екі тарап та желілерді насихаттық мақсаттарын жүзеге асыру үшін қолданды.

Балқандағы жағдай туралы хабарлайтын парақшалар көптеген сайттарда, соның ішінде АҚШ-тың қарулы күштерінің сайтында пайда болды. Осындағы ақпарат ресми ұстанымды насихаттап, қоғамның оң пікірін қалыптастыруға бағытталды. Сонымен қатар интернет тұтынушыларын Югославияның оппозициялық күштерін қолдау бойынша ынталандыру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, АҚШ-тың бір компаниясы косоволық албандар мен сербтерді және Косовода ағымдағы оқиғалар туралы жазғандардың барлығын электрондық пошта, интернеттегі пікірталастарға қатысу құпиялығын қамтамасыз ететін техникалық мүмкіндіктермен тегін қамсыздандырды. Сарапшылардың пайымдауынша, басқа арналар қолжетімсіз болған жағдайда осы мүмкіндік арқылы қажетті ақпаратты тарату интернетті Югославиядағы соғыстың барысына ықпал жасай алатын күшті қаруға айналдырды.

АҚШ президентінің шешімі негізінде ықпал жасау объектілері анықталды: саяси деңгейде бұлар НАТО мемлекеттерінің қалың жұртшылығы және әлемдік қауымдастық, стратегиялық деңгейде – Югославияның үкіметі, оның халқы мен қарулы күштері болды. Барлық іс-шараларды екі кезеңде жүзеге асыру жоспарланды.

Бірінші кезеңде (әскери операцияға дейін) саяси деңгейде ақпараттық ықпал жасау көзделді. Негізгі объектілері НАТО

мемлекеттерінің, Еуропаның басқа елдерінің, Ресейдің қалың жұртшылығы, Таяу және Орта Шығыс, Азия халқы болып табылды. Осы кезеңде қойылған басты мақсаттар АҚШ пен оның НАТО бойынша одақтастарының ЮОП-ға қатысты курсы халықаралық қолдаумен қамтамасыз ету, әлемдік қауымдастықты Югославияда албандықтардың құқықтарына нұқсан келтіріліп жатқанына және әскери күш қолдану қажеттілігіне сендіру болды.

Екінші кезеңде (әскери операция басталысымен) ақпараттық қарсы тұруды стратегиялық деңгейде жүзеге асыруға екіпін жасалды. Югославия Одақтық Республикасының үкіметі, қарулы күштердің жеке құрамы мен халқы мемлекет аумағындағы негізгі объектілер ретінде алынды. Осы кезеңдегі ақпараттық әсер ету шараларының түпкі мақсаты ЮОП-ды сөзсіз тізе бүктіріп, АҚШ пен НАТО шарттарына көндіру болды.

Ақпараттық соғыстың жоспары әскери контингентін жіберген НАТО-ның барлық мүше мемлекеттерімен келісілді. Оны жүзеге асыруға НАТО мемлекеттерінің жоғарғы саяси басшылығы, сыртқы істер министрліктері, арнайы қызмет органдары, ұлттық БАҚ, психологиялық операциялар жүргізудің әскерлік құрылымдары қатысты. Югославияға қарсы ақпараттық соғысқа осы күштердің қатысуы АҚШ президентінің, Ұлыбритания премьер-министрінің, НАТО бас хатшысының, Солтүстік-атлант альянсына мүше мемлекеттердің сыртқы істер және қорғаныс министрліктерінің басшыларының көптеген теле- және радио мәлімдемелерінде расталды.

АҚШ-та ақпараттық соғыстағы басты міндеттерді жүзеге асыру стратегиялық деңгейде мемлекеттік департамент, АҚШ ақпараттық агенттігінің (ЮСИА) бөлімшелері (халықаралық спутниктік тележелілер, «Америка дауысы», «Азат», «Азат Европа» радиостансалары), Орталық бар-

лау басқармасы мен Пентагонның психолог-мамандарына жүктелді.

ЮСИА-ның құрылымдық бөлімшелері әлемнің көптеген мемлекеттерінің мекенжайына өз бағдарламаларының жазбаларын тегін жіберіп, түрлі ақпараттық бюллетеньдерді басып шығарды. ЮСИА қызметінде америкалық мәліметтерді шетелдік баспасөзде жариялауға көп көңіл бөлінді. ЮСИА-ның өнімдерін АҚШ ішінде таратуға қатал түрде тыйым салынғанын атап өткен жөн.

Осылайша, ЮОП-ға қарсы бірқатар ақпараттық-психологиялық операциялар жүзеге асырылды. Ол ақпарат көздерін жою, әскери басқару жүйесіне зақым келтіру немесе оны әлсірету, әскер мен халықты оқшаулау мақсатымен Югославияның ақпараттық жүйелеріне күшті әсер етуді қамтыды.

Югославия аумағында «Америка дауысы» радиостансасын жұмысқа қосу, халықтың қоғамдық пікірін қолда ұстап тұру мақсатымен теле- және радиоорталықтарды қирату ақпараттық агрессияның құрамдас бөлігі болып табылды. Приштина мен Белградтағы телеорталықтар қиратылғаннан кейін жергілікті тұрғындар тек НАТО мемлекеттерінің бұқаралық ақпарат қызметтерінің ақпараттық аясында қалуға мәжбүр болды. НАТО Югославияның ақпараттық кеңістігін тікелей жаулап алу үшін бұрынырақ Иракта, Гренадада, Панамада АҚШ апробациялаған әдістерді, соның ішінде серб телевизиясы қолданатын жиіліктерде хабарлама тарататын «Commando Solo» әуедегі теле- және радиостансасын пайдаланды [146].

«Commando Solo» ұшағы жайлы айта кететін болсақ, АҚШ-тың ақпараттық-психологиялық концепцияларына сәйкес, АҚШ соңғы он жылдықтарда орын алған жергілікті қақтығыстар кезінде ақпараттық-психологиялық операциялардың мобильді құралдарына өте үлкен көңіл бөліп

отыр. Ұшақтарда орнатылған теле- және радиостансалардың тиімділігі жоғары бағаланады, өйткені оларды операцияның кез келген аймағына жіберіп, ол жерде ұзақ уақыт бойы дербес режимде жұмыс істеуге болады. Сонымен қатар, осындай құрылғылардың арқасында үлкен аймаққа сигнал таратуға болады.

1980 жылдардың соңында осы концепцияны жүзеге асыру контекстінде АҚШ «С-130 Геркулес» ұшағының негізінде арнайы ұшақтарды жасап шығарды. Оларға және олардың негізінде жасалған радиоэлектрондық барлау ұшақтарына бастапқыда «EC-130E» атауы берілді. Ақпараттық-психологиялық операцияларға арналған ұшақ «EC-130E RR» («Rivet Raider») деп аталды, кейін осы атау «Volant Solo» атауына, кейінірек «Commando Solo» атауына ауыстырылды.

Техникалық сипаттамасына сай «EC-130E RR» ұшағында көптеген жиіліктерде хабар тарататын және әлемдік WWCTV түрлі-түсті форматында телебағдарлама көрсететін құрылғылары бар. 450 кГц-тен 350 мГц аралығындағы диапазонда жұмыс істейтін алты таратқыш ұшақтың барлық жерінде орнатылған тоғыз антенна арқылы сигнал таратады. Фюзеляждың үстін бойлай орнатылған сымды антенна қапталындағы бағыттарға, ал кильдегі төрт телевизиялық антеннадан тұратын кешен төменге қарай бағытталған радиохабар таратудың ең жоғары қуаттылығын қамтамасыз етеді. Ұшақтың құйрығындағы ұзындығы айнымалы антенна сигналдардың параметрлерін өте дәл жөндеу үшін арналған, теледидар экранындағы көріністің сапасы қандай болатыны осы антеннаға байланысты. Сегіз радиқабылдағыш 200 кГц пен 1000 мГц аралығындағы диапазонда жұмыс істейді. Олар қабылдайтын толқындар жиілік спектрінің төрт анализаторына барып түседі. Осы анализаторлар қабылданған сигналдардың параметрлерін анықтап, өз бағдарламаларын

тарату үшін жаудың радио- және телеорталықтары жұмыс істейтін жиіліктерін басып ала алады.

Құрылғының құрамына осылардан басқа бір-бірімен байланысты «AN/ARC-186» және «AN/ARC-164» радиостансалары, «KY-58» шифрлау құрылғысы, жаудың іске қосылған стансаларын пеленгілеу жүйесі кіреді. Ұшақ өзін жаудың радиолокациялық стансаларының толқындарынан «AN/AAR-47» құрылғысы және «AN/ALQ-157» инфрақызыл кедергі генераторы арқылы қорғанады.

«Commando Solo» ұшағының хабар таратуы өте жоғары биіктіктен жүзеге асырылады, ол 12 сағатқа дейін тұйықталған эллипс траекториясымен ұша алады, қажет болған жағдайда жанармайды аспанда ауыстыра береді. Жоғары қауіпсіздікке қол жеткізу үшін ол ракетаға қарсы қорғаныс құралдары қол жетпейтін мемлекеттің шекарасының маңында жұмыс істейді (Югославия, Ирак). Егер қауіп төнбесе, тікелей мемлекеттің үстінен де ұшып жүре береді (Панама, Гаити, Ауғанстан).

Пентагон «Commando Solo» ұшағының тиімділігін «B-2» бомбалаушыдан гөрі жоғары бағалайды. АҚШ ҚК-нің үш «Commando Solo» ұшағы бар 193-әуе қанатында сонымен қатар «4 EC-130CL» («Comfy Levi») ұшағы бар. Ол жаудың радиобайланысуын өшіру үшін және радиохабар таратуларын қағып алып отыру үшін арналған [147].

Ақпараттық-психологиялық операциялар шеңберінде Югославияға көршілес мемлекеттер аумағынан радиохабарлама тарату және үгітшілік үндеулер тарату жоспарланған болатын. АҚШ-тың құрлықтағы әскерлерінің командованиесінде болған психологиялық операциялардың штаттық жасақтары мен арнайы БАҚ-ты белсенді пайдалану көзделді. Югославияның компьютерлік желілерінің жұмысына зақым тигізу мақсатымен Пентагон тапсырысы бойынша Нью-Йорк университеті компьютерлік мәлімет ба-

заларына енгізуге арналған бағдарламалық вирустар пакетін жасап шығарды.

АҚШ пен НАТО-ның әскери қимылдарын ақпараттық қамтамасыз ету, ең алдымен, ЮОП қарулы күштерінің басқару жүйесіне қарсы бағытталған болатын. Осы мақсатпен басқарылмалы ракеталармен қатар электромагнитті бомба қолдану жоспарланды. Оның қиратқыш күшін ядролық жарылыс кезіндегі электромагнитті импульстің зақымдаушы факторымен салыстыруға болады. Осы импульс ондаған километр радиус шеңберінде барлық радиоэлектрондық техниканы істен шығара алады.

Ақпараттық қамтамасыз ету міндеттерін табысты жүзеге асыру, әскери сарапшылардың пайымдауынша, негізгі үш мақсатқа қол жеткізуді көздеді:

- жаудың ақпараттық жүйесі жұмысының шифрын анықтау және оны түсіну мүмкіндігі;
- оларды залалдандыруға арналған әртүрлі тиімді құралдардың болуы;
- ақпараттық нысаналарды жою сапасын бағалауға дайындық.

ЮОП-ға қарсы әскери операция барысында АҚШ пен НАТО басшылығы жекелеген акцияны жан-жақты қамтамасыз етуге ғана талпынбады. Ақпараттық соғысты жүргізудің келешегі бар әдістерімен жұмыс істеуге көп назар аударылды.

НАТО басшылығының көзқарасы бойынша, ақпараттық технологиялары бар қарулы күштер әскердің жаңа категориясы болып табылады, оның әскери қимыл жүргізу тактикасы, ұйымдық-штаттық құрылымы, жеке құрамының дайындық деңгейі мен қаруы ерекше болып келеді және қазіргі заманғы соғыс талаптарына толығымен жауап береді. Ақпараттық соғыс жүргізуге жұмылдырылатын әскерлер мен күштер сандық байланыс технологияларын, әскери басқару мен

барлаудың біртұтас жүйелерін, дәлдігі жоғары қаруларды белсенді пайдаланады. Оларды қазіргі заманғы қару түрлерімен қамтамасыз ету осы күштердің қимылдарының тиімді болуының маңызды шарты болып табылады.

НАТО-ның «Одақтастар күші» («Allied Force») операциясында ақпараттық ықпал жасау XX ғасырдың 90 жылдары АҚШ-тың қарулы күштерінің әскери операцияларында (Ирактағы «Шөлдегі боран», Гаитидегі «Демократияны қолдау»; Босния және Герцеговинадағы IFOR, SFOR операциялары және т.б.) табысты апробациядан өткен механизмдерді пайдалану арқылы жүзеге асырылды. НАТО-ның біріккен қарулы күштері (БҚК) мен Югославия қарулы күштерінің арасындағы ақпарат үшін күрестегі басты күш ақпараттық-психологиялық және ақпараттық-техникалық салаларда шоғырланды.

НАТО БҚК-нің ЮОП-ға қарсы әскери операциясы кезіндегі ақпараттық соғыстың негізгі құрамдас бөлігі Батыс елдерінің ірі БАҚ-тары мен АҚШ ҚК-нің психологиялық соғыс жүргізу күштерінің Югославия халқы мен оның қарулы күштерінің жеке құрамына, Солтүстік-атлант блогының мемлекеттеріне, әлемдік жұртшылыққа бастырмалатқан идеологиялық және психологиялық әсер ету болып табылды.

НАТО БҚК-нің «Одақтастар күші» операциясындағы қимылдарын әлем жұртшылығының позитивті пікірімен қамтамасыз ету үшін блоктың мемлекеттері қару қолдану керек жау бейнесін қалыптастыруға бағытталған күшті әрі белсенді үгіт-насихат кампаниясын жүргізді. Қоғамдық санаға әсер ету әдістері:

- оқиғалар жайлы репортаждар;
- Косово және Метохияның албан тұрғындарына қатысты геноцид жасалғаны жайлы баяндау;
- АҚШ пен альянс мемлекеттерінің ҚК-нің қазіргі заманғы қару түрлерінің күш-қуаты мен мүмкіндіктерін, Югославияны ракетамен бомбалау нәтижелерін көрсету;

- Балқандағы оқиғаларға қатысты әлеуметтік сұрақ-жауаптарға түсіндірмелер сияқты дәстүрлі әдістер қолданылды.

Әскери операция барысында АҚШ пен НАТО позицияларының жақтаушысы, басты үгіттеушісі және насихаттаушысы рөлін Қорғаныс министрі У.Коэн сомдады. Бақылаушылардың мәліметтері бойынша, бомбалаудың бірінші күнінің өзінде-ақ ол бірден сегіз бағдарламада, негізгі арналардың таңғы жаңалықтарының бесеуінде және ең танымал кешкі ақпараттық-сараптамалық бағдарламаның үшеуінде сөз сөйледі. У.Коэнге АҚШ президентінің Ұлттық қауіпсіздік бойынша көмекшісі С.Бергер мен мемлекеттік хатшы М.Олбрайт жәрдемдесті.

АҚШ азаматтары алдында сербтерге қарсы үндеумен АҚШ президенті Б.Клинтон сөз сөйледі. Югославиядан мыңдаған шақырымда болса да, өз отандастарына егеменді мемлекетке қарсы әскери күш қолданудың себептерін түсіндіріп берді.

Осы кезеңде «CNN» телеарнасында тапсырыспен түсірілген бірқатар бағдарламалар көрсетіліп, олардың барысында әскери сарапшылар мен талдаушылар жаңалықтар мен сараптамалық бағдарламалардың басым бөлігінде НАТО-ның қимылдарын қолдауға арнады. Америкалықтардың сезімін өз пайдасына шебер аударып отырған «CNN» телеарнасының жетекші тілшісі К.Аманпор АҚШ мемлекеттік департаментінің ресми өкілі Дж.Рубиннің әйелі болды.

Сербтердің Косово және Метохиядағы жауыздығы, косоволық әйелдер мен балалардың азап шегуі жайлы сюжеттерде тілші әйелдің қызметін пайдалану америкалық аудиторияға үлкен психологиялық әсер еткенін атап өткен жөн.

Косово және Метохиядағы операцияның бірінші екі аптасы ішінде «CNN» интернетте жарық көрген отыздан астам

мақала дайындады. Орта есеппен алғанда, әрбір мақала НАТО-ның ресми өкілдеріне сілтемемен Т.Блэрді шамамен он рет атап өтті. Шамамен сонша рет әрбір мақалада «босқындар», «этникалық тазартулар», «жаппай қырып-жою» сөздері көрініс тапты. Ал Югославияның бейбіт халқы арасындағы құрбандар орта есеппен алғанда 0,3 рет атап өтілді. Жаңалықтар мәтінінің мазмұнын талдау орын алған психологиялық операциялар жақсы даярланған деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Объективті сандар мен құжаттық мәліметтерді пайдалану аудиторияға ықпал жасаудың сенімді тәсілдерінің бірі болды. Мәселен, «CNN» талдаушыларының бірі серб әскерлеріне арналған қан қорын қалыптастыруға 700 албан баласын жұмылдыру фактісі орын алды деп мәлімдеді [148]. Осындай жалған мәлімет, әрине, Батыстың қоғамдық пікіріне үлкен әсерін тигізді.

«CNN» басқа БАҚ-пен және АҚШ ҚК-нің психологиялық операциялар топтарымен өзара әрекеттескендегі қызметі бәрінен кең аудиторияны қамту, белсенді түрде жалған ақпарат таратуға бағыттталып, өзінде аудиторияның зеректігіне байланысты мәлімет таратудың түрлі жолдарын қамтыды.

«Көңгісі келмейтін» югославтарға психологиялық қысым жасаудың қосымша тәсілдері ретінде америкалық мамандар:

- Югославияға қарсы толық экономикалық блокада енгізу;
- азаматтық бағынбаудың, жаппай наразылық митингтері мен шерулердің туындауын әдейі қоздыру;
- заңсыз бүлдіргіш және террорлық акцияларды таңдады.

Әскери операцияның дайындық кезеңіндегі ақпараттық күш сынасу барысында НАТО өзінің күш қолдану акцияларына қажетті халықаралық жағдай мен оларды халықаралық ұйымдардың қолдауымен қамтамасыз етуді қолға алды. ЮОП

халықтарының өздерінің ұлттық мүдделері үшін күресіндегі бірлігін бұзумен байланысты міндеттерді атқару онша сәтті болмады.

АҚШ пен НАТО тарапынан жүргізілген күшті ақпараттық-психологиялық ықпал жасау мен қолайсыз ақпараттық фонға қарамастан, ЮОП басшылығы, жалпы алғанда, ақпаратты басқару саласында өзін ұқыпты көрсете білді, ақпараттық-психологиялық қысымға табысты қарсы тұрды. Қақтығыс барысында ақпараттық инфрақұрылымның зақымдануынан югославиялық институттар тарапынан жағдайды бақылауды жарым-жартылай немесе толық жоғалту бірде-бір рет тіркелмеді.

Әскери қақтығыс кезінде НАТО әскерінің (күштерінің) қимылдарын ақпараттық қамтамасыз ету блок басшылығымен келесі бағыттар бойынша жоспарланды:

- әскерді (күштерді) қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін барлауды қолдану;
- жауды жаңылдыратын шаралар қабылдау;
- жедел жасырындықты қамтамасыз ету;
- барлық ақпараттық жүйе мен жеке құрамды сатылы зақымдау мақсатымен электрондық соғыс құралдарын пайдалану;
- ақпараттық ағындарды үзіп тастау;
- жаудың әскери басқару жүйесі мен байланыс жүйесін әлсіретіп, талқандау, өзінің балама жүйелерінің қорғанысын қамтамасыз етуге қажетті шараларды қабылдау.

Жоспарлардағы басты назар ақпараттық соғысты жүргізудегі келесі маңызды әдістерді жүзеге асыруға аударылды:

- штаб-пәтерлер, басқару пункттері мен Югославия әскерінің (күштерінің) әскери басқару орталықтарын толық қарусыздандыру үшін ауыр қару қолдану;
- Югославияның ҚК-нің ақпарат жинау орталықтарының жұмысын тұншықтырып, залалсыздандыру үшін және

оның байланыс құралдары мен радиолокациялық стансаларын істен шығару үшін тиісті электрондық құралдар мен электромагниттік қаруды қолдану;

- жау туралы барлау ақпаратын жинауға, оны талдап-өңдеуге жауап беретін югослав органдарын шабуыл қимылдарын даярлау және оларды жүргізуді имитациялау арқылы жаңылдыру;

- құпиялық режимін қатаң сақтау және жаудың ақпаратқа қол сұғушылығына тосқауыл жасау арқылы жедел жасырындықты қамтамасыз ету;

- ЮОП халқы мен әскерінің моральдық рухын түсіру үшін телевизия, радио, баспасөз пайдалану арқылы психологиялық операциялар жүргізу.

Ақпараттық соғыс жүргізудің аталған әдістерін жүзеге асыруда ақпараттық ықпал жасаудың маңызды түрлері ақпараттық-насихаттық акциялар, радиоэлектрондық қарсы тұру, жалған ақпарат тарату болды. Мәлімет базаларын бүлдірудің, югослав компьютерлік желілерінің жұмысын бұзудың арнайы жасап шығарылған әдістемелері мен жаңа технологиялары да қолданылды.

Блоктың шығындары тегістей төмендетіліп көрсетіліп, НАТО басшылығының қателіктері, бейбіт халықтың мерт болуы, әлем жұртшылығының әскери операцияның ары қарай жалғасуы мен кеңеюіне қарсы қимылдары жайлы ештеңе айтылмады.

АҚШ пен НАТО басшылығының қарулы қақтығысқа қатысушы мемлекеттердің халқы мен қарулы күштеріне ақпараттық-психологиялық ықпал жасаудың басты мақсаты егеменді мемлекетке қарсы альянстың біріккен қарулы күштерінің әскери операциясын жеткілікті дәрежеде ақтай алатын қоғамдық пікір қалыптастыру болды.

Алайда бастау алған операция шеңберіндегі НАТО жүргізіп жатқан ақпараттық әсер етудің бір беткей,

агрессивті сипаты Белград тарапынан алғаш рет қарсылық тудыртты. Оқиғаларды талдау операцияның бірінші кезеңінде АҚШ пен НАТО басшылығы ЮОП-дың осындай жауап қимылдарына толық деңгейде дайын болмағанын көрсетеді. Бұған НАТО үшін негативті көрсеткішке ие болған әлеуметтік сұрақ-жауап нәтижелерімен қатар операцияның екінші кезеңінде ақпараттық бақ сынасуда айырылып қалған бастаманы қайтару үшін альянстың нақты қимылдары дәлел бола алады.

БАҚ-тың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, Югославияның әскери-саяси басшылығына ақпараттық-психологиялық қарсы тұрудағы бастаманы уақытша қолға алу мүмкін болды. Үгітшілік кампанияға жұмылдырылған югослав БАҚ-тары Косово және Метохияның серб және албан болып табылатын бейбіт азаматтар арасындағы қаза табу және НАТО-ның БҚК-нің Женева конвенциялары және оларға Қосымша хаттамалардағы негізгі ережелерді бұзу фактілерін табысты баяндап, Ресей, Украина, Белоруссия және басқа мемлекеттердің саяси, діни, қоғам қайраткерлерін қолдауды қамтамасыз етті.

Жүзеге асырылған қарсы шаралар Югославия халқы арасында патриоттық сезімді арттырып, ЮОП ҚК әскерінің моральдық-психологиялық күйін көтерді. Шетел журналистерінің орын ауыстыруын шектеу, белгілі ақпаратты таратуға тыйым салу арқылы ЮОП басшылығы өздері жүргізіп жатқан саясаттың негативтілігі жайлы БАҚ жаңалықтарының санын азайта білді.

Сонымен, «Одақтастар күші» операциясының бірінші кезеңінде ЮОП-дың саяси және әскери басшылығының дер кезінде жүзеге асырылған шаралары АҚШ пен НАТО блогына әлемдік қауымдастықты Югославияда әскери операция жүргізу әдіс-тәсілдерінің сайма-сайлығы, оның мақсат-міндеттерінің әділетті екеніне көндіруге тосқауыл жасады.

Нәтижесінде АҚШ пен НАТО-ның Балқандағы саясатына қатысты әлем жұртшылығының пікірі белгілі дәрежеде екіге бөлінді.

АҚШ пен оның альянстағы одақтастарының Югославиямен ақпараттық-психологиялық қақтығысуындағы уақытша сәтсіздіктері жұртшылықпен байланыс саласындағы НАТО басшылығының жіберген көптеген қателіктерімен де түсіндіріледі. Мәселен, 1999 жылдың 14 сәуірінде орын алған Косово және Метохиядағы босқындар легіне жасалған авиациялық соққыға қатысты НАТО басшыларының берген түсіндірмесі сәтсіздікке ұшырады. Болған оқиғаның азды-көпті айқын нұсқасын ұсыну үшін альянстың баспасөз қызметіне бес күн керек болды.

Блок пен оның баспасөз қызметінің арасында қимыл бірлігінің болмауы 8 мамырда Біріккен әскери әуе күштерінің Белградтағы Қытай елшілігінің ғимаратына, көлік құралдарына (12 сәуір, 1, 3, 5, 30 мамыр), Алексинац (5 сәуір), Приштина (9 сәуір), Сурдулица (27 сәуір, 31 мамыр), София (28 сәуір), Ниш (7 мамыр), Крушевац (30 мамыр), Нови-Пазар (31 мамыр) қалаларындағы тұрғын үй орамдарына және басқа да объектілерге жасаған авиациялық соққыларын ақтау кезінде де көрініс тапты.

НАТО баспасөз қызметінің жұмысындағы жиілеп кеткен сәтсіздіктер мен қателіктер операцияның екінші кезеңінде блоктың Брюссельдегі штаб-пәтерінде НАТО-ның ақпараттық-насихаттау аппаратын маңызды қайта ұйымдастыруға алып келді. Баспасөз қызметінің аппараты «паблик рилейшнз» саласындағы мамандармен, соның ішінде АҚШ пен Ұлыбританиядағы сайлауалды кампанияларының ұйымдастырушыларымен күшейтілді.

Ақпараттық қарсы тұруда айырылып қалған басымдықты қайтару үшін НАТО бірнеше шешуші шараны жүзеге асырды.

Біріншіден, бірқатар әлемдік радиостансалар («Америка дауысы», «Неміс толқыны», «BBC» және т.б.) Балқан өңірінің елдеріне УҚТ-диапазонында жүргізілетін албан, сербхорват және македон тілдеріндегі радиохабар тарату қарқынын едәуір арттырды. Радиостансалар Сербиямен шекаралас жерде шұғыл орнатылған америкалық радиотаратқыштарды пайдаланды. ЮОР әуе кеңістігінің сыртынан ақпараттық-психологиялық бағыттағы бағдарламалар АҚШ әскери әуе күштерінің ұлттық гвардиясы арнайы операциялар күштерінің 193-әуеқанатының авиациялық тобының күштерімен «EC-130E/RR» ұшақтарының бортынан жүзеге асырылды.

Екіншіден, Югославияның ақпараттық-насихаттық әлеуетін бүлдіру мақсатымен НАТО-ның біріккен әскери әуе күштері теле-, радиостансаларға, студиялар мен ретрансляторларға, БАҚ редакцияларына ракеталық-бомбалық соққылар жасады, олардың көбісі қиратылып, ЮОР-дың телерадиохабарлама таратуының тоқтауына алып келді.

Үшіншіден, қарулы қақтығыстың екінші айының соңында НАТО қысымымен еуропалық «Eutelsat» телевизиялық компаниясының директорлар кеңесі «Сербия радиосы және телевизиясы» компаниясына спутник арқылы хабар жүргізуге тыйым салу жайлы шешім қабылдады. Нәтижесінде серб мемлекеттік телевизиясы Еуропа елдеріне және өз республикасының аумағының басым бөлігіне хабар таратудың соңғы мүмкіндігінен айырылды.

Төртіншіден, АҚШ ҚК-нің психологиялық операциялар күштері Югославия аумағына сербтерді Слободан Милошевичке қарсы шығуға және «НАТО-ның біріккен күштерінің операцияларын мүмкіндігінше тез аяқталуына» септігін тигізуге шақыратын 22 миллионнан астам парақшалар тастады.

Бесіншіден, тұңғыш рет НАТО-ның ірі әскери операциясын ақпараттық қолдау интернет желісінде жүзеге асырды. Онда Косово мәселесі және альянстың Югославиядағы әскери операциясына арналған немесе белгілі дәрежеде олар жайлы сөз қозғайтын 300 мыңнан астам сайт пайда болды. Аталмыш сайттардың басым бөлігі компьютерлік технологиялар бойынша америкалық мамандардың тікелей қатысуымен жасалды. Әрине, бұл НАТО-ның насихаттық кампаниясының тиімділігін арттырды.

НАТО Югославияға қарсы әскери қимылдар барысында сербтердің теле- және радиотаратқыштарын ракеталық және әуе соққыларының көмегімен қиратса да, АҚШ үкіметінің нұсқауы бойынша серб интернетін өшірген жоқ [149]. АҚШ Мемлекеттік департаментінің өкілі мәлімдегендей, «жаһандық желінің ашықтығы мен қолжетімділігін толықтай қамтамасыз ету серб халқына Косовода Милошевич режимі кезінде орын алған зұлымдықтар мен адамзатқа қарсы қылмыстар туралы бүкіл шындықты білуге мүмкіндік берді». Сербтерге интернетке кіру мүмкіндігін бере отырып, АҚШ Мемлекеттік департаменті онлайнда қарсы тұру және әлемнің АҚШ-қа сенімін сақтауға бағытталған жаңа шараларды қолға алуға мәжбүр болды.

Америкалық сарапшылардың пікірінше, НАТО-ның Югославияға қарсы әскери операциясын жүзеге асыруға мүмкіндік берген ақпараттық технологиялар тұңғыш рет жаһандық ақпараттық желілердің қоғамдық пікір қалыптастыру мен халықаралық БАҚ-тарда керекті ақпаратты таратудың тиімді құралы екенін көрсетті.

Ақпараттық-психологиялық операциялар жүргізу барысында интернетті пайдалану үкіметтік құрылымдарсыз және насихаттық құралсыз жаумен байланыста болуға мүмкіндік берді. НАТО Югославияны әуеден шабуылдап, ракеталармен соққы жасағанда жекелеген БАҚ өкілдері мен кейбір интернет

тұтынушылары ашық коммуникацияны электрондық пошта және чаттар арқылы қамтамасыз етіп отырды. Мәселен, «MSNBC.com» жаңалықтар порталының халықаралық редакторы осы кезде отыздай сербпен байланыста болды, ал «Slate» онлайн-журналы өзінің Белградтағы тілшісінің күнделігін жариялап отырды.

Интернетте әскери акцияны ақтайтын АҚШ президенті Б.Клинтонның, Ұлыбритания премьер-министрі Т.Блэрдің, Франция президенті Ж.Ширактың, Германия канцлері Г.Шредердің мәлімдемелері пайда болды [150]. Олар ресми түрде сербтерді террористер деп қарастырды [151].

Нәтижесінде, жекелеген кемшіліктерді есепке алмағанда, НАТО басшылығы Югославиямен ақпараттық-психологиялық қарсы тұрудағы жағдайды өз пайдасына шешіп, ақпараттық басымдыққа ие болды. Альянстың ақпараттық-насихаттық аппараты, жалпы алғанда, қойылған мақсаттарды жүзеге асырды, дер кезінде өзінің іс-қимылдарына түзетулер енгізе білді, жауға ақпараттық-психологиялық әсер етудің жаңа түрлері мен әдістерін қалыптастырып, қолданды.

Екінші жағынан, әскери қимылдар барысы ЮОП басшылығының ақпаратты шебер басқара білгені белгілі дәрежеде оның халқы мен қарулы күштеріне НАТО-ның ақпараттық-психологиялық әсер етуіне тосқауыл бере алғанын көрсетті.

1999 жылы Югославияға қарсы агрессияны бастай отырып, НАТО маңызды объектілерге жасалған бірнеше соққыдан кейін Белград альянстың саяси талаптарын қабылдайды деп сенді. Алайда, іс жүзінде бәрі басқаша болып шықты [152].

НАТО-ның БҚК мен ЮОП ҚК-нің ақпараттық-технологиялық қарсы тұруы «Одақтастар күші» операциясындағы ақпараттық қарсы тұрудың тағы бір құрамдас бөлігі болып табылды.

Ақпараттық үстемдік үшін жүргізілген күрес ең алдымен НАТО-ның барлау, байланыс, радионавигация және нысана көрсетудің қазіргі заманғы құралдары мен жүйелерін белсенді қолдану арқылы ақпаратты барлау, өңдеу және таратудың электрондық құралдары саласында жүргізілді. Осыған байланысты НАТО БҚК-нің тиісті бөлімшелері ЮОП ҚК-нің маңызды басқару пункттерін, Югославияның мемлекеттік және әскери ақпараттық инфрақұрылымының басқа да элементтерін зақымдауға, сонымен қатар югослав әскері жабдықталған радиобайланыс пен радиолокациялық барлау жүйелері мен құралдарын істен шығаруға бағытталған кең көлемдегі акциялар өткізді.

Ақпараттық инфрақұрылым объектілеріне авиациялық соққы жасау барысында альянстың біріккен әскери әуе күштері жаңа қарудың келесі түрлерін қолданды:

- GPS ғарыштық радионавигациялық жүйесінің сигналдары арқылы бағытталатын «JDAM» басқарылатын әуебомбалары (АҚШ);
- «JSOW» және «WCMD» басқарылатын әуебомбалары;
- радиолокация құралдарын істен шығаруға арналған әуебомбалар (жиілік диапазонында күшті электромагниттік импульс тудырты алатын электромагниттік бомбалар).

Югославияның БАҚ-тары одақтың біртұтастығын барынша атап өтіп отыруға тырысты. Алайда әлем жұртшылығының пікірі Югославия республикаларындағы сепаратистік көңіл-күйлерді қолдауға бейім батыстық БАҚ ықпалымен қалыптасты. Осының салдарынан бұрынғы Югославия аумағындағы азаматтық және мемлекетаралық әскери-саяси қақтығыстарға дейінгі жағдайлардың беті жеткілікті дәрежеде ашылмады, оның есесіне әлем жұртшылығында Босния және Герцеговинадағы әскери қақтығыстан бері ЮОП-дың негативті бейнесі қалыптасқан болатын.

Қақтығыс басталмас бұрын 1998 жылдың қазан айында Югославияда мемлекеттің құрылысына тіл тигізу үшін қылмыстық жазаны қамтитын БАҚ туралы жаңа заң қабылданған болатын. Осыдан кейін Белградта бірнеше жергілікті мемлекеттік емес радиостанса жабылып қалды.

Югославияның телеарналар насихаты алдын ала дайын болды. Бомбалаулардың бірінші түнінде телевизия арқылы Косово алаңындағы шайқас туралы кино көрсетіліп, сосын қатарынан бірнеше күн бойы Екінші дүниежүзілік соғыс пен Тито партизандарының қаһармандылығы жайлы фильмдер көрсетілді. Сол күндері Югославия телевизиясының негізгі штамптарының бірі «НАТО-ның тәуелсіз Югославияға қарсы қылмыстық агрессиясы» деген тіркес пайда болды. Бомбалаулар туралы хабарлайтын барлық жаңалықтарда осы тіркес пайдаланылды, жаңалықтар көрсету барысында жүргізушілер мен тілшілер оны кемінде жиырма рет атап өтетін. Югославия халқының түсінігінде «қылмыстық» сөзі Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде усташилардың (фашистердің жағында соғысқан хорват ұлтшылдары) серб партизандарына жасаған зұлымдықтарымен байланысты болды.

Югославия БАҚ-тарындағы ақпараттық кампанияның келесі кезеңі қарсыласты әшкерелеумен байланысты болды. Телевизияда Б.Клинтон, Т.Блэр мен Ж.Ширак А.Гитлермен бір қатарда тұрған бейнеролик жиі көрсетілді. Сонымен қатар телебағдарламаларда өзгерістер пайда болды. Сербтердің назарына америкалық фильмдерді ұсына бастады. Солардың ішінде Вьетнамдағы соғыс жайлы «Apocalypse Now» (бір аптада үш рет), «The Deer Hunter», АҚШ қоғамындағы жемқорлық жайлы «The Godfather», «Network», «Wag the Dog» (бес күнде үш рет) кинолары көрсетілді.

Батыстық БАҚ Югославияда қатаң әскери цензура жағдайында жұмыс істеді. Мемлекеттің саяси басшылығы бұны әскери уақыт талаптарымен түсіндірді. Югославияға

келген журналист жұмыс істеу үшін әскери баспасөз орталығының рұқсатын алу керек болды. Белградтың тек үш жерінде ғана күніне төрт сағаттан аспайтын уақыт ішінде бейнетүсірілім жасау ресми түрде рұқсат етілді. Осы ережені сақтамаған үшін елден шығарып жіберуге дейін барды. Сонымен қатар ғимараттардың нақты орналасуын құпияда ұстау үшін журналистерге көшелердің жалпы жоспарын түсіруге тыйым салынды. Барлық түсірілген материалдар тексеріліп отырды, жергілікті басшылыққа ұнамаған жағдайда олар эфирге жіберілмеді.

Дегенмен америкалық «CNN» телеарнасының әріптестеріне қарағанда басымдығы болды. Оның репортерлері түнгі әуе шабуылдарының нақты уақытын алдын ала біліп отырды. Қанатты ракеталар Сербияның СІМ-нің ғимаратын қиратар алдында телеарнаның камералары қолайлы ракурстарда алдын ала қосылып тұрған. «CNN» Пентагонның құпиялы мәліметтеріне сүйеніп, ракетаның саны сегіз болғанын бірінші болып хабарлады. Осының арқасында америкалықтар салықтары бекерге кетпей, құны 1 млн. доллар тұратын «Томагавк» ракеталары нысаналарды атқылап жатқанына көзі жетіп отырды. «CNN» телеарнасына берген сұхбатында Б.Клинтон албандар тағы да соққы жасауды сұрағанын, Югославияның СІМ ғимараты Косово албандарына қарсы операциялар ұйымдастырылатын орын болғанын атап өтті.

Көптеген ретрансляторлар альянстың авиациясымен қиратылған жағдайда Югославияның БАҚ-тары өз жаңалықтарын тарату мақсатымен интернетке жүгінді. Сербтер мен косоволық албандардың интернеттегі қарсы тұруы 1999 жылдың көктемінде басталды. Албандар басымдықты бірден өздеріне алып алды. Интернетте бірінші болып ұлттық көшбасшы И.Ругованың Косово демократиялық одағының «kosova.com» сайты пайда болды. Кейінірек албан тілінде

шығатын косоволық «Коха диторэ» газеті оқырмандарына «kohaditore.com» электрондық нұсқасын ұсынды. Сонымен қатар косоволық албандардың шетелдегі көптеген ұйымдары өздерінің сайты ашып алды. КАА-ның интернетте сайты болмады, дегенмен ол туралы ақпаратты кез келген албандық электрондық мекенжай бойынша тауып алуға болатын болды. Қазан айының басында «kosova-state.org» мекенжайы бойынша бас парақшасында «Сербияның уақытша виртуалды оккупациясындағы Косово Республикасының сайты» делінген сайт пайда болды. Сайттың мазмұнына келетін болсақ, оның басқа мемлекеттердің ресми сайттарынан ерекшелігі болмады: осында Косовоның елтаңбасы, әнұраны, туы бейнеленіп, тұрғындардың құрамы, тарихы, саяси партиялары жайлы ақпарат және т.б. келтірілді. Косовоның өзінің провайдерлері болмады, сондықтан оның жекелеген интернет тұтынушылары сайттарды шетелден жалға алды.

Сербияның компьютерлік насихаты албандарға қарағанда ертерек пайда болғанымен, жылдамдық көрсеткіші бойынша одан едәуір артта қалып отырды. Мәселен, Сербияның қарсылық қозғалысының сайтында негізінен «сербтердің Косовоға қатысты шындығын» баяндайтын діни-патриоттық жазбалар басым болды. Интернеттегі іздеу жүйелерінде негізгі сөздердің бірі «kosovo» сөзі болды. Югославияның ЖЮГТА агенттігінің үкіметтік ақпараттары мен хабарламаларын компьютерлік желілерде Сербияның Ақпарат министрлігі таратып отырды. Сонымен қатар Приштина қаласында билік тарапынан журналистерге ақпаратты жедел жеткізу мақсатымен құрылған медиа-орталық та қызмет істеп отырды. Югославияның 10 млн. халқының шамамен тек 100 мыңында ғана интернетке кіру мүмкіндігі болды. Дегенмен, Косоводағы қақтығысқа арналған Сербияның сайттары негізінен сыртқы аудиторияға, негізінен америкалық

тұтынушыларға бағытталып, сыртқы саяси насихаттың құралы болды.

НАТО-ның ракеталық-бомбалық соққыларына Сербияның хакерлері альянстың серверіне шабуыл жасап, блоктың сайты үш күн бойы істемей тұрды. БАҚ бұны сербтердің альянсқа қарсы ақпараттық соғыстағы бірінші жеңісі деп жазды.

Югославияға қарсы операция басталғаннан кейін компьютерлік хакерлер америкалық сайттарға, соның ішінде ӘТК-ның сайтына бұзып кіріп, өздерінің насихаттық хабарламаларын қалдырып отырды. Белгісіз болып қалған хакерлер президент Б.Клинтонның жеке сайты да бұза алды. Сербияның хакерлері албан террористерінің полиция қызметкерлері мен бейбіт халыққа жасаған қылмыстарын келтіріп, КАА қолынан зардап шеккендерге жәрдем беру үшін банктік есептердің нөмірін көрсетті. Олар жұртшылыққа албан сепаратистерінің ЖЮГТА агенттігінің екі журналисін тұтқынға алып, сербиялық тұтқындарды атқаны туралы хабарлады.

Сонымен, НАТО-ның Югославияға қарсы әскери операциясы барысында ақпараттық технологиялардың қолданылуымен байланысты кейбір ерекшеліктер келесідей:

- Косово және Метохияның албандық тұрғындарына қатысты геноцид тақырыбын қозғау;
- қақтығыс барысында дұшпанның ақпараттық инфрақұрылымы зақымданды;
- Югославияның теле-, радиостансаларға, студиялар мен ретрансляторларға, БАҚ редакцияларына ракеталық-бомбалық соққылар жасап қиратылды;
- тұңғыш рет НАТО-ның ірі әскери операциясын ақпараттық қолдау интернет желісінде жүзеге асырылды;
- экзотикалық тұсына келетін болсақ, Югославияның компьютерлік желілерінің жұмысына зақым тигізу мақсатымен Пентагон тапсырысы бойынша Нью-Йорк

университеті компьютерлік мәлімет базаларына енгізуге арналған бағдарламалық вирустар пакетін жасап шығарды.

Қорыта келгенде, НАТО-ның ақпараттық соғыс жүргізу технологияларымен жабдықталған әскерінің әскери әлеуеті кәдімгі бөлімдердің тиімділігінен бірнеше есе артық екені анықталды. АҚШ әскерінің әскери қимылдарын талдау ақпараттық технологияларды қолдану тікұшақтардың шабуыл жеріне ұшып келу уақыты мен шабуылға дайындықты 26 минуттан 18 минутқа дейін қысқартатынын, танк бұзар басқарылмалы ракеталардың нысананы жою деңгейін 55%-дан 93%-ға дейін көбейтетінін көрсетті. «Рота-батальон» жүйесінде хабарламалардың өңделіп, жоғарыдағы штабтарға жеткізілу уақыты 9 минуттан 5 минутқа дейін қысқарып, телеграммаларды қайта жіберу қажеттілігі 30%-дан 4%-ға дейін, телефон желісі бойынша ақпаратты қайта жіберу қажеттілігі 98%-дан 22%-ға дейін қысқартатыны анықталды [153].

Дегенмен, Панама мен Иракта табысқа жетелеген әдіс-тәсілдерді Югославияда қолдану тиімді болмады. Бомбалаулар мен ақпараттық-психологиялық ықпал жасау шараларын Югославияның халқы бірлігі мен татулығын танытты, бұрынғы саяси қарсыластардың өздері де татуласып, ортақ жауға қарсы бірге тұрды.

Ақпараттық соғыс жүргізудің озық технологиялары бар АҚШ пен НАТО қарулы қақтығыс кезінде ақпараттық салада үлкен басымдыққа қол жеткізгені анық. Десек те Югославияның әскери-саяси басшылығының НАТО-ның ақпараттық-психологиялық ықпал жасау талпыныстарын бейтараптандыру бойынша белсенді әрекеттері ЮОП ҚК-нің жеке құрамы мен мемлекеттің халқына жасалған ақпараттық шабуылды басуға, тіпті ақпараттық соғыстың бір сәтінде басымдыққа ие болуға мүмкіндік берді.

Югославия ҚК-нің қорғануға бағытталған әскери қимылдарының стратегиясы, радиоэлектрондық күрес

жүргізу құралдарының шектеулі болғандығы, ақпараттық қаруды қолдану әдістемесінің болмауы оған қарсыласының басқару жүйелеріне, барлау қызметіне ақпараттық ықпал жасауға мүмкіндік бермеді. Осының салдарынан ЮОП ҚК ақпараттық соғыста жеңіліс тапты деп айтуға болады.

НАТО-ның Югославияға қарсы жүргізген ақпараттық соғысына баға бере отырып, әскери қимылдар туралы жаңалықтар тарату тұңғыш рет дәстүрлі БАҚ шеңберінен шығып, интернет арқылы да жүзеге асып отырғанын айтуға болады.

Сонымен қатар Югославияның НАТО насихатына тосқауыл болу тәжірибесі ары қарай зерттеуді талап ететін тақырып екенін айта кеткен жөн.

2.3. Ауғанстандағы соғыс (2001 жылдан бастап) барысындағы ақпараттық-психологиялық операциялар

Үш мыңға жуық адамның өмірін қиып әкеткен 2001 жылдың 11 қыркүйегінде Нью-Йорк пен Вашингтонда болған әлемді дүр сілкіндірген терактілерден кейін АҚШ қарулы күштеріне «әл-Каида» халықаралық террорлық ұйымын жойып, оны қолдап отырған Ауғанстандағы тәлібтер режимін құрту міндеті жүктелді. Тәлібтер АҚШ тарапынан шабуылдарды ұйымдастырды деп айыпталды. Аталған мақсаттарды орындау үшін АҚШ қарулы күштері терроризмге қарсы коалицияның басқа мемлекеттерімен бірлесе отырып, Ауғанстанда «*Мұқалмас азаттық*» («*Enduring Freedom*») атауына ие болған әскери операцияны орындауға кірісті.

Операция барысында америкалық әскери-саяси басшылық әскери қимылдарды ақпараттық қамтамасыз етуге аса назар аударып отыр. Тәлібтер мен «әл-Каида» боевиктеріне қарсы психологиялық операцияларға үлкен маңыз артылуда.

Әлемдік қауымдастықтың АҚШ саясатына қатысты позитивті көзқарасын қалыптастыруға бағытталған кең ауқымды компаниядан басқа оперативті-тактикалық деңгейде тәлібтер мен «әл-Каида» террорлық ұйымының боевиктеріне қарсы бірқатар психологиялық операциялар жүргізіледі.

АҚШ ҚК-нің психологиялық операцияларын ұйымдастыру және оларды жүзеге асырудағы маңызды рөл АҚШ-тың Құрлықтағы әскерлерінің арнайы операциялар бойынша біріккен командованиесінің (АҚШ ҚӘ АОБК) құрамындағы Азаматтық әкімшілікпен байланыс және психологиялық операциялар командованиесінің (АӘБ және ПсО командованиесі) бөлімдері мен бөлімшелеріне берілді. Сонымен қатар осы сынды бөлімшелер АҚШ-тың ӘӘК мен ӘТК-нің құрамында және Теңіз пехотасы корпусында да бар.

АӘБ және ПсО командованиесінің құрамына тұрақты бөлімдермен қоса құрлықтағы әскерлер резервінің бөлімдері кіреді. Қызметтік бап бойынша олар ПсО бөлімдері мен бөлімшелеріне және АӘБ бөлімдері мен бөлімшелеріне жіктеледі.

ПсО 4-тобы психологиялық операциялар бойынша маманданған шамамен 1200 әскери қызметкерден тұрады және әскердің әскери операцияларын ақпараттық-психологиялық қамсыздандыруға жауапты АҚШ ҚК-нің негізгі құрылымы болып саналады. ПсО 4-тобының бөлімшелері АҚШ-тың соңғы он жылдықтарда жүргізген барлық әскери операцияларына, соның ішінде Ирактағы, Сомалидегі, Босния және Герцеговинадағы, Косоводағы операцияларына қатысқан.

«Мұқалмас азаттық» операциясы шеңберіндегі міндеттерді атқару үшін Ауғанстан, Пәкістан, Өзбекстан, Қырғызстан аумағына топ құрамындағы ПсО аймақтық батальоны жіберілді. Онымен бірге тактикалық ПсО батальонының бөлімшелері мен мамандары, ПсО материалдарын дайындау және тарату батальоны, сонымен қатар

штабтық жоспарлау, байланыс және тылды қамсыздандыру бөлімшелерінің барлығы топтың жеке құрамының 30%-ы жөнелтілген болатын. АӘБ батальоны операцияның алдағы кезеңдерінде міндеттерді атқару үшін толық құрамында (150 әскери қызметкерге дейін) жұмылдырылды.

Қаршы-Ханабадтағы (Өзбекстан) әуебазаға АҚШ ұлттық гвардиясының (Гаррисберг, Пенсильвания штаты) әскери-әуе күштерінің арнайы операциялар бойынша 193-әуе қанатының құрамынан екі «ЕС-130Е» ұшағы жөнелтілді. Олар «Commando Solo-2» ПсО телерадиохабар тарату кешенімен жабдықталды. Құйрығында салмағы 500 фунт, ұзындығы 300 фут (91,44 м) антенна орнатылды [154]. «ЕС-130Е» ұшағы Оман мемлекетіндегі Тумрайт әуебазасында да орналасты, кейбір тәуелсіз сарапшылардың айтуынша, ол Пәкістандағы Пасни және Джакобад әуебазаларынан да ұшып отырды.

Сонымен қатар әскери қимылдар театрына АҚШ-тың құрлықтағы әскерлері резервінің АӘБ командованиесінің бөлімшелері мен АҚШ ҚК-нің біріккен командованиелері штабтарының жанындағы ПсО күштері офицерлерінің оперативті топтары жөнелтілді. АҚШ-тың аймақтағы ақпараттық-психологиялық іс-шараларына АҚШ Қорғаныс министрлігінің арнайы біріккен оперативті тобы, Мемлекеттік департамент, ОББ, ЮСИА және жекелеген БАҚ өкілдері тікелей басшылық етті. Осы құрылымның әскери компоненті АҚШ ҚК-нің Арнайы операциялар бойынша біріккен командованиесі штабы жанындағы ПсО біріккен оперативті орталығына (*Joint Psychological Operation Center*) бағынды және Бахрейн мен Қатардағы Арнайы операциялар күштерінің алдыңғы штабтары мен әскери басқару нүктелерін қамтыды.

Қазіргі заманғы соғыс жағдайында ақпараттық-психологиялық операцияларды жүзеге асыру АҚШ-тың аймақтық қақтығыстарға араласуының, бітімгерлік және гуманитарлық миссияларының мызғымас бөлігі бөліп та-

былады. Америкалық әскери сарапшылардың пікірі бойынша, ақпараттық-психологиялық операциялар әскерлердің қимылдарының тиімділігін едәуір арттырып, әскери қызметкерлер мен бейбіт халық арасындағы шығынды азайтады, АҚШ ҚК-не жүктелген міндеттерді жүзеге асыруды жеңілдетеді.

АҚШ ҚК-нің ПсО жүргізу туралы негізгі құжатқа (*JP 3-53 Doctrine for Joint Psychological Operations*), ҚК түрлерінің жарғылары мен нұсқауларына сәйкес ақпараттық-психологиялық операциялардың мақсаттары келесідей:

- АҚШ-тың әскери операциядағы саяси мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру;
- қақтығыс аймағы мен әлем бойынша операцияны қолдауға бағытталған қоғамдық пікір қалыптастыру;
- америкалық және одақтас әскерлердің тартымды бейнесін қалыптастыру, батыстық демократиялық құндылықтарды насихаттау;
- жаудың моральдық-психологиялық күйіне баға беріп, бейбіт халықтың АҚШ-қа көзқарасын талдау;
- этникалық, мәдени, діни, экономикалық қайшылықтарды өз мақсатында қолдану;
- жаудың әскери рухын, қарсы тұру ниетін жою;
- жаудың қақтығыстағы әскери қимылдардың стратегиясы мен тактикасына деструктивті ықпал жасау;
- жау әскерінің жеке құрамын өз жағына өтуге немесе тұтқынға берілуге итермелеу, бейбіт халықты америкалық әскермен ынтымақтастыққа көндіру;
- АҚШ және одақтас әскерлердің күш-қуатын көрсету;
- операция жүргізу кезіндегі жалған ақпарат тарату, құпиялықты және қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларына жәрдемдесу;
- жаудың насихаттық жұмыстарына бөгет жасау, қарсы насихаттауды ұйымдастыру;

- қарсы тарапқа қатысты экономикалық және басқа да күш көрсетуге негізделмеген санкциялардың тиімділігін арттыру және т.б.

«Мұқалмас азаттық» операциясы барысында ПсО негізгі міндеттері келесідей болды:

- тәлібтер мен «әл-Каиданың» қарулы құрамаларының мүшелерінің рухын түсіріп, оларды қарсы тұруды тоқтатуға және тұтқынға берілуге итермелеу;
- «Тәлібан» және «әл-Каида» басшылығының беделін түсіру;
- ауғандарға АҚШ-тың мақсаттары мен америкалық әскердің аймаққа келуінің себептерін түсіндіру;
- тәліб насихатын басу, Ауғанстанның тайпалары арасындағы діни, этникалық қайшылықтарды пайдалану;
- Солтүстік альянс әскерлері мен АҚШ ҚК-нің әскери табыстарын насихаттау;
- жергілікті халық арасында сүйіспеншілікке ие болу және олармен ынтымақтастық орнату;
- дұшпанды қорқыту және оған моральдық қысым жасау мақсатымен ракеталық-бомбалық соққылар жасау;
- гуманитарлық операцияларды ақпараттық қамсыздандыру.

АҚШ-тың аймақтағы ықпалын ұзақ мерзімге созу мақсатымен жергілікті саяси элита арасында проамерикалық бағыт қалыптастыру міндеті қойылды.

«Мұқалмас азаттық» әскери операциясын ақпараттық-психологиялық операциялардың Ауғанстанда жүргізілуіне байланысты шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады.

Операцияның *бастапқы кезеңінде* (2001 жылдың қыркүйегінің соңы – қарашаның ортасы) АҚШ және Ауғанстанмен көршілес елдерде орналасқан одақтас әскерлердің ӘӘК-нің ПсО күштері мен құралдары кеңінен қолданыс тапты.

Америкалық әскерлер Ауғанстанға аяқ басқанда, бүкіл елге осында АҚШ қарулы күштері шоғырланғанын мәлім ету мақсатымен кең ауқымды ақпараттық кампания орын алды [155].

Операцияның *екінші кезеңінде* (2001 жылдың қарашасының ортасы – желтоқсанның соңы) Қабул мен басқа да ірі қалалардан тәлібтер шегінген соң Ауғанстан халқына ақпараттық-психологиялық ықпал жасау ауқымы едәуір кеңейді, басты назар елдің солтүстік аймақтарынан оңтүстік, оңтүстік-шығыс, батыс аймақтарына ауды. Сол кезде «Тәлібан» қарулы құрамаларынан азат етілген аймақтарда ПсО басқармасының бөлімдері мен жетекші органдары қанат жайды.

2002 жылдың қаңтарында басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан операцияның *үшінші кезеңінде* ПсО жүргізу қарқыны төмендеп, АӘБ мамандарын жұмылдыруға, гуманитарлық шараларға қатысуға, жергілікті билік органдарын, әлеуметтік және экономикалық институттарды қалпына келтіруге ерекше назар аударыла бастады.

Ақпараттық-психологиялық операциялар Ауғанстанға алғашқы ракеталық-бомбалық соққылар жасалғанға дейін бірнеше күн бұрын жүзеге аса бастады. Ауғанстанға радиохабар тарату үшін «ЕС-130Е» ұшақтарының бірінші ұшулары 2001 жылдың 23 қыркүйегінде орын алды. 2001 жылдың 4 қазанынан бастап Өзбекстандағы Қаршы-Ханабад әуебазасына ПсО тобының құрамындағы әскери қызметкерлер келіп орналасты.

Операцияның әскери фазасы басталысымен америкалық авиация тәлібтердің радиохабар тарату орталықтарын, Қабулдағы «Шариғат дауысы» ресми радиостансасын қиратты. Бұл шара тәлібтердің насихаттық ресурстарын жойып, америкалық ПсО күштеріне Ауғанстан радиоэфирінде үстемдік орнатуға және тәліб радиостансалары пайдаланған

жиіліктерді болашақта өз радиобағдарламалары үшін пайдалануға мүмкіндік берді.

Дегенмен операцияның алғашқы кезеңінде айтарлықтай табыстардың болмауы АҚШ ҚК-нің ақпараттық-психологиялық іс-шараларының тиімділігіне күмән туғызып қана қоймай, тәлібтерге қарсы бағытталған операцияның қажеттілігіне күмәнмен қарайтындардың санын арттырды. АҚШ-тың әлем жұртшылығына бағытталған ақпараттық іс-шаралында да жекелеген сәтсіздіктер орын алды. 2001 жылдың қарашасының басында АҚШ әкімшілігі халықаралық қауымдастықтың Ауғанстанды бомбалауды айыптаулары мен Таяу және Орта Шығыстағы мұсылмандардың антиамерикалық қимылдарына тап болды. Сауалнамалар көрсеткендей, Еуропа елдерінде де америкалық бомбалауларды қолдау деңгейі төмендеп кетті. Тәлібтер АҚШ-қа қарсы насихаттық кампанияны жандандыру мақсатымен елге кейбір батыстық тілшілерді кіргізіп, оларды бомбаланған елді мекендерге апарды. Қатардың «әл-Жазира» телеарнасы репортаждарындағы қателіктің салдарынан өлтірілген балалар мен босқындардың денелері көрсетілді. Айтарлықтай әскери-саяси нәтижелердің болмауы жағдайды ушықтыра түсті.

АҚШ ҚК-нің әскери басшыларының бірі Дж.Кокс өз монографиясында: «Командирлер Ауғанстанда ақпараттық операциялар жүргізудің қаншалықты ықпал жасайтынын, ақпараттандыратынын, шабуылдап, қорғай алатынын түсінгенімен, әскерлер ақпараттық операцияларды жүргізуге дайын болмай шықты», – деп көрсетті [156]. Қорғаныс министрі Д.Рамсфельд «АҚШ ақпараттық соғыста жеңіліп жатыр» деп мәлімдеді. Президент Дж.Буш мемлекеттік ақпараттық құрылымдардың тиімсіздігін сынға алды.

Осындай жағдайда АҚШ басшылығы терроризмге қарсы операция төңірегіндегі ақпараттық басымдықты

Вашингтонға қайтару мақсатымен бірнеше шұғыл қадамға барды. Ең алдымен Пентагон журналистерді жаңалықтарды көрсеткенде жауапкершілік туралы ұмытпай, тәлібтердің насихатына батыстық БАҚ-ты өз мақсатында қолдануға жол бермеуге шақырды. АҚШ пен Ұлыбританияның мемлекеттік құрылымдары тарапынан «Тәлібанды» толықтай оқшауға алу үшін саяси қысым көрсету шаралары жүзеге асырылды. Тәуелсіз БАҚ-тарға да саяси қысым көрсету фактілері орын алды. Мәселен, «әл-Жазира» «CNN»-мен келісімшартқа отыруға мәжбүр болды. Келісімшарт бойынша «CNN» телеарнасы «әл-Жазираның» жаңалықтарында «ақпарат алмасу» принципі бойынша өзінің сюжеттерін көрсету құқығына ие болды.

Ауған редакцияларының штаттары мен «Америка дауысы» және «Азаттық радиосы» радиостансаларының хабар тарату сеткасын кеңейтуден басқа «Азат Ауғанстан» радиостансасының хабар таратуы қалпына келтірілді. АҚШ Конгресі осы мақсаттарға 20 млн. доллар қаражат бөлді.

Ауғанстанда ұшып жүрген бірнеше «Predator» ұшқышсыз ұшу аппаратының арқасында шынайы уақыт режимінде бейнежелілердің барлығын жаулап алды [157].

Өзінің жаңа «ақпараттық шабуылын» бастай отырып, Дж.Буш әкімшілігі өзгеше қадамға барды. Ақпараттық саясат бойынша мемлекеттік хатшының орынбасары болып жарнама және қоғаммен байланыс маманы Ш.Бирс тағайындалды. Оның мойнына үкіметтік құрылымдар мен жеке БАҚ өкілдерінің жұмысын реттеу жүктелді. Ақпараттық кампанияны жүргізуге PR саласындағы жеке ұйымдарды жұмылдыру және оларға 78 елде, әсіресе мұсылман елдерінде насихаттық жұмыстар жүргізуге 400 млн. доллар бөлу туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар АҚШ пен Ұлыбритания Исламабадта Коалициялық ақпараттық баспасөз орталығын орналастырды. Оның құрамына әскери өкілдер мен БАҚ-

тың азаматтық қызметкерлері кірді. Осының бәрі аймақтағы батыстық БАҚ өкілдерінің жұмысын жылдамдатып, Таяу Шығыс БАҚ-тарының алдында басымдыққа ие болуға жол ашты.

АҚШ ҚК-нің психологиялық операциялары барысында тәліб басшылығының ірі қалаларды тастап, партизандық соғысқа көшуі шешуші рөл ойнады. Тәлібтердің осы қадамы АҚШ әскерлерінің тактикасын ақтайтын күшті аргументке айналды және насихаттық жұмыстардың тиімділігі арттырды. Тәліб құрамалары қатарынан шығып, тәлібтерге қарсы коалицияның жағына өту, тұтқынға берілу туралы үндеулер дала командирлері мен ауған тайпаларының басшыларына, «Тәлібан» және «әл-Каида» боевиктеріне қысқа мерзімді перспективада тартымды көрінді.

Екінші кезеңде АҚШ-тың ПсО бөлімшелеріне «Тәлібан» мен «әл-Каида» құрамаларын толықтай талқандаудан басқа Ауғанстанға халықаралық бітімгерлік контингентті кіргізу және соғыстан кейін Ауғанстанның саясатын қайта құруға қатысты АҚШ жоспарларына ақпараттық қолдау көрсету тапсырмасы жүктелді. Жергілікті халықты Ауғанстанның уақытша үкіметін, елде халықаралық бітімгерлік контингенттің болғанын қолдауды насихаттау бірінші кезекке шықты. ПсО тобының әскери қызметкерлері гуманитарлық жәрдем көрсетуге жұмылдырылды. Ол үшін ПсО оперативті тобы құрылып, оның құрамына ақпараттық-насихаттық материалдарды дайындау орталығы және АҚШ ҚК-нің басқа да топтары мен контингенттері штабтарымен өзара қимылдарды үйлестіру бөлімі кірді. Оперативті топ ПсО-ларды жоспарлап, басқа қызметтердің штабтарымен келісті, ақпараттық-психологиялық ықпал жасауға арналған аудио- және баспа материалдары мен әскери қызметкерлерге таратуға арналған арнайы тілашарлар дайындады. Арнайы операцияларды жүзеге асыру кезіндегі қимылдарды келісіп

жүргізу үшін Қатарда Арнайы құрылымдар күштері штабында (АҚК) ПсО жүргізуге жауапты өзара әрекеттесу бойынша топ құрылды.

2002 жылдың басында «Enduring Freedom» операциясы көңілін терроризмге қарсы операциялардан бітімгерлік, гуманитарлық міндеттерді шешуге аударуымен байланысты АӘБ бөлімшелерінің маңызы арта түсті. Осы кезеңдегі міндеттердің басым бөлігі Ауғанстанда орналасқан АӘБ батальонының жеке құрамының мойнына жүктелді. 2002 жылдың басына қарай елдің түрлі аймақтарында осы батальонның жүзден астам әскери қызметкерлері қызмет етті. Олар 2-3 адам болып кішігірім топтарға бөлініп, АҚШ және Ауғанстан үкіметінің әскерлері толықтай бақылайтын аудандар мен елді мекендерде арнайы тапсырмаларды орындап отырды.

АӘБ батальонының мамандарын Ауғанстанға жібермес бұрын оларды Форт-Брэгтегі оқу орталығында қайта даярлау курстарынан өткізді. Ол жерде мамандар Ауғанстанда арнайы операциялар жүргізудің ерекшеліктерін, елдің мәдениетін, тарихын, исламды (соның ішіндегі радикалды бағыттарды да), жергілікті тілдерді зерттеді. Ауғанстан аумағында олар кішігірім топтарға бөлініп, негізінен ірі елді мекендердегі (Қабул, Қандағар, Герат, Хост, Бағрам) Ауғанстанның үкіметтік әскерлерінің әскери гарнизондарының жанында жұмыс істеді. Топтың мамандары қарапайым ұлттық киімдерді киді, ел ішінде үкіметтік әскерлердің әскери қызметкерлерімен бірге (3-4 адам) орын ауысып отырды.

Жергілікті әкімшілік өкілдерімен байланыс орнатылған жағдайда қиратылған инфрақұрылымды қалпына келтіру, азаматтық объектілер (мектептер, ауруханалар) салу, радио-және тележелілерді қалпына келтіру, гуманитарлық жәрдемді жеткізу және оны үлестіру мәселелеріне үлкен мән берілді.

АҚШ ақпараттық құрылымдарының қызметінің стратегиялық деңгейдегі келесі бағыты Ауғанстандағы жаңалықтарды әлемдік БАҚ-та проамерикалық бағытта көрсетуді қамтамасыз ету болып табылды. Осы мақсатпен Қабулда Көпұлтты күштердің біріккен оперативті құрылымының әскери және бітімгерлік операциялар орталығында (*Joint Civil Military Operations Task Force Center*) шетелдік БАҚ-қа арнап баспасөз орталығы құрылды. Ол ұлттық және шетелдік БАҚ-қа ақпараттық жәрдемдесу, оларды байланыс құралдарымен қамсыздандыру, оларға АҚШ және одақтастардың қарулы күштері орналасқан жерлерде ақпарат жинауға жол ашу, «Мұқалмас азаттық» операциясы барысы жайындағы хабарламаларды іріктеу, «Тәлібан» мен «әл-Каиданың» тұтқындалған басшылары мен боевиктерін тілшілермен сұхбаттасуға іріктеу, жергілікті халық арасында насихаттық жұмыстарды жүзеге асыру міндеттерін атқарды. Шетелдік БАҚ-қа арналған баспасөз орталығының қызмет етуін АҚШ ҚК-нің полковник П.Пирс бастаған офицерлерінің тобы қамтамасыз етті.

Жан-жақты ақпараттық қамсыздандыру үшін қоғаммен байланыс бойынша келесі топтар мен ақпараттық орталықтар құрылды:

- АҚШ ҚК-нің біріккен орталық командованиесі (БОК) штабының жанындағы қоғаммен байланыс бойынша оперативті топ (Мак-Дилл әуебазасы, Флорида штаты);

- АҚШ ҚК-нің БОК құрлықтағы әскерлердің жетекші штабы жанындағы көпұлтты күштердің құрлықтағы құрылымдарының қоғаммен байланыс бойынша оперативті топтары (Кувейт);

- АҚШ ӘТК жетекші штабы жанындағы көпұлтты күштердің теңіздегі құрылымдарының қоғаммен байланыс бойынша оперативті топтары (Манама, Бахрейн);

- Исламабадтағы қоғаммен байланыс бойынша оперативті топтар (Пәкістан);
- Өзбекстандағы қоғаммен байланыс бойынша оперативті топтар;
- Бағрамдағы ақпараттық орталық (Ауғанстан);
- Қандағардағы ақпараттық орталық (Ауғанстан);
- Мазари-Шарифтегі ақпараттық орталық (Ауғанстан).

Ауғанстанның ақпараттық инфрақұрылымның өте төмен деңгейі АҚШ ҚК-нің ПсО мамандарының жұмысын қиындатты. Тәлібтер режимі телевизия мен интернетке тыйым салды, үйде телевизордың болғаны қылмыс саналғандықтан, радионасихат пен баспа насихаты АҚШ ҚК-нің Ауғанстан халқына ақпараттық-психологиялық ықпал жасауының негізгі құралына айналды.

Радиоқабылдағыштар халықтың өте аз бөлігінде болғандықтан, тыңдарман аудиториясын кеңейту мақсатымен америкалық ұшақтардан Ауғанстанның әрбір ауданына 100 мың радиоқабылдағышқа дейін тасталды. Осындай әдіс Вьетнам мен Иракта да қолданылған болатын.

Америкалық мамандар радиохабар таратуды Ауғанстанда насихаттық жұмыстар жүргізудің ең тиімді әдісі деп санады. 1999 жылғы зерттеулер Ауғанстан халқының 80%-ы «Ауғанстан дауысы» радиостансасының ақпаратын тұрақты тұтынатынын көрсетті. Ауғандардың басым бөлігі британиялық «BBC» корпорациясы тарататын жаңалықтарды да тыңдады.

АҚШ ПсО мамандары тәулігіне 10 сағатқа дейін (таңғы және кешкі уақыттарда 5 сағаттан) орта (864 және 1 107 кГц) және қысқа (8 700 кГц) толқындарда да жүзеге асырды. Радиохабар тарату дари және пушту тілдерінде «EC-130E» ұшақтарының бортынан «Commando Solo-2» радиотаратқыштары арқылы және Пәкістан, Түркия және Қырғызстан аумағынан стационарлы радиостансалар мен ретрансляторлар арқылы жүзеге асырылды.

«Америка дауысы» мен «Азаттық радиосы» радиостансаларының бағдарламалары ретрансляцияланды. Радиобағдарламаларға материалдарды ПсО 4-тобы дайындап отырды. Эфирге осы бағдарламалар «Ақпараттық радио» және «Азат Ауғанстан радиосы» атауларымен шығып отырды. Радиобағдарламалар «Тәлібан» және «әл-Каида» басшылығының беделін түсіруге және америкалық мамандар арнайы іріктеген Құран үзінділерін оқу арқылы тәліб насихаты мен Бен Ладеннің АҚШ-қа қарсы мәлімдемелерінің әсерін жоққа шығаруға бағытталды. Бағдарламалар ауғанның ұлттық музыкасымен басталып және аяқталып отырды. Кейінірек Құраннан үзінді келтіру тәжірибесі сынақ топтары мен жергілікті аудиторияның пікірі тыңдалғасын пайдасыз деп танылды және алдағы уақытта басқа қолданыс таппады.

Баспа өнімдері АҚШ ақпараттық-психологиялық операцияларының тағы бір маңызды түрі болып саналады. Алғаш рет АҚШ ЭӘК-нің ұшақтары насихаттық парақшаларын 2001 жылдың 14-16 қазаны аралығында тастаған, оларды таратуға «EC-130E», «MC-130» ұшақтары және «B-52» бомбалаушы ұшағы жұмылдырылды.

Әскери операцияның бірінші күнінен 2001 жылдың желтоқсанының соңына дейін АҚШ ПсО күштері Ауғанстанда 18 млн. астам парақша таратты. Бұл 28 млн. халқы бар ел үшін өте үлкен көрсеткіш болып табылады. Халықтың сауаттылығы төмен болғандықтан (40%-дан төмен), насихаттық материалдарды дайындағанда көрнекі түрдегі үгітке басты назар аударылды. Көп жағдайда мәтіндер қысқа болып, ауғандардың менталитетіне бейімделді. Әуеден тасталған парақшалар бағытынан ауытқып, көрші елдердің аумағына да кіріп кеткен жағдайлар тіркелді [158].

Парақшалардың тиімділігі жоғары болуы үшін олар өз оқырмандарының тілдік және мәдени ерекшеліктеріне жауап беруі тиіс. Әйтпесе осы әдіс арқылы насихаттау кері әсерін

тигізуі мүмкін. Мәселен, Сомалиде болған «*Restore Hope*» операциясы кезінде таратылған парақшалардың мәтіні тексеруден дұрыс өтпегендіктен, Біріккен Ұлттар ұйымы атауы сомали тіліне Құлдықтағы Ұлттар ұйымы деп аударылған [159].

Америкалық мамандар ауған қоғамының түрлі әлеуметтік, этникалық және діни қабаттарына бағытталған оншақты атаулы парақшалар әзірледі. Жалпы алғанда, бүкіл ақпараттық-насихаттық материалдарды бағыты бойынша шартты түрде *бейбіт халыққа және қарулы құрамалар мүшелеріне* арналған деп екі категорияға бөлуге болады.

АҚШ басшылығының ауған халқына ашықтығы мен пейілділігін, бейбіт өмірді қайта құру ниетін көрсету, тәліб режимінің беделін түсіру, АҚШ пен одақтастардың операциялары бейбіт халық пен исламға қарсы емес, Ауғанстандағы терроризм ошақтарына және оларға жәрдем беріп жатқан «Тәлібан» қозғалысына қарсы екенін түсіндіру бейбіт халыққа арналған радиобағдарламалар мен парақшалардың басты тақырыптары болды.

Бағдарламалар мен парақшалардың келесі тобы «Тәлібан» мен «әл-Каида» қарулы құрамаларының мүшелеріне арналды. Ақпараттық-насихаттық материалдарда қорқыту мақсаты басым болды. Боевиктерге олардың саудасы біткенін көндіріп, олардың лагерлеріне «тікұшақтардан қырғынға ұшырататын оқ жаудырылатыны» туралы мәлімдейді. «Ескі радарларың біздің тікұшақтарымызды тапқанға дейін өлтірілетін боласындар», «біздің ракеталар дәл сенің терезеңнен кіреді» деп АҚШ әскерінің қару-жарағы техникалық тұрғыда үздік екені атап өтіліп отырды. Кейбір парақшаларда аман қалудың жалғыз жолы америкалық әскерлерге «тез тұтқынға берілу» деп көрсетілді. «Тәлібан» мен «әл-Каида» басшылығының беделін түсіру жұмыстары қолға алынды. Бір бағдарламада шайқаста қарапайым жауынгер қырылып жатқан кезде мол-

да Омар жақсы жабдықталған бункерде өзінің үш әйелімен өмір ләззатына бөленіп жатыр деп айтылды. «Егер ислам үшін жан тәсілім болу абырой саналса, онда неге молда Омар шайқасқа қатыспайды?» – деген сұрақ қойылды.

Бейбіт халыққа психологиялық ықпал жасау мақсатымен ұшақтардан АҚШ символикасы және насихаттық суреттер белгіленген гуманитарлық жүктер (барлығы 2,2 млн. азық-түлік пакеттері) тасталып отырды. Пакеттің дизайнын жасауға ПсО мамандары да араласқан болатын. Олар ашық сары түске боялып, бетінде АҚШ жалауының суреті мен «Бұл азық-түлік – АҚШ халқының сыйы» деген жазуы болды. Сонымен қатар азық-түлік халал стандартына сай дайындалғаны хабарланды. Дегенмен, ойда жоқта бір мәселе туындады: пакеттердің түсі сары болғандықтан, ауғандар оларды тротил деп ойлады. «Тәлібан» бұл жағдайды пайдаланып, қарсы насихат жүргізіп үлгеріп, «америкалықтар жарылғыш пакеттер тастады» деген айып тағылды. 2001 жылдың 9 қарашасында өткен баспасөз мәжілісінде АҚШ Қорғаныс министрлігінің өкілдері азық-түлікті көгілдір түсті пакеттерге салу мәселесін қарастырып жатқанын мәлімдеді. Кейін бұл жүзеге асты.

«Тәлібан» және «әл-Каида» қарулы отрядтарына психологиялық ықпал жасаудың жоғарыда аталған әдістерінен басқа да әдістер пайдаланылды. Атап айтқанда, Тора Бора тауларындағы үңгірлерге осында жасырынып жүрген боевиктерді сандырақ күйіне енгізу үшін бірнеше 7,5 тонналық «BLU-82» әуебомбалары тасталды.

Терроризмге қарсы операцияның бірінші кезеңіндегі АҚШ ҚК ПсО жұмысын бағалай отырып, көптеген батыстық, соның ішінде америкалық мамандар оның тиімділігіне күмәнмен қарағанын атап өткен жөн. Тәуелсіз сарапшылар алғашқы, «әсіресе мәдениет пен дәстүрлерге арналған» бағдарламалардың мәтіндері «қалағанымыздай жақсы

шықты деп айтуға келмейді» деп көрсетті. Ирак пен Косовода АҚШ ҚК операцияларының ақпараттық қамсыздануын үйлестірген Мемлекеттік департамент қызметкері Дж.Метцльдің айтуы бойынша, «операцияның алғашқы кезеңіндегі ақпараттық-насихаттық материалдардың сапасы көңіл толарлықтай болмады, операция штабы аумақтың ұлттық-діни ерекшеліктері мен тұрғындардың менталитетін, білім мен өмір сүру деңгейінің төмендігін ескермеді».

Біріншіден, «Тәлібан» қозғалысының ауғандарды ақпараттық оқшауға алу саясатының нәтижесінде халықта 2001 жылғы 11 қыркүйектегі терактілердің, елді бомбалаудың себептері мен тәлібтер режимінің басқа елдермен байланысы жайлы түсінігі болмады. Оның есесіне халықтың басым бөлігінде радиоқабылдағыштар болмағандықтан, америкалық ПсО күштерінің радиобағдарламаларын тыңдай алмады. АҚШ БАҚ-тарында тиімділігі жоғары деп көрсетілген гуманитарлық жәрдемнің іс жүзіндегі тиімділігі ұзақ уақыт бойы төмен болды. Көп жағдайда олар шөлді мекендер мен миналанған учаскелерге тасталды. Тәлібтердің гуманитарлық жәрдемді қайыр-садақа, «кәпірлердің харам тамағы» ретінде насихаттауы сәтті болды. Шарифат заңдарымен тәрбиеленген сауатсыз халықтың негізгі бөлігі осы үндеулерге құлақ асты. Сонымен қатар азық-түліктің бір бөлігі уланған деген өсектер тарады. Гуманитарлық жәрдем құрлық арқылы жеткізіле бастағанда ғана оған деген халықтың көзқарасы өзгерді.

Ауған халқының басым көпшілігінің сауатсыздығы ақпараттық операцияларды ұйымдастыру кезінде ескерілген факторлардың бірі болды. Мәселен, АҚШ әскерінің әскери операциялар тәжірибесін талдау және зерттеу орталығы (*Center for Army Lessons Learned*) 2009 жылы дайындаған «Small-Unit Ops in Afghanistan. Handbook» нұсқауларында бірнеше ірі қалаларды есептемегенде, ауған ауылдарының

тұрғындарының сауатсыздығы 95%-ды құрайтыны, «қарапайым ауғанның ойлау қабілеті өз иерархиясының, яғни тайпасы мен ауылынан тұратын әулетімен байланысты. Оның геосаяси концепцияларды, жергілікті билік органдарын, ұлттық үкіметтер туралы түсінігі жоқ» екені аталып өтіледі [160].

Екіншіден, АҚШ ҚК-нің ПсО 4-тобының бұрынғы командирі Ч.Борчинидің пікірі бойынша, боевиктерге арналған бағдарламалар мен парақшалардың мазмұнының «үрей тудырудан басқа ештеңеден тұрмады», ауғандар, әсіресе пуштундар мен белуджалар, бағдарламалар мен парақшаларды өздерін жәбірлеу деп санады, сондықтан олар кері әсерін тигізді. Оның есесіне «әл-Каиданың» мүшелерінің басым бөлігі парақшалармен таныса алмады, себебі олар тек араб тілін ғана білді [161]. Дж.Метцль АҚШ насихатшыларында кәсібилік жоқ деді.

Шынымен де, Омардың үш әйелі бар және ол соғыстан жалтақтап жүр деп молданың беделіне нұқсан келтіру аңқаулықтың белгісі. Кез келген діншіл ауған бұған Құран бойынша әрбір мұсылманның төрт әйелі бола алады, молда Омар кезінде моджахед болған, шайқаста көзінен айырылған, сондықтан енді қолбасшылық етіп, әскердің қимылдарын басқарады деп жауап береді.

Қарулы боевиктердің ішінде тұтқынға берілгендерінің саны, Ауғанстан мысалын қарастыратын болсақ, өкіметтік әскерлер тарапына өткен боевиктердің саны ақпараттық-психологиялық операциялардың тиімділігінің сандық көрсеткіші болып табылатынымен келісетін болсақ, осы критерий бойынша 2001 жылдың қазанынан бастап қарашаның ортасына дейін жүргізілген АҚШ насихаттық кампаниясы да сәтсіз болды деп айтуға болады.

Операцияның екінші кезеңінде боевиктерге арналған насихаттық материалдарда қорқыту әдісі икемді қолданыла

бастады. Тұтқынға берілуге үндеулер қарсы тұруды тоқтату үндеулеріне орын берді. Кейбір насихаттық материалдар ауғандардың дәстүрлі ксенофобиясын пайдалану арқылы ауғандардың өзін және шетел жалданушыларын бір-біріне қарсы айдап салу мақсатын көздеді: дәстүрлі ауған киімінде бейнеленген молда Омар Бен Ладен алдында тізе бүккен ит күйінде суреттелді, келесі парақшада араб киіміндегі Бен Ладеннің өзі шахмат тақтасында ауғандар бейнесіндегі пешкалардың орнын ауыстырып жатқан сәтінде бейнеленді. Рамазан айының аяқталуына орай Америкалық халқы атынан таратылған құттықтау парақшалары да сәтті болды.

Операцияның үшінші кезеңінде, жоғарыда айтылып кеткендей, операцияны ақпараттық-психологиялық қамсыздандыру міндеті АӘБ мамандарына жүктелді. Ауғанстандағы АҚШ әскерлері тұрақты орналасқан жерлерінде АҚШ ҚК-нің ПсО бөлімшелерінің мамандары әскери қызметкерлерге арнап жергілікті халықпен сөйлескенде өздерін қалай ұстау керектігі туралы арнайы нұсқаулар жасады. Бұл нұсқаулар мешіттерге, мұсылмандардың зираттары мен басқа да қасиетті жерлеріне баруға, ауғандарға әскери қызметкерлердің әйелдері мен қыз жолдастарының суреттерін, әйелдердің суреттері бейнеленген батыстық журналдарды көрсетуге тыйым салды.

«Тәлібан» қозғалысы қазіргі заманның жетістіктерінен құр алақан қалмай, DVD шығаруды қолға алды, «Джихад дауысы» веб-сайтын ашты, одан мобильді телефондарға рингтондарды көшіріп алуға болатын [162].

Қазіргі кезде АҚШ ҚК-нің Ауғанстандағы ақпараттық-психологиялық операциялары жалғасын табуда. Соңғы жылдары олардың тиімділігін сынға алу қайталанып отыр. «The Washington Post» газеті 2011 жылы жарық көрген сандарының бірінде «АҚШ ауғандарға өзінің саясатын түсіндіру үшін көптеген жылдар бойы миллиондаған доллар жаратса да, әлі күнге дейін тәжірибе жүргізіп келеді» деп жазды [163].

АҚШ Мемлекеттік хатшысы Х.Клинтон: «Біз ақпараттық соғыс күйіндеміз. Адамдардың көпшілігі әлі күнге дейін ақпаратты теледидар мен радио арқылы алады. Сондықтан біз БАҚ-тың интернеттегі жаңа түрлерінде қаншалықты белсенділік танытсақ, БАҚ-тың ескі түрлерінде де соншалықты белсенділік танытуымыз керек», – деді.

Мәселен, Мемлекеттік департамент ақпараттық операцияларды ескі әдістер – радио және теледидар арқылы жүргізіп отырғаны туралы айтылады. Оның Қандағардағы америкалық әскерлердің бақылауындағы аэродромның жанында жаңадан салынған мұнаның бос орындарын ауғандарға телерадиохабар тарату үшін жалға беру жоспары сынға алынды. Бұл АҚШ-тың Ауғанстанда тұрғызылған бірнеше телемұнараларының біріншісі болып табылады.

АҚШ әскері БАҚ-тың жаңа түрлерінің мүмкіндіктерін қолдануды қолға алып жатқан кезде Мемлекеттік департаменттің Ауғанстандағы насихатпен күресу әдістерін араластырып қолдануы тәлібтердің белсенділігінің сақталуынан туындап отыр. Тәлібтер қатарын толықтыру үшін интернетті қолданады. АҚШ әскерінің келесі мақсаттарының бірі осыны тоқтату болып отыр.

Орталық командованиенің (ОК) басшысы генерал Дж.Маттис Конгреске ОК-нің «*Operation Earnest Voice*» коммуникациялық бағдарламасы аймақтағы аудиторияны БАҚ-тың дәстүрлі құралдары және жергілікті веб-сайттар мен блогтар арқылы қамтитынын мәлімдеді.

Тәлібтер насихатының әлі күнге дейін өзектілігін сақтап отыруын кейбір сарапшылар тәлібтердің өз ресурстарында коалиция әскерлерінің шабуылдарының салдарынан қаза тапқан бейбіт ауғандар туралы жазуымен байланыстырады.

ОК-нің араб, парсы, урду, пушту тілдерінде интернетте жұмыс жасайтын арнайы командасы бар. Олар интернет тұтынушыларымен кері байланыс орнатуды көздейді.

2011 жылдың ақпанында ОК 2010 жылы Калифорнияның бір компаниясымен келісімге отырғаны туралы сыни мақала жарияланды. ОК Ауғанстандағы әскери байланысшыға интернетте он «профиль» жасап, оларды басқаруға мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз етуді тапсырған. Келісімшарт бойынша виртуалды профильдердің жеке «биографиясы», «бэкграунды», «легендасы» болып, олар Ауғанстанмен «техникалық, мәдени және географиялық» байланыста болуы тиіс. Оларды анықтау мүмкін емес болып, олар қарапайым онлайн қызметтер мен әлеуметтік желілерде жұмыс атқаруы керек. Былайша айтқанда, интернеттегі ойдан шығарылған профильдер ауғандардың атынан сөйлеп, ауғандар мен басқа да оқырмандарға ықпал жасауы тиіс болды.

Блогшылардың қатаң сынына қалған Дж.Маттис ОК заңгерлері осы «профильдердің» іс-әрекеттері «заң шеңберінде» жүзеге асатынын анықтағанын, «қазіргі заманда бұл әскери қимылдардың мызғымас бөлігі» екенін атап өтті.

Кейбір сарапшылар Ауғанстандағы операцияны «болашақтың соғысы» деп қарастырады [164]. Осы әскери операцияның барысында АҚШ ҚК-нің біріккен орталық командованиесінің әуе операцияларын басқару орталығы қызмет атқарды. Ол соққы авиациясының әскери тапсырмаларын жоспарлау үшін «Қорғаныс министрлігі мен Штабтар басшылары комитетінің барлау органдарынан, «Global Hawk» және «Predator» ұшқышсыз ұшу аппараттарынан, «11-2» стратегиялық барлау ұшқыштарынан, жердегі барлау және радиолокациялық жүйелерден келіп түсетін барлау мәліметтерін» жинап, оларды өңдеп отырды [165]. Операция кезінде роботтар, ұшқышсыз ұшу аппараттары, «нанороботтар бұлты» немесе «ақылды шаң» қолданылды. Заряд тасымалдайтын бөлшектердің осы жиынтығы жаудың брондалған

машинасына жабысып, жарылады. Ұшақтар белгілі аудандарға микроқадағаларды тастады, олардың сигналдары басқару пунктіне жетіп отырды [166]. Жоғары қауіпті аймақтарды тексеру үшін барлаушы-роботтар пайдаланылды. Миналарды залалсыздандыру үшін арнайы машиналар қолданылды [167]. Гарdez маңындағы тауларда коалицияның қарулы күштері жердің асты мен таулы шатқалдарда жасырынып жүрген «Тәлібан» боевиктеріне қарсы жерастына терең енетін қару мен термобар қаруын қолданды [168].

Дегенмен осындай техникалық қаруларды қолдану ылғи табысқа жеткізіп отырмады. Әскери техниканың күш-қуатын арттыру мақсатымен ақпараттық технологияларды қарқынды қолдану интернетте насихат, коммуникациялар орнату және компьютерлік желілер мен инфрақұрылымға кибершабуылдар жасау күйінде көрініс тапты. Мәселен, америкалық хакерлердің бір тобы 11 қыркүйектегі терактілер үшін кек алу мақсатымен ауған тақырыбына қатысы бар сайттарға шабуылдар жасады. Ең бірінші болып ауған итін өсірушілердің америкалық сайты шабуылға ұшырады [169]. Кейін Пәкістан үкіметінің ресми сайты істен шығарылды. «Ауған жаңалықтар желісі», «Ауған саясаты», «Taleban.com», «Taliban.online.com» сайттары шабуылға ұшырады.

АҚШ бастаған коалиция күштерінің сәтті әскери қимылдары, жалпы алғанда, саяси мақсаттарға қол жетуге мүмкіндік жасамады: «Тәлібан» ауылдық жерлер мен таулы аймақтарда өзінің ықпалын сақтай алды, ал оның басшылары күні бүгінге дейін бостандықта.

2.4. Ирак соғысы (2003-2011) кезінде қолданылған ақпараттық технологиялар

Америкалық басшылық Иракты соғыс жүргізудің жаңа құрал-әдістерін, әсіресе бірінші кезекте шынайы әскери

қимылдар режимінде жаңа тактикалық концепциялар мен ақпараттық-психологиялық ықпал жасаудың технологияларын сынақтан өткізудің үздік полигоны санады [170].

АҚШ пен Ұлыбритания Иракқа қарсы әскери операцияға дайындалу және жүргізу барысында оны алдын ала ақпараттық-психологиялық қамтамасыз етуге үлкен мән берді.

Осы операцияның маңызды міндеттерінің бірі ақпараттық соғыс концепциясының ережелерін жүзеге асыру мен стратегиялық, оперативті-тактикалық деңгейде психологиялық операциялар өткізу болып табылды. Иракқа қарсы ақпараттық-психологиялық операциялар жүргізілгенде ресми ақпараттық-насихаттық құрылымдар, БАҚ, АҚШ және Ұлыбритания ҚК-нің ПсО күштері мен құралдары кешенді түрде жұмылдырылды [171]. Әлем қауымдастығының пікірі, АҚШ пен Ұлыбританияның халқы, Ирактың әскери-саяси басшылығы, қарулы күштері мен халқы ақпараттық-психологиялық ықпал жасаудың негізгі нысаналары болып анықталды.

Иракқа қарсы агрессияны ақпараттық-психологиялық қамсыздандырудың реттеушісі қызметін стратегиялық деңгейде Ақ үйдің ресми өкілі А.Флейшер атқарды. Оның тікелей басшылығымен күн сайын негізгі телеарналар мен ақпараттық агенттіктер өкілдеріне арнап брифингілер ұйымдастырылып отырды. Брифингілердің жұмысына Ақ үйдің америкалық және халықаралық БАҚ-пен жұмыс істеу бойынша екі негізгі координаторы, Мемлекеттік департамент пен Пентагонның ресми өкілдері және Ұлыбритания премьер-министрінің бас өкілі қатысты.

Әскери қимылдарды ақпараттық қамсыздандырудың мазмұнын жасау жұмысы АҚШ әкімшілігімен тығыз байланысты «Potomac Institute for Policy Studies», «Rand Corporation» және «American Enterprise Institute» орталықтарына тапсырылды.

Сонымен қатар, шетелдік аудиторияға «лас» насихат таратумен Дж.Рендон басқаратын «Rendon Group» жеке компаниясы айналысты. «Rendon Group» Ирактың Кувейтке басып кіруін айыптап әшкерелеуге бағытталған ақпараттық кампанияға және «Шөлдегі боран» операциясына да қатысқан болатын.

2002 жылдың ортасында АҚШ басшылығы халықаралық қауымдастық пікірін қалыптастыруға бағытталған кең көлемді ақпараттық-насихаттық кампанияны бастады.

АҚШ пен Ұлыбританияның әскерлері әскери операцияның күндері Ирактың ақпараттық инфрақұрылымын қиратуға бағытталған шараларды жүзеге асырмады, осыдан ақпараттық соғыс жүргізудің жалпы тактикасында кейбір өзгерістер болғанын көре аламыз. Басқару жүйелерімен күрес концепциясына сәйкес дұшпанның телекоммуникациялық жүйелері бірінші кезекте істен шығарылуы тиіс. Коалициялық әскерлер басшылығы осыған дейін ұстанып келген тактикадан бас тартып, Ирактың ақпараттық құрылымын болашақта өз мақсатында қолданғысы келді.

Кейбір сарапшылар осыған қатысты бөлек пікір ұстанды. Мәселен, америкалық саясаттанушы Дж.Най Ирактағы 2003 жылы бастау алған соғыс АҚШ әскерінің дұшпанның коммуникациялық жүйелерін (телевизиялық және радиорталықтарды, мобильді байланыс тарату құралдарын) қиратудан басталды деп көрсетеді [172].

Қимыл орындарынан тікелей хабар таратып отырған БАҚ өкілдерімен жұмыс «Шөлдегі боран» операциясы кезіндегі тәжірибе негізінде жүзеге асырылды, яғни шетелдік басылым өкілдері үшін арнайы журналистік «пулдар» ұйымдастырылды, коалиция телеарналарының тілшілері ешбір бөгетсіз әскермен бірге қозғалуға мүмкіндік алды.

Шетелдік БАҚ тілшілерімен жұмыс істеу барысында америкалық-британиялық коалиция Қатарда халықаралық

баспасөз орталығын құрды, ол сандық телефония және интернет желілерімен және спутниктік байланыспен жабдықталған болатын. Баспасөз орталығының жұмысы соғыстың алғашқы күндерінде аккредитацияланған журналистер тарапынан үлкен сынға алынды. Әскери қимылдардың алғашқы үш күнінде ол жерде бірде-бір брифинг өткізілмеді. Баспасөз орталығында жүрген журналистер осындай жағдайда бір-бірінен жиі сұхбат алып отырды.

Баспасөз орталығында брифингтер өткізген кезде коалиция әскерлерінің өкілдері ақпаратты, тілші сауалдарына жауаптарды, Ирактың Ақпарат министрлігі мен тәуелсіз араб БАҚ-тары таратқан ақпаратты растау немесе жоқтауды мөлшерлеп беру тактикасын қолданды. Кейбір шетелдік хабарлама арналарынан техниканы немесе коалициялық әскерлердің әскери қызметкерін жою туралы ақпарат тарағанда, баспасөз орталығында брифинг өткізіліп, журналистерге осындай ақпарат Ирактың насихаты деп түсіндірілді. Жұмыстың осындай стилін америкалықтар Югославияға қарсы агрессиясы кезінде сәтті қолданған болатын. Операция басшылығының ресми позициясына қайшы келетін барлық ақпарат шешімді күйде теріске шығарылып отырды. Текамерикалық техниканың жойылғаны БАҚ-та көрсетілгенде ғана растау берілді, соның өзінде бірден берілмей, оқиғаның маңыздылығы азайған соң бірнеше күннен кейін беріліп отырды.

Әскери қимылдар басталғанға дейін біраз уақыт бұрын АҚШ әкімшілігі Ирактағы жағдайды хабарлап отыратын журналистерге арнап арнайы талаптар ойлап шығарды. Коалицияның баспасөз орталығында аккредитацияланған барлық шетелдік журналистер БАҚ-тың жұмысы әскери операция жүргізу кезіндегі ережелеріне сәйкес тексеріліп отырады деп ескертілді.

Әскери қимылдарды көрсетуге тек «CNN» және «BBC» телерадиокомпанияларының ғана эксклюзивті құқығы болды.

Сонымен қатар, журналистер әскери қимылдарға қатысушы бөлімшелерге тікелей бекітілді. Бұл үшін «*embedded journalists*», яғни «бекітілген» немесе «ендірілген» журналистер деген арнайы термин қабылданды. Бұл шешімнің тиімділігі операцияның бірінші күндерінен-ақ біліне бастады. Интернетте шынайы уақыт режимінде америкалық танкілерден түсірілген коалиция әскерінің шабуыл жасау кадрлерін көруге болатын болды. Бұл әскермен бірге әскери қимылдардың бүкіл ауыртпалықтарын көрген журналистер өз «әріптестері» жайлы жаман жазбайды деген есептен жасалды [173].

Америкалық әскерлердің әскери бөлімдеріне барлығы 662 журналист бекітілді, қалған 95-і британ бөлімшелерінде болды. АҚШ-тың «ABC», «NBC», «CBS», «CNN», «Fox» ұлттық телеарналары және «Associated Press» ақпараттық агенттігінің әрқайсысы 26-орынды иемденді.

Кейбір араб БАҚ-тарының, әсіресе «әл-Жазираның» Ауғанстандағы операцияны қалай сипаттағанын ескере отырып, АҚШ әкімшілігі бірнеше шараны қолға алды.

Араб елдерінің аудиториясына ақпараттық-психологиялық ықпал жасау мақсатымен АҚШ әкімшілігі Сауд Арабиясы, Кувейт, Ливан және Біріккен Араб Әмірліктерінің қаржылай көмегімен «әл-Жазираға» қарсы «әл-Арабия» (арабшадан аударғанда «араб» деген мағына береді) жаңа араб спутниктік телеарнасын құрды. Оның жарғы капиталы 500 млн. долларды құрады («әл-Жазираның» бастапқы капиталы 140 млн. доллар болатын). Осыған қатысты Қазақстанның конфликтология ғалымы Г.Ө.Насимованың «қаржыландырылатын БАҚ объективті ақпарат таратумен емес, демеушінің әлеуметтік және саяси тапсырысын орындауға талпынады» деген пікірін атап өту керек [174]. «Әл-Арабия» өз жұмысын 2003 жылдың 20 ақпанында бастады. Бастапқыда телеарна тәулігіне 12 сағат жұмыс істеді, эфирде хабарлама және талдау

бағдарламалары көрсетілді. 2003 жылдың 3 наурызынан бастап «әл-Арабия» тәулік бойы жұмыс істеуге көшті.

Алайда жаңа телеарнаның жұмысы «әл-Жазираға» нағыз бәсекелестік жасай алмады.

Америкалық-британиялық коалиция ақпараттық-психологиялық қысым көрсетуге қарсы тұру бойынша Ирактың күші мен мүмкіндіктерін алдын ала болжай алмады.

Ирактың әскери-саяси басшылығы Иракқа қарсы жүргізіліп отырған психологиялық соғысқа қарсы тұруға елдің барлық насихаттық ресурстарын жұмылдырды. Ирак пен оның арнайы қызметтері ақпаратты жіті бақылап, оның шығу көздері мен ел ішіндегі арналарын толықтай бақылауда ұстағаны Ирактың ең ұтымды тұсы болды. Ирак насихаты екі мақсатты көздеді:

- дұшпанның ақпараттық-психологиялық ықпал жасауын қарсы насихат арқылы мүмкін болғанша қиындату;

- аймақтағы араб елдерінің халықтары мен әскери-саяси басшылығына АҚШ және оның одақтастарына жәрдемдеспеуге көндіруге бағытталған қысым жасау.

Ирак тарапы ақпараттық-психологиялық ықпал жасау мақсатымен радиохабар тарату мен парақшалардың көмегіне жүгінді. Қарсы насихаттық операцияның идеологиялық негізі ретінде аймақтағы мемлекеттердің барлығына ортақ ислам бірлігі, ислам моралін қорғау тақырыбы қолданылды.

Ирак насихатының негізгі тезистері:

- АҚШ-тың жоспарлап отырған агрессиясының басты мақсаты ойдан алған Ирактың жаппай қырып-жою қаруын жою емес, мемлекеттік басшылықты ауыстыру емес, мемлекеттің, кейін келе бүкіл аймақтың бай мұнай қорларын иемдену болып табылады;

- араб елдеріндегі америкалық әскерлердің әрекеті ислам моралі талаптарына қайшы келеді және мұсылмандардың діни сезімдерін қорлайды;

- Иракқа қарсы коалиция жауынгерлерінің моральдық күйі оларға ұзақ мерзім бойы шөл жағдайында соғыс ауыртпалықтарына шыдауға мүмкіндік бермейді;

- өз елінің тәуелсіздігін қорғайтын Ирак жауынгерлерімен бетпе-бет кездесе, «дистанциялық» әскери қимылдар жүргізіп үйренген америкалық әскерлер қашқынға ұшырайды.

Ирактың Ақпарат министрлігінің қызметі тарапынан америкалық-британиялық коалицияның ақпараттық талпыныстарына басты қауіп төніп отырды. Әскери қимылдар кезеңінде ол төтенше жұмыс режиміне көшті. Әскери қимылдардың бастапқы кезеңінде Ирактың Ақпарат министрі Мохамед ас-Саххаф БАҚ-тың жалған ақпарат тарату әрекеттеріне шұғыл жауап қайырып отырды. Иракты бомбалау басталғаннан кейін ол ресми тұлғалармен бірге күн сайын 60-70 шетелдік журналистерге баспасөз мәжілістерін беріп отырды, сол жерде ол Ирак қалаларын басып алу және үлкен шығындар жайлы ақпаратты жоққа шығарып отырды.

Америкалық-британиялық коалицияның ақпараттық-психологиялық ықпал жасауының негізгі жолдарының бірі жалған ақпарат тарату болды. Операция басталғанға дейін әлемдік БАҚ Ирак вице-министрі Тарик Әзіздің қашып кеткені, кейін өлтірілгені және С,Хусейннің ұлы Удей шетелге қашқысы келетіні, сол үшін қамауға алынғаны мәлімделді. Осы сияқты шындыққа жанаспайтын ақпарат ереже бойынша «біздің сенімді адамымыз хабарлағандай», «Пентагондағы атын құпияда сақтағысы келген тұлғаның айтуынша» секілді сөздермен бірге таратылды.

Ирак премьер-министрі Бағдадта сұхбат беріп, жалғандық ашылып қалғанда, бірнеше ақпараттық агенттіктің ленталарында пайда болып үлгерген вице-премьер Әзіздің оқиғасы көптеген әлемдік басылымдарды қиын жағдайға қойды. Осы-

лайша Әзіздің өлімі жайлы хабарлаған БАҚ-қа сенімсіздік артты.

Ирак әскерлері тұтқынға берілейін деп жатыр деген сыбыстар да шын болып шықпады. Пентагон дайындаған Ум-Каср түбінде Ирак дивизиясының тұтқындалуын көрсететін кадрларға шетелдік БАҚ-тың көптеген сұрақтарын туғызды. Тұтқындардың барлығы дерлік қарусыз болып шығып, қарапайым киімде болды, тұрақты әскер жауынгерлерінен гөрі қарапайым шаруаларға ұқсады.

Америкалық-британиялық басшылықтың Басра қаласы мен Ум-Каср порты басып алынды деген мәлімдемелері әртүрлі БАҚ тарапынан күлкіге ұшырады. АҚШ БАҚ-тарында осы екеуі екі тәуліктің ішінде кемінде үш рет басып алынған болып көрсетілді.

Осыған қарамастан, белсенді ақпараттық-психологиялық операция нәтижесінде АҚШ пен Ұлыбританияның әскери-саяси басшылығы:

- өз халықтарының Ирактағы соғысты қолдауын;
- өз әскерінің моральдық-психологиялық күйінің жоғары болуын;
- басқа мемлекеттердің операцияны қолдауын, кейбір елдердің бейтарап позицияны ұстануын;
- қарсы позиция ұстанған Ресей, Франция, ГФР-дің халықаралық беделін түсіруді қамтамасыз етті.

АҚШ пен Ұлыбритания БАҚ-тарының журналистерін әскери бөлімшелерге ендіру сияқты ақпараттық-психологиялық қамтамасыз етудің жаңа түрлері коалиция елдерінің халықтары арасында әскери қимылдарды қомақты дәрежеде қолдауына алып келді.

Сонымен қатар АҚШ пен Ұлыбританияның ақпараттық құрылымдары операцияның әртүрлі кезеңдерінде ақпараттық-психологиялық операцияларды жүзеге асыруда белгілі қиыншылықтармен кездесті. Мәселен, АҚШ-тың

Иракқа қарсы күш қолдануға мүмкіндік беретін резолюцияны қабылдауға БҰҰ-ға ықпал жасауы және біржақты әскери қимылдар жүргізу АҚШ пен Ұлыбританияның халықаралық имиджіне нұқсан келтірді. Әлемнің көптеген мемлекеттері БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің санкцияларымен есептеспеген күш акциясын агрессия деп қабылдады.

Әлем агенттіктері мен БАҚ-тарының басым бөлігі өз елдерінің позициясын ұстанғандықтан, олар АҚШ пен Ұлыбританияның ақпараттық басымдыққа ие болу талпыныстарына бейтарап қарағандықтан, Иракқа қарсы операцияның алғашқы кезеңіндегі ақпараттық соғыс жеңіліс әкелді. Операция аяқталып, Иракта жаппай қырып-жою қаруы табылмай, АҚШ соғысты ақтауға мәжбүр болып, ақпараттық тәуелділікке түсіп қалды.

Қақтығысты теледидар экрандарынан көріп жүрген сыртқы бақылаушы америкалықтар ешбір нақты жоспарсыз соғыс бастап, қуатты қарсылыққа дайын болмады деген тұжырым жасады [175].

Иракқа кірер алдындағы дайындық кезеңінде АҚШ ақпараттық құрылымдары Ирактың әскерлері мен халқына радио- және телехабар таратуды жүзеге асырды. Атап айтатын болсақ, 2002-2003 жылдары АҚШ бірқатар «заңсыз» радиостансалардың жұмысын ұйымдастырып, олар арқылы Ирактың әртүрлі оппозициялық топтары эфирге шығуға мүмкіндік алды. Әскери қимылдар басталғанға дейін 27 радиостанса Ирак ішіндегі насихаттық жұмыстармен айналысты, олар өздерінің америкалық демеушілерінің саяси мүдделерін жүзеге асырды.

АҚШ ҚК-нің ПсО мамандары Ирактың С.Хусейн билігі кезінде қалыптасқан ақпараттық инфрақұрылымын соғыстан кейін өз мақсатында қолдануды көздеді. Сондықтан ол бомбалауға ұшырамады. Тек Ирактың Ақпарат министрлігінің бірқатар сәтті насихаттық акциясынан кейін Бағдаттағы

телеорталыққа әуесқоқылар жасалды. АҚШ Иракта тұңғыш рет «электорманниттік бомбаны» пайдаланды. Ол Ирактың телевизиясын толығымен жоймай, оны уақытша өшіріп тастады.

Ирактың телерадиохабар тарату жүйесі 1991 жылғы «Шөлдегі боран» операциясы кезінде үлкен шығынға ұшырағанын атап өту керек. Алдағы он жылда қиратылған объектілердің біразы қалпына келтірілді. Дегенмен, ақпараттық инфрақұрылымның деңгейі 1991 жылғы көрсеткішке жете алмады, батыстық теле- және радиотехника өндірушілеріне С.Хусейн режимін өз өнімдерімен қамсыздандыруға тыйым салған экономикалық санкциялар осының негізгі себебі болды.

2003 жылдың наурызына қарай Ирактың «Баас» партиясының саясатын насихаттайтын екі мемлекеттік телеарнасы, бірнеше ресми радиостансасы және он шақты газеті болды. Халықты ақпараттандырудың негізгі көзі радио болды, өйткені ол қымбат болмады және ақпаратты жылдам таратып отырды. Ирак халқы шетелдік радиостансалардың жаңалықтарын да тыңдай алды. Халық ішінде «BBC» және Францияның «Radio Monte Carlo» радиостансасы кең танымал болды. Ұлыбританияның сол кездегі премьер-министрі Т.Блэр «Radio Monte Carlo» радиостансасын тіпті «Ирак халқымен байланыс» құралы ретінде таңдады [176]. Ұлттық радиостансалар ішінде «Бағдад радиосы», «әл-Шабаб», «Сәут-әл-Жамахирия» радиолары сұранысқа ие болды. Сол кездегі билік режимі осы радиостансаларды ұлтжандылықты ояту және агрессияға қарсы тұру құралы ретінде пайдаланды. Соғыс басталғанға дейін Иракта интернетке шыға алатын тек 15 мыңға жуық компьютер болды, дегенмен олардың барлығы «Баас» партиясының бақылауында болды.

2003 жылдың ақпанында шайқастар аяқталғаннан кейін Ирактың радиоэфирінде жиырмаға жуық жаңа FM-стансалар

пайда болды. Олар жаңалықтарды, спорт және музыка бағдарламаларын араб тілінде жүргізді. Соғыс аяқталғаннан кейін үш ай өткесін «Шекарасыз репортерлер» құқық қорғау ұйымы оккупацияланған Ирактағы БАҚ-тың күйін тексеріп, «Ирак халқы БАҚ-тың жұмысын сенімсіздікпен қарайды» деген шешімге келді.

АҚШ пен Ирактың Уақытша басқару кеңесінің әскери-саяси басшылығы ирактықтардың санасына ықпал жасау үшін көп тер төкті. К.Пауэлл 2004 жылдың ақпанында Вашингтон «Ирак халқына АҚШ-тың бітімгерлік мақсаттарын жеткізу үшін жұмыс істейтін Ирак радиосы мен телевизиясын қалпына келтіру жұмыстарын» жүргізіп жатқанын мәлімдеді.

Әскери қимылдар басталғанға дейін екі ай бұрын, яғни 2003 жылдың қаңтарында Пентагон «Science Applications International Corporation» (SAIC) компаниясына соғыстан кейінгі Иракта телекоммуникациялық желілер құру міндетін жүктеді. «SAIC» құрамына АҚШ-та тұратын бес этникалық ирактық кірген арнайы топ құрды. Соғыстан кейінгі кезеңде Ирактың ақпараттық құрылымдарының жұмысын оккупациялық әскерлердің мүддесіне сай ұйымдастыру топтың негізгі мақсаты болды. «SAIC» компаниясы АҚШ Ұлттық қауіпсіздік агенттігі мен ОББ-ның ең ірі әріптесі болып табылады. Сарапшылардың басым көпшілігі компания соғыс аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде Ирак телевизиясының сапалы жұмыс жасауын қамтамасыз ете алмады деп есептейді. Эфир сеткасында америкалық бағдарламалардың басым болуы және жаңа телевизиясының араб спутниктік телеарналарымен бәсекеге түсе алмауы осының негізгі себебі ретінде көрсетіледі. Көптеген сыншылар «SAIC» компаниясында теле- және радиохабар тарату жұмысын ұйымдастыру тәжірибесі мүлдем болмады деген пікір айтады.

Пентагонның қаржылық жәрдемінің арқасында «SAIC» жасаған ақпараттық құрылым «Ирак медиажелісі» («Iraqi Media Network») атауына ие болды. «Ирак медиажелісінің» радиобағдарламалары алғаш рет эфирге 2003 жылдың 10 сәуірінде шықты, ал телехабар тарату мамырдың 13-інен басталды. Бағдарламалар тәулігіне екі сағат эфирде болып, отыз минуттық кешкі жаңалықтар көрсетілді. Ақпараттық агенттіктің штаты он журналист пен елу техникалық және басқа да мамандардан тұрды. Теле- және радиобағдарламалар эфирге күн сайын он сағат бойы шығып отырды. Кейбір мәліметтерге сүйенетін болсақ, «Ирак медиажелісі» телерадиокомпаниясы Ирак халқының үштен екісін қамтыған.

Қазіргі кезде «Ирак медиажелісінің» жұмысын екі телеарна мен екі радиостанса құрамында жүзеге асыруға шешім қабылданған. Сонымен қатар «Ирак медиажелісінің» атауы «әл-Иракия» («Al-Iraqiya Network») атауына ауыстырылды. Осы шара да аса бір сәтті болды деп айтуға келмейді. Ирактың Басра және Бағдад қалаларында жүргізілген сауалнамалар «әл-Иракия» арнасы жергілікті халықтың арасында қолдауға ие емес екенін көрсетті. Осының бір себебі ретінде арна бағдарламаларының насихаттық сипаты айтылады. Сауалнама бойынша, әрбір төртінші ирактық «әл-Жазира» және «әл-Арабия» спутниктің арналарын тұтынады, респонденттердің тек оннан бірі ғана «әл-Иракия» бағдарламаларын көретіні анықталды.

Оккупациялық әскерлер «Ирак медиажелісінің» жұмысын ұйымдастырудан басқа Ирак қалаларында жеке телеарналарды қалыптастыруға көп көңіл бөлді. Бұл жұмыспен АҚШ және Ұлыбритания ҚК-нің ПсО мамандары айналысты. 2003 жылдың 22 қазанында «Associated Press» агенттігі С.Хусейннің туған қаласы Тикритте АҚШ ҚК-нің әскери қызметкерлері «қаланың ақпараттық инфрақұрылымын» қалпына келтіріп жатқанын хабарлады. Төрт әскери

қызметкерден тұратын бөлімшенің мақсаты Тикриттің телевизиясының, радиосының және басылымдарының жұмысын қалпына келтіру болды, оны басқару АҚШ ҚК-нің 4-пехоталық дивизиясы штабының офицері Дж.Коксқа жүктелді. Бөлімше Тикрит университетінің базасында телерадиостансаның эфирге шығуын, Ирактың Салах-эд-Дин провинциясының аумағына «Ирак медиажелісі» телерадиобағдарламаларының ретрансляциясын жүзеге асырды. «Associated Press» Тикритте АҚШ Қарулы күштері үш апталық газеттің таралуын қамтамасыз еткенін де хабарлады. Газеттер Бағдадта басылды, өйткені Тикрит қаласында істеп тұрған баспахана болмады. Мосул қаласында коалициялық күштер «Мосул TV» телеарнасына жауапты болды. «Әл-Арабия» ақпараттық агенттігінің хабарламасында телеарна «Хусейн режимі құлағаннан бергі эфирге шыққан Ирактың тұңғыш телеарнасы» деп аталды. Коалициялық әскерлердің ПсО бөлімшелерінің басшылығымен 2003 жылдың 23 сәуірінен бастап телеарна Киркук қаласында да көрсетіле бастады.

АҚШ-тың әскери-саяси басшылығы Ирактағы жағдайды қалыптастыруға Таяу Шығыс елдерінің ұстанымы өте маңызды екенін түсінді. АҚШ сарапшыларының пікірінше, осы елдердегі антиамерикалық көңіл-күйдің болуы Ирактағы жағдайдың халықаралық БАҚ-та көрсетілуімен байланысты. Араб елдерін «АҚШ әскерлерінің аймақта болуының мақсаты бітімгерлік» дегенге көндіру үшін 2004 жылдың ақпанының соңынан бастап жаңа «әл-Хурра» («Азаттық») спутниктік арнасы араб тілінде жұмыс істей бастады.

АҚШ конгресі жұмысына он шақты миллион доллар қаражат бөлген жаңа арнаға аймақта АҚШ беделін арттыру тапсырылды. Іс жүзінде «әл-Хурра» арнасы арқылы «әл-Жазира» мен «әл-Арабия» арналарының позициясын басу көзделді. Дж.Буш: «Әл-Хурра» «мұсылман әлемінің эфирін

басып алған пасық насихатқа қарсы тұрып, АҚШ саясаты мен құндылықтары жайлы шындықты айтатын болады», – деп мәлімдеді [177]. «Әл-Хурра» телеарнасы насихат немесе қарсы насихат құралы ретінде терроризмге қарсы күресуге септігін тигізеді деп есептелді. «France-Presse» агенттігіне берген сұхбатында телеарнаға жетекшілік еткен федералды агенттіктің президенті К.Томлинсон: «Әл-Хурра» Таяу Шығыстың көрерменіне жаңа көкжиектерді ашып, толыққанды мәдени түсіністік пен өзара сыйластықты орнатуға септігін тигізеді», – деп айтты.

Ирактың ақпараттық кеңістігінде цензура ресми түрде болмағанымен, коалициялық әскерлердің басшылығы зорлық-зомблықты насихаттайтын, «Баас» партиясын жақтайтын немесе коалиция әскерлеріне қарсы тұруға шақыратын ақпаратты жариялаған Ирактың кез келген бұқаралық ақпарат құралына мың долларға жуық айыппұл салуға құқылы болды. Коалиция әскерлерінде Ирак БАҚ-тарының ақпараттық бағытын бақылап отыратын арнайы құрылым қалыптастырылды. Көптеген мақалалар шыққан бойы аударылып, командованиеге жеткізіліп тұрды.

Пентагон кейбір араб телеарналарының қызметі Ирактағы жағдайды ушықтырады деп санағандықтан, 2003 жылдың 24 қарашасында «әл-Арабия» арнасының көрсетілімі тоқтады. Телеарнаға «өлтірушілікке итермеледі» деген айып тағылды, себебі ол С.Хусейннің Ирактың Уақытша үкіметінің мүшелеріне шабуыл жасауға шақырып жатқан бейнематериалды көрсетті.

Коалиция әскерлерінің жауынгерлеріне зорлық көрсетуге шақырғаны үшін 2004 жылдың 28 наурызында шейіттердің «Al-Hawza» газеті жабылды. Газетті Ирактағы антиамерикалық қозғалыс идеологтарының бірі шейіт молдасы Моктада ас-Садрдың жақтастары шығарып отырды. АҚШ әскери қызметкерлері таратқан араб тіліндегі парақшаларда

молда «оқырмандарын адастырып жатыр» және «коалиция әскері мен коалицияға жұмыс істейтін ирактықтарға қауіп төндіреді» деп айтылды.

2003 жылдың 9 желтоқсанында Ирактың Уақытша басқару кеңесі Үкіметтік ақпарат корпорациясын құру туралы шешім қабылдады. Жаңадан құрылған ұйымның міндеттеріне елдегі баспа және электрондық БАҚ қызметін қадағалау, жаңа басылымдар мен радио-, телестансалардың ашылуына лицензия беру, үкіметтік жаңалықтар, радиостансалар және телевизия агенттігін құру жұмыстары кірді. Сонымен қатар корпорацияға бұрынғы режим құлатылғаннан кейін таратылған Ирак Ақпарат министрлігінің қызметкерлерін қайта жұмысқа орналастыру жүктелді.

2004 жылдың басында Ирактың Уақытша басқару кеңесі елдің ақпараттық желісін басқаруға тендер жариялады, тендерге отызға жуық шетелдік ақпараттық компаниялар қатысты. Нәтижесінде Пентагон Ирактың «әл-Иракия» телеарнасын қалпына келтіру бойынша 96 миллион доллар тұратын келісімшартты АҚШ-тың «Harris Corporation» фирмасына тапсырды. Компания Ирактың телевизиялық БАҚ-тарын бір жыл бойы басқаруға мүмкіндік алды. Сонымен қатар Ирактың «Ас-Сабах» газеті де «Harris Corporation» компаниясының жетекшілігіне берілді.

С.Хусейн режимі құлағасын Иракта жаңа ақпараттық технологиялар тарала бастады. Мәселен, 2004 жылы Бағдадтың өзінде-ақ 150 интернет-кафе ашылған болатын [178]. Салыстыру үшін айта кететін болсақ, С.Хусейн билік құрғанда бүкіл Иракта тек 57 интернет-орталық болған. 2004 жылдың тамызына таман интернет елдің барлық түкпіріне таралды, ирактықтар үшін интернетті тұтынуға байланысты ешқандай цензура болмады. Жеке сайттары бар әр түрлі террорлық ұйымдар интернетті бақылаудың болмағанын өз мақсаттары үшін қолданды. Мәселен, «әл-Каида» осы жағдайды қатарына

жаңа мүшелерді тарту үшін және АҚШ имиджіне нұқсан келтіру үшін сәтті пайдалана білді.

2.5. Оңтүстік Осетиядағы қарулы қақтығыс (2008) кезіндегі ақпараттық соғыс

2008 жылы Оңтүстік Осетияда орын алған қақтығыста Ресей мен Грузия ақпараттық соғысқа өте үлкен көңіл бөлді. Ақпараттық соғыс «кімді агрессор, кімді құрбан санау керек?» деген сұраққа жауап беруі тиіс болды. Трансұлттық БАҚ кеңістігінде жаһандық ақпараттық соғыс негізінен Грузияны құптаушы бағытта жүріп отырды.

Жаһандық медиа-кеңістікте Ресей ақпараттық соғыста өз позициясын қорғаған жалғыз мемлекет болды деп айтуға негіз бар. Ресейлік сарапшылар мен БАҚ өкілдерінің пікірі де осындай. Оңтүстік Осетиядағы қарулы қақтығыс жайлы хабар таратқан әлемдік БАҚ өкілдерінің хабарламаларын талдау дәл осындай пікір қалыптасады. Батыстық БАҚ-тың оқиғаларды бір қырынан ғана сипаттауы Грузияны Ресейдің «әскери машинасының» құрбаны ретінде көрсетуге бағытталды. Мәселен, «Reuters» және «Associated Press» ақпараттық агенттіктердің хабарламалары оқиға барысында тек Тбилисидің ғана көзқарасын келтіріп отырды.

Қос тарап та өз әскерінің шығынын төмен көрсетіп, қарсыласының шығынын асырып көрсеткісі келді. Қақтығыстың бірінші күнінің ішінде Ресей Грузияға өзінің телесюжеттерін тарата алды, бірақ күннің ортасына қарай Грузия Ресей арналарының көрсетілімін тоқтатты. Екі мемлекет те жалған ақпарат тарату әдісін қолданды. Олардың ашық БАҚ көздерінде жарияланған мақалаларының мазмұны бір-біріне қайшы келді. Грузия шығындарын, мәселен, ұшақтарының шығынын асырып көрсетті. Тбилисидегі БАҚ-тардың хабарлауынша, Ресейдің құлатылған ұшақтарының

саны жиырмадан асты. Дегенмен осыны растайтын бейне-материалдар мен құжаттар көрсетілмеді. 14 тамызда болған митингіде Грузияның президенті М.Саакашвили Грузияға Ресейдің 1200 танкі басып кірді деп айтты [179]. Бұл мәлімдеме шындыққа жанаспады.

«Бескүндік соғыс» кезінде жалған ақпарат тарату кең өріс алды. Әрбір орын алған оқиғаға қатысты бірнеше көзқарас болды.

Грузияның Ұлттық Қауіпсіздің Кеңесінің хатшысы А.Ломайдың мәлімдемесіне сәйкес ресейлік БАҚ Грузияға қарсы ақпараттық соғыс жүргізді. Ол: «Соңғы кездері ресейлік БАҚ өкілдері, атап айтқанда, телеарналар Грузияға қарсы нағыз ақпараттық соғыс жүргізіп келеді, сондықтан біз сенбіден бастап Грузия аумағында барлық ресейлік телеарналардың көрсетілімін тоқтатуға шешім қабылдадық», – деп мәлімдеді [180].

Грузия басшылығы 9 тамыздан бастап өзінің аумағында Ресейдің барлық телеарналарының хабар таратуын тоқтатып тастады. Керісінше, «Америка дауысы» радиосының грузин тілінде хабар тарату уақыты ұзартылды. Кейін Грузия басшылығы «ДТВ», «ТНТ», «СТС», «Культура» телеарналарын қайта ашты, жабылған арналар қатарында тек жаңалықтар көрсететін «Бірінші арна», «Россия», НТВ, «ТВ Центр» және «Вести» телеарналары қалды. Бірер күн өткесін Тбилисидің бірнеше тұрғыны «Кавказский узел» тілшісіне орыс тіліндегі «RTVi» телеарнасы өз жұмысын қайта бастады деп хабарлады [181].

18 тамызда «Эхо Москвы» радиостансасының бағдарламаларын таратқан «RTVi» телеарнасының көрсетілімі тоқтатылғаны жайлы ақпарат пайда болды. Ресми мәлімдемеге сәйкес, оның жұмысының тоқтатылуы әскери жағдайға байланысты болды. Радиостансаның бас редакторы А.Венедиктовтың пікірінше, көрсетілім радиода РФ Сыртқы

істер министрі С.Лавровтың сұхбатынан кейін тоқтатылды. «Біз сұхбатты RTVi телеарнасы үшін грузиндер Ресейдің позициясын білсін деп арнайы дайындаған болатынбыз», – деді А.Венедиктов [182].

Сонымен қатар, Оңтүстік Осетиядағы қақтығыс кезінде *веб-сайттарға шабуылдар* көптеп орын алды. 8 тамызда Грузияның Сыртқы істер министрлігі мен басқа да үкіметтік құрылымдарының сайттары хакерлердің шабуылдарына ұшырады [183]. СІМ сайтының бас парақшасында Адольф Гитлер мен М.Саакашвилидің суреттерінен жасалған коллаж бейнеленді [184]. Осыған байланысты СІМ өкілдері Грузия тарапының ресми мәлімдемелері ақпараттық агенттіктер арқылы таратылады деп хабарлады.

Оңтүстік Осетия да өз сайттарына жасалып жатқан шабуылдар жайлы мәлімдеді. Республиканың ақпарат және баспасөз бойынша мемлекеттік комитетінің сайтында «DDoS-шабуылдарға байланысты оңтүстік осетиялық сайттар ұзақ уақыт бойы істемей тұрғаны» хабарланған болатын. Сайттарға жасалған қысымды жеңілдету үшін қосымша «tskhinval.ru» сайты жұмыс істей бастады. Белсенді әскери қимылдар басталысымен Оңтүстік Осетияның «Осинформ» ақпараттық агенттігінің ресми сайтының ұқсас атаулы клоны жасалды («osinform.ru» және «os-inform.com»). Онда орын алып жатқан жаңалықтар Грузия тарапынан көрсетіліп отырды, Оңтүстік Осетия президенті Э.Кокойтының атынан жалған мәлімдемелер де таратылып отырды.

Кейбір БАҚ өкілдері «Грузия Online» ресурсының бұзылғаны жайлы мәлімдеді. «РИА «Новости» [185], ресейлік ағылшын тіліндегі «Russia Today» телеарнасының сайттары, кейін белгілі болғандай, Тбилисидегі IP-мекенжайлардан DDoS-шабуылдарға ұшырады [186].

Сонымен қатар Грузия президентінің ресми сайты да шабуылға ұшырады [187]. 12 тамызда Польша президенті

Л.Качиньски Грузияның үкіметіне Оңтүстік Осетияда жаңалықтарды жариялау үшін өзінің сайты берді [188]. Бұл сайт та шабуылдарға ұшырады.

Әскери қимылдар барысында интернет-кеңістікте де соғыс жүрді. 8 тамызда «Наши», «Россия Молодая», «Местные» және «Молодая Гвардия» қозғалыстарының басшылары өздерінің жақтастарын Грузия президенті М.Саакашвилидің режиміне қарсы барлық интернет-ресурстарда ақпараттық соғысқа шақырған үндеуге қол қойды [189]. «Интерфакс» агенттігі 9 тамызда Грузия «.ru» доменіндегі барлық сайттарға кіруге жолды жауып тастады деп хабарлады [190].

Кейбір жаңалықтарға сәйкес Ресей де өз аумағында Грузия сайттарын жауып тастады. Бұл жайлы батыс ақпарат көздері [191] және «kasparov.ru» [192] оппозициялық сайты мәлімдеді. Осыған дәлел ретінде кейбір грузиндік сайттарға («civil.ge», «newsgeorgia.ru», «president.gov.ge») кіру мүмкін еместігі келтірілді. Ресейдің ресми БАҚ өкілдерінде осы туралы ештеңе айтылмады. Кейін келе АҚШ-тың интернет-трафикті бақылайтын «Renesys Corp.» компаниясы мәлімдегендей, Ресейде «Грузиядан келетін трафикке шектеу салу талаптары орын алмады» [187]. «Лаборатория Касперского» компаниясының жетекші сарапшысы В.Камлюк те осындай мәлімдемелерді жоққа шығарды, оның пайымдауынша, Грузия сайттарының жұмыс істемеуінің себептері тек DDoS-шабуылдармен ғана байланысты болды [193].

Бирмингемдегі Алабама университетінің Компьютерлік сараптама бойынша зерттеу орталығының директоры Гэри Уорнердің пікірінше, Ресей билігінің Грузия сайттарына шабуылдарға қатысы жоқ. Оның айтуынша, ол жүздеген ресейлік форумдар мен блогтарда тура Эстония сайттарына DDoS-шабуылдарда қолданылғандай скриптіні тапқан [194].

Көптеген сарапшылар шабуылдардың осал үйлестірілгенін атап өтті, оның себебі ретінде оларды жеткілікті дәрежеде

колдаудың болмауы және олардың ақпараттық соғыстағы аз ғана рөлі көрсетілді [195]. БАҚ-та сонымен қатар «ge» доменіндегі жекелеген сайттарға жасалған шабуылдар жайлы да сөз болды [196].

«Шекарасыз репортерлер» ұйымы Грузия мен Ресей арасындағы интернет-соғысты сынға алды. Ұйым осы құжатта: «Интернет шайқас алаңына айналды, ондағы бірінші құрбан – ақпарат. Бір жағынан, Грузия провайдерлері Ресей сайттарын жауып тастаса, екінші жағынан, Ресей хакерлері Грузияның үкіметтік веб-сайттарына шабуыл жасады. Қазіргі уақытта радиостансалар, телевизия мен газеттер тәуелсіз ақпаратты өте аз тарататынын ескеретін болсақ, интернет қоғам үшін өте маңызды, сондықтан осы шабуылдар тоқтатылуы тиіс», – деп жазды [197].

Оңтүстік Осетиядағы қарулы қақтығыстағы ақпараттық соғыстың бұған дейін орын алған ақпараттық соғыстардан ерекшелігі – оған кең көлемде *блогшылардың араласуы*.

Рунетте танымал А.Носик: «Оңтүстік Осетиядағы соғыс кезінде блогтар саласында біз адамдардың бағытталған жұмысын байқадық, олар таңертең жұмысқа келіп, арандату орын алмаған барлық жерде нақты көзқарастарды білдіре бастады. Олар таңертең жұмысын бастап, кешке аяқтайтын, сосын екінші ауысым келетін. Ресей әскері Грузияға кіргенге дейін менің журналымның оқырмандарының 80%-ы Грузияға кіру керек емес, ал 20%-ы кіру керек деген позицияда болса, келесі күндері осы 20% саяси түсініктемелердің 120%-ын жазып отырды. Қызметтегі әрбір адам бір ойды он шақты адам атынан жазып отырды. Осының салдарынан мен өзімнің журналымда Мемлекеттік телерадиодағы пікірден басқа пікір қалмады деген ойда болдым» [198].

Оңтүстік Осетиядағы қарулы қақтығыс кезіндегі ақпараттық соғыс кезінде Ресей блогшылары өз жазбаларымен ағылшынтілді аудиторияға ықпал етуге тырыс-

ты. Батыстық БАҚ-та оқиғаларға біржақты баға беру блогшылардың өздеріне үйреншікті емес аудитория алдында белсенділік танытуының себебі болды.

«Livejournal»-дың ресейлік тұтынушыларының бірі ағылшын тілінде: «Достар, көздеріңізді ашыңдар. Америкалықтар Грузияға қару-жарақ тасып, Ирактан грузиялық әскерлерді, әскери және көлік ұшақтарын жөнелтіп жатыр, Грузия әскерін қаржыландырып отыр. Америкалықтар, британиялықтар! «CNN» мен «BBC» шындықты айтып отырған жоқ. Олар сіздерге сіздердің ақшаңызды тұтынып, жалған ақпарат беріп отыр», – деп жазды.

Белсенді блогшылардың бірі, әрі «Саяси антропология мектебі» жобасының авторларының бірі В.Семенов көптеген халықаралық блогтар мен қауымдастықтар өз міндетін атқарып отырғанын айтып: «Орыстардың жазбалары ағылшын тіліндегі блогтарда жақсы көрініс тапты. Олар тіпті батыстық журналистердің арасында күмән тудырып отыр. Барлық блогшылар «Кремльдің насихатына» тәуелді емес екені айдан анық. Сонымен қатар, қимылдар алаңынан жазып жүрген блогшыларды да есептен шығармаған жөн», – деді.

Қақтығыс аяқталғаннан кейін бір ай өтсе де, Оңтүстік Осетия сайттарына, электрондық пошталары мен «ICQ» интернет-пейджерінің аккаунттарына жасалған шабуылдар жайлы хабарлар пайда бола берді [199].

Енді қарулы қақтығысты батыстық БАҚ қалай көрсетті және оған қандай баға берді деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, алдымен Оңтүстік Осетиядағы оқиғалар батыстық БАҚ тарапынан кең талқыланғанын айтуымыз керек.

Ұлыбританияның «Sky News» телеарнасы 8 тамызда жаңалықтарда Оңтүстік Осетияның ауылдары мен астанасы Цхинвалиді Грузия артиллериясы атқылап жатқанын туралы бейнесюжет көрсетті де, келесі күні «Ресей Грузияның

құрамына кіретін Оңтүстік Осетияның территориясын атқылап жатыр» деп көрсетті [200].

Батыс елдерінің телеарналары Цхинвалиден ұзақ уақыт бойы тікелей репортаж жасамады, дегенмен олардың біразы алдымен Грузияның, кейін Ресейдің артиллериялық атқылауынан қала қирап жатыр деп мәлімдеді [201]. Батыс мемлекеттерінің БАҚ өкілдерінің барлығы Тбилисиде болып, Грузияның Гори және Поти қалаларындағы оқиғалар жайлы хабарлар таратты. Осындағы әскери объектілер Ресей тарапынан әуе соққыларына жығылып отырды, осының салдарынан бейбіт азаматтар арасында қаза тапқандар болды [202]. Басқа пікірлерге сүйенсек, Гориде адамдардың қаза болуы тұрғын үйлерге жақын орналасқан қару-жарақ қоймасы жарылысының салдарынан орын алды. Цхинвалиде тек ресейлік телеарналар қызмет етті. Дегенмен кейін келе Оңтүстік Осетияның астанасына жүзден аса батыс елдерінің тілшілері сапар шекті [203].

Ресейдің «Вести» ақпараттық арнасы Еуропарламент депутаты Джульетто Кьезаның Италия БАҚ өкілдері «Грузия Оңтүстік Осетия тарапынан шабуылға ұшырады, Ресей Грузияны басып алу мақсатымен соғыс жүргізеді» деген сөздерін келтіріп, осылардың жалған екенін жеткізді [204].

Италия телеарналарының басқа да жалған ақпарат таратқан жағдайлары анықталды. Мәселен, Италияда тұратын бірнеше орыс азаматтары «РИА «Новости» Римдегі өкілеттілігіне барып, атыс астында үйі қираған осетин кемпірі Италия телеарналарында «Ресейдің бомбалауынан зардап шеккен грузин кемпірі» болып көретілгенін жеткізген [205].

РФ сол кездегі премьер-министрі В.Путин 11 тамызда батыс елдерінің БАҚ өкілдері мен саясаткерлері агрессорды зардап шеккен тарап ретінде көрсеткісі келетінін айтты: «Саясаттың қаражүзділігі таң қалдырмайды, саясатты

қаражүзді деп жиі айтады ғой. Қара жүзділіктің, ақты қара, қараны ақ қылып көрсете білудің, агрессорды агрессиядан зардап шеккен тарап қылып көрсете білудің және нәтиже үшін жауапкершілікті зардап шеккендердің мойнына жүктей білудің деңгейі таң қалдырады. Бір сағат ішінде он шақты осетин ауылын жер бетінен жойып жіберіп, танкімен балалар мен қарттарды езген, адамдарды үйлерінде тірілей өртеген қазіргі грузин саясаткерлерін қорғайсыздар. Кезінде АҚШ президенті Латын Америкасының бір диктаторы жайлы «Сомоса, әрине, жексұрын, бірақ ол өзіміздің жексұрынымыз» деген» [206].

Осы мәлімдеменің ішіндегі «бір сағат ішінде он шақты осетин ауылын жер бетінен жойып жіберіп, танкімен балалар мен қарттарды езген, адамдарды үйлерінде тірілей өртеген» деген сөздер «BBC» телеарнасы көрсетілімінің жолма-жол аудармасынан кесіп алынып тасталды.

14 тамызда Ресей Мемлекеттік думасының Халықаралық істер бойынша комитеттің төрағасы К.Косачев батыстық БАҚ, атап айтқанда, «CNN» телеарнасы Оңтүстік Осетиядағы оқиғалар жайлы ақпаратты жөнсіз таратқанын айтты. Ол: «CNN», «BBC» және басқа да телеарналар бір тәулікке жуық уақыт Цхинвалиді көрсетпеді», – деп мәлімдеді. Оның айтуынша, кейбір кездері осы телеарналардағы жаңалықтардың атауы да бірдей болды («Грузия күресуде»). К.Косачев осының бәрі батыстың «еркін демократиялық Грузия» мен оны басып алғысы келетін «агрессор Ресейге» қатысты теориясына жақсы келіп отыр деп мәлімдеді [207].

15 тамызда М.Горбачев Ресейдің Оңтүстік Осетияға көрсеткен жәрдемін ақтап, «Ресей Грузия тарапынан болған агрессияға жауап берді. Осындай былық пен адамдарды қырып-жоюды жай қалдыруға болмайды» деді. Сонымен қатар КСРО-ның бұрынғы президенті батыстық БАҚ өкілдерінің біржақтылығы мен объективсіздігін сынға алды [208].

Батыс мемлекеттері аудиториясының соғыс туралы пікірін жаңалықтар қалыптастырып отырды. Грузияның президенті М.Саакашвили өзінің халқына арнаған мәлімдемелеріне дейін ағылшын тілінде жасап отырды. Ақпараттық соғыста уақыт тапшы болғандықтан, осындай қадам шетелдік тілшілерге президенттің сөзін аудармай, уақыт үнемдеуге септігін тигізді деп айтуға негіз бар. М.Саакашвилидің мәлімдемелерінің мазмұнына келетін болсақ, ол батыстық басылымдарда ең көп жарияланған мәлімдемесі – «CNN» телеарнасына берген эксклюзивті сұхбатында былай деді: «Бұл 1979 жылғы Ауғанстанға жасаған шабуылға ұқсайды. Бұл Кеңес үкіметінің танкілері кірген Чехословакия сияқты. Егер де олар осыны Грузияға қатысты қолданса, онда бүкіл әлемге қауіп төніп тұр» [209].

8 қыркүйекте «Russia Today» телеарнасының журналистері «CNN» телеарнасын жалған ақпарат таратты деп айыптады [210]. Олардың айтуынша, АҚШ телеарнасы қираған Цхинвали қаласын Грузияның Гори қаласы ретінде көрсеткен. Сол кезде журналистердің бірі батыстық БАҚ өкілдерінің қақтығыс жайлы ақпарат таратуы жайлы «Грузия мен Оңтүстік Осетияның соғысы олардың абыройына зор нұқсан келтірді. Олар тұңғыш рет әскери қақтығыстағы оқиғаларды бүркемеледі, тіпті кейбір жағдайларда, «CNN» арнасы көрсеткендей, жалған ақпарат таратумен айналысты» деп жазды [211].

Ақпараттық соғыстың хрестоматиялық мысалдарының бірі 15 тамызда орын алды. «Fox News» телеарнасы АҚШ-та тұратын, бірақ әскери қимылдар кезінде Цхинвалиде болған осетин қызы А.Кокоева мен оның тәтесін тікелей эфирге шақырды. Осы бейнеролик кейін «YouTube» пен «Fox News»-тің ресми сайтында [212] жарияланды. Жүргізуші сұхбатты «Грузиядағы соғыстың кесірінен мыңдаған адам босқынға айналды. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, олардың

саны он мың, тіпті жүз мыңға жетеді» деп бастайды. «Осы қақтығыста оққа ұшқан бейбіт азаматтардың ішінде Сан-Францисконың шетінде тұратын 12 жасар Аманда Кокоева да бар. Ол бомбалау басталғанда кафеде отырған. 12 жастағы қыз ағасының үйіндегі жертөледе жасырынып, кейін Ресейге қашты. Мәскеуге жетіп, ұшаққа отырып, үйіне қайтты. Студиямызда тікелей эфирде Аманда Кокоева және оның тәтесі Лора».

Жүргізуші Амандадан соғыстың қалай басталғаны жайлы сұраққа жауап беруін сұрайды [213]. Қыз өзінің түні бойы ағасымен жертөледе болғанын айтады. «Түні бойы бомбалау болды ғой», – дейді жүргізуші. «Көрген жоқпын. Басқа нәрсе жайлы айтпас бұрын мен мынаны айтқым келеді: біз қаламызды бомбалаған грузин әскерінен қаштық, орыс әскерінен емес. Мен орыс әскеріне алғысымды білдіремін. Сіздер бізге көмектестіңдер». Осы сәтте тәтесі жөтеле бастайды, бұны «Россия» телеарнасы жүргізушінің қыздың әңгімесін үзуге тырысқаны деп бағалады. «Сіздердің туысқандарыңыз қайда, олардың жағдайы қалай?» деген жүргізушінің сұрағына қыз туысқандарымен байланысы жоқ екенін айтады. «Маған бұны көз алдымда елестету қиын. 12 жасар қыз болса осының бәрін басынан кешірді. Бұл сұмдық шығар», – деп жүргізуші тәтесіне назар аударды. «Ия, бұл сұмдық болды. Мен телеарна арқылы осы қақтығыста кім кінәлі екенін айтқым келеді. Осы соғысты Саакашвили мырза бастады, ол агрессор». Осы сәтте жүргізуші тәтесінің әңгімесін үзіп, жарнамалық үзілісті жариялайды.

Үзіліс аяқталысымен жүргізуші: «Бағдарлама бір минут өтпей аяқталады. Мен сіздерге ойларыңызды тиянақтау үшін 30 секунд беремін», – дейді. Лора «менің Оңтүстік Осетиядағы үйім өртеніп кетті. Біз жалғыз адамды ғана кінәлай аламыз. Тек Грузия үкіметін ғана кінәлаймыз, ол

отставкаға кетуі керек» деп жатқанда жүргізуші «орыстар осыны қалайды» деп, эфирді аяқтайды.

Жекелеген блогшыларды телеарнаны жақтағысы келіп, үзіліс жоспарланған болды деген болжам жасады. Алайда бір блогтың авторы өз көзқарасын «үш минуттық эфирді жарнамалық үзіліс үшін бөлу тым артық шара» деп білдірді [214].

Ресей президенті әкімшілігі басшысының орынбасары А.Громов жүргізушінің қылығын «ұятсыздықтың барып тұрғанынан, қалып тұрғаны» деп бағалады.

Блогшылардың бір тобы «Fox News»-тің бастапқы сюжеті мен «Вести» ұсынған аударған нұсқасына салыстырмалы талдау жасады. Нәтиже келесідей болды. «Вести» нұсқасында А.Кокоевамен болған сұхбаттың алғашқы екі минуты алынып тасталып, оған мүлдем сөз берілмеді деген жаңсақ пікір қалыптастыру талпынысы байқалды. Кадрға жөтел сәті қосылған. Жүргізушінің бастапқы нұсқадағы аянышты тоны «Вести» нұсқасында дөрекі болып көрсетілген. Жүргізушінің «мен сізді үзгім келмейді, бірақ бізде жарнама» деген сөзі, «бізде жарнама» дегенге дейін кесіліп тасталған. Аманданың тәтесінің үндемей тұрған ұзақ кідірісі алынып тасталып, жүргізушінің «сөйлеңіз» деген ынталандыруы алдыңғы мәтінмен ұштасып, дөрекі естіледі. Сонымен қатар «Россия» телеарнасы жүргізушінің сөздерін бұрмалауға жол берген. Бұны аудармашының сауатсыздығы деуге де болады. Мәселен, «үкімет отставкаға кетуі керек» сөздеріне айтылған жауап «That's what the russians wants» («Орыстар осыны қалайды») «орыстар осыны естігісі келеді» деп аударылған. «This program ends in less than a minute» (Бағдарламаның аяқталуына бір минуттан аз уақыт қалды) сөйлемі «бағдарлама бір минут бұрын аяқталды» деп аударылған.

Кейінірек «YouTube» қызметінің қожайыны болып табылатын «Google» компаниясы роликті көру есептегішін тоқтатып қойды деген мәлімдемелер болды, бірақ ресми

түрде жоққа шығарылды. Компания желіге бірдей дерлік бірнеше ролик жүктеліп, қызметтің тұтынушылары оларды шатастырып алды деді [215].

17 тамызда «RuTube»-те А.Кокоева және оның тәтесі Л.Тадеева-Коревискимен сұхбаттың бейнежазбасы жарық көрді. Олар АҚШ БАҚ өкілдеріне бірнеше сұхбат бергенін, олардың барлығы эфирге бұрмаланған күйде шыққанын айтты. Л.Тадеева-Коревиски өзі жас кезінен жақсы танытын бомбаланған Цхинвалиді Грузияның Гори қаласы етіп көрсеткенін мәлімдеді [216].

Испанияның «RTVE» телеарнасы Грузияның танкілері Цхинвалидегі тұрғын үйлер мен бейбіт халықты атқылап жатқан сәтті бейнелейтін бейнежазбаны [217] эфирде Ресей әскерінің әрекеттері деп көрсетті: «Бейнероликте Ресей әскерлерінің Оңтүстік Осетияның астанасы Цхинвалиге кіріп жатқан сәті көрсетілген. Жауынгер осы кадрларды өзінің ұялы телефонының камерасына түсіріп жатыр, ал танк қаланы атқылауда. Қазір осы соғыста қанша адамның мерт болғанын нақты айта алмаймыз. Халықаралық тәуелсіз ұйымдар қаза тапқандардың саны бірнеше жүз адамға барды деп айтуда» [218].

Испания телеарнасының осы әрекетіне қатысты «Взгляд» газеті мынадай пікір айтты: «Осы оқиғадан кейін аталмыш роликті барлық телекомпаниялардың көргені түсінікті болды. Бірақ олардың тек біреуі ғана редакцияларында қатеге бой алдырып, роликте Ресей әскерінің зұлымдықтары көрсетілді деп шешкенде ғана оны эфирде көрсетті. Басқа телекомпаниялар қателікке бармады деп айтуға негіз бар. Мынадай қорытынды жасауға болады: біз байланыста болған батыстың БАҚ өкілдерінің барлығы дерлік «біздің позициямыз» жоқ деп айтуларына қарамастан, ролик Цхинвалиді атқылап жатқан әскерлер тек Ресей әскерінің өкілдері болған жағдайда ғана Батыс телекомпанияларының жаңалықтарында хит бола ала-

тыны, зұлымдық жасап жүрген Грузия әскерлері жаңалықтар үшін қызық еместігі анықталды» [219].

Ендігі кезекте Оңтүстік Осетиядағы қарулы қақтығысқа қатысты батыс елдерінің ірі басылымдарындағы жарияланған пікірлерді қарастыратын боламыз.

22 тамызда «The Times» газеті дирижер В.Гергиевтің басқаруымен қираған Цхинвалиде өткен оркестрлік концерт туралы редакциялық мақала жариялады. В.Гергиев «Ресей агрессиясын қолдағаны» үшін сынға алынды: «Ресейдің әскери күшін мадақтайтын насихатқа қызмет етіп, ол өнерді саясаттан, сұлулықты зұлымдықтан бөлетін сызықтан өтіп кетті. Басып алушылық әрекетке концерт арнап, музыканы Ресейдің сыртқы саясатының құралына айналдырды. Гергиев өзінің талантын газетіміз соғыстың арсыз әрекеті санайтын империалистік мүддеден туындаған әскери жаулап алушылыққа арнады. Өзінің музыкант ретінде шеберлігін Мәскеудің қарулы агрессиясын мадақтауға арнады» [220].

Германияның «Bild» газеті 15 тамызда «Ресей жаңа Кенес империясын құруды армандай ма?» деген мақала жариялады [221]. 16 тамызда газетте Г.Шрёдермен сұхбат жарық көрді. Онда Германияның бұрынғы канцлері Грузия үкіметін сынға алып, М.Саакашвилиді құмаройыншы деді [222].

27 тамызда «Bild» Оңтүстік Осетиядағы шиеленіске қатысты екі мақала жариялады. Біріншісі «Ресей Батысты арандатуда» деген атаумен жарық көріп, онда Ресей Абхазия мен Оңтүстік Осетияның тәуелсіздігін мойындағаны үшін айыпталып, Германияның канцлері А.Меркельдің осы оқиғаға байланысты наразылық нотасын білдіргені жайлы жазылды. Екінші мақалада М.Саакашвилидің сұхбаты басылып, ол Еуропа тарапынан жәрдемге үмітті екенін білдірді [223].

13 қыркүйекте В.Путин Францияның «Le Figaro» газетіне сұхбат берді. Басылымның сайтында сұхбат қысқартылған күйде жарияланды, осының салдарынан В.Путиннің Ресейдің

қақтығысқа қатысты позициясын, өзінің терроризммен күрес туралы көзқарастары мен басқа да мәселелерді түсіндірген көптеген сөздері кірмей қалды [224].

Германияның «Der Standard» басылымы: «Оңтүстік Осетиядағы әскери ахуал шытырман болып көрінгенмен, қазірдің өзінде оқиғаға баға беруге болады: тек Грузия ғана қақтығыстың әскери жалғасын тапқанына мүдделі. Ресейдің стратегиялық қимылдары статус-квоны сақтауға ғана бағытталған. Сондықтан әскери эскалация тек Грузияның бастамасымен орын алды деуге болады».

Еуропаның газеттері М.Саакашвили теледидардан сөйлегенде өзінің артына Еуроодақтың туын қойып қойғанына назар аударды. Осыған қатысты Италияның «La Stampa» басылымының пікірі келесідей болды: «Бұл енді оның артық кеткені, себебі Грузия Еуроодақтың құрамына кірмейді. Саакашвили өзінің жарылқаушысы АҚШ-пен келіспей, ешбір қадам жасамайтынына күмән келтіруге болмайды. Егер ол осылай істесе, онда Вашингтонның рұқсатын алғаны деген сөз» [225].

27 тамызда Барселона университетінің профессоры Ф.Вейга Испания баспасөз беттерінде қақтығыс құрбандары ретінде грузиндерді көрсететін көптеген фотомонтаждар жарияланғанын айтты. Оның айтуынша, «Испания БАҚ-тары Грузия әскерінің варварлық бомбалауы салдарынан қаза тапқан Оңтүстік Осетияның астанасы Цхинвалидің тұрғындарын бейнелейтін бірде-бір фотография жарияламады» [226].

31 қазанда журналист С.Милн Ұлыбританияның «The Guardian» газетінде былай деп жазды: «Тамыздағы қақтығыстың ең басында батыстық БАҚ хабарламалары объективті болды деп айтуға болады, алайда олар Ресей АҚШ-қа толығымен тәуелді Грузияға айып тағып, НАТО-ның осы аймақтағы кеңеюін сынға ала бастағанда тез арада «қырғиқабақ соғыс» кезіндегідей жазу режиміне ауысты.

Бастапқы кезде келтірілген соғысты кім бастағаны жайлы және Грузия әскерінің Цхинвалидегі зұлымдықтарына қатысты нанымды дәлелдердің орнына олар бұрынғы ақпаратты жоққа шығарып, Тбилисиден тиімділігі жоғары пиар-кампанияны бастап кетті. Бір апта өткен соң, мысалы, Сыртқы істер министрлігінің бұрынғы арнайы кеңесшісі Дэвид Кларк мені баспасөз беттерінде фактілерді бұрмаладың деп айыптады, себебі мен Грузия әскері Цхинвалидегі бірнеше жүз бейбіт азаматты қырып-жойды деп жазған болатынмын. Мен осындай мәлімдеме жасағанда, бірқатар хабарларға, атап айтқанда «Observer»-дің ақпаратына сүйендім. Кларктың айтуынша, «осындай ақпараттың тәуелсіз растауы жоқ». Алайда осы аптада «BBC» мәлімдегендей, «Human Rights Watch» қазіргі кезде Цхинвалиде қаза тапқан бейбіт азаматтардың саны шамамен 300-400 адамды құрайды деп айтады. Осыған қарамастан «Independent»-тегі шағын мақаланы есепке алмағанда, негізгі БАҚ өкілдері келіп жатқан жаңа ақпаратты елегісі келмейді» [227].

Ресейлік БАҚ қақтығыс барысы туралы ресми ақпаратты РФ Қарулы Күштерінің Бас штабы бастығының орынбасары генерал-полковник А.Ноговицынның күнделікті баспасөз-мәжілістерінен алып отырды.

2008 жылдың 3 тамызынан бастап Цхинвалиде ресейлік телекомпаниялардың арнайы тілшілері жұмыс істеді. 8 тамызға қараған түні Оңтүстік Осетияның астанасында «Бірінші арна», «Россия», «НТВ», «РЕН ТВ», «ТВ Центр», «5 арна» телеарналары мен «Мир», «Russia Today» телекомпанияларының түсірілім топтары болды. Сонымен қатар Цхинвалиде «бескүндік соғыс» кезінде Украинаның «Интер» телеарнасының тобы да жұмыс істеді. 9 тамызға қарай журналистердің біразы қақтығыс аймағын тастап кетті. Цхинвалиде «Бірінші арна», «НТВ», «ТВ Центр», «Интердің» және кейбір газет-жорналдардың қызметкерлері қалды.

Ресейдің ресейлік емес журналистерге Цхинвалиге кіруін қиындатуы батыстық БАҚ өкілдерінің қақтығыстың бірінші күндерінде Оңтүстік Осетияның астанасында болмауының себебі болды [228].

Ресейлік БАҚ-та Оңтүстік Осетиядағы қақтығысты «Саакашвили режимінің геноцидке негізделген агрессиясы» [229] деп көрсетті, Грузия тарапының қимылдарына қатысты *блицкриг* сөзі жиі қолданылды.

Грузия әуе күштері гуманитарлық жәрдемді алып бара жатқан колоннаны бомбалады деген ақпарат таратылды [230]. Дегенмен кейінірек бұл ақпарат расталмады [231].

Ресей БАҚ өкілдері Грузия президентін «органикалық деңгейде миы зақымдалған», «психикасы тұрақсыз адам» ретінде көрсетуге тырысты [232]. Осыларды кәсіби психологтар да растады [233]. Ресейдің Мемлекеттік думасының вице-спикері Л.Слиска М.Саакашвилиді А.Гитлермен салыстырды [234]. Ресей тарапының әрекеттері «бітімгерлік операция» немесе «бейбітшілік орнатуға мәжбүрлеу операциясы» деген атауға ие болды [235].

«Власть» журналы 2008 жылдың 1 қыркүйегінде қақтығыс кезінде Ресейдің ресми тұлғалары, электрондық БАҚ пен таблоидтары («Комсомольская правда», «Известия») тарапынан кеткен қателіктер, бұрмалаулар мен саналы түрде жалған ақпарат тарату фактілерін келтірді [236].

Қыркүйектің ортасына қарай 29 тамызда РФ Үкіметінің төрағасы В.Путин Ресейдің жетекші БАҚ өкілдерінің 35 басшысымен кездескені белгілі болды [237].

Грузия ақпараттық соғысқа алдын-ала дайындалды деген пікірлер де айтылып жатты. «The Washington Post» газеті мәлімдегендей, 2008 жылдың сәуірінде Грузия АҚШ-тың «Orion Strategies» консалтингтік компаниясымен 200 мың долларға бағаланған келісімшартқа қол қойды [238]. Сонымен қатар, Ұлыбританияның «The Times» газеті

хабарлағандай, Грузия Бельгияның PR-агенттіктерінің бірімен де келісімшартқа отырған [239]. Қақтығыс болған күндері бельгиялық пиар мамандары БАҚ-тарға қақтығыс аймағынан ақпарат беретін ондаған электронды хабарлар таратқан [240]. Осылардың көбісінде Тбилиси қарқынды бомбалауға ұшырап, Ресей әскері Гориді басып алды деген сияқты асыра сілтеу орын алса да, көптеген БАҚ бұл хабарларды ешбір тексерусіз таратып отырды. Осыған байланысты «The Times» газеті «егер Грузияның әскері ел басшылығының пиар-кампаниясы сияқты агрессивті қадамдар жасағанда, Оңтүстік Осетиядағы соғыстың салдары мүлдем бөлек болушы еді» деп жазды.

И.Панариннің пікірінше, қақтығыс кезіндегі АҚШ пен Еуропа БАҚ-тарының келісушілігі мен синхрондылығы Грузиядағы кампанияны ақпараттық қостау жоспары кем дегенде бір жыл әзірленіп, ақпараттық агрессия АҚШ тарапынан бағыттталып отырғанын көрсетеді [241]. Грузияны соғысқа АҚШ итермелегені туралы Ресейдің БАҚ көздерінде және ғылыми ортасында көп айтылады. Саяси ғылымдардың докторы А.Манойло да осындай пікірде [242].

Оның пікірінше, Ресейге қарсы ақпараттық соғысты М.Саакашвили жүргізбеді, себебі ол тек осы соғыстың құралы ғана болды. «Үш буын: АҚШ Ұлттық Қауіпсіздік Кеңесі, М.Саакашвили және оның жақтастары, Ирактағы соғыс кезіндегі кесте бойынша америкалықтардың Гориде құрылған баспасөз-орталығы ақпараттық соғысты жүргізді», – дейді И.Панарин.

Көптеген Ресей сарапшыларының пікірінше, батыстық БАҚ материалдарын талдау Ресейге қарсы ақпараттық соғыс ұйымдастырылғанын көрсетеді [243]. Сонымен қатар Ресей Оңтүстік Осетиядағы қарулы қақтығыс кезіндегі ақпараттық соғыста жеңіліс тапқаны туралы айтылады, оны ресейлік сарапшылар мен БАҚ өкілдерінің өздері де мойындады [244]. Бұның бір себебі ретінде Ресейдің ақпаратты, негізінен,

өз тұрғындарына бағыттап, көп жағдайда халықаралық қауымдастықты ақпараттан тыс қалдырғаны келтіріледі. Саяси ғылымдарының докторы И.Панарин Ресейдің ақпараттық соғысқа дайындалмағаны жайлы айтады [245]. Оның пікірінше, «бескүндік соғысқа» дейін және одан кейін жарияланған Ресей туралы позитивті және негативті мақалалардың қатынасы ағылшын тіліндегі басылымдарда 1:12, неміс басылымдарында 1:4 құрады.

Ұлттық және халықаралық қауіпсіздік қорының президенті, отставкадағы генерал-майор Л.Шершнев Ресейдің ақпараттық соғыста жеңілуіне қатысты ойын былай білдірді: «ақпараттық соғыс шынайылық болып табылады, ал біздің штабымыз болмай отыр. Қарулы қақтығыста жеңіске жеткенімізбен, ақпараттық соғыста жеңіліс таптық. Барлық ведомстволардың ақпараттық құрылымдары бар, бірақ олар жұмыс істемеді. Істесе де, нәтижесі үйлестірілген және тиімді болмады» [246].

Техникалық ғылымдар кандидаты С.Гриняев Ресейдің ақпараттық соғыстағы жеңілісіне қатысты: «Ресей БАҚ-тары мен сайттары Грузияда жауып тасталды, Грузияның Еуропа және АҚШ-пен телекөпірлері ағылшын тілінде тұрақты түрде жүргізіліп отырды. Грузияның «Рустави-2», «Имеди», «Грузия-онлайн» және басқа да ақпараттық ресурстары бірлесіп жұмыс істеді. Ресейге келетін болсақ, ол Оңтүстік Осетияда шұғыл ақпарат тарататын баспасөз-орталығын құрмады, арнайы даярланған әдіс-тәсілдерді қолданбады, өйткені олар болған жоқ. СІМ мен Қорғаныс министрлігі бір-бірімен үйлесімді жұмыс істей алмады, бір-біріне қайшы келетін және шындыққа сәйкес емес ақпарат таратты, олар оңай түрде жоққа шығарылып отырды. Жеке-леген отандық БАҚ көздері мен журналистердің бірқатар материалдарындағы Ресейге қарсы көңіл-күйге алдын ала қарсы тұра білмеді», – деді.

2.6. Ливиядағы қарулы қақтығыс (2011) кезіндегі ақпараттық соғыс

Францияның, Еуропаның басқа да бірқатар мемлекеттерінің және АҚШ-тың Ливия оппозициясының легитимділігін мойындау жайлы шешім қабылдауы осы елге қарсы әскери интервенцияның басталуының негізгі алғышарты болды. Осы шешімнен кейін Еуроодақ шеңберінде және одан тыс жүргізілген қарқынды ақпараттық-психологиялық операция қойылған мақсаттарға тек ақпараттық-психологиялық ықпал жасау әдіс-тәсілдері арқылы қол жеткізуге мүмкіндік бермеді, өйткені бастапқыда Муаммар Каддафи ахуалды қолында нық ұстап тұра алатынына ешкім сенбеді. Десек те, НАТО-ның Ливия басшысына қарсы жүргізген ақпараттық-психологиялық операциясы қазіргі кездегі саяси сценарийлердің қалай қалыптастырылатыны жайлы және ақпараттық-психологиялық операцияларды жүргізу әдістері туралы түсінік берді.

Кейбір жарияланымдар атап көрсеткендей, Ливиядағы әскери интервенция соғыстың жаңа түрі *Жаһандық ақпараттық соғыстың* бастамасы болды [247]. Ливияның басшысы М.Каддафидің ұлы Сейф-әл-Ислам да ақпараттық соғыстың орын алғанын айтып, «НАТО нағыз электрондық және ақпараттық соғысты бастап, анархия орнатқысы келгенін» атап өтті [248].

НАТО елдерінің Ливияға қарсы операциясын жаңа үлгідегі ақпараттық-психологиялық операциялардың хрестоматиялық мысалы ретінде қарастыруға болады. Каддафи режимін тұрақсыздандыру үшін қолданылған әдіс-тәсілдерді қарастырып көрейік:

- осыған дейінгі қақтығыстарда қалыптасқандай, *операцияның бастапқы кезеңінде* ең алдымен Еуроодақ, араб елдерінде және халықаралық қауымдастық ішінде

қоғамдық пікір қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. Осы шаралардың негізгі мақсаты Ливиядағы Каддафи режиміне қарсы ішкі күштерді қоғам тарапынан қолдауға және Еуропа мемлекеттері үкіметтерінің тарапынан оларға әскери жәрдем беруге шақыру болды.

АҚШ қаңтардың басында өзінің Ливиядағы елшісін қайтарып алды. Ақпанның басында «WikiLeaks»-те полковниктің әулеті мемлекеттік келісімшарттардан 200 000 долларды өз еншісіне алып алды деген ақпарат пайда болды. 2011 жылдың 15 ақпанында «әл-Жазира» телеарнасы профессорлар, адвокаттар, дәрігерлер, инженерлер, барлығы 2013 адам Каддафиді биліктен бас тартуға шақырды деген ақпарат таратты. Сол күні Бенгазиде тәртіпсіздіктер басталды. Оған құқық қорғаушылардың бірі Фатых Тербілді тұтқынға алу себеп болды.

Осыдан кейін батыстық БАҚ машинасы іске қосылды деп айтуға болады. Ол толқулардың басқа қалаларда да орын алып, әскер мен полиция көтерілісшілерге қосылып жатыр, Тобрук пен Бенгазидегі әскери базалар бүлікшілердің қолына өтті деген ақпарат тарата бастады.

Қаза болғандар жайлы нақты ақпарат таратылды. «Human Rights Watch» мәліметтері бойынша, 18 ақпанға қарай 24 адам қаза болды, 19 ақпанға қарай сексен төрт, 24 ақпанда екі мыңдай адам қаза тапты. «Әл-Жазира» телеарнасы да қаза болғандардың саны туралы хабарлады: 19 ақпанда – 200 адам, 21 ақпанда – 300 адам, осыдан кейінгі хабарларында мыңдаған адамдар жайлы айта бастады.

Сонымен қатар М.Каддафиден халқы бас тартты, полковник жалғыз қалды деген хабарламаға екпін жасалды. Мәселен, М.Каддафидің құзырында бес мың жалшы әскер мен оның тайпасы ғана қалды, жақтастары аз болғандықтан ол зұлымдыққа барып, көтерілісшілерге қарсы снайперлерді, әскери ұшақтар мен тікұшақтарды, танкілер мер артиллерия-

ны қолданып, тіпті химиялық қаруды қолдануға әзір, ал осыны орындауға қарсы болған өз жақтастарын аяусыз өлтіруде деп көрсетілді.

Ақпараттық кеңістікте акценттердің ауысу эволюциясын саралайтын болсақ, алдымен М.Каддафи демократия принциптеріне қарсы шыққан тиран, ақпан айында мемлекетте жемқорлық ушыққан деңгейде, ақпанның соңына қарай көтерілісшілер заңсыз жолдармен қуғынға ұшырады, оларды қудалау мақсатымен шетелдік жалшы әскерлер, снайперлер мен әскери ұшақ, артиллерия, танкілер жұмылдырылды деп көрсетілді. Сонымен қатар, М.Каддафи 1998 жылы Локерби маңындағы ұшақты жаруға бұйрық берді деп айтылды. Наурыз айында полковник тәртіпсіздіктерді басу мақсатымен химиялық қаруға жүгінуге дайын, оның психикалық жағдайы ауыр халде, ол мұнай құбырларын жармақшы, үкіметтік әскерлер әйелдерді зорлап, балаларды өлтіріп жатыр деген ақпарат таратылды [249]. Көріп отырғанымыздай, наурыздың басына қарай халықаралық қауымдастықтың алдында М.Каддафидің қанішер диктатор, дені сау емес террорист, билік үшін өз халқын қырып жоюға бара алатын тиран ретінде жағымсыз кейпі қалыптастырылды.

Ақыры «әл-Арабия» телеарнасы М.Каддафи Ливиядан Латын елдерінің біріне, болжам бойынша Венесуэлаға қашып кетті деген ақпарат таратты [250]. Бұл қадам М.Каддафидің жақтастарының рухын түсіру үшін жасалды деп айтуға негіз бар.

Осының бәрі батыс елдері тарапынан интервенция бастау үшін халықаралық қауымдастық алдында *карт-бланш алу мақсатымен* жүзеге асырылды. Алайда наурыздың ортасына қарай ақпараттық соғыстағы басымдық біртіндеп М.Каддафидің пайдасына шешіле бастады: халықаралық қауымдастықтың Ливия әскері мен М.Каддафидің жақтастары полковникке берік екеніне көзі жетті. 17 наурызда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Ливияға қарсы халықаралық

коалиция тарапынан күш қолдануға рұқсат беретін 1973-Резолюцияны қабылдады. Осылайша Ливияда «*Одиссея таңы*» («*Odyssey Dawn*») әскери операциясы басталды.

Батысқа Ливияға қарсы әскери агрессияны қолға алу не үшін керек болды деген сұраққа келетін болсақ, ең алдымен М.Каддафидің Африка құрлығында жаңа банк жүйесін қалыптастыруға жақын тұрғаны көрсетіледі [251]. Осыны қолға алу Халықаралық валюта қорын, Дүниежүзілік банкті Африкадағы ықпалынан, құрлықтағы мемлекеттерге несие беріп пайда көру мүмкіндігінен айыратын болды. Десе те, әскери қимылдардың басталу себептерін қарастыру жұмыстың мақсаты болмағандықтан, қақтығыс барысында қолданылған ақпараттық технологияларды талдауды жалғастырайық.

Операцияға дайындық барысында батыс басылымдарының үндестілігі біржақты болды: М.Каддафидің жағымсыз бейнесі қалыптастырылып, оның сүйкімді қырлары жайлы бірде-бір сөз айтылмады.

Италияның «*La Repubblica*» газеті оқырмандарын Каддафидің және оның туысқандарының байлығы 70 миллиард долларды құрайтынына көндіруге тырысты. Газет: «Ақша Парсы шығанағы елдері мен Еуропаның құпия шоттарында жатқанына және Каддафи билік құрған қырық бір жыл ішінде орасан зор қаражат жиналғанына еш күмән тумамайды. Олай деуімізге тек Ливияның мұнай қоры бойынша әлемде сегізінші орын алуы ғана емес, сонымен қатар, Каддафи өз ұлдарымен бірлесіп тек энергетика саласынан ғана пайда көрмейді, отбасының мүдделері ұлттық экономиканың түрлі салаларымен байланысты», – деп жазды.

«*Coggiere della Sera*» БҰҰ-ның Ливияға қатысты эмбаргосын тоқтатуға ат салысып, М.Каддафи мен Еуроодақ арасында байланыс орнатуға талпынған Италияның бұрынғы премьер-министрі Р.Продимен сұхбат жариялады. Р.Проди

С.Берлускониді Ливия басшысын құптай берді деп сынға алып, өзінің полковникке көрсеткен жәрдемін дұрыс деп санайтынын білдірді. Р.Продидің пікірінше, кезінде ол М.Каддафидің өз халқына бомба тастай алатынына сенбеген.

«La Stampa» басылымы Ливияда орын алған жағдайды сипаттаумен шектелуді жөн көрді. «Триполи көшелері мәйіттерге толы. Ауруханаларда құюға қан жетпей жатыр», – деп жазды газет. Сарапшылар ретінде тек оппозиционерлер мен халықаралық қоғамдық және гуманитарлық ұйымдар өкілдерінің пікірлері келтірілді. Бір басылым «Триполиде холокост орын алып жатыр» деп жазған блогшының пікірін келтірді. М.Каддафиді жақтайтын бірде бір адамның пікірі мүлдем жарияланбады.

Ливиядан келіп жетіп отырған барлық ақпарат дерлік объективті болды деп айтуға келмейді, өткені ол елдегі оппозиция мәлімдемелеріне сүйенді, ал оның басшыларының барлығы дерлік АҚШ пен Еуропада қашқында жүрген Ливия азаматтары болды [252]. Әрине, осындай жағдайды пайдаланып, оппозиция өкілдері әлемдік қауымдастықты Ливиядағы жағдайға араласуға шақырды.

Немістің «Die Welt» газеті Ливияда 150-ге жуық тайпа мекендейтінін және олардың басшылары бірінен кейін бірі полковниктен бас тартып жатқанын жазды. «Адам саны көп емес аль-Каддафа тайпасынан шыққан Каддафи енді тек Ливияның батысындағы бірлі-жарлы тайпаның жәрдеміне ғана сүйене алады», – деп жазды газет.

Келесі неміс басылымы «Der Spiegel» журналы Еуропа соңғы жылдары М.Каддафиді белсенді түрде қару-жарақпен қамсыздандырды деп жазды. Басылым М.Каддафи Италиядан тікұшақтар, Германиядан байланыс құралдарын, Мальтадан атқыштар қару-жарағын сатып алғанын атап өтті.

Испанияның «El Pais» газеті Ливиядағы шиеленістің ушығуы Еуропа үшін қандай экономикалық қауіп

төндіретініне тоқталды. Ол: «Инфляция – Еуропа экономикаларының басты қауіпі болып табылады. Жағдай алдағы уақытта тұрақтанбаса, мұнайдың бағасы күрт өсіп, инфляцияға алып келуі мүмкін, – деп жазды. Жағдай Еуроодақ пен басқа да жекелеген мемлекеттер тарапынан араласуды талап етеді. Еуроодақтың негізгі басымдығы – жанармайдың жеткізілімін қамтамасыз ету».

Каддафидің негативті бейнесін қалыптастыруда АҚШ пен Ұлыбританияның БАҚ өкілдері үлкен жетістіктерге жетті.

«The New York Times» газеті өзінің жарияланымдарында «WikiLeaks»-те жарияланған «Каддафи әулетінің қылықтарына» көптеп сүйенді. Мәселен, «жылыстаулар сайтының» мәліметтері бойынша, М.Каддафи ұлдарының бірі 2009 жылы танымал әншілер Нелли Фуртадо, Мэрайя Кэри мен Рианнаға бірнеше ән айтқаны үшін миллиондаған доллар төлеген [253]. «WikiLeaks»-те жарияланған құжаттардан Каддафи әулетінің ысырапшылдығы жайлы ғана емес, сонымен қатар әулет ішіндегі алауыздық жайлы, полковник балаларының арасындағы тартыстар туралы ақпарат алуға болатын.

АҚШ баспасөзі М.Каддафи әулеті өкілдерінің жеке өміріне де аса көңіл бөлді. Мәселен, жергілікті басылымдарда М.Каддафидің ұлы Ганнибал өз әйелін ұрғаны жайлы мақалалар жарық көрді.

Десек те, жекелеген АҚШ журналистері Каддафи әулетінің кейбір өкілдеріне қатысты жылы сөздер айтуға да аянбады. Айтып отырғанымыз өзінің аға-інілерінің «қылықтарына» қатысы жоқ, бар ақшасын дүниежүзі бойынша қайырымдылыққа жұмсаған М.Каддафидің тағы бір ұлы Саиф.

М.Каддафидің өзі жайлы АҚШ және Ұлыбритания газеттері полковник қайда бармасын, оның жанында ылғи «украиналық медбикелер қатарынан» шыққан «сұлу сары

шашты әйел» жүреді және өзінің тікелей қызметімен қоса басқа да өзге «міндеттерді» орындайды деп жазды. Сонымен қатар М.Каддафидің ұлы Сейф-әл-Ислам философия докторы дәрежесін сатып алды деген ақпарат таратылып [254], полковниктің нағыз мұсылман емес деген бейнесін қалыптастыру талпыныстары да орын алып отырды.

«The Washington Post» полковниктің Ливияда Тяньаньмэнь оқиғасын қайталауы мүмкін, іс жүзінде күш қолданады деп атап өтті. Сонымен қатар, америкалық және британиялық БАҚ М.Каддафиді Никарагуаның басшысы Д.Ортега секілділер қолдайтынына назар салып отырды.

Батыс басылымдарының барлығы «тиран» әрі «психопат» М.Каддафи әлеуметтік бағыттағы мемлекет қалыптастырғаны жайлы, елінде кедейшілікті жойғаны туралы айтылмады, өйткені полковниктің позитивті бейнесін қалыптастыру осы басылымдардың жоспарына кірмеді. Оның орнына олар қаза тапқандардың саны жүзге, мыңға жетті деп айқай салып, олардың қаза болуына Жамахирия басшысын кінәлі деп көрсетті, бірақ осыған ешбір нақты дәлел келтірілмеді.

Операцияның осы кезеңінде кейбір Еуропа үкіметтері (ең алдымен Франция, Италия) мен Ливия «революционерлері» мақсаттарының ұштасуы, оларға аймақтағы кейбір мемлекеттерінің қолдау көрсетуі араб елдері мен Еуропаның бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық қызметінің бірігуіне жол ашты [255]. Украинаның әскери-саяси зерттеулер орталығының сарапшысы В.Логвинец олардың негізгі мақсаттары:

- М.Каддафидің әлеуметтік жағдайы нашар бейбіт азаматтарды әскери жолмен жаншып жатқан әскери қылмыскер, қанішер диктатор бейнесін қалыптастыру;
- Ливия халқы арасында оппозиция елді әділеттілік пен өркендеуге, демократияға жетелей алатын жалғыз озық күш деген бейне қалыптастыру;

- араб елдерінде ливиялық оппозицияға қатысты оппозиционерлер Тунис пен Египет халқы секілді ислам құндылықтары мен ұлттық сезімдер негізінде тиранияға қарсы шықты деген жағымды пікірлер қалыптастыру;

- Еуропа елдерінде М.Каддафимен тек әскери жолмен ғана күресуге болады, Ливия халқы Еуропадан әскери жәрдем сұрап жатыр деген жаңсақ пікір қалыптастыру;

- халықаралық қауымдастық алдында М.Каддафиге қарсы әскери операцияны бастауға шақырған Еуропа елдерінің диктатордың зорлық-зомбылығына қарсы шығып жатқан Ливия халқының құтқарушысы бейнесін жасап, БҰҰ тарапынан жеңілдікке ие болу;

- Ливия әскерилеріне жаудың шынайы әлеуеті жайлы жалған ақпарат тарату, олардың арасында дүрбелең тудырып, М.Каддафиді қолдайтын күштердің рухын түсіру болды деп көрсетеді.

Операция қысқа мерзім ішінде ұйымдастырылды. Сол кезде Ливияда орын алған жаппай тәртіпсіздіктер мен оппозицияның М.Каддафиге қарсы әрекеттері ақпараттық сылтау болды. Ливия оппозициясының бытыраңқылығы оның қолындағы мақсаты ислам ортасында қоғамдық пікір қалыптастырып, М.Каддафи әскерлеріне ақпараттық ықпал жасау болған ұлттық ақпараттық ресурстардың біріге алмауына алып келді. Ал еуропалық БАҚ өкілдері болса Еуроодақ шеңберінде тиімді жұмыс атқарып, әлемдік көлемде жеткілікті нәтижеге қол жеткізе алмады. Дегенмен, атқарылған іс-шаралар нәтижесінде М.Каддафиге адал күштерге кішігірім ықпал жасалып, БҰҰ-ның Ливия аспанында ұшуға тыйым салынған кеңістік орнату туралы 1973-Резолюциясы қабылданды.

Жалпы алғанда, ақпараттық-психологиялық операциялар мен дипломатиялық әдіс-тәсілдер арқасында БҰҰ резолюциясы өз күшінде қалып, НАТО әскери операцияны бастауға

мүмкіндік алды. Еуропа қауымдастығы (Германияны есептегенде ЕО пен НАТО-ның жетекші мемлекеттері) Ливия оппозициясы тарапында әскери араласуды қолдады.

Операцияның екінші кезеңі белсенді өтті, әскери құрамдасы болды. 2011 жылдың 20 наурызында Францияның Қорғаныс министрлігі Ливия жағалауына «Шарль де Голль» ұшақ тасымалдаушы кемесі аттанғаны туралы мәлімдеді [256]. Оған Франция ӘТК-нің «Аконит» және «Дюплеи» атты екі фрегаты, сонымен қатар жанармай құюшы кеме ере жүрді. Кемелерді қорғауды суасты атом кемесі өз мойнына алды. Наурыздың 20-сынан 21-іне қараған түні Ливия аспанында «Одиссея таңы» операциясы барысында тұңғыш рет АҚШ ӘӘК-нің арнайы операциялар күштерінің 193-әуе қанатына кіретін «EC-130J Commando Solo» ұшағы ұшып өтті. Ақпараттық соғыс жүргізудің осы қаруы Югославия мен Ауғанстандағы соғыс кезінде апробациядан өткенін біз жақсы білеміз.

Ливияның әуе кеңістігін тез арада толығымен коалиция күштері өз бақылауына алып алғандықтан, «Commando Solo» ұшағына ешқандай қауіп төнбеді. Ливияның ӘТК-не арналып «портты тастап кетуге талпынсаңыздар, шабуыл нысанасына айналып, жойыласыздар. Ливия теңізшілері, кемелеріңізге көтерілмеңіздер, үйлеріңізге, отбасыларыңызға оралыңыздар. Кемелерді тастаңыздар. Біздің сигналдарымызды сөндіруге талпынбаңыздар!» деген хабарлар таратылды. Таратылым ағылшын және араб тілдерінде жүзеге асты.

Сонымен қатар, әскери қимылдарды ақпараттық қостау жұмыстары да жүргізілді. Оның мақсаттары:

- қанды диктаторға қарсы күресте НАТО мемлекеттерінің бірлігін, операция әлемдік деңгейде қолдауға ие екенін көрсету;

- НАТО күштері тек М.Каддафидің әскери объектілеріне ғана соққы жасап, ол НАТО-ның әскери қызметкерлері мен

Ливияның бейбіт халқына ешқандай қауіп төндірмейді деген иллюзия қалыптастыру;

- барлық қимылдар БҰҰ Резолюциясының ережелеріне сай жүзеге асып жатыр деген пікір қалыптастыру;

- халықаралық қауымдастық пен Каддафи күштері арасында Ливия оппозициясы мен НАТО қимылдарының табыстары жайлы жалған пікір қалыптастыру болды.

Осы кезең барысында елдегі жағдай жайлы, М.Каддафи әскерінің көтерілісшілерге қарсы операциясы туралы жалған ақпарат тарату кең өріс алды. Сонымен қатар, жалған фото- және бейнематериалдар пайдаланылды. Мәселен, 2011 жылдың 22 тамызында көтерілісшілер Ливияның астанасына кіріп, жағдайды өз бақылауына алды деген бейнематериал тарады [257]. Сапасы нашар қысқа роликтен ештеңе анық түсінікті болмағанмен, әлемнің ірі ақпарат агенттіктері мен БАҚ өкілдері осы жаңалықты кеңінен таратып үлгерді. Алайда келесі күні бейнематериал жалған екені анықталды.

Ақпараттың жалғандығын анықтауға ат салысқан блогшылар болды. Олардың біреуі: «Триполидегі Жасыл алаңда қуанышқа бөленген халықты көрсететін бейнероликтің жалғандығына дәлелдер көбеюде. Біз ескерткендей, ол алдын ала Қатарда арнайы жасалынған декорацияларда түсірілген. Жасыл алаңның баламасындағы 15 метрлік пальма көтерілісшілердің жеңісіне қуанып өсіп шыққан секілді, бір апта бұрын ол болған жоқ», – деп жазып, нағыз Жасыл алаңның суреттерін бейнероликтегі кадрлармен салыстырып көрсетті [258]. Онда пальмадан бұрын алаңдағы ғимараттардың сәулеттік айырмашылықтары байқалады. Ешбір батыс немесе араб телеарнасы осы хабарды растамады және ресми түрде жоққа шығармады [259]. Осының салдарынан бұған дейін объективті саналып келген ақпараттық агенттіктерге де сенімсіздікпен қарады.

Сонымен қатар, көтерілісшілерді жағымды қырынан көрсету мақсатында қойылымдық оқиғалар ұйымдастырылып, олардың қарсыластары жағымсыз қырынан көрсетілген. Ақпараттық ресурстар «керекті» ақпаратқа толы болып, көп жағдайда олардың дерекнамасы болмай, эмоциялық тұстары басым болды. Мәселен, әлемнің ірі ақпараттық агенттіктері мен салмақты халықаралық ұйымдары таң қаларлық нақтылыққа толы ақпарат таратып, дереккөзіне келгенде «куәгерлер бізге жазып жатқандай», «кейбір куәгерлердің пікірінше», «біздің адамымыз», «Бенгазидегі дәрігерлердің айтуынша», тіпті «кейбір қауесеттерге сай» деп айтып жатқан жағдайлар жеткілікті болды.

Ливияға қарсы ақпараттық-психологиялық операциялардың арқасында әскери қимылдар үлкен қаражат талап ететініне қарамастан, Еуропа мемлекеттерінде қақтығысты тоқтатуға байланысты қоғамдық талаптар орын алуға жағдай қалыптаспады.

Жалған ақпарат тарату тақырыбына оралатын болсақ, бәрінен бұрын М.Каддафидің ұлы *Сейф-әл-Исламның тұтқындалуы жайлы жалған ақпарат* Ливияда жұмыс істеп жатқан ақпараттық агенттіктеріне қатысты сенімсіздікті күшейтті. Жалған ақпарат тараған бойы Сейф-әл-Ислам қалаға шығып, журналистерді түнгі Триполи ішімен серуендеуге шақырды. М.Каддафидің ұлы: «Батыстың технологиялары мықты, ол қазір нағыз ақпараттық соғыс жүргізіп жатыр. СМС-хабарлар таратылуда, біздің телевизиямызға қысым жасалуда. Батыс интернет арқылы түрлі әдістер қолданып, кинодағыдай біздің арамызда үрей тудыртқысы келеді», – деп айтты [260].

Бұған дейін Сейф-әл-Исламға қатысты ақпарат 25 ақпанда таратылған болатын. Ол кезде «Сейф-әл-Ислам оппозицияға қосылып, әкесіне қашуға немесе өзін-өзі атып өлтіруге кеңес берді» деген ақпарат таратылды.

Сейф-әл-Ислам әкесі қаза тапқаннан кейін де ақпараттық соғыстың ортасында болды. Ол: «Біз қарсы тұруымызды жалғастырамыз. Мен Ливиядамын, тірімін, еркінмін және ақырына дейін күресуге дайынмын», – деп мәлімдеді. Осы мәлімдемеден кейін бірден «Сейф-әл-Ислам шетелге, Халықаралық қылмыстық сотпен еш байланысы жоқ Африканың бір еліне қашып кетті» және «Сейф-әл-Ислам Гаагадағы Халықаралық қылмыстық сотпен келіссөздер жүргізіп жатыр, өзінің кінәсіз екенін дәлелдеуге дайын» деген екі түрлі ақпарат таратылды [261].

Ливиядағы әскери шиеленіс барысындағы ақпараттық соғыста жалған ақпарат таратуға қатысты сын жиі айтылды.

Ливияның «Уйя» газетінің бас редакторы Инас Абд ар-Разак Ахмедтің пікірінше, әлемдегі БАҚ «әл-Жазира» және «әл-Арабия» телекомпанияларының мәліметтеріне сүйеніп, Ливиядағы жағдайды біршама ушықтырып, жалған фактілерді шындық ретінде көрсетіп отырды.

Бірқатар ресейлік сарапшылар мен журналистер (Г.Исаев, Санкт-Петербургтегі қазіргі заманғы Таяу Шығысты зерттеу орталығы [262]; Ю.Алехина, «Комсомольская правда» газетінің журналисі [263]; саясаттанушы Л.Вершинин [264]) қимылдар кезінде Ливиядан келіп жетіп отырған ақпарат шындыққа жанаспайды деген пікір айтты. «Русский курсор» газеті батыстық басылымдарда Ливия үкіметінің әскері бейбіт халықты қуғын-сүргінге ұшыратып, оған қарсы күш көрсетіліп жатыр деп жазғанымен, нақты дәлелдер келтірілмейтінін басып айтты [265]. Жалпы алғанда, бірқатар басылымдар жекелеген БАҚ өкілдері, атап айтқанда, «әл-Жазира» телеарнасы бұрмаланған, дақпыртты әрі тексерілмеген ақпарат тарататынына назар аударды. «Әл-Жазира» телеарнасына келетін болсақ, Триполиде орналасқан Ресейдің Ливиядағы елшілігінің өкілі 2011 жылдың 1 наурызында «Комсомольская правда»

газетіне телефон арқылы берген сұхбатында «әл-Жазира» телеарнасы Триполидегі жағдай туралы шындыққа жанаспайтын ақпарат тарататынын айтты. Оның хабарлауынша, телефон арқылы сөйлесу орын алған сәтке дейін Ливия астанасында бірде-бір артиллериялық оқ ату орын алмады және интернет пен басқа да байланыс құралдары үздіксіз жұмыс істеп тұрды [266].

Ливиядағы жағдайға қатысты БАҚ өкілдері хабарлауларының барлығы шындыққа жанаса бермейтіні басынан-ақ белгілі болды. Мәселен, ресейлік ғарыш аппараттары Ливия ӘӘК-нің әскери базалары мен Бенгазидегі шеруге шыққандарға қарсы әуе шабуылдарын жасағанын растамады.

АҚШ мемлекеттік хатшысы Х.Клинтон да 1 наурызда Женевада өткен БҰҰ-ның адам құқықтары бойынша 16-сессиясында АҚШ-та Ливияда болып жатқан жағдай туралы нақты мәліметтер жоқ екенін мойындады [267].

Ливияда тексеру жүргізген «British Civilians For Peace in Libya» ұйымының төрағасы Дэйв Робертс батыс БАҚ өкілдерін Ливияда болып жатқан оқиғаларға қатысты жалған репортаждар таратқаны үшін айыптады [268]. Оның мәлімдеуінше, журналистер жұртшылықты шынайы ақпаратпен қамсыздандыру міндетін орындай алмады.

Қақтығыс жайлы хабар тарату екі тараптан қарама-қайшы ақпарат келіп жатқандықтан қиынға соқты. Таяу Шығыс институтының президенті Е.Сатановский мәлімдегендей, «Әрбір тарап үстемдікті өз қолына алғысы келеді. М.Каддафидің жақтастары режим бекем, оны құлату мүмкін емес деп мәлімдесе, оның қарсыластары қан төгіліп, мыңдаған адам қаза тапты деп айтады. Ал елден қашқан екі жүз мыңдай адам белгілі дәрежеде қантөгіс жайлы ақпаратты растайды [269]».

Сонымен қатар кейбір БАҚ өкілдері Ливияны халықаралық коалицияның бомбалауы салдарынан бейбіт халықтың

арасында мерт болғандарға қатысты күмәнін білдірді. Ливияның Денсаулық сақтау министрі 26 наурызда әуе шабуылдары мен ракеталық соққылар нәтижесінде 114 ливиялық қаза тапқанын мәлімдеді, осылардың ішіне әскерилер де, қарапайым азаматтар да кіреді. «The Los Angeles Times» газеті шетелдік журналистерді екі рет молаға апарып, қаза болғандардың мәйіттері көрсетілгені жайлы жазып, ол жерде қаза тапқандардың туысқандары болмағанын, соның кесірінен мерт болғандар кім болғанын және қалай қаза тапқанын анықтай алмағанын атап өтті. Оңтүстік Африка республикасының «The Star» газеті 24 наурызда бомбалаудан қаза тапқан 33 адам жерленгенін, бірақ қабірге тек 13 табыт қана түсірілгенін, жерлеу кезінде қайтыс болғандардың туысқандары болмағаны туралы жазды. «Әл-Жазира» тілшісі: «Анита Макнотон 23 наурызда журналистерді әуе соққысының орнын, қаза болғандарды, госпитальді көрсетеміз деп, 45 минут бойы оларды қала ішімен тасып, кейін отельде қалдырып, мекенжайын таба алмағаны туралы айтты», – деп мәлімдеді. Жамахирияда орын алған цензура, Ливияның 13 тамыздан кейін Каддафи күштеріне бағынышты аймақтарға журналистерге кіруге тыйым салынуы ақпараттық вакуумның орын алуына алып келді. Осы жайт, әрине, әртүрлі спекуляцияларға алып келді, осының салдарынан кейбір жағдайларда жалған ақпарат тарату фактілері анықталды.

21 тамыздан, яғни Триполиге атой салудың басынан бастап барлық батыстық ақпарат агенттіктері мен бірқатар араб агенттіктерінен («әл-Жазира», «әл-Арабия») түскен ақпараттың шынайылығына ресейлік сарапшылар күмәнін білдірді. Атап айтқанда, көтерілісшілердің тамыздың 21-інен 22-сіне қарай ауған түні кезіндегі Триполидегі жеңістері (қаланың 90%-ын бақылау, М.Каддафидің ұлдары Мұхаммед пен Сейфті тұтқындау, көтерілісшілердің

Жасыл алаңда шаттануы) жайлы бастапқы ақпарат біраз адамның сенімсіздігін туғызды. «Reuters» агенттігі таратқан Халықаралық қылмыстық соттың М.Каддафидің тұтқындалуы туралы мәлімдемесі Ливиядағы ақпараттық соғыстың бір көрінісі болды. Кейін келе агенттік ақпаратты жоққа шығарып, полковниктің ұлы тұтқындалды деп нақтылады, алайда осыны да кейін жоққа шығарды. 22 тамыз күні Мұхаммед тұтқындалмағаны жайлы ақпарат жарияланып, 23 тамызда Сейф-әл-Ислам «Риксос» қонақүйіне келіп, батыс тілшілерінің алдында өзінің тұтқындалуы жайлы ақпаратты жоққа шығарып, көтерілісшілердің Триполиден қуып шығарылғанын айтты.

Сонымен, Ливиядағы қақтығыс кезінде қолданылған ақпарат тарату әдістері келесідей:

- объектіге тек нақты бірнәрсе үшін айып тақпай, оны көптеген жайттар бойынша айыптап, қоғамның реакциясын бақылап, ең көп талқыға түскен бағытты ары қарай дамыту;

- ақпарат шындыққа жанасатынын көрсету үшін нақты дәлелдер келтірудің міндетті болмай қалуы: «көңілде ұнамсыз дақ қалса болды, ал БАҚ-ты айыптау қиынға соғады» принципін ұстану;

- жалпы бағыттағы ақпаратты нақты хабарлармен кезек көрсету;

- мақсатты аудиторияның болып жатқан оқиғалардың мағынасын түсінбеуі үшін коммуникация арналарын талдауға келмейтін ақпаратпен толтыру;

- бір-біріне көптеген қырларынан қайшы, тек бір қырынан ғана нақты ақпарат тарату;

- салмақты талдауды тұрмысты көрсетумен араластыру, трагедияны клоунада, клоунаданы трагедия ретінде көрсету;

- адамдардың назарын аударту мақсатымен сұхбаттар мен репортаждарда натурализмді кеңінен пайдалану;

- пікірлері келіспейтін сарапшыларды, БАҚ өкілдерін бір-біріне айдап салу;

- мақсатты аудиторияны ынтасын үнемі бірқалыпты ұстап тұру үшін оқиғаларды драматургия заңдылықтарына сай дамыту.

Ливиядағы қарулы қақтығыс кезіндегі ақпараттық соғыстан келесі қорытындылар жасауға болады:

1. *Ақпарат – күшті қару.* Қазіргі заманғы соғыстың бір компоненті ретінде оны бұдан былай басқа елемеуге болмайды.

2. Батыс елдері өз мүдделерін жүзеге асырып, мақсаттарына қол жеткізу үшін *жалған ақпарат таратуға дайын*. Жоғарыда атап өтілгендей, Жасыл алаңдағы декорациялар жасау, Сейф-әл-Исламның тағдыры жайлы жалған ақпарат тарату осының көрінісі болып табылады.

3. *Ақпараттық соғысқа алдын ала дайын болу керек.* Каддафидің жеңіліске ұшырауының бірден бір себебі оның ақпараттық соғыста басымдықтан айырылып қалуы болды. Ақпараттық соғысқа қарсы тұру үшін өзінде жақсы қорғалған кәсіби ақпараттық құралдар болуы керек. Қазіргі кезде елде ақпараттық соғысқа төтеп бере алатын арнайы құрылымдардың болғаны дұрыс. Осыны жүзеге асыру мақсатымен кітаптың кіріспесінде айтылып кеткендей, 2009 жылы АҚШ-та әскери ақпараттық желілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жаңа құрылым – Кибернетикалық командование құрылған.

4. *Мемлекет ішкі қайшылықтарын дер кезінде шеше біліп, оның ушығуына жол бермеу керек.* Батыс мемлекеттері Ливиядағы тайпалардың алауыздығын өз пайдасына шеше білді. Олар осы жағдайды жаншылған халықтың демократия үшін күресі деп көрсетті. Ақпараттық технологиялары дамыған жетекші елдер ақпараттық соғыс барысында қарсыласының ең осал тұсына соққы жасайтыны Ливияның мысалынан тағы бір рет өз айғағын тапты.

Тараудың қорытындысы

1990-2011 жылдар аралығында орын алған қарулы қақтығыстарда ақпараттық технологиялардың қолданылуын талдау олардың бірнеше ортақ мақсаттарын анықтауға мүмкіндік береді:

- жаһандық деңгейде әлем қауымдастығының алдында шабуыл жасалатын белгілі мелмекеттің негативті бейнесі қалыптастырылады. Оның басшысы «тиран» ретінде көрсетіліп, елде «демократиялық құндылықтарды езгілеу», «адам құқықтарын таптау» секілді жағдай орын алып отыр деп көрсетіледі. Осындай шаралар агрессор мемлекеттің позициясын басқа мемлекеттерге қолдатуға немесе бейтарап позиция қалыптастыру үшін бағытталады;

- шабуыл жасалатын мелмекеттің ішкі жағдайына ақпараттық ықпал жасау (халқын билігіне қарсы қою, ел ішіндегі оппозициялық күштерге жәрдем беру, қарсылық көрсетудің пайдасыз екеніне көндіру);

- шабуыл жасалатын мелмекеттің қарулы күштерінің басшылығы мен халқын әскери жоспарға қатысты дезинформациялау;

- шабуыл жасалатын мелмекеттің ақпараттық инфрақұрылымы агрессор мемлекет тарапынан қиратылады немесе өз мақсатында қолдану үшін басып алынады;

- шабуыл жасалатын мелмекеттің діни, этникалық, әлеуметтік, экономикалық және т.б. қайшылықтарын агрессор мемлекеттің өз мақсатында қолдануы.

Ақпараттық соғысқа Парсы шығанағындағы соғыс кезіндегі операцияларды жатқызуға болады. Десек те, осы қақтығыс кезінде микропроцессорлық техника кеңінен қолданыс тапқанымен, оны әлі де жаһандық ақпараттық соғыс деп айтуға келе бермейді. Ақпараттық технологиялар осы қақтығыс кезінде тек кәдімгі қару-жарақтың күшін

арттыратын құрал ретінде қарастырды. Нағыз жаһандық ақпараттық соғыс Оңтүстік Осетия мен Ливиядағы қарулы қақтығыс кезінде орын алды. Жаһандық ақпараттық соғыс бір мемлекеттің аудиториясымен шектелмейтін ауқымды аудиторияға бағытталады, оның жекелеген сегменттері автономды болады және әрқайсысының өз мақсаттары бар [270]. Сондықтан осындай ақпараттық соғыс кезінде әрбір аудиторияның, әрбір топтың мүддесі ескеріледі.

Деректер мен әдебиеттер

131. Бухарбаев Б. К штыку приравнять перо // Vox Populi, 16-30 2010, №21. Стр. 71.
132. Adams J. Virtual Defense // Foreign Affairs, 2001, Vol. 80, No.3. P. 102.
133. Summe J.N. PSYOP Support to Operation Desert Storm // Special Warfare. 1992. October. 1992. P. 6-9.
134. Taylor P.M. War and the media. Propaganda and Persuasion in the Gulf War. Manchester ets, 1992. P. 266-278.
135. Jones J.B. Psychological Operations in Desert Shield Desert Storm and Urban Treedom // Special Warfare. 1994. P. 22-29.
136. Adolph R.B. PSYOP: Gulf War Multiplier // Army Vol. 42. 1992. December. P. 16-22.
137. Johnson R.D. PSYOP, the Gulf Paper War. Psychological Warfare Operations against Iraqi military and Civilian stablishments between Nowember 1990 and February 1991. Titusville, FL: R. D. Johnson. 1992.
138. Фененко А.В. Современные военно-политические концепции США // Международные процессы, 2009, Том 7, №1 (19). Стр. 68.
139. Tones T.V. Psychological Operations. P. 26.
140. Волковский Н.Л. Силы специальных операций. СПб. 1997. Стр. 42-43.
141. Волковский Н.Л. История информационных войн. В 2 ч. Ч. 2. – СПб. 2003. Стр. 484.
142. Summe J.N. Op.cit. P. 8-9.
143. Jones J.B. Op.cit. P. 27-28.
144. Гриняев С. Особенности информационной войны во время агрессии НАТО против Югославии. (<http://ww-4.narod.ru>)

145. Frankfurter Allgemeine Zeitung. – 1999. – 7.April, P. 402.
146. Бухарбаев Б. Ақпараттық технологиялардың қарулы қақтығыстарда қолданылуы // Стратегия формирования международного имиджа Респубилки Казахстан в условиях глобализации: Материалы международной научно-практической конференции. 345 б.
147. Войны XXI века: эпоха информационно-психологических операций. Ливия // Nm2000.kz (<http://nm2000.kz/news/2011-05-30-41110>)
148. Морозов Ю.В., Глушков В. В., Шараван А.А. Балканы сегодня и завтра: военно-политические аспекты миротворчества. – М., 2001. Стр. 219.
149. Кудряшов А. Интернет, информационная война и вооруженные конфликты // Hvylya.org, 26.01.2012 (<http://hvylya.org/analytics/geopolitics/18196-internet-informatsionnaja-vojna-i-voorzhennye-konflikty.html>)
150. Андреев А., Давыдович С. Об информационном противоборстве в ходе вооруженного конфликта в Косово// Зарубежное военное обозрение. – 2002. – № 11. Стр. 23.
151. Presse und Informationsamt der Bundesregierung. Bulletin Nr. 13. – Bonn, den 30 März 1999. – P. 140.
152. Ибраева Г. Ж. Региональные конфликты и средства массовой информации: курс лекций. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – А.: 2001.
153. Гриняев С. Особенности информационной войны во время агрессии НАТО против Югославии // Agentura.ru (<http://www.agentura.ru/equipment/psih/info/yugoslav/>)
154. Arnot B. «Electronic War in the Afghan Skies». P. 2.
155. Moore R. The Hunt for Bin Laden // New York: Random House, 2003. P. 267.
156. Cox J.L. Information Operations in Operations Enduring Freedom and Iraqi Freedom – What Went Wrong? P.6.
157. Davis J.M. From Kosovo to Afghanistan: Canada and information operations, Canadian Military Journal, Autumn 2005, P. 34.
158. Kennedy H. «Psyops Units Encouraged to Modernize Their Equipment», National Defense, February 2002, P. 2-6.
159. Haulman D.L. USAF psychological operations, 1990-2003, P. 7.
160. Small-Unit Ops in Afghanistan. Handbook. №09-37, June 2009. P. 110.
161. Friedman «Psychological Operations in Afghanistan», 1-3. P. 13-14.

162. Coghlan T. «Taleban spin doctors winning fresh ground in propaganda war with Nato», Times Online. (November 12, 2009) (<http://www.timesonline.co.uk/tol/news/world/Afghanistan/article6913240.ece>)
163. New and old information operations in Afghanistan: What works? // The Washington Post, 29.03.2011 (http://www.washingtonpost.com/world/new-and-old-information-operations-in-afghanistan-what-works/2011/03/25/AFxNAeqB_story.html)
164. Gardner F. NATO's cyber defense warriors // BBC News, 3 February 2009. (<http://news.bbc.co.uk/2M/europe/7851292.stm>); Borchgrave, A. de. Silent Cyberwar// Washington Times, 19.02.2009. Lexis Nexis (<http://www.lexisnexis.com>)
165. Азов В.О. реализации в США концепции ведения военных действий в едином информационном пространстве // Зарубежное военное обозрение, 2004, №6. Стр. 13.
166. Кондратьев А.Е. Ставка на «войны будущего» // Независимое военное обозрение, 27.06.2008. (http://nvo.ng.ru/concepts/2008-06-27/l_future.html)
167. Как будут проходить войны будущего? // Завтра, 31.05.2008. (<http://www.zavtra.com.ua/news/socium/19632/>)
168. Rumsfeldt D. Transforming the Military // Foreign Affairs, 2002, Vol. 81, No.3. P. 28.
169. Гриняев С. Американские эксперты об эскалации информационной войны в интернете // Зарубежное военное обозрение, 2002, №6. (<http://commi.narod.ru/txt/2002/0601.htm>)
170. Манойло А.В. Информационно-психологическая война: факторы, определяющие формат современного вооруженного конфликта. – Киев: Материалы V Международной научно-практической конференции «Информационные технологии и безопасность», вып. №8, 2005 г., Стр. 73.
171. Толстобров А.В. Информационная война США и Великобритании в ходе военной операции против Ирака, (<http://www.iimes.ru/rus/stat/2004/14-11-04.htm>)
172. Най-мл. Дж. После Ирака: мощь и стратегия США // Россия в глобальной политике. Т. 1. 2003. № 3. Стр. 86–101.
173. Информационная война между США и Ираком (<http://www.analitik.org.ua/theme/3e943dcca11c6/>)
174. Насимова Г.О. Политическая конфликтология: Учебное пособие. – А.: 2008. Стр. 218.
175. Манойло А.В., Петренко А.И., Фролов Д.Б., 2003 г.: Государственная информационная политика в условиях инфор-

мационно-психологической войны. – М.: Горячая линия – Телеком, Стр. 541.

176. Блэр обратился к иракцам // Коммерсантъ, 15.11.2002 (<http://www.kommersant.ru/doc/953493/print>)

177. Борьба за информационное господство // Vpk-news.ru, 4.08.2004 (<http://vpk-news.ru/articles/1173>)

178. Голота А.В. Некоторые аспекты информационной войны в Ирак, (<http://www.easttime.ru/analitic/2/3/274.html>)

179. Пятидневная война // Коммерсантъ, 18.08.2008 (<http://www.kommersant.ru/doc/1011909>)

180. В Грузии в субботу отключат вещание всех российских телеканалов // Интерфакс, 8.08.2008 (<http://www.interfax.ru/politics/news.asp?id=25994>)

181. В Грузии возобновлено вещание российского телеканала RTVi // Кавказский узел, 10.08.2008 (<http://www.kavkaz-uzel.ru/printnews/news/id/1226926.html>)

182. В Грузии прекратил вещание телеканал, транслировавший «Эхо Москвы» // РИА «Новости», 18.08.2008 (http://ria.ru/osetia_news/20080818/150470231.html)

183. Официальный сайт МИД Грузии взломан хакерами // Интерфакс, 9.08.2008 (<http://www.interfax.ru/news.asp?id=26009&sec=1484>)

184. На сайте МИД Грузии появился коллаж с Гитлером // Lenta.ru, 9.08.2008 (<http://www.lenta.ru/news/2008/08/09/defaced/>)

185. Сайты РИА Новости подвергаются непрерывным DOS-атакам // РИА «Новости», 10.08.2008 (http://ria.ru/news_company/20080810/150243787.html)

186. Сайт телеканала Russia Today подвергся атаке хакеров // РИА «Новости», 10.08.2008 (ria.ru/media/20080810/150250603.html)

187. Охота на сайт // Российская газета, 13.08.2008 (<http://www.rg.ru/2008/08/13/saakashvili-sait.html>)

188. Президент Польши Лех Качиньски предоставил правительству Грузии свой сайт // Stringer.ru, 12.08.2008 (<http://www.stringer.ru/publication.mhtml?Part=50&PubID=9784>)

189. У здания грузинского посольства в Москве разбит палаточный городок // Lenta.ru, 8.08.2008 (<http://lenta.ru/news/2008/08/08/tents/>)

190. В Тбилиси заблокированы все интернет-сайты с доменом .ru // Интерфакс, 9.08.2008 (<http://www.interfax.ru/news.asp?id=26114>)

191. Georgia accuses Russia of coordinated cyberattack. // CNET Networks, 11.08.2008 (news.cnet.com/8300-1009_3-83.html?hhTest=1)

192. Война или «принуждение к миру»? // Kasparov.ru, 11.08.2008 (<http://www.kasparov.ru/material.php?id=48A0537D80049>)

193. Принуждение к миру в Сети // Время новостей, 18.08.2008 (<http://www.vremya.ru/2008/149/72/210691.html>)

194. Власти РФ не причастны к кибер-атакам на грузинские сайты – эксперт // РИА «Новости», 21.08.2008 (<http://ria.ru/science/20080821/150557270.html>)

195. Можно ли считать атаки хакеров важным фактором в информационной войне? // РИА «Новости», 12.08.2008 (<http://ria.ru/opinions/20080812/150306008.html>)

196. Georgia accuses Russia of coordinated cyberattack. // CNET Networks, 11.08.2008 (news.cnet.com/8300-1009_3-83.html?hhTest=1)

197. «Репортеры без границ» осудили интернет-войну Грузии и России // Podrobnosti.ua, 14.08.2008 (<http://podrobnosti.ua/accidents/warandterror/2008/08/14/547158.html>)

198. Блогосфера стала ареной войны за общественное мнение – эксперт // РИА «Новости», 12.09.2008 (<http://ria.ru/society/20080912/151227944.html>)

199. Спецслужбы Грузии атакуют осетинские сайты, почту и «аськи» // Rosbalt.ru, 12.09.2008 (<http://www.rosbalt.ru/exussr/2008/09/12/523149.html>)

200. Бобкова Е.А. Конфликт в Южной Осетии и Запад // Ia-centr.ru, 14.05.2009 (<http://www.ia-centr.ru/expert/4668/>)

201. Peace bid as Ossetia crisis rages // BBC News, 9.08.2008 (<http://news.bbc.co.uk/2/hi/europe/7551595.stm>) Russian warplanes target Georgia // CNN, 9.08.2008

202. Russian warplanes target Georgia // CNN, 9.08.2008 (<http://edition.cnn.com/2008/WORLD/europe/08/09/georgia.ossetia/index.html>)

203. Более 100 иностранных журналистов побывали за три дня в Цхинвали // РИА «Новости», 16.08.2008 (<http://ria.ru/society/20080816/150421576.html>)

204. Итальянские СМИ, освещая события в Южной Осетии, вешают на уши итальянцам макароны. // «Вести-Северный Кавказ», 9.08.2008 (skavkaz.rfn.ru/rnews.html?id=146165&tid=3123)

205. Глобальные СМИ в информационной войне против России // Inosmi.ru, 10.09.2008 (<http://www.inosmi.ru/world/20080910/243918.html>)

206. Путин возмущен цинизмом западных политиков, защищающих Грузию // News.mail.ru, 11.08.2008 (<http://news.mail.ru/politics/1938004/>)
207. Председатель комитета Госдумы России: западные СМИ освещали события в Южной Осетии «безобразно» // Russian.people.com.cn, 15.08.2008 (<http://russian.people.com.cn/31519/6476748.html>)
208. Михаил Горбачев: Саакашвили заслуживает того, чтобы его лишили доверия собственного народа, но это дело самих грузин // Newsru.com, 15.08.2008 (<http://newsru.com/russia/15aug2008/gorbachev.html>)
209. Информационная война вокруг Цхинвали // Вести, 10.08.2008 (<http://www.vesti.ru/doc.html?id=199817>)
210. Журналисты Russia Today обвинили CNN в подлоге // Gazeta.ru, 8.09.2008 (http://www.gazeta.ru/news/lenta/2008/09/08/n_1267938.shtml)
211. CNN выдал кадры из Цхинвали за вид разрушенного Гори – российские СМИ // РИА «Новости», 8.09.2008 (http://ria.ru/osetia_news/20080908/151078965.html)
212. «Just So Scary» // Foxnews.com, 2.05.2011 (<http://video.foxnews.com/v/3911776/>)
213. Скандал вокруг телесюжета, или «мы прервемся на рекламу» // Интерфакс, 15.08.2008 (<http://www.interfax.ru/txt.asp?id=27513&sec=1484>)
214. Блоггеры обсуждают интервью двух осетинок телеканалу Fox News // РИА «Новости», 15.08.2008 (<http://ria.ru/society/20080815/150404164.html>)
215. YouTube не занижал популярность ролика с рассказом о Южной Осетии // Lenta.ru, 18.08.2008 (<http://www.lenta.ru/news/2008/08/18/youtube/>)
216. Осетинская девочка, интервью в России // RuTube.ru, 17.08.2008 (<http://rutube.ru/tracks/932405.html?v=d754200ea10063c05481062a60c9affc>)
217. Грузины в Цхинвали. 8 августа // Mreporter.ru, 2.09.2008 (<http://mreporter.ru/ReporterMessages/viewReport.do?reportid=13862>)
218. Испанское ТВ пошло на подлог // Взгляд, 8.09.2008 (<http://www.vz.ru/politics/2008/9/8/205443.html>)
219. Испанское ТВ признало ошибку // Взгляд, 10.09.2008 (<http://www.vz.ru/society/2008/9/10/206474.html>)
220. Music and Politics // The Times, 22.08.2008 (<http://www.timesplus.co.uk/tto/news/?login=false&url=http%3A%2F%2Fwww.thetimes.co.uk%2Ftto%2Fopinion%2Farticle2037161.ece>)

221. Traeumt Russland von einem neuen sowjet Reich? // Bild, 15.08.2008 (<http://www.bild.de/BILD/news/politik/2008/08/15/traeumt-russland/von-einem-neuen-sowjet-reich.html>)
222. Gerhard Schroeder: Georgien kaukasus krieg Praesident Saakaschwili ist ein Hasardeur // Bild, 16.08.2008 (<http://www.bild.de/BILD/news/politik/2008/08/16/gerhard-schroeder/georgien-kauskasus-krieg-praesident-saakaschwili-ist-ein-hasardeur.html>)
223. Georgiens Praesident Saakaschwili im BILD Interview ueber den kaukasus Konflikt // Bild, 27.08.2008 (<http://www.bild.de/BILD/news/politik/2008/08/27/georgiens-praesident-saakaschwili/im-BILD-interview-ueber-den-kaukasus-konflikt.html>)
224. Н.Саркози сыграл большую роль в мирном урегулировании // Inosmi.ru, 13.09.2008 (<http://www.inosmi.ru/text/translation/243993.html>)
225. Информационная война вокруг Цхинвали // Вести, 10.08.2008 (<http://www.vesti.ru/doc.html?id=199817>)
226. Запад проводит по отношению к РФ необъективную политику – ученый // РИА «Новости», 27.08.2008 (<http://ria.ru/politics/20080827/150729741.html>)
227. The truth about South Ossetia // The Guardian, 31.08.2008 (<http://www.guardian.co.uk/commentisfree/2008/oct/31/russia-georgia>)
228. Эффект CNN: Грузия учит Россию вести информационную войну // Inosmi.ru, 1.09.2008 (<http://inosmi.ru/world/20080901/243702.html>)
229. «Метастазы Косова» и «лузерский блицкриг» Саакашвили: отклики с Балкан на кавказский кризис // Regnum.ru, 15.08.2008 (<http://www.regnum.ru/news/1042393.html>)
230. Колонна с президентом Северной Осетии подверглась бомбардировке // Lenta.ru, 8.08.2008 (<http://www.lenta.ru/news/2008/08/08/rocket/>)
231. Северная Осетия опровергла информацию об обстреле колонны с президентом // Взгляд, 8.08.2008 (<http://www.vz.ru/news/2008/8/8/194399.html>)
232. СМИ: Саакашвили пытался покончить с собой // Utro.ru, 11.08.2008 (<http://www.utro.ru/articles/2008/08/11/758615.shtml>)
233. Психолог Виноградов: Саакашвили – человек с неустойчивой психикой и большими амбициями // Newsru.com, 11.08.2008 (<http://newsru.com/russia/11aug2008/vinograd.html>)

234. Л.Слиска сравнила М.Саакашвили с Гитлером // Rbc.ru, 8.08.2008 (<http://top.rbc.ru/politics/08/08/2008/216893.shtml>)

235. Медведев поручил разработать программу перевооружения армии с учетом итогов миротворческой операции в Южной Осетии // Rosbalt.ru, 18.08.2008 (<http://www.rosbalt.ru/federal/2008/08/18/514852.html>)

236. У патриотизма глаза велики // Коммерсантъ, 1.09.2008 (<http://kommersant.ru/doc/1017746>)

237. СМИ США раскрыли подробности вызова Путиным «на ковер» главного редактора «Эхо Москвы» Венедиктова // Newsru.com, 16.09.2008 (<http://newsru.com/russia/16sep2008/echo.html>)

238. While Aide Advised McCain, His Firm Lobbied for Georgia // The Washington Post, 13.08.2008 (http://www.washingtonpost.com/wp-dyn/content/article/2008/08/12/AR2008081202932.html?nav=rss_politics)

239. Georgia loses the fight with Russia, but manages to win the PR war // The Times, 13.08.2008 (<http://www.timesplus.co.uk/tto/news/?login=false&url=http%3A%2F%2Fwww.thetimes.co.uk%2Fto%2Fnews%2Fworld%2FEurope%2F>)

240. Грузия рассказывала о войне с помощью бельгийских пиарщиков // Lenta.ru, 13.08.2008 (<http://www.lenta.ru/news/2008/08/13/praces/>)

241. Михайленко Т.А. Особенности информационной войны в современном мире. На примере грузино-южноосетинского конфликта в августе 2008 года // ММУ Мемлекеттік басқару Факультетінің «Государственное управление. Электронный вестник» журналы, № 19, июнь 2009. Стр. 4.

242. Манойло А.В. Психологические операции США в войне против Южной Осетии и Абхазии (<http://andreymanoylo.vov.ru/psioperusa.html>)

243. Информационная война против России: как это было // Km.ru, 12.05.2009 (http://www.km.ru/news/informacionnaya_vojna_protiv_ro)

244. Южная Осетия разожгла одну из крупнейших в истории информационных войн // Rb.ru, 12.08.2008 (<http://www.rb.ru/article/yujnaya-osetiya-razojgla-odnu-iz-krupneyshih-v-istorii-informatsionnyh-voyn/5378377.html>)

245. Информационная война вокруг Южной Осетии: выводы и анализ // Panarin.com, қараша 2011 (<http://www.panarin.com/comment/1015>)

246. Информационная война вокруг конфликта в Южной Осетии: анализ и выводы // Osetinfo.ru, 11.11.2008 (<http://www.osetinfo.ru/main/194>)

247. Информационная война против Ливии: шесть уроков Каддафи // Rewer.net, 29.08.2011 (<http://rewer.net/informacionnaya-vojna-protiv-livii-shest-urokov-kaddafi/>)

248. «The Truth»: Information Warfare in Libya continues // Russia-week.com, 27.08.2011 (<http://www.russia-week.com/2011-08-27/the-truth-information-warfare-in-libya-continues/>)

249. Волков М. Война против Ливии: Ложь западной пропаганды // Eot.su (<http://eot.su/smi/analitika/informatsionnaya-voyna-v-livii-nachalo>)

250. Al-Arabiya: Каддафи бежал в Венесуэлу. Оппозиция не согласится на преемника-сына // Newsru.com, 21.02.2011 (<http://www.newsru.com/world/21feb2011/runaway.html>)

251. Libya War Lies Worse Than Iraq // Informationclearinghouse.info, 23.07.2011 (<http://www.informationclearinghouse.info/article28666.htm>)

252. Запад против Ливии: информационная война // Topwar.ru, 1.03.2011 (<http://topwar.ru/3510-zapad-protiv-livii-informacionnaya-vojna.html>)

253. Звезды отмыли деньги Каддафи // Gazeta.ru, 4.03.2011 (http://www.gazeta.ru/culture/2011/03/04/kz_3546381.shtml)

254. Волков М. Война против Ливии: Ложь западной пропаганды // Eot.su (<http://eot.su/smi/analitika/informatsionnaya-voyna-v-livii-nachalo>)

255. Логвинцев В. Эпоха информационно-психологических операций: Ливия // psyfactor.org (<http://psyfactor.org/psyops/psyops5.htm>)

256. «Шарль де Голль» спешит к ливийским берегам // Euronews.com, 20.03.2011 (<http://ru.euronews.com/2011/03/20/france-sends-aircraft-carrier-to-libya/>)

257. Повстанцы празднуют взятие Триполи // Bbc.co.uk, 22.08.2011 (http://www.bbc.co.uk/russian/multimedia/2011/08/110822_v_libya_celebrations.shtml)

258. Блогеры: Видео из Триполи – фальшивка // Rbc.ru, 23.08.2011 (<http://top.rbc.ru/special/libya/23/08/2011/611801.shtml>)

259. Картина боевых действий в столице Ливии меняется до противоположности // Первый канал, 23.08.2011 (<http://www.1tv.ru/news/world/183337>)

260. В Ливии началась информационная война // НТВ телеарнасы, 23.08.2011 (<http://www.ntv.ru/novosti/237058/>)

261. Ливия: информационная война в разгаре // «Комсомольская правда» газеті, 29.10.2011 (<http://kp.ru/daily/25779/2762787/>)

262. Исаев Г. Информационная война против Ливии // Meast.ru Санкт-Петербургтегі қазіргі заманғы Таяу Шығысты зерттеу орталығының сайты (<http://meast.ru/article/informatsionnaya-voyna-protiv-livii>)

263. Запад врёт о бунте в Ливии, как в 2008-м о войне в Грузии // «Комсомольская правда», 28.02.2011 (<http://kp.ru/daily/25644.5/808675/>)

264. Постановка в стиле Голливуда // «Взгляд», 9.03.2011 (<http://www.vz.ru/opinions/2011/3/9/474295.print.html>)

265. Ложь и нефть: Ливии уготовили судьбу Ирака // «Русский курсор», 02.03.2011 (<http://www.ruskur.ru/item/opinions/1396.html>)

266. К Каддафи плывут американские авианосцы // «Комсомольская правда», 01.03.2011 (<http://kp.ru/print/article/25645/809332>)

267. Клинтон: У США нет точных данных о бомбардировках мирного населения Ливии // «Взгляд», 1.03.2011 (<http://www.vz.ru/news/2011/3/1/472320.html>)

268. Британские правозащитники не нашли свидетельств преступлений Каддафи // Newsru.co.il, 19.04.2011 (<http://newsru.co.il/mideast/19apr2011/gaddafy8005.html>)

269. Каддафи и оппозиция превратили войну в спектакль // Вести, 9.03.2011 (<http://www.vesti.ru/doc.html?id=434779&cid=400>)

270. Почепцов Г. Хаотическая война. Особенности глобальной информационной войны на примере российско-украинского газового конфликта // Psyfactor.org (<http://psyfactor.org/lib/infowar4.htm>)

3-ТАРАУ

ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ақпараттық төңкеріс нәтижесінде бүгінгі күні қарулы қақтығыстар трансформацияға ұшырап отыр. Осындай трансформацияның саяси салдары халықаралық қатынастарға тікелей әсер етеді. Сонымен қатар мәселенің құқықтық, психологиялық, әлеуметтік тұстары да бар. Халықаралық құқықта қарулы қақтығыс ұғымының анықтамасы әлі де болса айқын емес. Осы жағдай көптеген сұрақтардың туындауына алып келіп, мәселеге сан қилы көзқарастың болуына себепші болып отыр. Киберкеңістікті реттеу саласында бірыңғай және толыққанды халықаралық заңнама жоқ, осы саланы реттеуде тек халықаралық құқық пен мемлекеттердің жекелеген нормалары ғана жұмыс жасайды.

XXI ғасырдың басында АКТ-ның дамуы және адам санының өсуі қарулы қақтығыс кезіндегі ақпараттық соғыс қамтитын адам санының бұрынғыға қарағанда анағұрлым артуына алып келді. Қазіргі заманғы соғысқа тек мемлекеттер ғана қатыспайды, сонымен қатар жекелеген индивидтер мен топтар да қатысады, олардың соғыс барысы мен нәтижесіне жасайтын ықпалын елемеуге болмайды. Жоғары технологиялардың және байланыс құралдарының ілгері дамуының нәтижесінде қарапайым адамдар да ақпараттық кеңістіктің мүшелеріне айналады. Интернет арқылы ақпаратты тез тарату мүмкіндігі қарулы қақтығысқа қатысушылардың санының өсуіне алып келді. Мыңдаған адамдар қақтығыс жерінен өте алыс орналасса да, қақтығыс жайлы интернеттен ақпарат алып отырады.

Сонымен қатар әскери істе жаңа ақпараттық концепциялардың пайда болуы осы саладағы консервативті көзқарас өкілдері мен жаңа буын өкілдері арасында қайшылықтарды туындатуы мүмкін.

3.1. Қарулы қақтығыстарда ақпараттық технологияларды қолданудың құқықтық аспектілері

Халықаралық құқықта «қарулы қақтығыстар құқығы» ұғымы бар. Ол «соғыс жүзгізу тәсілдері мен құралдарын шектеу, сонымен қатар қарсыласушы екі жақ және бейтарап мемлекеттер арасында қарым-қатынасты шешу мақсатында қолданылатын халықаралық келісімшарттардың жиынтығы» деп анықталған.

Қарулы қақтығыстар құқығы Женева, Гаага конвенцияларында, сонымен қатар БҰҰ БА-ның қарарларында және т.б. құжаттарда орын алған. 1907 жылғы III Гаага конвенциясына сәйкес, бірінші жақ соғыс бастамас бұрын соғыс ашатындығы туралы хабарлауы керек немесе соғыс ашу жөніндегі шартпен ультиматум қоятындығын жариялауы тиіс. Соғыс жағдайы жөнінде бейтарап мемлекеттер хабардар болулары керек.

Қарап отырсақ, біріншіден, қазіргі заманғы қақтығыстардың біразы осы ережелерге сәйкес келмейді (соғыс ашудың жарияланбауы осының бір мысалы); екіншіден, халықаралық құқықтың ережелері ақпараттық кеңістікке әлі күнге дейін жеткілікті дәрежеде таралмайды.

Ертеректе «соғыстың» заңдық мағынада орын алуы соғыс ашуды ресми жариялаумен тікелей байланысты болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін соғыс ашуды ресми жариялау орын алмады десе де болады [271]. 1949 жылы Женева конвенцияларына «қарулы қақтығыс» ұғымы енгізілді. Бұл оқиға қарулы күштер бір-бірімен күрес жүргізіп

жатқан барлық жағдай үшін (жағдайдың классификациясы бар-жоқтығына тәуелсіз) гуманитарлық құқықты қолдану керектігін білдірді [272].

Бүгінгі таңда дәстүрлі «әділетті соғыстың» барлық принциптері (әділетті мақсат, лайықты түрде орнатылған билік, соғыс – соңғы құрал, соғыспаушыларға қол сұғылмаушылық, пропорциялылық, «соғыс зиян тигізуден гөрі игілік әкелуге бағытталған») киберкеңістікте жаңа мәнге ие болып отыр [273]. Дж. Аркилла кибершабуылдың әділетті мақсаты оның жаппай қырып-жою қаруын таратуға тосқауыл жасауы бола алады деп айтады. «Лайықты түрде орнатылған билік» принципі де бұрынғыдай жұмыс істемейді, себебі мемлекеттік емес акторлардың кибершабуылдар жасау мүмкіндігі қазіргі кезде мемлекеттікіне қарағанда кем емес. Кибершабуылды соңғы құрал ретінде қарастыруға да болмайды, себебі ол қарсыласты жоюға бағытталмай, тек оның коммуникацияларын жоюға немесе оған зақым келтіруге бағытталған.

«Соғыспаушыларға қол сұғылмаушылық» принципі де трансформацияға ұшырап отыр: ақпараттық соғыста қақтығысқа ешбір қатысы жоқ тараптар да зиян көреді. У.Черч Индонезия мен Сингапурдың, Бразилия мен Венесуэланьң және т.б. мемлекеттердің энергожабдықтау жүйелері ортақ екенін мысал ретінде көрсетеді, егер осыларды жою тек бір мемлекетке қарсы бағытталса да, оның салдарын көрші елдің халқы да сезінеді [274]. Ежелгі Қытайдың 36 стратагемасының бірі «қарызға алынған қылыш арқылы өлтіру» әдісін ұсынады. Бұны егер қарсыласқа тікелей шабуыл жасауға мүмкіндік болмаса, онда үшінші тараптың күшін қолдану керек деп түсіндіруге болады. Ақпараттық соғысқа қатысты бұл принципті «басқа мемлекет немесе киберкеңістік арқылы вирустар мен бағдарламалық кодтар жіберуді» білдіре алады [275]. Кибершабуыл жасалған ме-

кенжайды техникалық тұрғыдан анықтауға болса да, оның ұйымдастырушысын анықтау қиынға соғады, себебі кибершабуылды мемлекеттің күш құрылымдары немесе жалғыз бір хакердің өзі ұйымдастыра алады. 1998 жылы АҚШ-тың НАСА, Пентагон секілді үкіметтік құрылымдары мен университеттердің, зерттеу орталықтарының компьютерлік жүйелеріне «Ай лабиринті» атауына ие болған ірі хакерлік шабуылдар жасалды. Сол кезде осы жүйелерден АҚШ әскери жоспарлары туралы сыр шертетін мындаған файлдар көшіріп алынды деп хабарланды [276]. Шабуылдар ресейлік IP-мекенжайлардан жасалғаны анықталды. Дегенмен, осы шабуылдар Ресейдің бастамасымен жүзеге асырылды ма, әлде дербес хакерлердің қылығы болды ма деген сұраққа жауап алу мүмкін болмады. Ресейдің шенеуніктері өзінің шабуылдарға қатысын жоққа шығарды.

Сонымен қатар кибершабуылдардың пропорциялылығына қатысты мәселелер туындайды. Мемлекеттік емес акторлар (хакерлер, террористер) тарапынан жаудың өмірлік маңызы бар компьютерлік желілеріне жасалған шабуылды пропорциялы деп айтуға келмейді, себебі олардың жаудың желілеріне пара-пар осындай инфрақұрылымы болмайды. Өмірлік маңызы бар инфрақұрылымдарға жасалған кибершабуылға жауап ретінде кәдімгі қаруды пайдаланып шабуыл жасау пропорциялы ма деген сұрақ туындауы мүмкін. Кейбір америкалық (Дж.Адаме) және ресейлік (В.Цымбал) сарапшылар кибершабуылдарға жауап ретінде кәдімгі [277] немесе тіпті ядролық қаруды [278] қолдануға құқығы бар деп есептейді. Тек сарапшылар ғана емес, сонымен қатар ресми тұлғалар, солардың ішінде АҚШ Қорғаныс министрінің орынбасары Дж.Миллер де осы көзқарасты ұстанады [279].

АҚШ 2011 жылы 16 мамырда «Киберқауіпсіздік бойынша халықаралық стратегияны» жариялады. Осыдан кейін АҚШ Қорғаныс министрлігі бұдан былай кибер-

шабуылдарды дәстүрлі әскери қимылдарға теңеп, оларға басқыншылық актіне жауап бергендей жауап береді деген пікірлер айтыла бастады. Халықаралық сарапшылар АҚШ-тың киберқауіпсіздік мәселесіне қатысты жаңа ұстанымын сараптай отырып, келесі қорытындыларға келді. Біріншіден, Вашингтон кибершабуылдарға қарсы бұдан былай барлық қару түрлерін, соның ішінде ядролық қаруды да пайдалана алады [280]. Финляндияның «F-Secure» IT-компаниясының сарапшысы М.Хиппонен: «АҚШ DDoS-шабуылдарына ракетамен жауап аласыңдар деп тұрған сияқты», – дейді. «The Wall Street Journal» басылымында есімін атағысы келмеген Пентагон өкілі «егер сіз біздің электрожелілерімізді кибершабуыл арқылы істен шығарсаңыз, біз сіздің мұржаңызға ракета тастай аламыз» [281] деген пікір айтты.

Кейбір америкалық сарапшылар киберсоғысты ядролық соғысқа теңейді. Мәселен, Р.Кларк киберсоғыста да, ядролық соғыста да «шабуылды тез жасамасаң, инфрақұрылымың жауға қарағанда ерте қирайды» деп жазады [282]. С.Шэйклфорд киберсоғыстың ядролық соғыстан негізгі айырмашылығы деп киберсоғыс кезінде шабуылдаушылар көзге түспей, ізін қалдырмайтынын айтады [283].

Қазіргі заманғы халықаралық құқық нормаларының біразы бүгінгі күнгі ақпараттық кеңістіктің талаптарына сәйкес емес екені көрініп тұр. «Қарулы қақтығыстар құқығы ақпараттық соғыстарға тарала ма?» және «ақпараттық қару қару-жарақты шектеу, қысқарту, таратпау және жою нормаларына сәйкес пе?» деген сияқты сұрақтар осы саладағы негізгі мәселелер болып табылады. Қазіргі заманғы халықаралық құқық нормаларының ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне таралуының негізгі аргументтері:

- 1) мемлекеттік өзінің ақпараттық инфрақұрылымын қорғау мүмкіндігі;
- 2) қақтығыстың ушығуынан құтылу мүмкіндігі;

3) шығынды азайту.

Осы бағытты америкалық сарапшылар Л.Гринберг, С.Гудмен және К.Су Ху қолдайды. Олардың пікірінше, байланыс пен телекоммуникация желілерін қолданатын кез келген шабуыл Халықаралық электробайланыс одағының реттеу аясына, ал жасанды серіктерге бағытталған ақпараттық шабуылдар халықаралық ғарыш құқығының реттеу аясына кіреді.

Халықаралық құқықтың жалпы ережелері мен нормаларын ақпараттық қауіпсіздік мәселесіне қатысты қолданбай, осының орнына жаңа халықаралық заңнама қалыптастыруды ұсынатын сарапшылардың басты аргументтері келесідей:

1) дамыған елдердің экономикасы ақпараттық жүйелерге қатты тәуелді;

2) мемлекеттік емес ұйымдар халықаралық құқықты сақтайтынына ешқандай кепілдік жоқ;

3) мемлекеттік мекемелердің орталықтанған сайттары компьютерлік шабуылдарға ұшырауы мүмкін, ал террористердің ақпараттық ресурстарының тармақталған желілерін жою қиынға соғады;

4) ақпараттық соғыстар мемлекеттердің қорғаныс министрліктерінің құзыретіне беріліп, қазіргі кезде ақпаратпен, соның ішінде ақпараттық қылмыспен жұмыс істейтін штаттық ведомстволар (АҚШ ОББ) жұмыссыз қалады. Р.Олдричтің пікірінше, бұдан ұлттық және халықаралық қауіпсіздік ештеңе де ұтпайды [284];

5) бейтарап мемлекеттердің өз еркіне қарсы ақпараттық соғысқа қатысу мәселесі. Қазіргі уақыттағы ақпараттық қақтығыс өзіне қақтығысқа қатысы жоқ тараптарды да қамтуы мүмкін. Жоғарыда айтылып кеткендей, У.Черчтің Индонезия мен Сингапурдың, Бразилия мен Венесуэланың және т.б. мемлекеттердің энергожабдықтау жүйелері ортақ екенін мысал ретінде көрсетуін, егер осыларды жою тек бір

мемлекетке қарсы бағытталса да, оның салдарын көрші елдің халқы да сезінетінін мысал ретінде келтіруге болады.

6) киберкеңістікте анонимдік жағдайында жауды анықтау қиынға соғады. Кездейсоқ компьютерлік қатені ақпараттық жүйелерге бағытталған соққыдан ажырату оңай емес.

Қазіргі кезде ақпараттық қаруды қолдану Малага-Торремолинос Халықаралық телекоммуникациялық келісімі (1973) және Халықаралық теңіз спутниктері туралы келісім (1976) құжаттарымен реттеледі. Халықаралық телекоммуникациялық келісімнің 35-бабында «барлық стансалар олардың мақсаттарына тәуелсіз басқа мүшелердің радиоқызметтері мен коммуникацияларына зиян келтірмейтіндей орнатылуы және басқарылуы тиіс» деп көрсетілген [285]. Яғни бұл дегеніміз келісім басқа мемлекеттердің коммуникацияларын қирату немесе олармен қақтығысу үшін спутниктік стансаларды қолдануға тыйым салады деген сөз. Дегенмен 38-бапта мемлекеттер «өз әскерлерінің, әскери әуе және теңіз күштерінің әскери радиостансаларына толық еркіндік беруге» келіседі. Яғни келісім спутниктік жүйелерді әскери мақсаттарда қолдануға мүмкін болатынын мойындайды. Дамыған елдердің әскери сипаттағы ақпаратының 95%-ы азаматтық коммуникациялар жүйесі арқылы өтеді [286]. Яғни осы құжаттың 35-ші және 38-баптары бір-біріне қайшы деп айтуға болады.

Халықаралық теңіз спутниктері туралы келісім спутниктік жүйелерді теңізде әскери мақсатта қолдануға тыйым салады. Әрбір мемлекет үшін теңізде орналастыруға болатын әскери спутниктердің белгілі мөлшері анықталған. Алдағы уақытта оларды теңізде әскери мақсатта қолдануға толықтай тыйым салу жоспарланып отыр.

Мәселені қарастырудың қазіргі кезде екі бағыты бар деп айтуға болады. АҚШ және басқа да бірқатар дамыған мем-

лекеттер ақпараттық қауіпсіздікті қалыптастыру террорлық және қылмыстық сипаттағы қауіптерге тосқауыл жасау үшін керек деген позиция ұстанады. Осы әдістің жақтастары ақпараттық қару жасау мен ақпараттық соғыстардың туындау қаупін тек теория жүзінде ғана мүмкін деп санайды. Дегенмен халықаралық ақпараттық қауіпсіздік саласында ақпараттық қарудан бас тарту орын алмайды деп айтуға болады.

Ресей, Қытай және басқа да дамушы елдердің өкілдері халықаралық ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін кешенді қарастыруды, ақпараттық соғыстың басталуының ықтималдылығын азайтуды ұсынады. Сонымен қатар қазірден бастап халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті реттейтін халықаралық құқықтық негіздерді қалыптастыру ұсынылады. Атап айтқанда, ақпараттық саладағы қылмыстар бойынша арнайы халықаралық сот құру туралы ұсыныстар айтылды. Осындай ұсыныстар Жаһандық ақпараттық қоғамның Окинава хартиясын қабылдағанда (2000 жыл) көрініс тапты [287].

2011 жылдың ақпанында Мюнхенде өткен қауіпсіздік бойынша конференцияда саясаткерлер мен сарапшылардың басым көпшілігі киберкеңістікті халықаралық құқықтық реттеу қажеттілігін айтты. Сол кезде мәселе бойынша нақты шешімдер қабылданбағанымен, Ресей мен АҚШ «Working Towards Rules for Governing Cyber Conflict. Rendering the Geneva and Hague Conventions in Cyberspace» баяндамасын бірігіп дайындап шығарды [288]. Баяндамада АҚШ пен Ресейдің әлі күнге дейін ортақ позициясы жоқ мәселелер қамтылған. Мәселен, соғыс кезінде азаматтық объектілер халықаралық келісімдер тарапынан қалай қорғалса, киберкеңістіктегі қорғалмаған объектілер «бұлтының» арасынан инфрақұрылымның қорғалған объектілерін заң жүзінде және техникалық тұрғыда ажыратуға бола ма деген мәселе. Сонымен қатар тараптар киберқаруды (вирустар,

«күрттар» т.б.) Женева хаттамасы тыйым салатын улы газдар сияқты қару санауға бола ма деген сұраққа жауап іздейді. Конференция барысында киберсоғыс туралы халықаралық конвенция қабылдап, киберкеңістіктегі қылмыстар бойынша халықаралық конвенция құру туралы келісімге қол жеткізді.

Еуропа Кеңесі де осы мәселеге назар аударады. Мемлекеттер ортақ құқықтық іс-жосықтар шеңберінде ынтымақтасу керектігі жылдан жылға өзекті болып отыр. Еуропа Кеңесі «мемлекеттердің басшылығы қажет болған жағдайда басқа мемлекеттердің компьютер жүйелерінде хакерлерді іздей алады» деген шешімге келді. Мемлекеттің егемендігін немесе халықаралық құқықты бұзбау үшін осындай ізденіс жүргізудің заңнамалық негіздемесі болу керек.

Бүгінгі күні халықаралық құқық ақпараттық үдерістерді реттемесе де, акторлардың АКТ қолданылатын қақтығыстар кезіндегі әрекеттерінің жазылмаған ережелері қалыптасуда. Бұл НАТО-ның Югославияға қарсы операциясы барысында көрініс тапты. НАТО әскерлерінің ақпараттық шабуылдары елдің өмірлік маңызы бар ақпараттық жүйелеріне емес, С.Милошевич үкіметінің ақпараттық ресурстарына ғана бағытталды. Осындай әдістің арқасында халықтың ызасына ұшырамау мүмкін болды [289].

1994 жылы Босния және Герцеговинадағы америкалық әскерлерге жалған ақпарат таратуға тыйым салынды. Фактілерді мұқият іріктеп, жағымсыздарын жасыру тапсырылды, өйткені халықта ақпарат алудың альтернативалы түрлері болды [290]. Осыны және Босния халықтары НАТО-ның баспа өнімдерінен гөрі телевизияға артық сенетінін ескере отырып, АҚШ 1999 жылы Белградты бомбалау кезінде жаудың хабар тарату құралдарын жойғысы келді. Осының арқасында Югославия халқы тек НАТО елдерінің ақпаратын тұтынып, оларға психологиялық ықпал жасаудың мүмкіндіктері күрт өсті [291].

2003 жылы Иракта инфрақұрылым объектілері алдымен компьютерлерді істен шығару мақсатымен кибершабуылдарға ұшырады, егер осының пайдасы тимеген жағдайда ғана бомбалау мен ракеталармен атқылау жүзеге асырылды [292].

Сонымен, киберкеңістікті реттеу саласында бірыңғай және толыққанды халықаралық заңнаманың болмауы ең негізгі мәселе болып табылады. Бүгінгі күні тек халықаралық құқық пен мемлекеттердің жекелеген нормалары ғана жұмыс жасайды. Әзірше ақпараттық соғысты көп жағдайда шетелдік тыңшылықтың бір түрі ретінде қарастырады [293].

3.2. Қарулы қақтығыстарда ақпараттық технологияларды қолданудың әлеуметтік аспектілері

Қазіргі заманғы қарулы қақтығыс кезінде орын алатын ақпараттық соғыста қақтығысқа ешбір қатысы жоқ тараптар да зиян көретінін айттық. ХХІ ғасырдың басында АКТ-ның дамуы және адам санының өсуі ақпараттық соғыс кезінде қақтығысқа жұмылатын адам санының бұрынғыға қарағанда анағұрлым артуына алып келді. Соңғы екі он жылдықтағы технологиялық даму осы өзгерістердің катализаторына айналды. Өзгерістер бірнеше негізгі бағытта жүріп отыр. Біріншіден, әскери қимылдарға қатысатын көптеген акторлар соғыс жүргізудің жоғары технологияларын меңгеріп отыр. Қызметі бір мемлекеттік аумағымен шектелмейтін мемлекеттік емес акторлар жаңа технологияларды өздерінің тактикалық және стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдаланады. Бұл технологияларды қолдану кәдімгі қаруды қолданудың шеңберінен шығып кетеді. Мемлекеттік емес акторлар интернет желісінің мүмкіндіктерін өздерінің қатарына жаңа мүшелерді тартуға, ақпарат жинап, оны таратуға, жұртшылықтың назарын аударуға қолданып отыр.

Технологиялық дамыған мемлекеттер де, әсіресе АҚШ, қару-жарағын жетілдіруде үлкен жетістіктерге жетіп отыр.

Екіншіден, бүгінгі күні шынайы уақыт режимінде көрсетілетін әскери репортаждардың саны көбеюде. Қарулы қақтығыстардың телевизия мен интернетте, газеттер мен хабарламаларда көрсетілуі оларды халықтың қабылдауына тікелей әсерін тигізеді. Адамдардың соғыс туралы мағлұматының ұлғаюы мен соңғы он жылдықтарда ХХ ғасырдың басына қарағанда үлкен соғыстар санының азаюының арасында тікелей байланыс болуы мүмкін. Адамдар соғыстың кесапатын оған қатыспай-ақ жаңалықтар арқылы танып-білуге мүмкіндік алды, соның арқасында соғыс өзінің «романтикасынан» айырыла бастады деп айтсақ, қате айтпайтын шығармыз.

Қазіргі заманғы соғысқа тек ұлттық мемлекеттер ғана қатыспайды, сонымен қатар жекелеген индивидтер мен топтар да қатысады, олардың соғыс барысы мен нәтижесіне жасайтын ықпалын елемеуге болмайды. Бүгін интернетте шынайы уақыт режимінде қақтығыс туралы репортаж жасаудың жаңа түрлері пайда болып жатыр. Тұтынушылар қалыптастыратын контенттің артуы және Web 2.0 технологияларының (бейнехостингтер, блогтар) ілгері дамуының нәтижесінде тек кәсіби репортерлер ғана емес, сонымен қатар қарапайым тұтынушылар да ақпараттық кеңістіктің қатысушыларына айналады. Олар интернетке жалпы қолданыс режимінде әскери қимылдардың суреттерін, бейнежазбаларын жүктеп, өздерінің пікірлері мен әсерлерін жаза алады. Жауынгердің интернеттегі рөлі белгілі дәрежеде екі қызметті қамтиды: ол шайқастан кейін интернетте өзінің пікірін айта алады. 2003 жылы бастау алған Ирак соғысы кезінде АҚШ әскерлерінің офицерлеріне өзіне бағынышты жауынгерлердің блогтарын тексеріп отыру және жариялауға болмайтын ақпаратты таратқаны үшін оларды жазалау тап-

сырылды [294]. Интернеттегі анонимдік жағдайында осындай жауынгерлерді анықтау қиынға соққанымен, АҚШ ҚК-де жазалау мысалдары орын алды. Мәселен, Мосулдың маңындағы әскери базада қызметін өтеген әскери дәрігер майор М.Коэн өз блогында 2004 жылғы бомбалық шабуыл жайлы көп ақпарат беріп қойғаны үшін әскери басшылығының тарапынан жазаланды. Оған блогын өшіру міндеттелді [295]. Кейінірек 2007 жылдың мамырында Қорғаныс министрлігі барлық әскери қызметкерлерге әлеуметтік қызметтерді пайдалануға тыйым салды [296].

Әбу-Грейбте орын алған жағдайды, яғни жауынгерлердің зорлық көрсету сәттерін өздерінің ұялы телефондарына түсіруін әлем жұртшылығы қатаң сынға алды. 319-саперлік батальонның жауынгері К.Миссик өз блогында: «Соғыс туралы бұрын-соңды осылай жазуға болмайтын, майдандағы әсерлерді үйлерімізге бұрын-соңды осылай тез әрі нақты жазып жібере алмайтынбыз. Құқықтарымыз бен мүмкіндіктеріміз таңғажайып өсіп отыр, дегенмен менде, яғни қатардағы жауынгерде, өз пікірімді бүкіл әлемге жария етуге құқығым бар ма?» – деп жазды [297].

Интернетте Ирак пен Ауғанстандағы әскери операциялар жайлы сан қилы көзқарастарды кездестіруге болады. Қазіргі кезде блогтар белгілі дәрежеде қоғамның айнасы болып табылады. Кейбір блогшылар президент Дж.Бушпен Ақ үйде кездессе, енді қалғандары өз қауіпсіздігі үшін шын есімдерін жасыруға мәжбүр.

«YouTube» бейнехостингі зорлық-зомбылықты көрсетудің күшті құралына айналды. Бейнехостингте АҚШ саясатын сынамайтын не әшкерелейтін бірде бір бейнероликті кездестіруге болмайтынын атап өту керек.

Интернет арқылы ақпаратты лезде тарату мүмкіндігі қарулы қақтығысқа қатысушылар санының өсуіне алып келді. Мыңдаған адамдар қақтығыс жерінен өте алыс орна-

ласса да, қақтығыс жайлы интернеттен ақпарат алып отырады. «International Affairs Review» журналының авторларының бірі айтқандай, Судандағы босқындар лагерін бейнелейтін спутниктік суреттерді бір мезетте Вашингтондағы Халықаралық босқындарға жәрдем көрсету орталығынан Дарфурдағы компьютерге жіберіп, сосын осы бейнефайлдарды интернетке жалпы қолданысқа жүктеуге болады. Соғыспен қарулы қақтығысты зерттейтін әрбір маман Суданның азаттық қозғалысының өкілдерімен тікелей байланыс орната алады. Қысқа уақыт ішінде көтерілісшілерді қолдау үшін олардың банктегі шоттарына ақша аударуға болады. Кейбір сарапшылардың пікірінше, шайқас алаңы виртуалданып жатыр, бұл үдеріс қақтығыс жүргізудің жаңа құралдары пайда болған сайын қарқынға ие бола бермек [298].

Әскер қоғаммен тікелей байланысты. Интернет пен ақпараттық технологиялардың қоғам өміріне кеңінен енуі әскери саланы да тыс қалдырмайды. Қарулы күштердің ұйымдастырылуы мен басқарылу жүйесіне желілік принциптерді енгізу постмодерн қоғамының даму тенденцияларымен байланысты. Постмодернизм философиясының өкілдері Ж.Делез бен Ф.Гваттари «ризомалық құрылымдардың» әмбебаптылығы жайлы жазды [299]. М.Кастельстің пікірінше, желілер қоғамдардың жаңа «әлеуметтік морфологиясын» қалыптастырады [300].

Бірқатар мемлекеттердің әскери құжаттары көтерілісшілермен күрестің басты мақсаты көтерілісшілерді мемлекеттің еркіне көндіру емес, халықтың саяси қолдауына ие болу екенін мойындайды. Мәселен, АҚШ-тың 2006 жылғы «FM 3-24» «Дала жарғысы» (немесе «Петреус доктринасы») Ирактың жергілікті халқының ықыласы үшін күресуге бағытталып, П.Бурдьенің әлеуметтік капитал концепциясына сәйкес келеді. П.Бурдьенің пікірінше, әлеуметтік капитал саяси (мәжбүрлеуге бағытталған, *coercive force*), экономикалық

(*economic power*) және символдық (легитимділікті қамтамасыз ететін, *authority*) капиталмен бірге қоғамдағы биліктің төрт түрінің бірі болып саналады. Әлеуметтік капитал «желілік соғыстың» негізі болып табылады. Әлеуметтік желілерді өз пайдасына шешіп, дұрыс пайдалана алған тарап әлеуметтік капиталға қол жеткізеді. Сол себепті «FM 3-24» құжатында көрсетілген бүліктерге қарсы тұру әдістеріне әлеуметтік капиталы бар тұлғаларды анықтау, олардың ізбасарларды қалай тауып, ұстап тұратынын зерттеу кіреді. Т.Ридтің пікірінше, АКТ әлеуметтік капиталдың тиімділігін арттырады, себебі ақпараттық желілердің құрылымы әлеуметтік желілердің құрылымына ұқсайды. Т.Рид: «Егер біз көтерісшілермен өзіміздің әлеуметтік желілеріміз бен біліміміз арқылы күрес жүргізбесек, онда біздің жауынгерлеріміздің өміріне анағұрлым үлкен қауіп төндіреміз. Боевиктер біздің әскерімізді қарап, өз тактикасының тиімді екенін көретін болады. Біз де олардың жүзеге асыратын шараларын қайталауымыз керек», – деп жазды.

Қазіргі заманғы қарулы қақтығыстарда әскери және азаматтық сала арасындағы өзара әрекеттесу күрделі болып келеді. Мао Цзэдун халық пен әскер арасындағы қарым-қатынас жайлы «халық – су, ал әскер суда өмір сүретін балық» деп жазды [301]. Яғни партизандар халық арасында өмір сүреді, сондықтан комбатанттар мен комбатанттарға жатпайтындарды бір-бірінен ажырату қиыншылықтарды туғызады.

Мао Цзэдун кезінде де, оған дейін де ақпараттық ықпал жасаудың насихаттау, жалған ақпарат тарату, қоғамдық пікірге ықпал жасау, саяси мобилизация секілді қазіргі кезде де қолданылатын әдістері қолданылды. Бірақ бұрын интернет болмады. Иракта жоғары тиімділігін көрсетпеген «FM 3-24» құжатында қазіргі заманғы қарулы қақтығыстардағы интернеттің рөлі жайлы ештеңе жазылмағанын айтып өтуіміз

керек. Қазіргі заманғы террористердің әскерленген топтары мен партизандар интернет арқылы қатарларын толықтырады, коммуникация орнатады, ақша аударады. Д.Петреустің өзі де АҚШ Конгресіне жасаған баяндамасында АҚШ «жаудың интернетті қолдануына қарсы тұру керек, себебі ол интернет арқылы өзінің экстремистік идеялар таратады» деп мойындады [302]. Д.Петреус Ирак соғысы тек құрлықта ғана емес, сонымен қатар киберкеңістікте де жүріп отырғанын атап өтті.

Айтылғанды ескере отырып, АКТ-ны қарулы қақтығыстарда халықтың ықыласы мен сеніміне ие болу үшін қолданған жөн.

Әскерилердің интернетті шамадан шықпайтын көлемде тұтынуы өз пайдасын тигізеді. Әлеуметтік желілерде жау туралы аз болса да, ақпарат табылуы мүмкін. Сонымен қатар тұтынушылар белгілі объектілердің орналасуын өздері көрсете алатын электрондық карталар (мәселен, «Google Maps») да пайдалы. Осы қызмет Ирак соғысында қолданыс тапты, америкалық жауынгерлер мен офицерлер жергілікті халықтан белгілі объектілердің орналасуын біліп алып, оларды карталардан көрсетіп отырды. Осыдан кейін объектілердің орналасуы туралы ақпарат қолжетімді болды [303].

Әскери-оқу орындарында интернетті жеке құрамды үйрету үшін, офицерлер арасында тәжірибе алмасу үшін әскери-ғылыми зерттеулер жасау үшін пайдалануға болады. Мәселен, АҚШ-тың құрлықтағы әскерлерінде «comrapuscommand.com» сайты арқылы 3300-ге жуық рота командирлері тәжірибе алмасса, «platoonleader.org» сайтында 12 000 взвод командирлері пікір алмасып отырады. Осы сайттарда командирлер есімін көрсетуге міндетті емес, осының арқасында сайттардағы ақпарат анағұрлым ашық болып табылады.

Осы сайттар АҚШ-тың құрлықтағы әскерлерінің тәжірибесінің әскери басшылық жүйесінің, АҚШ Әскери

академиясының жетекшілігімен қызмет етеді және үкіметтік гранттарды алып отырады.

Мемлекет үшін жаппай әскерді қамтамасыз етіп отыру қажеттілігінің жойылуы әскери істе ақпараттық технологияларды кеңінен қолданудың маңызды әлеуметтік және саяси нәтижесіне айналуы мүмкін. Осыған дейін әлсіз мемлекет ескі қаруының істен шықпауын қамтамасыз етуге қаражат бөлмей-ақ, ақшаны жаңа қару-жарақты дамытуға салғаны дұрыс екенін айтып өткен болатынбыз. Шынымен де, жаңа техникамен жабдықталған, компьютерлік техниканы еркін меңгерген жоғары тәжірибелі жауынгерлердің кішігірім тобы көп шығынды талап етпейді. Осыған орай көптеген елдердегі жалпыға бірдей әскери міндетті жою мүмкіндігі туындайды. АҚШ пен Еуропаның жетекші мемлекеттерінің тұрақты әскерлерінің қатарына мамандандырылған жауынгерлерді қабылдау жыл сайын қиындап жатқан кезде террористер мен көтерілісшілердің интернет арқылы қатарларын толықтыруы жылдан жылға оңай болып отыр.

Жалпыға бірдей әскери міндетті жақтаушылар осылайша ғана әскер мен қоғамның байланысын қамтамасыз етуге болады дейді. Мемлекеттің азаматтары мемлекетте болып жатқан әскери-саяси үдеріске араласуы керек. Егер жоғары технологиялық әскерлер қалыптасқан тәртіптің орнын басса, осы байланыстан айырылып қалуға болады. Мәселенің қаржылық тұсын да ұмытпау керек: жоғары технологиялық қару-жарақ көп ақша тұрады.

3.3. Қарулы қақтығыстарда ақпараттық технологияларды қолданудың психологиялық аспектілері

Ақпараттық технологияларға басымдық беретін әскери құрылыс хақындағы жаңа концепцияларды жүзеге асырудың

тағы бір қиыншылығы бірқатар мемлекеттердің қарулы күштер офицерлерінің басым бөлігі әскери істегі ақпараттық технологиялардың рөліне деген сенімсіздігімен байланысты. Осының себебін моральдық және психологиялық тұрғыда іздеу керек. Кейбір сарапшылар осыны «әскерилердің санасының кертартпа келуімен және ақпараттық қоғамның шынайылығына көнгісі келмейтінімен» түсіндіреді [304]. ХХ ғасырда орын алған соғыстарға қатысқан ардагерлердің сөздерінен соғыс жылдары олардың өмірінің жақсы кезеңдерінің бірі болғанын білуге болады. «Әскери машинаның жүзін» «скальпельге» [305] айналдыру, яғни соғысты жаудың коммуникациялары мен санасы соққы жасау арқылы қансыз қылу, офицерлердің пікірінше, «соғыс романтикасын» (ерлік таныту, әскери намыс, өзін өзі құрбан қылу және т.б.) өлтіреді. Әскери құрылыстың жаңа концепцияларының авторларының АКТ арқылы командирлерде үнемі толық, әрі нақты ақпарат болады деген сөздері әскери қимылдар кезінде өзін ақтамайды. Тактика мен өзара әсерлесудің орнына бөлімшелердің қимылдарын өздері синхрондайтынына үміт арту үнемі табыс әкеле бермейді.

Қарулы күштерді басқару принциптерінің трансформациясына қатысты офицерлер скепсисінің тағы бір себебі – командирлердің өзіне бағынышты жауынгерлеріне анағұрлым аз басшылық етуі, себебі шұғыл шешім қабылдау кезіндегі құзыреттің бір бөлігі командирден төмендегі деңгейге беріледі. Құзыретті қайта үйлестіру әскери құрылыстың жаңа мүшелерінің пайдасына шешіледі, бұл бұрынғы құрылымдардың өкілдері үшін тиімсіз. Мәселен, АҚШ-тың біріккен киберкомандованиесі құрылғанда оған әскер түрлерінің, арнайы қызметтердің, Ішкі қауіпсіздік министрлігінің бірқатар қызметтері көшкен болатын. Скепсистің орын алуы негізінен қарулы күштерді ұйымдастырудың желілік принциптерімен байланысты. АКТ

арқылы әскери техниканы жетілдіруге қатысты скепсистің деңгейі үлкен емес. Мәселені АҚШ мысалында қарастыратын болсақ, америкалық әскерилердің (бірінші кезекте офицерлік құрамның) соңғы жылдары қарулы күштерді ақпараттандыру мен трансформациялауға байланысты көзқарасы айталықтай өзгерді. 2000 жылы америкалық офицерлердің 56%-ы ғана өзгерістерді қолдаса, 2002 жылы қолдайтындардың саны 92%-ға жетті. Офицерлер Ауғанстанда қолданыс тапқан желілік соғыс концепциясының бірінші кезеңіндегі табыстарын ескере отырып, осындай өзгерістер қарулы қақтығыста жеңіске жетуді жеңілдетеді деп ойлады [306].

АҚШ-тың әскери кадрларды дайындау деңгейі әскери құрылыстың жаңа концепцияларының талаптарына кейде келе бермейтінін де айту керек. Әсіресе бұл кадрлардың ақпараттық технологиялар саласындағы дайындық деңгейіне қатысты айтылып отыр. Кадрлардың дайындығын, іріктелуін, бағытталуын бірқатар авторлар сынға алды (атап айтқанда Д.Гомперт, И.Лэйчоу және Дж.Перкинс) [307]. Қазіргі заманғы жауынгерге барған сайын үлкен талаптар қойылуда: ол бәрінен бұрын ақпараттық технологияларды жақсы меңгеруі тиіс, бұған біраз уақыт кетеді. Бірқатар шешімдерді қабылдау құзыретін командирлер төменгі деңгейлерге тапсырса, жауынгерлердің психологиясы да ауысуы тиіс. Оларды «бағынышты жауынгерлерден» «әскери стратег» [308] деңгейіне шығару керек деген сөз. Олар бұрын-соңды айналыспаған жұмысты атқаруға міндеттелетін болады. Т.Рид былай дейді: «Жауынгер әлеуметтік жұмысшы, инженер, ұстаз, медбике, бойскаут болуға дайын болуы керек. Бірақ бұл оның орнына адам табылғанша жүзеге асуы тиіс, себебі азаматтық міндеттерді азаматтық тұлғаларға жүктеген дұрыс» [309]. Сонымен қатар жауынгерлер тек нақты ғылымдар мен әртүрлі мамандықтарды меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар гуманитарлық ғылымдарды да жетік

меңгеруі тиіс. Үшінші әлем елдеріндегі қарулы қақтығыстар жағдайында жауынгерлер сол жерде тұратын халықтардың мәдениетін үйренуге мәжбүр. Д.Даффи Сомалидегі қақтығыс кезінде америкалық әскерлердің сәтсіздікке ұшырауының себебі олардың жергілікті тайпалардың мәдениетін түсінбегені болды деп санайды. Қазіргі заманғы қақтығыс кезінде мәдениеттанушы-антрополог сияқты ойлай білетін жауынгерлер мен офицерлердің құны арта түсуде [310]. Иракта «Петреус докринасы» жүзеге асырылғанда мәдени факторларға екпін жасалды. Жергілікті халықтың ерекшеліктерін зерттейтін бөлімшелерді (*Human Terrain Teams*) [311] жасақтауға 41 млн. доллар қаражат бөлінді. Бөлімшенің құрамына әлеуметтанушылар, компьютерлік мамандар, жергілікті мәдениет бойынша мамандар, барлығы 150 адам кірді. Олар 2007 жылдың ішінде Ирак пен Ауғанстандағы әртүрлі 26 әскери бөлімшенің құрамына кірді. Осы мамандардың барлығы әскери бөлімшелер командирлерінің (мәдениет, АКТ, қоғаммен байланыс және т.б. мәселелер бойынша) кеңесшілерінің рөлін атқарды.

Сонымен қатар әскери операциялар барысында жергілікті халықтардың технологиялық жаңалықтарға қарсылық білдіруінен туындайтын мәселелерді атап өтуге болады. Мәселен, Пәкістанда ұшқышсыз ұшу құралын пайдаланудың кері әсері ретінде өлтірілген үш боевикке бір қаза тапқан бейбіт азаматтың келіп отырғанын көрсетуге болады [312]. Э.Кэлламның пікірінше, Пәкістанның жергілікті халқының арасында «қоршау менталитеті» қалыптасты. Ол: «Пәкістан халқы тәлібтерді қолдамаса да, әскери техникадан қорқып қалған жергілікті халық үшін тәлібтер дистанциялық соғыс жүргізіп, азаматтық халықты боевиктерден гөрі көбірек өлтіретін жүзсіз жауға қарағанда қаһарлы көрінбейді», – деп жазды. Осыны жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңызды саяси салдары деп айтуға болады, өйткені бұл

жергілікті халықтың жауды қолдауына алып келіп, АҚШ пен оның одақтастарына аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге кері әсерін тигізеді.

Тараудың қорытындысы

Бүгінгі күні киберкеңістікті реттеу саласында бірыңғай және біртұтас халықаралық заңнамалардың болмауы үлкен мәселе болып табылады. Ақпараттық саладағы халықаралық құжаттардың жекелеген тарауларында қайшылықтар кездеседі, акторлар оларды өз мақсаттарында қолдануы мүмкін. Әскери салада АКТ қолданылуын халықаралық деңгейде құқықтық тұрғыдан реттеудің болмауы АКТ қолданылатын қарулы қақтығыстар акторларының іс-қимылдарының жазылмаған ережелерін қалыптастырып отыр.

АКТ әскери топтар арасындағы коммуникацияны оңтайландыруға септігін тигізеді, осының арқасында халықаралық әскери коалициялардың қалалық жағдайда жүргізетін операцияларының мүмкіндіктері арта түседі. Тығыз орналасқан қалалық жағдайда контактісіз соғыс жүргізудің болашағы жоқ деп айтуға болады. Қос мақсаттағы технология болып саналатын АКТ әлсіз тараптың мықты тарапқа асимметриялық қауіп төндіруінің арқасында күшеюіне жол ашады. Қалалық жағдайда жаңа «ақпараттық» кеңістіктің пайда болуының арқасында акторлардың (мемлекеттер, террористер, партизандар, қылмыстық топтар) осы кеңістік үшін күресінің күшеюіне алып келіп, халықаралық деңгейде жағдайдың шиеленісуіне апарады.

Қызметі белгілі бір мемлекеттің аумағымен шектелмейтін мемлекеттік емес акторлар, атап айтқанда «әл-Каида» мен «Хезболла», ақпараттық технологияларды қарулы қақтығыстар кезінде өзіне жаңа мүшелерді тар-

ту үшін, қаражат жинап, ақпарат тарату үшін және әлем қауымдастығының назарын аудару үшін қолданады.

АКТ әлеуметтік капиталдың тиімділігін арттырады, себебі ақпараттық желілердің құрылымы әлеуметтік желілердің құрылымына ұқсайды. Бүгінгі күні тек кәсіби репортерлер ғана емес, сонымен қатар қарапайым адамдар (куәгерлер, зардап шеккендер, жауынгерлер) да ақпараттық кеңістіктің қатысушыларына айналып отыр. Олар интернетке жалпы қолданыс режимінде әскери қимылдардың суреттерін, бейнежазбаларын жүктеп, өздерінің пікірлері мен әсерлерін жаза алады.

Мәдени фактор әскери құрылыс концепцияларын қалыптастырғанда әскерилердің ұстанымдарына әсер етеді. Бұл үрдіс әсіресе ақпараттық төңкеріс жағдайында ерекше көрініс табады. Әскерилердің мәдени ұстанымдарының айырмашылығы коалиция құрамында әскери операциялар кезінде бірлескен қимылдардың тиімділігін азайтуы мүмкін. Коалиция ішіндегі қимылдардың бірлескендігін қамтамасыз етуде АКТ не виртуалды коммуникациялық кеңістік емес, адамдардың өзара қимылдары шешуші рөл ойнайды. Дегенмен АКТ-ның маңызын да ескермеуге болмайды. Әскери құрылыстың қазіргі заманғы жаңа концепцияларын ұқыпты жүзеге асыруда коммуникация құралдары коалиция күштерінің бірлескендігін қамтамасыз етуді жеңілдетеді.

Деректер мен әдебиеттер:

271. Greenwood C. «The concept of war in modern international law». *International and Comparative Law Quarterly*, Vol. 36 (1987), pp. 283–306; Dieter Fleck (ed.), *The Handbook of International Humanitarian Law*, Oxford University Press, Oxford, 2008, para. 203; Elihu Lauterpacht, «The legal irrelevance of the «state of war», *Proceedings of the American Society of International Law*, Vol. 62 (1968). P. 58.

272. Pictet J. Commentary on the Geneva Conventions of 12 August 1949, ICRC, Geneva, 1952. P. 32
273. Arquilla J. Can Information Warfare Ever Be Just? // Ethics and Information Technology, 1999, No.1. P. 204.
274. Church W. Information warfare // International Review of the Red Cross, March 2000, No. 837. P. 205-216. (<http://www.icrc.org/Web/eng/siteengO.nsf/htmlall/57JQCZ>)
275. Томас Т. Китайская теория и практика ведения информационной войны // Ядерный контроль, 2001, №6. С. 37.
276. Adams J. Virtual Defense // Foreign Affairs, 2001, Vol. 80, No.3. P. 99.
277. Adams J. Op. cit. P. 109.
278. Цымбал В.И. О концепции информационной войны // Безопасность. Информ. сб. Фонда национальной и международной безопасности, 1995, № 9. С. 31; Thomas T. Russian views on information-based warfare // Airpower Journal, 1996, Special Edition. P. 26.
279. Pentagon says military response to cyber attack possible // Agence France Presse, 12.05.2010. Lexis-Nexis (<http://www.lexis-nexis.com>)
280. Интернет-атаки грозят ядерной войной // Коммерсантъ, 01.06.2011 (<http://www.kommersant.ru/doc/1651585>)
281. Cyber Combat: Act of War // The Wall Street Journal, 30.05.2011 (<http://online.wsj.com/article/SB10001424052702304563104576355623135782718.html>)
282. Clarke R. War From Cyberspace // National Interest, Nov/Dec 2009, No. 104. P.32-33.
283. Shackelford S.J. From Nuclear War to Net War: Analogizing Cyber Attacks in International Law // Berkeley Journal of International Law, 2009, Vol.27, No.1. P. 192-251.
284. Aldrich Richard W. The International Legal Implications of Information Warfare. Institute for national security studies, U.S. Air Force Academy, Colorado: INSS Occasional Paper 9, Information Warfare Sériés. April, 1996. P. 34.
285. International Télécommunication Convention (Malaga-Torremolinos, 25 October 1973). Australian Treaty Sériés, 1975, No. 24. Australian Government Publishing Service, Canberra (<http://138.25.65.50/au/other/dfat/treaties/1975/24.html>)
286. Беркович Б. О войнах информационного века / Информационные технологии и общество. Реф. сб. М., 2002. С. 144.
287. Окинавская хартия глобального информационного общества // Развитие информационного общества в России.

- Том 2. Концепции и программы: Сб. документов и материалов / Под ред. Н.В.Борисова, Ю.Е.Хохлова. СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2001
288. Working Towards Rules for Governing Cyber Conflict. Rendering the Geneva and Hague Conventions in Cyberspace. Advanced Edition Prepared by Russia-U.S. Bilateral on Critical Infrastructure Protection for the 2011 Munich Security Conference. NY: East West Institute, February 2011.
289. Berkowitz B. War logs on // Foreign Affairs, 2000, Vol. 79, No.3. P. 10.
290. Siegel P. Target Bosnia: integrating information activities in peace operations. Washington: Institute for National Strategic Studies, 1998. P.67,75-76.
291. Конышев В.Н. Американский неореализм о природе войны: эволюция политической теории. СПб: Наука, 2004. С. 224.
292. Еляков А.Д. Информационные технологии и современная война // Свободная мысль, 2008, №1. С. 188.
293. DiCenso D. IW Cyberlaw. The Legal Issues of Information Warfare // Airpower Journal, Summer 1999, Vol. 13, Issue 2. P. 85-102.
294. Caught in the Net: U.S. Military // Foreign Policy, Sept/Oct. 2010, Issue 150. P. 108.
295. Rid T. War 2.0 // Policy Review, February 2007. (<http://www.hoover.org/publications/policyreview/5956806.html>)
296. Савин И.В. Новые войны: баланс технологий и социальных сетей // Информационные войны, 2009, №3(11). С. 65.
297. Operation Iraqi Freedom II // Sergeant Christopher Missick, Soldier Blog, 11 May 2004. (<http://missick.com/missickmilblog.doc>)
298. Turitto J. Understanding Warfare in the 21st Century // International Affairs Review, 2010, Vol. XIX, No.1. (<http://www.iar-gwu.org/node/145>)
299. Deleuze G., Guattari F. A Thousand Plateaus: Capitalism and Schizophrenia. Minneapolis: University of Minnesota Press, 1987.
300. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура: Пер. с англ. под науч. ред. О.И.Шкаратана. М.: ГУ ВШЭ, 2000. С.79-80.
301. Mao Zedong. On Guerrilla Warfare. London: Cassell, 1965. P.93.
302. Report to Congress on the Situation in Iraq. General David H. Petraeus, Commander, Multi-National Force-Iraq. 10-11 September 2007. (<http://www.house.gov/daily/Petraeus.htm>)

303. Libicki M., Gompert D., Freiinger D., Smith R. *Byting Back: Regaining Information Superiority against 21st- century Insurgents*. Santa Monica, Calif.: RAND, 2007. P. 27-28.

304. Мельков С.А., Забузов О.Н. Инициатива в онлайн и офлайн // Независимое военное обозрение, 16.07.2010. (http://nvo.ng.ru/realty/2010-07-16/l_online.html)

305. Shachtman N. *How Technology Almost Lost the War: In Iraq, the Critical Networks Are Social – Not Electronic* // *Wired*, 2007, Issue 15.12. (http://www.wired.com/politics/security/magazine/15-12/ff_futurewar?currentPage=all)

306. Mahnken T., Fitzsimonds J. *Tread-Heads or Technophiles? Army Officer Attitudes Toward Transformation* // *Parameters*, Summer 2004. P. 61-62.

307. Gompert D., Lachow I., Perkins J. *Battle-Wise: Seeking Time-Information Superiority in Networked Warfare*. Wash.: Center for Technology and National Security Policy, National Defense University, 2006.

308. Попов И.М. *Война будущего: взгляд из-за океана: Военные теории и концепции современных США*. М.: АСТ, Астрель, Транзиткнига, 2004. С. 142.

309. Rid T. *War 2.0* // *Policy Review*, February 2007. (<http://www.hoover.org/publications/policyreview/5956806.html>)

310. Попов И.М. *Война будущего: взгляд из-за океана: Военные теории и концепции современных США*. М.: АСТ, Астрель, Транзиткнига, 2004. С.144

311. Shachtman N. *How Technology Almost Lost the War: In Iraq, the Critical Networks Are Social – Not Electronic* // *Wired*, 2007, Issue 15.12. (http://www.wired.com/politics/security/magazine/15-12/ff_futurewar?currentPage=all)

312. Callam A. *Drone Wars: Armed Unmanned Aerial Vehicles* // *International Affairs Review*, 2010, Vol. XIX, No. 1. (<http://www.iaj-gwu.org/node/144>)

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі заманғы халықаралық қатынастардағы жағдайға назар аударатын болсақ, халықаралық қауіпсіздік жүйесіне төнетін қауіптердің сипаты өзгергенін, әлемдегі мемлекеттердің экономикалық тұрғыдағы байланыстарының нығаюын, ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктердің өсуін байқаймыз. Осының бәрі ақпараттық сипатқа ие «жаңа буын» қақтығыстарын бүгінге дейін зерттеу барысында жиналған теорияларды, әдістерді және бағыт-бағдарларға сараптама жасауды талап етеді.

Қазіргі кезде қарулы қақтығыс пен бейбітшілік шеңберіндегі сыртқы саясат мазмұнының өзгеруіне қатысты бірнеше көзқарастың болуы аса маңызды болып табылады. Бірінші көзқарас бойынша, халықаралық қақтығыстар мен қарулы қақтығыстардың этатистік (яғни мемлекеттің рөлі басым) сипаты жойылды. Екінші көзқарасқа сәйкес, қарулы қақтығыстар мен соғыстар трансформацияға ұшырады. Бүгінгі күні территорияны жаулап алу мақсаты сепаратистік, қауымаралық, өркениеттік «кирау» сипатына қарай ауысты. Үшінші көзқарасты ұстанатындар ақпараттандыру саласында пайда болған жаңа технологияларға негізделген соғыстар жүргізу технологияларына екпін жасайды.

Ақпараттық технологиялар қазіргі заманғы қарулы қақтығыстар мен әскери стратегияларда бірнеше бағытта көрініс табады.

Біріншіден, ақпарат жаңа стратегиялық ресурсқа айналып отыр. Ақпарат арқылы қалың жұртшылық пен шешім қабылдайтын тұлғаларға тікелей ықпал жасауға болады. Ақпарат үшін мемлекет ішінде және оның сыртында күрес жүріп отырады. Ақпараттық кеңістіктің ерекшелігіне байланысты бүгінгі күні ішкі және сыртқы саясатты бөлетін

шекара жойылып отыр. Соғысқа тек мемлекетаралық сипат тән деген көзқарас өзектілігін жоғалтып жатыр. Ақпараттық кеңістікті пайдаланатын, соғысты өзінің саяси мақсаттарына жету құралы ретінде қарастыратын акторлардың саны барған сайын өсуде.

Екіншіден, ақпараттық төңкеріс ақпаратты тиімді қабылдап, өндеп, сақтап және оны тарататын бағдарламалық құралдардың пайда болуына алып келді. Оларды әскери салаға ендіру әскери саладағы төңкерістің орын алуына жол ашты. Әскери саладағы төңкеріс қару-жарақтың техникалық параметрлерін арттырудан басқа қарулы күштердің құрылымы мен түрлерін ұйымдастыру принциптерін өзгертуді меңзейді. Қоғамның ақпараттануы халықаралық қатынастарға тікелей әсер етіп қана қоймай, әскери істі де трансформацияға ұшыратады, оның халықаралық саяси салдарлары болады. Осыған орай жетекші державалар қауіпсіздік жүйелері мен әскери стратегияларын қайта ұйымдастыруға, әскердің трансформациясының жылдамдығын үдетуге, қарулы күштерді ұйымдастырудың желілік құрылымға негізделген жаңа принциптерін енгізуге мәжбүр.

Үшіншіден, қарулы қақтығысқа қатысушылар ұйымдастыру мен басқарудың желілік түрлерін жиі қолданып жүр, олардың тиімділігі ақпараттық төңкерістің арқасында артып отыр. Желілік құрылымдар көтерілісшілер тобының белсенділігінің бір түріне айналып, олардың мемлекеттерге асимметриялық қауіп төндіруіне мүмкіндік береді. Жетекші державалардың қарулы күштері заман талабынан қалмай, қарулы қақтығыстарда ақпараттық технологиялар мен басқарудың желілік түрлерін қолдануда. Қарулы күштерді ақпараттандыруда АҚШ-тың көшбасшылық етуі олардың әскери күшін арттырады, сондықтан басқа акторлар мықтырақ қарсыласына қарсы тұру үшін асимметриялық әдістерге жүгінеді.

Ақпараттық төңкеріс жағдайында соғыстың сипаты трансформацияға ұшырағанымен, оның табиғаты бұрынғы болып қалып отыр. Соғыс саяси мақсаттарға қол жетудің құралы болып табылады, бірақ тиімді бола бермейді. Саяси құралдардың көмегімен ғана әскери мақсаттарға қол жетуге болмайды. Жоғары технологиялық соғыстар да саяси мақсаттарға қол жетуді қамтамасыз ете бермейді. Ақпараттық технологиялар саяси қателікті жөндей алмайды.

Ақпараттық дәуірдің қазіргі заманғы соғыс концепцияларын талдау, біріншіден, ақпараттық технологиялардың қарулы қақтығыстарда кеңінен қолданатынын көрсетсе, екіншіден олардың әскери-техникалық, ақпараттық-психологиялық, кибернетикалық, ұйымдастырушылық негізгі төрт салада қолданыс табатынын айқындайды. Ақпараттық технологияларды мемлекеттік емес акторлардың қолдана бастауы қарулы қақтығысқа асимметриялық сипат береді.

Жаһанданудың негізгі факторларының бірі болып табылатын ақпараттық төңкеріс нәтижесінде шекаралар жойылып, жекелеген ұлттық экономикалар мен үкіметтердің құлдырауы орын алады.

Мемлекеттік емес акторлардың қарулы қақтығыстарға араласуы жаңалық емес, баяғыдан келе жатқан құбылыс. Алайда ақпараттық дәуірде АҚТ-ны қолданудың арқасында мемлекеттік емес акторлардың белсенділігі бұрынғыға қарағанда тиімдірек болып, тиімділігі жаһандық деңгейде көрініс тауып отыр.

Дәстүрлі әскерлер мен арнайы қызметтер өздерінің ұйымдастырылу ерекшелігінен осындай қарсыластың желілік құрылымдарына шешуші соққы бере алмайды. Әлсіз қарсылас желілерінің әлсіздігі мен нашар ұйымдастырылатынын да атап өту керек, олар жетекші державалардың әскерлерімен күресте жеңіске жете алмайды. Осының нәтижесінде қақтығыс ұзаққа созылып, қарқындылығы төмендейді.

Киберкеңістікті реттеу саласында бірыңғай және толыққанды халықаралық заңнама жоқ, осы саланы реттеуде тек халықаралық құқық пен мемлекеттердің жекелеген нормалары ғана жұмыс жасайды. Ақпараттық саладағы халықаралық құжаттардың жекелеген тарауларында қайшылықтар кездеседі, акторлар оларды өз мақсаттарында қолдануы мүмкін.

Қызметі белгілі бір мемлекеттің аумағымен шектелмейтін мемлекеттік емес акторлар, атап айтқанда «әл-Каида» мен «Хезболла», ақпараттық технологияларды қарулы қақтығыстар кезінде өзіне жаңа мүшелерді тарту үшін, қаражат жинап, ақпарат тарату үшін және әлем қауымдастығының назарын аудару үшін қолданады.

Мәдени фактор әскери құрылыс концепцияларын қалыптастырғанда әскерилердің ұстанымдарына әсер етеді. Бұл үрдіс әсіресе ақпараттық төңкеріс жағдайында ерекше көрініс табады. Әскерилердің мәдени ұстанымдарының айырмашылығы коалиция құрамында әскери операциялар кезінде бірлескен қимылдардың тиімділігін азайтуы мүмкін. Коалиция ішіндегі қимылдардың бірлескендігін қамтамасыз етуде АКТ не виртуалды коммуникациялық кеңістік емес, адамдардың өзара қимылдары шешуші рөл ойнайды.

Әскери құрылыстың қазіргі заманғы жаңа концепцияларын ұқыпты жүзеге асыруда коммуникация құралдары коалиция күштерінің бірлескендігін қамтамасыз етуді жеңілдетеді.

Жекелеген мемлекеттер мен ұйымдардың (айтап айтқанда, НАТО-ның) стратегиялық концепциялары компьютерлік шабуылдарға кәдімгі және ядролық қарумен соққы жасау мүмкіндігін қамтиды. Осындай концепциялар халықаралық қауіпсіздік жүйесін тұрақсыздандыруы мүмкін. Ғарыш кеңістігі, ақпараттық кеңістік сияқты жаңа кеңістіктердің пайда болуы олар үшін күресті күшейтеді.

Қазіргі кезде ақпараттық технологиялар саласында жетекші орынға ие емес мемлекеттер қарулы қақтығыс кезіндегі озық мемлекеттердің ақпараттық соғысына төтеп беруі үшін бірқатар шараларды жүзеге асыруы керек. Асимметриялық соғыс барысындағы ақпараттық соғысқа ұзақ уақыт бойы тиімді жауап қайтара алған (бірақ бәрібір ақыры жеңіліске ұшыраған) жекелеген мемлекеттердің (Югославия, Ливия) тәжірибесін зерттеу қажет. Сонымен қатар жетекші мемлекеттердің ақпараттық соғыс жүргізу әдіс-тәсілдерін де зерттеген маңызды.

Бірқатар сарапшылар (атап айтқанда, А.Цыганюк) мемлекетте ақпараттық агрессияға тойтарыс беруге негізделген арнайы ұйымдастырушылық-басқарушылық және талдау құрылымдары болуы керек деген пікір айтады [313]. Сонымен қатар құрамында мемлекеттік және әскери БАҚ болатын *ақпараттық әскерлердің* болғаны да маңызды деген ойлар айтылады. Ақпараттық әскерлердің мақсаты – ақпараттық кеңістікте мемлекетке қажетті шынайылықты қалыптастыру. Ол ішкі және сыртқы аудиторияға жұмыс істеуі керек. Ақпараттық әскерлердің құрамына дипломаттар, сарапшылар, журналистер, операторлар, жазушылар, публицистер, хакерлер, аудармашылар, байланыс қызметкерлері, веб-дизайнерлер және т.б. кіруі тиіс. Ақпараттық соғыс кезінде келесі міндеттер орындалуы қажет: ақпараттандыру, жалған ақпарат тарату, ақпараттық желілерді бұзу, өз желілерін қорғау, жетекші ақпараттық агенттіктерге белгілі оқиғаға байланысты ақпаратты жаудан бұрын ұсыну және т.б.

Ақпараттық әскерлердің үш негізгі міндеті болуы шарт:

- 1) стратегиялық талдау;
- 2) ақпараттық ықпал жасау;
- 3) ақпараттық қарсы тұру.

Оның құзыретіне әртүрлі министрліктердің, комитеттердің кейбір қызметтері кіруі мүмкін. Сыртқы саяси медиа-

кеңістіктегі қимылдар үйлестірілген болуы тиіс. Бірінші міндетті жүзеге асыру үшін басқару желілерін стратегиялық талдау қажет, ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. Екінші міндетті орындау үшін дағдарыс орталықтарын және телеарналар мен ақпараттық агенттіктермен байланыс бойынша мемлекеттік медиахолдинг құру керек. Медиахолдингтің негізгі мақсаты – телеарналар мен ақпараттық агенттіктерге қажетті ақпаратты ұсыну.

Үшінші міндетті жүзеге асыру үшін жаудың өмірлік маңызы бар ақпараттық құрылымдарын анықтайтын, оларды жою, радиоэлектрондық күрес, психологиялық және желілік операциялар жүргізу орталықтарын құру керек.

И.Панарин ақпараттық қарсы тұру жүйесі келесі бөліктерден тұруы керек деп санайды [314]:

1) мемлекеттік құрылымдардың, медиа-қауымдастықтың, бизнестің, ҮЕҰ-ның және т.б. өкілдерін қамтитын президент немесе премьер-министр жанындағы бұқаралық дипломатия бойынша кеңес;

2) ақпараттық қарсы тұру бойынша президенттің кеңесшісі;

3) сыртқы саяси мемлекеттік медиа-холдинг;

4) мемлекеттік интернет-холдинг;

5) Ақпараттық дағдарыс орталығы;

6) ҮЕҰ жақсы дамыған жүйесі;

7) кадрларды дайындау жүйесі;

8) ақпараттық арнайы мақсаттағы бөлімшелер.

XX ғасырдың соңғы жылдарында тарих ағымына, халықаралық қатынастар жүйесіне және өркениеттердің болашағына үлкен өзгеріс әкелген оқиғалар әлемді дүр сілкіндірді. Біртұтас КСРО мемлекетінің, онымен бірге социализм жүйесінің күйреуі адамзат тарихындағы қысқа да маңызды кезеңнің аяқталуына алып келді. Бұл кезең биполярлық әлемнің орын алуымен, социалистік және

капиталистік жүйелердің бәсекелесуімен, олардың жаһандық көлемде үстемдік етуге ұмтылысымен сипатталды.

Ақпараттық соғыс жайлы түсінік, жалпы алғанда, екі ғылыми бағыттың ықпалымен қалыптасты. Біріншісі технологиялық талдау ретінде қалыптасып, өзіндік сипатқа ие және ақпараттық соғыстың тарихын емес, инструменталды сипаттағы техникалық аспектілерді зерттеуге, мемлекеттік және жеке қауіпсіздіктің нақты қауіптеріне қарсы тұруға бағытталған.

Екінші бағыт ақпаратты қорғау мәселесін қалыптастырумен және әлеуметтік объектілердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты. Бұл бағытқа әлеуметтік-техникалық кешенді қалыптастыруға және оны жүзеге асыруға деген ұмтылыс тән. Осы бағытта жазылған жұмыстардың басым бөлігіне идеологиялық әдіс тән. Бұл ғалымдар жылдар бойы жинақтаған пайдалы тәжірибені толыққанды қолданысқа енгізуге мүмкіндік бермеді.

Соғыс жүргізудің ақпараттық әдісі қолданылғанда ақпараттық компонент салмаққа ие болып, соғыс жүргізудің индустриалды дәуірдегі әдістеріне қарағанда оның рөлі айқындалып, ал қолдану масштабтары кеңейе түседі. Бүгінгі күні ақпарат жаудың (немесе әлеуетті жаудың) мінез-құлқын ұзақ мерзім бойы бақылау, өзіңнің және жаудың ресурстарын есептеу, өз мемлекетіңнің ішіндегі және шетелдердегі қоғамдық пікірді басқару нәтижесінде пайда болады.

Жауды бақылауға арналған спутниктерді қолдану болсын, әскердің қажеттіліктерін есептеп, мәліметтер сақтайтын компьютерлер болсын, «саналы» бағдарламаланған қару болсын, бір сөзбен, қай салада болмасын, ақпарат әскери машина құрылымының бойын тұтастай жайлап алды. Осылайша, қазіргі күні ақпарат тек қана мәлімет жинаумен айналысатын барлау қызметінің ғана қызметі болып табылмай, сонымен қатар қару мен шешім қабылдайтын жүйелердің мүддесіне қарасты.

Деректер мен әдебиеттер:

313. Цыганок А. Информационная война против России: как это было // Km.ru, 12.05.2009 (http://www.km.ru/news/informacionnaya_vojna_protiv_ro)

314. Информационная война вокруг конфликта в Южной Осетии: анализ и выводы // Osetinfo.ru, 11.11.2008 (<http://www.osetinfo.ru/main/194>)

МОНОГРАФИЯНЫҢ АВТОРЫ ЖАЙЛЫ

Бақытжан Сағитжанұлы Бұхарбаев – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының ғылыми қызметкері. Әлеуметтік ғылымдардың магистрі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің түлегі. Қаңнам университетінде (Корей Республикасы) ғылыми тәжірибеден өткен.

Ғылыми қызығушылықтары: саяси технологиялар, сайлау технологиялары, сайлау процестерін математикалық модельдеу, саяси жарнама, ұлттық идея, ұлт қалыптастыру мәселелері.

Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хатын алған.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы Жарлығымен құрылған.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының құрылған күнінен бастап оның негізгі мақсаты — мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде Қазақстан Президентінің және елдің басқарушы органдарының қызметін ғылыми-талдаулармен қамтамасыз ету.

Осы уақыт барысында ҚСЗИ жоғарыкәсіпті ғылыми-талдау орталығына айналды. Бүгінгі таңда институтта тоғыз ғылым докторы он үш ғылым кандидаттары, саясаттану, тарих, экономика, социология салаларының мамандары қызмет атқарады.

ҚСЗИ қызметі барысында институт сарапшыларының қатысуымен халықаралық қатынас, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша 200-ден астам кітап басып шығарылған. Институт төрт мерзімді ғылыми-сараптамалық журнал басып шығаруда: «Қоғам және Дәуір» тоқсандық ғылыми-сараптамалық журналы, «Қазақстан-Спектр» тоқсандық ғылыми журналы, «Analytic» ақпараттық-талдау журналы және «Central Asia's Affairs» тоқсандық сараптамалық журналы (ағылшын тілінде). Бұл басылымдарда сыртқы және ішкі саясат, халықаралық қатынастар, ұлттық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық саясаты мәселелері жарық көреді, сондай-ақ материалдарды өзінің www.kisi.kz сайтында жариялайды. ҚСЗИ-дың жеке сайты үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған.

Институт өзінің негізгі зерттеу бағыттары бойынша семинарлар, ғылыми конференциялар, «дөңгелек үстелдер», халықаралық форумдар өткізеді. ҚСЗИ өткізетін ғылыми форумдардың ішінде шетелдік сарапшылардың ерекше қызығушылықтарын тудыратыны — 2003 жылдан дәстүрлі өтіп келе жатқан, Орталық Азиядағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік мәселелеріне арналған Алматы конференциясы. ҚСЗИ-дың ғылыми басқосуларына Қазақстаннан ғана емес, сонымен қатар, Орталық Азия елдерінің, Ресейдің, Қытайдың, Германияның, Францияның, АҚШ-тың, Үндістанның, Иранның, Түркияның, Пәкістанның, Жапонияның және басқа да мемлекеттердің ғалымдары белсене қатысуда.

ҚСЗИ негізінде Қазақстанның жетекші жоғарғы оқу орындарының студенттері мен шетелдік сарапшылар үнемі тәжірибеден өтіп отырады.

Бүгінгі таңда институтта қызметкерлердің кәсіби және ғылыми өсулері үшін барлық қажетті жағдайлар жасалынған.

ҚСЗИ туралы толық ақпаратты төмендегі мекенжайдан алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы,
Достық даңғылы, 87^{«б»}
Тел.: +7 (727) 264-34-04
Факс: +7 (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
<http://www.kisi.kz>

**Информация о Казахском институте
стратегических исследований
при Президенте Республики Казахстан**

Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан (КИСИ) был создан Указом Президента Республики Казахстан 16 июня 1993 г.

С момента своего возникновения основной задачей Казахского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан как государственного научно-исследовательского учреждения является научно-аналитическое обеспечение деятельности Президента Казахстана, руководящих органов страны.

За это время КИСИ превратился в высокопрофессиональный научно-аналитический центр. В настоящее время в институте работают девять докторов наук, тринадцать кандидатов наук, специалистов в области политологии, истории, экономики, социологии.

За время существования КИСИ экспертами института издано более 200 книг по международным отношениям, проблемам глобальной и региональной безопасности. Институтом издаются четыре журнала: «Қоғам және Дәуір» (на казахском языке), «Казахстан-Спектр», «Analytic» (на русском языке), «Central Asia's Affairs» (на английском языке). КИСИ располагает собственным сайтом на трех языках: казахском, русском и английском.

В КИСИ ежегодно проводится большое количество международных научных конференций, семинаров, круглых столов. Особый интерес у зарубежных экспертов вызывают ежегодные конференции КИСИ, проводимые с 2003 г. и посвященные проблемам безопасности и сотрудничества в Центральной Азии. В научных форумах КИСИ принимают участие не только экс-

парты из Казахстана и стран Центральной Азии, но и ученые из России, Китая, Германии, Франции, США, Индии, Ирана, Турции, Пакистана, Японии и других стран.

На базе КИСИ постоянно проходят стажировку и преддипломную практику студенты ведущих казахстанских высших учебных заведений, а также зарубежные эксперты.

В настоящее время в институте созданы необходимые условия для профессионального и научного роста сотрудников.

Более подробную информацию о КИСИ можно получить по адресу:

Республика Казахстан, 050010, Алматы,
пр. Достык, 87^{«б»}
Тел.: +7 (727) 264-34-04
Факс: +7 (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
<http://www.kisi.kz>

**About the Kazakhstan Institute
for Strategic Studies under
the President of the Republic of Kazakhstan**

The Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan (KazISS) was established on June 16, 1993 by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan.

Since its foundation the mission of the KazISS as the national research institution is to provide analytical support to the President of the Republic of Kazakhstan

The KazISS enjoys a reputation of the leading think tank of Kazakhstan as it employs a highly professional pool of experts; at present it includes nine doctors and thirteen candidates of sciences, who specialize in political science, history, economics and sociology.

The KazISS have published more than 200 books on international relations, global and regional security, economics and politics. The Institute is publishing four journals: the Kogam Jane Dayir in Kazakh, the Kazakhstan-Spectrum, and the Analytic in Russian, the Central Asia's Affairs in English. The KazISS has a trilingual website.

The KazISS holds a great number of international conferences, seminars and round tables, including the Annual Conferences (regularly held since 2003) on the issues of security and cooperation in Central Asia participated by the experts from Kazakhstan, Central Asia as well as Russia, China, Germany, France, India, Iran, Turkey, Japan and USA and other countries.

The KazISS is the basis for both professional practice work of students from the leading Kazakhstan universities and fellowship of the experts representing foreign research institutions.

Contact us for any further information:

The Dostyk Avenue, 87 'b'
050010, Almaty
Republic of Kazakhstan
Tel: +7 (727) 264-34-04
Fax.: +7 (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
<http://www.kisi.kz>

Для заметок

Для заметок

Б.С.Бұхарбаев

**ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРДАҒЫ
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР:
ӘЛЕМДІК ТӘЖІРІБЕ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ**

Корректоры **С.Е. Боранбаева**
Мұқаба дизайны **Е.В. Игнатенко**
Беттеушісі **А.А. Жумагалиева**

Басуға 03.09.2012 қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/16.
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылым. Баспа т. 16,25.
Таралымы 500 дана.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты
050010, Алматы, Достық д-лы, 87 «б»

Алматы қаласы «Волкова Е.В.» ЖК
баспаханасында басылған